


6 63(5K)  
F94



# FYUJAMA

С. Торайғыров атындағы Павлодар  
мемлекеттік университеті

# ҒҰЛАМА

## ТҰЛҒА. ТАҒДЫР. ТАҒЫЛЫМ.

(Әлкей Марғұлан туралы естелік  
мақалалар, деректі әңгімелер,  
очерктер, өлең-арнаулар)



“ЭКО” баспасы  
Павлодар  
2004

**Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауында  
ұсынылған «Мәдени мұра» арнаулы орта мерзімді  
бағдарламасы бойынша**

*Редакция алқасы:*

Арын Е. М. (бас редактор), Талтенов А.А. (бас редактордың орынбасары), Құдабаев А.Ж. (құрастырушы, жауапты редактор), Ақышев А.А., Артықбаев Ж.О., Бәделхан А., Енсебаев Т.А., Жанғұлова А.И., Жұматаева Е.Ә., Жүсіп Қ.П., Жүсіпов Н.Қ., Ер. Жүсіпов, Исмадиева С.А., Қадысова Р., Марғұлан Д.Ә., Мерц В.К., Сарбалаев Ж., Шапауов Ә.

**Ғұлама.**

Тұлға. Тағдыр. Тағылым. (Әлкей Марғұлан туралы естелік мақалалар, деректі өңгімелер, очерктер, өлең-арнаулар). – Павлодар: ТОО НПФ “ЭКО”, 2004. – 254 с.

ISBN 9965-610-19-9

Бұл кітапқа Сарыарқаның сары даласында туып, қазақтың рухани күшінің қайнар көзін еліміздің түкпір-түкпірінен инемен құдық қазғандай іздеп, мәдени мұрағаттардың сырын ашып, оның нәтижесін халықтың ортақ игілігіне айналдырып, халқына паш еткен қазақтың ғұлама ғалымы Әлкей Хақанұлы Марғұланның тұлғалық табиғаты, тағдыры, тағлым боларлық мұралары жайлы көз көрген әріптестерінің, замандастарының, ақын - жазушылардың, ғалымдардың естеліктері жинақталып отыр.

Кітап ғылыми қызметкерлерге, аспирантарға, жоғары оқу орындары мен мектеп оқушыларына, студенттерге, сондай-ақ ғалымның өмірі мен шығармашылығы жайлы мағлұмат алғысы келетін жалпы көпшілік қауымға арналады.

F-140101000

0005 (-04)

ISBN 9965-610-19-9

© “С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті”, 2004

*Алтын емес, балаларыма  
одан да қымбаттырақ дүниені  
қалдырып бара жатырмын.*

*Сократ*

*Ерлан Арын  
экономика ғылымының докторы,  
профессор*

## **КЕМЕЛ ОЙДЫҢ КЕМЕҢГЕРІ!** **(Алғы сөз)**

*Ықылым заманнан бері қай елдің елдігін, халықтың халықтығын танытатын белгілерінің бірі – маңдайына біткен талантты перзенттерін қадірлей, қастерлей білуі. Тарихи дамуда, (тарихи сана мен мұрагерлік мәдениетімізді қалыптастыруда) ұлттық аядан шығып, әлемдік өркениетте өз орнын тапқан ғұламаларымыз қаншама. Біздің мақсатымыз осы ата-бабаларымыз қалыптастырған мәдени құндылықтарды өркениетке сай одан әрі дамытып, олар қалдырған жәдігерлерді жас ұрпақтың санасына сіңдіру үшін, оны ұлттық мәдениет пен әлемдік мәдениеттің гуманистік үрдістерімен үнемі толықтырып, жаңартып отыруымыз керек. Өнердің қандай түрі болмасын, ол қашан да әлеуметтік ізгілікке қызмет ету арқылы өседі, марқайады, ұлы мұраттарға жетелейді. Сондықтан біз келер ұрпағымызға өрелі азаматтық сана мен биік рухани мәдениет қалыптастырамыз десек осы рухани дүниелерімізді жан-жақты терең зерделеп, шын жүрегімізбен қабылдай білуіміз керек. Бұл тек бүгінгінің ғана емес, ертеңгінің де алдында жауап беретін терең азаматтық парық.*

*Барыңды бағалай білу ата-бабалардан қалған рухани мұраларды қалдырмай жинап, асылындай ардақтап, көзінің қарашығындай сақтап, ақыл-таразысына тартқанда ғана, өткеннің дұрысы - өнеге, бұрысы – бүгінге сабақ болмақ. Ал осыны жүзеге асыру, ол – елін сүйген, ұлтын сүйген жүректің,*

болашағым сәулесі болсын деген тілектің бірлігін биік мақсат арнасына түсіре білгенде ғана жүзеге асатын салиқалы іс. Осындай аса үлкен жауапкершіліктің жүгін жүктеген қазақ халқының асыл перзенттерінің бірі ағлама ғалым Әлкей Хақанұлы Мараұлан. Ол өз өмірін Қазақстанның көне мәдениетін, ежелгі сәулет өнерін, әдебиетін этникалық саласын, көркем өнерін, археологиясын, этнографиясын, отырықшылық егіншілік тұрмыс салтын оның тарихымен ұштастыра зерттеуге арнаған. Қазақ эпосының туу дәуірлерін анықтап, олардың тарихи-әлеуметтік негіздерінің сырын ашуда, сондай-ақ Орталық Қазақстанның қола дәуірінде отырықшы мәдениетінің бір орталығы болғандығын ғылымға тұңғыш рет дәлелдеп берген де осы Әлкей Хақанұлы болатын. Сырдария, Талас, Шу өзендері бойындағы ежелгі қалалардың орнына алғаш рет археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, Тараз, Отырар, Сайран, Сауран, Сығынақ мәдениетін зерттеуі археология ғылымына баға жетпес мұра болғаны белгілі.

Академик Әлкей Хақанұлы Мараұланды еске алу ата-бабаларымыз қалдырған жәдігерлерімізді ой елегінен өткізіп өнеге тұту деген сөз. Шындықтың бетіне тура қарап айтар болсақ мынаны мойындағанымыз жөн: біздің көбіміз төл тарихымыздың тым тереңде тынып жатқан тылсым сырларын бертін келе, кеңес империясы ыдырағаннан кейін ғана шым-шымдап ұға бастадық. Басқа ғылымдардың ішінде, әсіресе, тарих ғылымы саласында озбыр идеология оза шапқанда жақтырмағаны белгілі. Тарихымызды танимыз, ұлтымыздың ұлылығын ұрпаққа ұлағат етеміз деп жүріп, кеңестік саясаттың құрбаны болған арыстарымыз қаншама. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсібпек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедұлы, Санжар Асфендияров, Мухамеджан Тынышпаев, Ермұхан Бекмаханов ... Бұл тізімді әрі де соза беруге болады. Алдыңғы арыстарымыздың асыл өнегесін жалғастыру үшін алтын көпірлік қызмет атқаруға коммунистік өктемдік тұсында да ақиқатты ашып айтар ақберен асыл туған кемеңгерлеріміз табылмай қалған жоқ. Мұқтар, Қаныш, Әлкей сияқты ағаларымыздың әрқайсысы бір-

*бір академия арқалайтын жүкті ғасыр соқпағынан сүрінбей алып шықты десек, асырап айтқанымыз емес.*

*Есімдердің әр әрпі алтынмен жазуға тұрарлық сондай асылдарымыздың арқасында тарихымыздың тамыры суалған жоқ. Бүгінде төл тарихымыздың тосын қырларына жаңаша мән беріп, ғасырлар тұңғышынан жауһар жәдігерлерімізді түгіндеп жатсақ – соның бәрі алдыңғы толқын аваларымыздың асыл өнегесі деп білеміз.*

*Бұл төңіректе әлі де болса талай-талай тұшымды пікірлер мен тұғырлы тұжырымдар айтылар. Мақсат – ұлы тарихымыздың ұлағатын әлемдік өркениет төріне шығару. Осы жолда баршамыздың мүддеміздің бір арнаға тоғысарына өз басым кәміл сенімдімін.*



## **ҚАДІРЛІ ӘЛЕКЕ!**

Сіздің 60 жасқа келуіңізбен байланысты көптеген ресми құттықтаулар болатыны сөзсіз. Сіздің өмір жолыңызды шолып-өтіп бірер ауыз сөз айтуды өзімнің азаматтық борышым деп санадым. Оқымысты ғалым болуға тырысу бар, оқымысты ғалым болу бар. Осы екі мағына бірімен-бірі байланысты болса да, қорытыла келе жекеленеді.

Ілім саласында жүрген адамдар көп болғанмен тым мағнасындағы ғалымдар сирек болады. Ертеде ғылыми дәстүрлер болмаған біздей халықтарда жайдақ белсенділер де аз болмады. Ал сіз болсаңыз, шын мағнасындағы Ғалымсыз, өз алдына дәстүріңіз бар Ғалымсыз. Бүкіл өмірді қалтқысыз, қалдықсыз ғылыми зерттеушілікке бермей, ғалым болу қиын. Ғылыми жұмысты біреудің қолымен істеуге болмайды.

Сіз болсаңыз ғылыми зерттеулердің қара жұмысында, соның нәтижесіндегі қорытындыларды да өз қолыңызбен, өз ойыңызбен жетіп келген ғалымсыз. Көп ізденетін ғалымның бірі Ермұхан бір әңгімесінде былай деген еді: «Советтер елінің қай архивына барсам да, менің алдымда Марғұлан болып кеткенін көремін». Сіз әрбір сапардан қайтқанда халыққа, тарихқа сәлемдеме ретінде көптеген бағалы ғылыми деректер алып қайтасыз. Осындай күйбеңі көп қажырлы еңбектеріңіз сізді еліміздің көрнекті ғалымының дәрежесіне жеткізеді.

Жалпы тарих, тіл, әсіресе археология жөніндегі сіздің шығармаларыңыз ілімге қосылған үлкен үлес.

Тағы бір тікелей айтатын сіздің зор еңбегіңіз – Шоқан шығармаларын зерттеп, ұлы ағамыздың ғылыми мұраларын тәптіштей жарыққа шығару. Бұл өз алдына бір таудай еңбегіңіз.

Қорыта келгенде қаулай келе жатқан жас талаптардан: «ғалым қандай болу керек?» деген сұрағына «Әлкей Марғұландай бол» дей айтуға толық қақымыз бар.

Деніңіз сау болып, өлі де көп жыл ғылыми табыстарыңыз бен елімізді қуантар деген ізгі тілекпен.

*10/VI – 1964 жыл*

## Қаһирлі Дәне!

Сіздің ботасқа келуіңіз бен байлапты  
қаһирелі ресми құттықтаулар болғаны  
сөзсіз. Сіздің өмір жолыңызда шолып өт-  
кірер аңыз сөз айғуда өзіңнің азаматтық  
барша деп санадың. Оқимастың зам-  
бомуға тартып бар, оқимастың заман болу  
бар. Дәнекі маңың бірі мен бірі байлап  
ты болса да, қорықпай келе жеміненді.

Түпін салғанда түрген адамдар көп  
болған мен ұлттың аяқ насағанда, заман  
дар сирек болады. Ертеде заман дәстүрлер  
болмаған бірақ халықтарда маңдайың  
сенділерде аз болмайды. Ал сіз болсаңыз,  
ұлттың маңына сағандық Фалом сөз, азанды  
дәстүріңіз бар Фалом сөз. Бүкіл өмірді  
қаһирелі, қалың сөз зор заман зерттеу  
шілікке беріңіз, Фалом болу қымыз. Заман  
түпінсіз біреудің қолы мен ісінген болмы.  
Сіз болсаңыз заман зерттеулердің қаһир-  
түпінсіз, соның маңысындағы біреу  
жылдарда аз қолыңыз бен, аз айтыңыз бен  
жеткің келген Фалом сөз. Қаһирелің  
Фаломның бірі брмықан бір аңыз мәсіне  
болмай жеткен еді: "Светтер елінің қаһир-  
арханты барса да, менің алдында мар-  
құлаң болмай кеткенің қорықпай".



Сіз әрбір сапардан қайтқанда халық қа. тарихи  
қа сәлемдеме ретінде көптеген бағалы қолма  
қол деректер алып қайтасыз. Демірей күйбеңі  
қой қақпирі еңбектерісіз сізгі әлімізгі  
қоректі ғалымтану дәрежесіне жеткізді.

Мәлім тарих, Үл, әсіресе, археологист  
мониторі сізгіз шәармаларың  
іліміңе қосалдан үлкен үлес.

Мәлім бір тектөй айдағым сізгіз зор  
еубейіңіз - Моқан шәармаларың дертін  
үл ағамызғым золми мұраларың  
дәртіндей жарыққа шығарың. Бұл өл  
ағымна бір мағдай еубейіңіз.

Қорыға көчсеңде қулаң келе жағқан  
мас ғаламтардан, ғалым қандай болу  
керек? деген сұрағым, Әлкей Мар-  
ғұлаңдай бол дей айтуға ғалым  
қазымыз бар.

Деміңіз сау болың, Әлізе қой  
мол ғалым ғабилеттарыңды бер  
емімізгі қулаңғар деген өзгіріңек  
пен  
Үлме Омаров

10/VI - 1964 жыл.

**Н.А. БАСКАКОВ,**  
*Түрколог, филология ғылымының докторы,  
профессор, РСФСР-дың, Қазақ ССР-ының,  
Түрікмен ССР-ының және Қарақалпақ АССР-ының  
ғылымға еңбегі сіңген қайраткері, финугор  
қоғамының корреспондент-мүшесі (Финляндия),  
Орал-Алтай қоғамының (ФРГ) құрметті мүшесі.*

## **ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ**

Біздің алғаш кездескенімізге де талай уақыт өтіпті-ау – осыдан 1930 жыл еді, Түркістің жаңа дүбірлеп жатқан кезі. Қазақстанның астанасы Қызылордадан Алматыға сол тұста көшті. Жергілікті халық Алматыны бұрынғысынша әлі де Верный деп атайтын.

Сол жылы көктемде Алматыда Бірінші Бүкілқазақстандық өлкетану Съезі ұйымдастырылды. Жаңа ғана Москва Мемлекеттік университетін бітірген кезім, маған жаңағы Съезде “Қарақалпақ тарихының зерттелуі” деген тақырыпта баяндама жасау керек болды.

Міне, осы съезде Әлкей Хақанұлы Марғұланмен тұңғыш рет таныстым, ұмытпасам жаңа ғана ұйымдасқан Қазақтың Мемлекеттік университетінде қызмет істеп жүрді-ау деймін. Университеттің сол кездегі ректоры, Орта Азия мен Қазақстанның ірі тарихшыларының бірі С.Д. Асфендияров болатын. Ол кісі бізден бір буын үлкен еді. Сол жылдары тек С.Д. Аяфендияровпен ғана емес, белгілі революционер Ә. Жанкелдинмен кездесу бақытына ие болдым. Сондай-ақ, Ф.Т. Тоғжанов, Т.Ф. Рысқұлов сияқты асыл азаматтармен РСФСР Жаңа алфавит Орталық Комитетінде, кейін СССР Орталық Атқару Комитетінің жанындағы Бүкілодақтық Жаңа алфавит Орталық Комитетінде қызметтес болдым. Ол кезде біздің ұстаз тұтатын түрколог ағаларымыз Қ. Жұбанов, Т. Шонанов, Г. Бегалиев, Н. Төрехұлов сияқты азаматтар болатын.

Кейін 40-70 жылдар аралығында Әлекең екеуміз түрлі қалаларда, шет елдерде небір додалы конференцияларға, конгрестер мен съездерге қатынастық. Бұл кезде түркологияның көш басына біздің қатарларымыз шыға бастаған. Түркология

саласына түрлі қырынан ат салысқан қазақстандық С.А. Аманжолов, М.О. Әуезов, М.Б. Балақаев, С.К. Сильченко сияқты ғалымдар мен жазушылар Әлекең екеуіміздің ортақ досымыз болатын.

Осындайда еске түседі, түрлі-түрлі бас қосу, жиналыстар жиі болушы еді. Рас, олардың ішінде іш пыстырып, зеріктіріп жіберетін ұзақ сонар мәжілістер де болатын. Мұндайда тарихшы, археолог, жазушы қатарларымыз бір-біріне “ұйқыашар” деген белгімен эпиграммалар, төрттағандар бірқақпай әзілдер жолдайтын. Бірде, қыпшақ тілінің тарихы туралы көбірек сөйлеп кету керек. Сәбеңнен – Сәбит Мұқановтан орыныма отыра бергенде мынадай қағаз келді.

Отырғанда бас қатып,  
Сөйлеп кетті Басқақов  
Әкелді екен қай құдай  
Москвадан қақсатып.

Иә, ол бір әзіл-қалжыңымен жарасқан, жұмыла жүк көтерген, қиындықтарды қызықтап көрген тамаша күндер еді. Бір ғажабы біздің буынның осынау жақсы қасиеті әлі де бір мысқал әрін тайдырған жоқ.

Әлекеңмен талай күндер мен түндерім бірге өтті. Солардың ішінде 1968 жылы антропологтар мен этнографтардың Халықаралық Конгресіне қатысу үшін Жапонияға бірге барған сапарым айырықша есте қалып қойыпты. Конгрестің өзекті тақырыбы этнолингвистикамен айналысып жүрген маған қарағанда Әлекеңе жақындау болатын. Осы сапар Әлекеңнің көл-көсір эрудициясы,, ғылыми ой-жүрісінің алымдылығы дүние жүзінің небір ығай мен сығай оқымыстыларын тәнті етті.

Осы сапар Әлекеңнің ғажайып білікті адам бола тұра білмекке құштарлығына қайран қалдым. Бірде-бір экскурсиядан, бірде-бір кездесуден қалмай, не нәрсені дендец білгісі келетін сергектігі менің есімнен кетер емес.

Ә.Х. Марғұлан – қазақ халқының маңдайына біткен ғұлама ғалымдардың бірегейі, Қазақстан тарихы мен мәдениетіне қатысты, құнын ешқашан жоймайтын айтулы еңбектерінің

авторы. Ол ашқан жаңалықтар мен пайымдаулар тек қана Қазақстан емес, адамзаттық тарих пен мәдениеттің дұрыс түсінілуіне шапағатын тигізіп жатады.

Біздің ортақ досымыз Әлекең ірі ғалымдығына қоса кісілігі мол азамат, адал да ақ жарқын дос, бойынан биік мәдениеттілік лебі шалқыған, әңгімеші. Әркім-ақ Әлекеңмен өткізген уақытын ең бір мағынылы шақтарға балайтыны сөзсіз.

Сексен деген ғажап жас қой. Асыл досым Әлекеңді осынау мерейлі тойымен құттықтап, ең игі тілеулестігімді білдіре отырып, әйгілі “Құтадғу біліктен” бір ауыз өлең келтіргім келеді:

Білімді біледі білімнің қадірін  
Білімсіз білер ме білімнің жарығын.  
Білімді әрқашан білгірлік көрсетер  
Білімнің түйінін біліммен сол шешер.

**1984 ж.**



**И.Н. ГУМИЛЕВ**

*Тарих және география ғылымдарының докторы,  
А.А. Жданов атындағы Ленинград Мемлекеттік  
университетінің профессоры.*

## **КЕМЕҢГЕР**

Ғылымның қиын жолын қатар бастаған әріптесімнің мүшел тойына куә болу бұл жалғанда бір ғанибет. Өткен өмір әсем бір түстей болып, көкіректе сайрап қоя береді. Мәселен, дәл қазір менің көз алдыма басын ақ қырау шалған аймаңдай Әлкей Хақанұлы емес, Ленинградтағы Салтыков-Щедрин атындағы кітапхананы әкесінің үйіндей жайлаған бозбала Әлкей елестейді. Қобыраған қою шашты, тұңғыық ойлы көзді, қызыл шырайлы, қыр мұрын жігіт әркімге-ақ мойын бұрғызушы еді-ау... Міне, мүшел тойдың осындай күндерді көз алдымызға алып келетінін байқаған шығарсыз...

Сол Әлекеңе жүзбе-жүз емес, ғылыми-көпшілік журнал бетінде тілеулестікті қалай білдірсе лайық деп ойландым. Ойландым да сәтінің келе жеткеніне қуанып отырмын. Қазақ халқының көне тарихына қатысты сиясы кеппеген жаңалығымды жолдасам – журналдың да көңілінен шығармың, журнал оқырманы да риза болар, менің тұғырдан таймағанымды біліп, Әлекең де қуанып қалар деп түйдім. Бір оқпен екі немесе одан да көп қоян атып түсіргенге не жетсін...

Сонымен әңгіме “уар” тайпасы туралы. Ғылым үшін қателіктің бір ауыздан екінші ауызға көшуінен өткен зиян жоқ. Көне ғасырдың авторы Феофилакт Симокатта өзінің “Тарих” атты еңбегінде уар мен гуын тайпалары бірігіп Тил өзенінің бойын жайлағанын айтады. Түркілер бұл өзенді “уара” деп атаған. Әлгі уар мен гунн одағы 555 жылы батысқа ығысып, өздерін “аварлар” (абарлар-обрлар) деп атайды. Бұларды Фиофилакт Симокатта “лақабаварлар” деп атайды. Сонда автор, гунн немесе уар, вар деп қырық саққа жүгірткен аварлар кімдер? Тил деп отырғаны қай өзен? Рас, бұл тақырып жөнінде көл-көсір әдебиет бар, бірақ соның ешқайсысы уар немесе вар тайпаларының этникалық еншісін анықтап берген емес.

Х.В. Хаусиг “уарды” Ауғанстанның солтүстігін мекендеді, ал гунндер деп есептейтін “хуннилер” Бактрияны мекендеді дейді. Бұл орайда “уардың” түркі қағанатын жарып өтіп, Европаға бет алды деуі нандыра қоймайды.

К. Енокидің ойынша, IV ғасырда Соғды мен Арал төңірегіне билігін жүргізген хиониттермен, солтүстігіндегі огорлармен (угрлар), сабирлармен, шығысындағы абарлармен, оңтүстігінде Соғдымен шекаралас дейді. Бұл қисынды пікір.

556 жылы түркіттер қол астына қараған “нағыз аварлар” 688 жылы мүкрендермен тізе қоса отырып азаттық алды. Азаттық түргеш қағанаты дегенмен мүкрендер – “сары” абарлар – “қара” ру деп аталды.

Хиониттер (грекше) немесе хуни (қытайша) Хиаона деген сақ тайпасының ұрпақтары. С.П. Толстов олардың ізін Сырдарияның төменгі сағасынан тапты. Фр. Альтхейм Хиониттер мен вар тайпасы көрші еді, варлар Аттиланың ұлы Теңізек әскерінің сапында болды дейді. Хорезм мен Жайық арасын жалғайтын әйгілі Үстірт жолы да осы кезде түскен.

“Вар” немесе “уар” сөзі гун тілінде “өзен” деген мағына береді. Жеке атау ретінде бұл сөз Алтайда сақталған, онда Урсула-Уар деген өзен бар. Мұнанда мәндісі “вар” немесе “уар” сөзі хионит этнонимінің эпитеті болған. Бұған дәлел, вархониттер деген сөз (вар, уар-хонит) “өзен хиониттері” деген мағына береді. Гректер мен славяндар мұндай эпитетті этноним деп қабылдаған. Мәселен, Дунай бойына келіп-қайтатын хиониттерді славяндар “обрлар” деп атады.

Жер бетіндегі ірі этностар сияқты қазақтардың да бабалары алуан текпен кіндік жалғасып жатыр. бұл – бүгінгі таңдағы белді этностардың ғұмыр шежіресіндегі айқын белгілер. Қазіргі ағылшындар кельттермен, даниялықтармен, норвегтермен, анжуй француздарымен тамырлас. Айырмашылығы – Батыс жұрты өз бабаларын тез ұмытады. Ұлы дала тұрғындары әсіресе бабаларын жадына ұзақ сақтайды. Демек, бүгінгі қазақтардың ішінде де: Кіші жүзде – хиониттердің көк көз сары ұрпақтары, найман ішінде – қара қидан ұрпақтары, Ұлы жүз ішінде – қаңлы мен гунн ұрпақтары кездессе, таң қалуға болмайды. Ендеше,

огорлар ұрпағының мажарлар, батыс динлин ұрпағының қыпшақтар болғаны сияқты, “уарлар” ұрпағы да бүгінгі қазақ халқының ортасында жүр.

Міне, “орамал тон болмаса да, жол болады” дегендей, Әлкей Хақанұлының мүшел тойына менің ағымнан жарылған тартуым, осынау кішкене ғана ой ұшқыны.

**1984 ж.**



**ЧУЛУУНЫ ДАЛАЙ,**  
*Моңғол ғалымы,  
(Улан - батор).*

## **ЗОР ҒҰЛАМА**

Қазақ халқының үлкен ғалымы академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан ақсақалдың 80 жастық дүбірлі тойы өтіп жатқан осы бір шақта қолыма қалам алып ілтипат білдіруді жөн көрдім.

Әлкей Марғұланның шыққан биігі Ұлы Совет халқының құрамында тең праволықпен еңбек етіп, мол табысқа жеткен Советтік Қазақстан ғалымдарының көл-көсір табыстарының бірден бір айғағы. Сондықтар да, біз Қазақ Ғалымының бүгінгі табысына қызыға қараймыз.

Ә. Марғұлан қазақ халқының тарихы мен археологиясын, этнографиясы мен ауыз әдебиетін арнайы зерттеп, ондаған құнды еңбектер жазғанын Моңғолия ғалымдары жақсы біледі.

Қазақстандағы Андрон мәдениетінің қалың қыртысын Ә. Марғұлан ақсақал өз шәкірттерімен (Қ. Ақышев, М. Қадырбаев, А. Оразбаевтармен) қоян қолтық жұмыс жасай отырып, байтақ әлем назарына жайып салды. Онымен қатар Қола дәуірінің Дандыбай-Беғазы мұрасын сол замандағы тайпалар мәдениетін және сол кезеңдерінің дамуы мен дәуірлері қақында соны да салмақты пікірлер ұсынды.

Көне қазақ жерінің ертедегі тұрғындары сапалы темір өндіріп келгендігін дәлелдеп беруі арқылы бағзы замандағы көшпелілердің дүние жүзі цивилизациясына қаншалық мол әсер етіп үлес қосқандығын паш етті. Тек бұл ғана емес, қазақ іспетті көшпелі өмір салтында болған елдің дүние жүзі мәдениеті мен цивилизациясына қосқан еншісін дәлелдеген ғалымдардың көш басында жүрген ғалым десек ағат айтпаған болар едік. Ә. Марғұланның осынау қыруар еңбегі шет елдік ғалымдарды да бейтарап қалдырған жоқ. Дәл осы еңбектердің өкшесін баса МХР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Х. Пэрлээнің “Моңғолдың көне қалалары” (1961) атты еңбегі дүниеге келді. Ә. Марғұлан мен Х. Пэрлээнің еңбектері нақты деректерге сүйене



отырып ғылыми тұрғыда дәлелдеп шығуы арқылы “Көшпелілерде қала болмаған, ондай өнер дамымаған” дейтін жауыр болған идеяға түбегейлі тойтарыс берді.

Қазақ, Моңғол халықтарының ауыз әдебиеті аса бай, тарихи негізі бұзылмаған ғажайып мұралар. Өз басым моңғол халқының тарихына байланысты ауыз әдебиетін жинап, қажетті кезде ғылыми еңбегіме көптен пайдаланатын болғандықтан, қазақ халқының ауыз әдебиетіне үңіліп жүремін. Бұл орайда әсіресе Ә. Марғұланның зерттеулеріне аса құрметпен қараймын. Моңғол халқының әйгілі ғалымы Ц. Дамдинсурэн халықтың ауыз әдебиетін зерттеудің қажеттілігін шәкірттері біздерге үнемі тапсырып отырады.

Академик Ә. Марғұлан мен Ц. Дамдинсурэн ақсақалдардың ауыз әдебиеті туралы жазған дүниелері тарихи шындықты фольклормен шебер салыстыра ұштастырып, нақты деректермен дәлелдеп бергендіктен – ғылыми дәйектілігі аса ұтқыр, құнды мұралар болып отыр.

Қазақ пен моңғолдар домбырасы мен морин хурын күйлеп, мақамдай бастап бір кетсе – шетсізшексіз ұлы жыл мұхитына тыңдаушысын жүздіріп ала жөнелетін халықтар. Ауыз әдебиетінің осы ұшан-теңіз қоры тұнып тұрған тарих пен текті мәдени айғақтар. Әлекең болса сол көнеден бүгінге жеткен ұлы мәдениеттің керуен басы іспетті.

Әлкей Хақанұлы 1973 жылы май айында біздің отанымыздың астанасы Улан-Баторға келіп, “Орталық Азияның мәдениеті мен цивилизациясына көшпелілердің қосқан үлесі” атты халықаралық симпозиумға қатысқанын мен жақсы білемін. Сол симпозиумда Моңғол-Совет халықтарының мәңгілік достығына адал ниетпен, ізгі ілтипат көрсетіп жүрегі көріне сөз сөйлегені әлі күнге көз алдымыздан да, көкірегімізден де өшкен жоқ.

Сөз соңында, Әлкей Хақанұлы Марғұлан ақсақалды 80 жастық тойымен құттықтап, мықты денсаулық тілеп ғылыми жұмысынан үлкен табыс шығара беруіне тілектестігімді білдіремін.

1984 ж.



**К.Ш. ШАНИЯЗОВ,**  
*Тарих ғылымының докторы, Өзбек ССР*  
*Ғылым академиясы Тарих институтының*  
*бөлім меңгерушісі.*

## **АЛАТАУДЫҢ АСҚАР ШЫҢЫ**

Көрнекті совет ғалымы, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Әлкей Хақанұлы Марғұланның туғанына 80 жыл толып отыр. Ол өзінің даңқты юбилейіне талай бел-белестерді артқа тастап, үлкен өмір жолынан өтіп, бай ғылыми мұрасымен жетті.

Өзбек жұртшылығы Әлкей Хақанұлын үлкен дарын иесі – гуманитарлық бағыттағы ғылымдарды мейлінше жан-жақты игерген ғалым ретінде жақсы таниды. Оның қаламынан туған археология және Қазақстанның ежелгі көркемөнерінің тарихы жөнінде жазылған ғылыми еңбектері бізге де етене жақын. Ол сонымен қатар қазақ халқының архитектурасын, тілі мен этнографиясын зерттеуші. Әлкей Хақанұлы көп жылдар бойы Қазақ ССР Ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институтының археология секторын басқарып, Орталық археологиялық экспедицияларға басшылық етті. Сөйтіп оның жетекшілігімен Отырарға, Сайранға, Сағанаққа, сондай-ақ, Сырдария, Шу, Талас өзендері өңіріне археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, жұмыс нәтижесінде қазақ халқына қатысты ежелгі және орта ғасырдағы тарихынан бай материалдар тамыры тереңге кететін Орта Азия мен қазақстан этномәдениетінің бірлігі жөніндегі үлкен айғақ болды.

Өзбек жұртшылығы Әлкей Хақанұлын белгілі этнограф ретінде жақсы таниды. Оның этнографияға құштарлығы Ленинградтағы Шығыстану институтында жүргенде 1926-1927 жылдары С.П. Руденко басқарған антропологтар экспедициясына мүше болып енуінен басталды. Бұл отряд кезінде этнографиялық бағалы материалдар жинап, қазақ халқының өткен шаруашылығына, әдет-ғұрып, салт-санасына, халықтық қол өнеріне, рухани мәдениетіне талдаулар жасалып, көптеген бағалы заттар Ленинград және Қазақстан музейлеріне

қойылды. Оның “Қазақ этносының тарихи тек-тамыры жайында”, “Қазақ фольклоры”, “Көне Қазақстандағы қалалар мен құрылыс өнерінің тарихынан”, “Қазақ архитектурасы”, “Орталық Қазақстанның көне мәдениеті” атты еңбектері мол мағлұмат, соны тұжырымдары бар елеулі дүниелер. Сондай-ақ антропологтар мен этнографтардың Москвада өткен VII Халықаралық конгресінде “Қазақ киіз үйі және оның жасалуы туралы” баяндамасы ғалымдардың назарын ерекше аударды.

Әлкей Хақанұлы жасталап кейінгі ұрпақтың ғылыми зердесін ұштауға әкелік қамқорлықпен қарайды. Бүгінгі ғылым төрінен өз орнын алған белгілі ғалымдар Х. Арғынбаев, У. Шәлекенов, М. Мұқанов, Р. Хаджаева Әлекеңнің шәкірттері. Әлкей Хақанұлы тек Қазақстан емес, Өзбек ғылымының, түрлі салада еңбек етіп жүрген өзбек ғалымдарының да қамқоршысы. Осы орайда менің “Өзбек халқының этникалық тарихы” атты еңбек жазуыма Әлекеңнің көл-көсір ақыл-кеңесінің шапағаты айырықша болғанын зор құрметпен атап өткім келеді.

Әлкей Хақанұлының көптеген ғалымдардың кітаптарына редактор болғанын айтпасқа болмас. Өйткені ол ғалымдардың зерттеу еңбектерінің жарық көруіне қамқоршы болса, көптеген ғалымдардың докторлық диссертациясына жетекшілік етті.

Әлекеңмен кең отырып сұхбаттасудың өзі үлкен ғанибет. Әңгіме барысында ол кісінің білім бұлағынан ғибрат аласың. Ол кісінің білім деңгейін асқақтаған Алатаудың асқар шыңына балар едім. Әлекеңнің қиыны мен қуанышы білім жолы өкшелес бізге, әсіресе, кейінгі ұрпаққа - өшпес мұра, кең қазына, құрмет тұтар үлгі. Бұл өзбек ағайындар үшін ортақ мерей.

1984 ж.



## **АЛЬКЕЙ ХАКАНОВИЧ МАРГУЛАН. К ПОРТРЕТУ УЧЕНОГО И ЧЕЛОВЕКА**

Можно ли представить Россию без казахов? Конечно, можно, но почему-то никто этого себе не позволяет.

Как представить себе отсутствующим братский народ, с которым русские крепко свыклись почти за целое тысячелетие совместного существования. Русский поэт Сергей Марков - старый, мудрый человек - написал такие строки:

“В бессмертном “Слове о полку”, Как буйная трава, Вросли в славянскую строку кипчакские слова...”

Это и есть чистая правда истории. Началась она 960 лет тому (назад, в 30-х гг. XI в., когда впервые кипчаки пригнали свои табуны «теплым водам Черного моря. Тогда степь между Волгой и Днепром восточные люди, вслед за приезжими персидскими купцами, стали называть Дешт-и-Кипчак, а русские люди - Поле половецкое.

...“История кипчаков” - была главной мечтой академика А.Х. Маргулана.

Я хочу рассказать о Маргулане. Речь пойдет не только об ученом человеке, но и о его стране - Центральном Казахстане. Удаленные почти на полстолетия назад, в конец 40-х гг., Маргулан и Центральный Казахстан были для меня неразрывно связанными и одинаково памятными. Тогда, в 1948 г., наступал третий сезон моего путешествия в Древнетюркский каганат, в увлекательнейшую историю, в его чудом сохранившийся быт...

Но какое же это было время? Только что смолк четырехлетний зловещий рев невероятного чудовища, которого люди называли войной. Израненная страна вернулась к миру, вздохнула и стала залечивать свои раны, заделывать зияющие рваные пустоты. В 1947 г. отменили карточную систему. Люди тыла от плача, голода и молитв стали переходить к труду и радостям. Вернулись молодые люди, пусть и не, как я, немного

покалеченные, но деятельные, соскучившиеся по миру и тишине, по созидательному труду и книгам.

Центральный Казахстан тогда был краем нетронутых зверей и пуганых птиц, сухих степей и пустынь, страной редких кочевых лов, называвшихся почему-то колхозами; почти безлюдная земля робких черноголовых амазонок и степенных аксакалов. Как же мало видели мужчин на древних караванных и торговых путях! Но много попадалось разнообразной живности и дичи! Изредка встречались и охотники, но без всякого оружия - к их верблюдам; или седлам старых лошадей приторочены были только волчьи или лисичьи капканы да собственные костыли...

“Хабар бар ма?” - “Бар, бар! Москва говорит, что надо снова поднимать жизнь - вот с нами едут люди из Москвы!” - “Ой-бай, жақсы!”

Моюн-кумы, Бетпак-дала, Сарысу, Улытау... 300 тысяч казахов погибло на войне. В старых войлочных юртах мало детей и люди живут также, как их древние предки в VI - VIII вв.: кумыс, еремчик, курт, редко - мясо сурка, барсука или сайги, наступившей в капкан на водопое... Хлеба нет - клубни диких растений и корни...

Маргулан - плотный, кряжистый человек со свежим лицом, всегда выбритый, одет в светлый льняной костюм и белые брезентовые туфли. На голове его - совсем не казахская, округлая панама. Он удивляет степных людей, они с опаской думают: “Зачем этот начальна приехал из Москвы? Что-то он скажет?” В юрте его сажают в центр на почетное место и первому подают кесу с кумысом. Тихо спрашивала меня: “Маргулан, говоришь? Нет, он не казах - фамилия не казахская. Тут уж я смеюсь и удивляюсь.

Так, кто же он - Маргулан? Себя он просил в степи на. породственному - Алеке. Ему 44 года - мне на двадцать лет меньше. Он член-корреспондент Казахской академии наук, я студент-дипломник кафедры археологии Московского университета. Он начальник Центрально-Казахстанской экспедиции и меня уважает - начальником археологического отряда. Еще есть архитектурный отряд, его начальник Павел Николаевич Рогулин.

Этот толстеющий москвич средних лет не может сидеть на кошме, поджав под себя ноги, все степняки. Казахи спрашивают меня, удивляясь: «Почему русскому начальнику непременно нужно подкладывать под зад твердую доску» Я снова смеюсь. Мне и самому интересны спутники по новой экспедиции.

Наш начальник, кажется, человек жизнерадостный и очень любит степь, радуется ей. Утром, выйдя из палатки, он распахивает на восход солнца и кричит: “Сәлем саған, туған жер!” - Приветствую тебя, родная земля!” И улыбается. Вечером, отходя от костра звездный полог пустынной ночи, он поет печальные песни родины. В своих рассказах об истории казахов Алека мыслит яркими эпическими образами и нередко цитирует героические сказания. О К встреченном каменном изваянии, скале с древними рисунками, степном мавзолее-кумбезе он может рассказать бытующее в народе предание или легенду.

Ученого человека Маргулана, как мне казалось, характеризуют три основные черты, каждая из которых является порождением предыдущих: во-первых и главных, преданность родной земле и своему народу; во-вторых, преданность науке и, в-третьих, смелая устремленность в полевой разведке. Прирожденный всадник, он может часами скакать на верблюде, но предпочитает размеренного иноходца-тулпара.

Все это и мне было дорого, но особенно последнее качество. Ведь я, бывший танкист, привык за три года тяжелой службы на войне к стремительным боевым операциям, к постоянным танковым броскам и непрерывному продвижению вперед.

Маргулан в то время - тюрколог-казаховед широкого профиля. Главное - он историк культуры своего народа: фольклорист, этнограф, исследователь казахской архитектуры. Он получил хорошее образование, обучаясь в 20 - 30-х гг. в вузах Ленинграда. В 1945 г. за диссертацию по казахскому эпосу Алека получил степень доктора филологических наук.

В 1948 г. он себя археологом еще не считает, хотя уже два года тому назад создал Центрально-Казахстанскую комплексную экспедицию и производил небольшие раскопки. Маргулан питал надежду найти археологические объекты, напрямую связанные

с происхождением и историей родного народа. Казалось, это легко и просто. Его подход на первых порах был филологическим - надо использовать родные топонимы!

Алеке рассказывал, как на речке Бегазы ему вдруг стало предельно ясно, что там похоронены "беги азов" (азы - древнетюркский народ VIII - IX вв. - Л.К.). Поэтому в 1947 г. он решил раскопать одну бегазинскую плиточную ограду (Маргулан А.Х., 1949, с. 13 - 18). Но, увы, ни одного тюркского бега он в ней не нашел и найти не мог сооружение было построено в более глубокой древности, еще в конце бронзового века. Ученый был сильно обескуражен... Так зародилось явление, которое я шутил назвал парадоксом Маргулана.

Стремясь найти и исследовать курганы, связанные с древними и средневековыми тюрками - прямыми предками казахов, Алькей Хаканович старался раскрывать самые разнообразные по устройству могильные сооружения. Но чем больше он их исследовал, тем больше он обнаруживал памятники эпохи бронзы, заведомо не связанные с тюрками. И вот, наконец, стало ясно, что Маргулан открыл и обосновал! как феномен новую важную для науки бегазы-дандыбаевскую культуру (Маргулан А.Х., 1979). И я своими раскопками в горах Бегазы тоже способствовал этому (Кызласов Л.Р. и Маргулан А.Х., 1950).

Много других замечательных памятников открыл этот удачливый; и трудолюбивый человек. Но, если не ошибаюсь, только однажды он раскопал могилу кипчакского воина с оружием, конским инвентарем, предметами быта и серебряными монетами XIV в. (Маргулан А.Х., 11959). Некоторые ученики Алькея Хакановича также оказались подверженными "парадоксу Маргулана". В результате их упорных трудов лучше всего изученными в Казахстане оказались культуры эпохи бронзы и раннего железа (Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. 1966).

Замечательные памятники бронзового века настолько увлекли Алеке, что он стал забывать свою прежнюю мечту. Ему удалось передать древнетюркскую тему в руки трех способных ученых - Сержана Мусатаевича Ахинжанова, создавшего ценный

труд о кипчаках (Ахинжанов С.М., 1989; 2 изд., 1995), Булата Ешмухамбетовича Кумекова, распутавшего сложный клубок арабских и персидских источников о кимаках (Кумеков Б.Е., 1972), и Александра Шайдатовича Кадырбаева, заставившего средневековые китайские хроники рассказать о тюрках и иранцах в XIП-XIУ вв. (Кадырбаев А.Ш., 1990).

Большие успехи достигнуты с тех пор археологами, исследующими роль и значение городской цивилизации в средневековой истории Казахстана (Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б., 1987; Байпаков К.М., 1986; Байпаков К.М., 1990). Здесь надо вспомнить, что ее изучение началось с небольшой книги Алькея Хакановича, вышедшей в далеком, 1950 г. (Маргулан А.К., 1950). Кроме западных районов Казахстана, археология кипчаков и других средневековых этнических групп остается неразвитой, а без нее - нет решения этнической истории казахов.

Но все это проблемы сегодняшнего развития науки. А тогда, в "сороковые-роковые" был период бурного послевоенного развития науки и культуры Казахстана. Была создана Казахская академия наук, которую возглавил крупный ученый и талантливый организатор науки геолог Каныш Имантаевич Сатпаев. Среди научных институтов возник Институт истории, археологии и этнографии. Директором его стал многообещавший и инициативный историк Е.Б. Бекмаханов, тогда еще не предугадывавший своей драматической судьбы.

Продолжили полевые исследования экспедиции ленинградских ученых: Семиреченская, во главе с профессором А.Н. Бернштамом, и Восточно-Казахстанская, созданная истинным рыцарем без страха и упрека, защитником Ленинграда в дни блокады капитаном С.С. Черниковым. Археологи, разворачивая послевоенную работу, формировали свою научную стратегию и тактику. В Казахской академии наук в то время Маргулан был единственным ученым, который задумал создать сектор археологии на пустом месте. И тогда он поехал в Москву. Отчего же не в близкий ему с юности Ленинград? Кажется, потому, что "А.Х. Маргуланов" (как он тогда подписывал свои статьи)



после страшных 1937 - 1938 гг., будем говорить, просто "устал" от Ленинграда. Он решил обратиться за помощью к своим московским коллегам, ведущим профессорам кафедры археологии Московского университета. Это были известные ученые - Б.Н. Граков и С.В. Киселев. Граков в 1928-1933 гг. раскопал значительное количество андроновских, савромато-сармато-аланских и средневековых могил в северных пределах Западного Казахстана. В 1930 г. в г. Кызыл-Орде им был издан известный программный труд "Ближайшие задачи археологического изучения Казахстана", с приложением первой карты "главнейших археологических культур и культурных влияний" этой страны (Граков Б.Н., 1930). Киселев, во главе отряда Карагандинского областного музея в 1940 г. произвел в Каркаралинском районе, вблизи аула Бес-Оба, генеральное археологическое обследование местности. Он раскопал там около десяти андроновских погребальных сооружений и одно святилище солнцепоклонников бронзового века (Киселев С.В., 1949, с. 55 и 59, прим. 139; Маргулан А.Х., Агеева Е.И., 1948, с. 132 -133).

Кафедра археологии МГУ откликнулась на просьбу Института истории, археологии и этнографии АН Казахстана и направила туда на постоянную работу двух молодых специалистов-археологов из выпуска 1947 г. Это были ученые-энтузиастки - А.Г. Максимова и Т.Н. Сенигова, которые посвятили археологии Казахстана всю свою трудовую жизнь. Именно с их именами связано преодоление нелегкого периода становления сектора археологии АН Казахстана и резкого расширения фронта его полевых работ.

Кафедра археологии МГУ, по предложению профессора С.В. Киселева, откомандировала на полевой сезон 1948 г. в помощь А.Х. Маргулану и меня, в то время готовившего дипломную работу на тему: "Алтайские племена в V - X вв." (экскурсы из этой работы опубликованы: Кызласов Л.Р., 1949; Кызласов Л.Р., 1951). Было принято во внимание, что в 1946 - 1947 гг. я, в качестве научного сотрудника Саяно-Алтайской археологической экспедиции АН СССР, работавшей под

руководством профессора С.В. Киселева, прошел специальную полевую подготовку по исследованию памятников древнетюркской культуры VI - X вв. на территориях Тувы и Хакасии (Евтюхова Л.А. и Киселев С.В., 1949, с. 120). В те годы я застал в Туве еще не затронутых цивилизацией кочевников-тувинцев, которые по образу жизни и самобытной культуре мало чем отличались от скотоводов, составлявших основное население Тюркских каганатов в VI - VIII вв.

Поэтому в Центральном Казахстане археологический отряд в 1948 г. быстро обнаружил в ряде пунктов сосредоточение типичных жертвенно-поминальных памятников эпохи Тюркских каганатов (Кызласов Л.Р., 1951; Кызласов Л.Р., 1950). Для поминальных жертвоприношений в честь погибших героев древние тюрки сооружали подквадратные оградки из плит, врытых на ребро, с каменными изваяниями, установленными вертикально и изображавшими покойных воинов. От этих изваяний на восток отходили ряды каменных столбиков-балбалов, устанавливаемых, по тюркскому обычаю, по числу убитых воином (при жизни) врагов (Кызласов Л.Р., 1969, с. 23 - 43; Кызласов Л.Р., 1964).

Центрально-Казахстанские жертвенно-поминальные памятники оказались абсолютно тождественными изучавшимся мною за год до этого в Туве. Наше открытие показало, что памятники Тюркских каганатов VI - VIII вв. одинаковы на всей территории первых древнетюркских государств. Само по себе это было большим успехом и очень порадовало Алькея Хакановича (Маргулан Э., 1966, с. 8 - 21).

Как видно из нашего изложения, и экспедиция 1948 г., в которой участвовало двое профессионально работающих москвичей, и, главное, активный повседневный труд новых сотрудниц-москвичек в создаваемом секторе археологии АН Казахстана должны быть отмечены как известный вклад кафедры археологии Московского университета в создание и развитие собственной археологической науки в Казахстане.

Добавлю, что казахстанская тематика постоянно находилась в поле зрения московских университетских археологов. В 50-60-е

гг. читался спецкурс по археологии Казахстана и Киргизии, готовились и кадры молодых специалистов. В 1964 г. курс Московского университета по кафедре археологии (под руководством А.Р. Кызласова) окончил будущий казахский ученый Сержан Мусатаевич Ахинжанов (Смагулов Е.А., 1992, с. 297 - 298). Другая моя ученица - Л.А. Чалая - в 1967 - 1971 гг. изучала на территориях Центрального и Северо-Восточного Казахстана стоянки неолитической эпохи. Собранный ею материал опубликован и исследован в кандидатской диссертации (Чалая Л.А., 1971).

Однако безусловным организатором целой отрасли гуманитарной науки о казахах в Казахстане стал неутомимый в хлопотах, настойчивый и деятельный, внешне всегда спокойный, но в действительности тонко чувствующий и глубоко ранимый, стойко переживавший многие нападки и удары судьбы, наш почтенный патриарх Алеке Маргулан. Энтузиазмом археологов удивить нельзя, но внутренняя убежденность в личной ответственности за воссоздание подлинной истории своего народа дана не каждому.

Сегодня нам легко понять, что в те годы наиболее опасной для Алеке была, как это ни парадоксально звучит, именно нескрываемая им любовь к родному народу.

**1997 ж.**



## МАРҒҰЛАН

Біз Саратовқа жақындай бергенімізде әлі ертеңгілік кез еді. Пойыз теміржолдың екі жағындағы қар басқан картоп егістігі мен қасатталып қалған кір-қожалақ күртік арасымен зулап келеді, Проводник түптігі қарайтылған стакандармен шай әкеліп тартып жүр. Халықаралық вагон дәлізіндегі радиодан бір желдірме ән айтылып жатыр. Терезе алдында Қаныш Имантайұлы Сәтбаев пен Мұқтар Омарханұлы Әуезов тұр. Сәтбаев көзін сәл ғана сығырайтып, жазушыны ықыластана тыңдайды, Ауыр денелі Әуезов үстіне украин кестелі көйлек пен бұтына кең жүн шалбар, аяғына жұмсақ былғары кебіс киіпті. Мұқаң Мәскеуде КСРО Жазушылар Одағының жуырда ғана өткен пленумы жөнінде әңгіме айтып тұрды.

Үшеуіміз де алпыс бірінші жылдың наурызында Алматыға қайтып кележаттық. КСРОҒА-ның Төралқасындағы жұмысымыз біткесін, біз, Сәтбаев екеуіміз “Мәскеу” мейманханасы дәлізінде Мұқаңмен кездестік. Оның да астанадағы ісі аяқталып қалған екен. Біздің қайтқалы жатқанымызды біліп, жазушы бірге жүрмек болды. Бұрынғы әдетімізбен, біз жолдағы уақытымызды оңашада ойлаңып шешетін істерге арнадық. Сәтбаев күпесіндегі ертеңгі шайдан кейін, түскі аста кездесуге уәделесіп тарқасқанбыз. Қаныш Имантайұлы портфелінен қағаз салынған папкені алып, құжаттарды қарап кетті. Мұқаң әдебиет жаңалықтарын оқу үшін купесіне барып кірді. Мен түске дейінгі уақытты пікір айтуымды сұрап, өзіме жіберілген диссертация авторефератын оқуға жұмсадым. Пойызда уақыт өтпейді. Ал бірақ жұмыс істесең, ол елеусіз тез өтеді және кісіні қалжыратпайды. Қанша шаршасаң да, армансыз демаласың.

Түсте менің күпемде ауқаттандық. Бұрынырақ мейманхана буфетінен дәмді тағам алғанмын. Мәскеулік жерлесім жолға деп қоржынға жас қазы, қарта салған. Лимонды турап, боржом мен

армян коньягін алып, серіктерімді шақырдым. Мұқаң әзілдеп, менің ұсынақтылығымды бір мақтап қойды. Жаймашуақ отырып ас алды. Іштік, жедік, жарасты әңгіме де өзінен-өзі туды. Асықтырып жатқан жан жоқ - емін-еркін сөйлесіп, сырласуға уақыт жетеді. Пойыз ырғалып барып, Саратов вокзалы перронына тура қалды. Мен газет алмақшы болып вагоннан шықтым. Қас қағымда құралған шіретке келіп тұра қалдым. Бес минуттай шіретте тұрғасын, вагонге жеткенше асықтым: диктор пойыз жүретінін хабарлады. Күпеді серіктерімнің көңіл күйінің өзгеріп қалғанын байқадым. Қаныш Имантайұлы мен Мұқтар Омарханұлы менің қайтып келгенімді де байқамай қалды. Екеуінің арасында жағымсыз бір әңгіме басталып кеткен сияқты. Сәтбаев Әуезовке бірдеңені қатты айтып отыр, ал Мұқаң оны жақтырмай, тыржия тыңдайды. Әңгіме Мұқаң мен Сәбит Мұқановтың арасындағы араздық туралы екен. Президент, Әуезов сияқты үлкен жазушының жастарға жарамсыз үлгі көрсеткені жараспайды дейді. Сәбит пен Мұқаң қарым-қатынасы көптен шиеленісіп келе жатқан. Оны тек жазушылар ғана біліп қойса - бір сәрі. Екеуінің алауыздығы қазақ әдебиетінің абырой-беделін қасиет тұтатын қатардағы далың жұртты да қатты мазалайтын. Дарын-қабылеті мен халыққа танымдылығы жағынан да бір-біріне мүлде ұқсамақтын Мұқанов пен Әуезов, өзара кісілік қарым-қатынас жасай алмағаны себепті де көп ретте ұтылып жүрді. Екеуінің қайсысы көбірек кінәлі - оған сын айтатын мен емес. Мәселе тіпті онда да тұрғам жоқ. Әдебиеттің мүдде-мақсаты үшін Сәтбаев та Мұқаңды өзіншілдікті жинап қоюға шақырған еді.

- Мұқа, сенің өсек-өтірікті малданып жүргеніңді елдің бәрі біледі. Саған жақсы көруің үшін, өзің келіп Сәбитті жамандай шынында да, сөйтіп жастар алдында үлкен екі жазушыны өзара таластырып қоятын да қаскөй жауыздар. Сен сол жалақорларды маңайлатпай, қууың керек. Сенің жөнің басқа, сол себепті де саған қойылатын талап та өзгеше. Ендеше татуласу үшін, Сәбитке әуелі өзің қолыңды ұсынуға тиістісің. Республиканың бүкіл зиялылары саған қарайды, сенімен теңелгісі келеді. Өз жауапкершілігіңді жұрттан бұрын "өзіңнің түсінгенің дұрыс..."

Мұқаң Қанекеңнің сөзіне құлақ асты, бірақ осы мәселеде Сәбит те оқып тұрған жоқ - дегенді қосты. Сәтбаев осы арада тағы төбіреніп кетті де, уақ-түйекке бара беру саған жараспайды деген сыңай танытты. Осыншдай әңгімеге күә болғаным мен өзімнен өзім қысылып, купеден шығып кеттім. Жиырма минуттей уақыт өткен шамада екеуі дәлізге шықты. Мұқаң Қаныш Имантайұлына алғысын айтты. Және маған ол кісі шын көңілден разы болған сияқтанып көрінді Қанекең де өз көңілінің алаңдауын жазушының дұрыс түсінгеніне жаны жадырап, бір жасап қалды. Келесі күні кешке салым мен Мұқаңа кірдім. Ол кісі "Новый мир" журналын оқып отыр екен. Еілеусіз ғана әңгімелесіп кеттік. Сөз әдебиеттегі жаңа есімдер жайына көшті. Жайлап басып, "Абай" романын тілге тиек еттік. Осы арада, қарап отырмай, оқырмандар атынан талап-тілек айтайын келіп.

- Мұқа, Сіз "Абайды" жаздыңыз, ал бірақ халық алдында әлі де болса қарыздарсыз.

- Қандай қарыз?

- Сіз Шоқан Уәлиханов туралы жазуыңыз керек. Әуезов мырс етіп бір күліп, журналды қоя салды.

- Қаныш Имантайұлымен кеше болған әңгімені есіттіңіз бе? І

- Иә, есіттім.

- Оның мән-жайы мынадай. Менің білуімше, Шоқан туралы Сәбит жазып жатыр. Шоқанды сөз ету менің ойымда да болған. Мен Ленинградта оқыдым, Петербургтің тарихи және тұрмыстық ақуалын, Уәлихановтың кезіндегі философиялық ағымды жақсы білемін. Яғни Шоқанның толыққанды бейнесін жасай аламын. Ал, Сәбитке келетін болсақ, меніңше, ол он тоғызыншы ғасыр жағдайын жеткілікті білмейтін секілді. Сондықтан да оның болашақ кітабы сәтті шығады деп адасатын жайым жоқ. Бірақ біз Сәбитпен кезінде: ол Уәлиханов жөнінен, мен Абай жөнінен жазатын болып келіскенбіз. Егер мен біздің Сәбитпен арадағы қарым-қатынасымызды ескере отырып, Уәлихановты жазуға кірісіп кетсем, онда мен халыққа қай бетіммен қарамақпын? Онда мен кесірлік жасаған болып, Сәбитті аяғынан шалған болып шығамын. Жоқ, мені қинамаңыз... Уәлиханов үшін мен жауап бермеймін.

Мұқтар Омарханұлы суып қалған шайынан бір ұрттап, сөзін жалғады:

- Жарамсақ тарихшылар кінәсінен, халқымыздың тарихының кем-кетіктері көп-ақ. Жазушылар халық алдында, оның зейін-зердесі алдында қарыздар болып қалған. Халықтың зейін-зердесін қайтарып беру - ізгілікті міндет. Қазақтың өткен тарихынан Абылайхан айрықша орын алады. Көшпелілердің басын қосуға, қазақтардың ұлттық ой-санасын оятып, қалыптастыруға ол өлшеусіз көп еңбек сіңірген. Ол туралы халықтың естіп білгені әлі де мардымсыз. қайткен күнде де Аблайхан туралы жазу керек. Көркем шығарма жазу міндетті емес, деректі кітап та жетіп жатыр. Ол заманды қайта тірілтетін нәрсені баспай қоюы да мүмкін. Бірақ жазу керек. Жазып, ұрпақтар үшін сақтап қойған жөн.

- Сіздіңше, бұл істі кім жақсы жасай алады? - дедім мен. -  
Идея мінсізтұғын.

- Мұны жұрттың бәрінен да артық жасайтын кісі - Марғұлан. Сіз Шаке, Академияның Бас ғылыми хатшысы ретінде, оған көмек беруге тиістісіз.

Алматыға келгеннен кейін де мен бұл әңгімені естен шығармадым. Марғұлан жазушының ұсынысына жанып түсті. Бірақ, деді академик, оған байланысты ұсақ жұмыс көбейеді. Көмекші керек. Мен тарих институтының директоры Нүсіпбековпен сөйлесіп, Әлкей-ағаға стенографистка бөлу жөнінде нұсқау бердім. Жұмыс бастауын басталса да, ұят та болса айтайың, күнделікті іс ағынымен жүріп, оның орындалуын бақыламадым. Енді бір жылдан соң мен Бас ғылыми хатшы міндетінен кеттім, сөйтіп Мұқтар Омарханұлы идеясын жүзеге асыруға менің тілге тиек . етер желеуім болмай қалды.

Әлкей-аға да, мен сияқты, Айдабол руынан (Орта жүздің Арғын-Сүйіндігіне жатамыз), біздің руымыз қазақ халқының XVIII ғасырдағы дана билерінің бірі- Сүйіндік атамыздың есіміне ие, кәзіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданы жерінен аса көрнекті тарихи тұлғалар көп шыққан. Біздің әкелеріміз, ата-бабаларымыз, өздеріміз де қазақтың еретектегідей сұлу жерінде, Баянауыл тауының ең биік қыраты Ақбеттаудың терістік баурайында,

таңғажайып көркімен көз тартатын Жасыбай және Торайғыр көлдерінің арасындағы алқапта дүниеге келіп, өсіп-өндік. Әлекең өзінің ата тегін мақтан көретін, кейде оңашада бала сияқтанып, кеудесін керіп, масаттанып та кететін. Ондай шамырқанған шабытты шағының ешбір ерсілігі де жоқты - оның шыққан тегінің асыл екені айғақты.

Тарихи декретерге сүйенсек, Әлекеңнің атасы Марғұлан - қазақтың XVIII-ғасырдағы азаттың қозғалысы тарихынан белгілі, атақты Олжабай батырдың туған немересі. Ал, Олжабай болса, со заманның Абылай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шақшақ Жәнібек, Дулат Өтеген, Көкжал Барақ және Төлеби, Қазыбек би, Бұқар жырау сияқты аса көрнекті қайраткерлерімен қоян-қолтық жүріп, XVIII ғасырдың бірінші жартысында Қазақстанның Жетісудан бастап, Сырдарияның төменгі ағысы мен Түркістан аймағына, Сарыарқаның Баянауыл мен Қарқаралы таулары өңіріне дейінгі ұланғайыр жерін басып алған құба қалмақтарды, сосын қытайларды талқандап, қуып шығуы жолындағы жанқиярлық күреске белсене атсалысады, сөйтіп Абылайханмен тізе қосып, мақсатына жетеді де, ел оны Ер Олжабай деп атап кетеді.

Әлекеңнің бабасы Дулат пен атасы Марғұлан да өздерінің адамгершілік қадыр-қасиетімен, дүние танымымен абырой-беделі өлшеусіз өскен, қоғамдық жағдайы жоғары, мәртебелі, текті кісілер болған. Дулат - қалық ел таныған беделді би. Марғұлан қоғамдық тіршіліктің, адамдардың қарым-қатынасын, тұрмыс тынысының аңлысын аңдап, түсініп, талдап отыратын дана, әрқашан ақылға жүгінетін кісі болғанға ұқсайды.

Әкесі Хақанның (1857-1920 жж.) жас кезінде Мәшһүр Жүсіппен Баянауыл мектебінде бірге оқығанын, арапша еркін оқып, жаза білетін, қызықты кітаптарды жинап, оны құмарта оқығанды, мағна-мазмұнын талдағанды жанындай жақсы көретін кісі болғанын Әлекеңнің өзі сан рет айтқанды. Жалпы алғанда, ол өз дәуірінің көзі ашық білікті адамы болған, өмір-тіршілік жайын кең түсінетін қасиетімен ерекшеленіп отырған. Демек, Әлекеңнің жақсы әкеден, ата-бабаларынан алатын үлгі-өнегесі жеткілікті болған.



Өзінің адам ретінде, жеке тұлға және ғалым ретінде өсіп жетілуіне, қалыптасып, беки түсуіне ең алдымен әкесіне, сол сияқты Әбікей Сәтбаевке (Қ.И.Сәтбаевтің немере ағасына, болашақ әйелі Раушанның әкесіне) және Мұқтар Әуезовке борыштар екенін Әлекең, реті келгенде, тебірене айтып отыратын.

Әкесі оны бес жасында мектепке апарды да, жеті жылдық мектепті, Павлодардағы алты айлық мұғалімдік курсты бітіруіне жағдай жасайды. Ең маңыздысы, балғын балалық шағынан бастап, кітап оқып, игеріп, оның мазмұнын талдауға деген ынта-ықыласын оятады, сол қасиетті бойына сіңіруге көмектеседі. Соның нәтижесінде мектеп жылдарында оның кітапқа құмартқаны сондай, “Қобыланды”, “Алпамыс”, “Мұңлық-Зарлық” хиссаларын жаттап алып, ауылдағы той-томалақтарда нәшіне келтіре айтып жүреді. Сөйтіп ауылдастарының назарына ілігіп, жүре келе құрмет-қошаметке бөленеді.

1920 жылы Баянауыл ауданының Далба деген жеріндегі мектепте (атақты Бұқар жырау өмірінің соңғы кезінде тұрған және көзір оның зираты жатқан жер) сабақ өткізген Әбікей Зейінұлы Сәтбаев, Әлкейге көңіл аударып, оған өзі ректор болып істейтін Семей техникумына келіп түсуі жөнінде ұсыныс жасайды. Әлкең бұл ұсынысты қуанышпен қабылдайды да, 1921 жылы сол оқу орнына барып түседі, о заманда дала өлкесіндегі ең қадырменді болып саналатын осы техникумды 1925 жылы табысты түрде аяқтайды. Мұнда техникум қабырғасында сол 1921 жылы Әлекең, әдебиет пәнінен сабақ беретін Мұқтар Әуезовпен танысады. Мұқаңның өзі айтқанындай, Әлкей оған білмекке құмарлығымен, жастығына қарамастан гуманитарлық мәселедегі ой-өрісінің кеңдігімен қатты ұнайды да, оған бірден көңіл бөліп, қамқорлығына алады, біраз уақыттан кейін оны пәтеріне өзімен бірге тұруға шақырады. Бірер жылдан кейін Әлекең қоғамдың және әдеби процестерді оқып үйренетін және талқылайтын әртүрлі үйірмелерге қатысады. Со кездің өзінде-ақ оның кемелдене бастаған жас зерттеуші екені білінеді. Мұқтар Омарханұлының оған деген ынта-ықыласы арта түседі, әдебиет пен өнер саласының бірқатар мәселесі жөнінде оның пікірімен санаса бастайды, бірте-бірте олар нағыз досқа айналады. 1924

жылы Мұқан Әлкейді өзінің туған жері - Шыңғыстауға қонаққа шақырады. Сонда өздерінің уақытты қалай жақсы өткізгенін, құмай тазылармен қасқыр аулауға шыққандарын Әлекең жыр етіп айтып отырушы еді.

Мұқтар Омарханұлы Әлкейге техникумды бітірісімен оқуын жалғастырып, жоғары білім алуы керек екенін, Ленинградта оқуы керек екенін қайта-қайта айтады, оған Герцен атындағы пединститутке жолдама алып береді. Әлкей Мұқанның айтқанын шын жүрегімен қуана қабылдап, 1925 жылы онымен бірге Ленинградқа аттанады да, Шығыс институтының түркология факультетіне түседі, мұнда оқумен бірге зерттеу жұмысымен де шұғылданады, шығармашылық үйірмелерге белсене қатысады (ол кезде көптеген оқу орныдарында студенттерді ғылымға тартудың осы әдісі кеңінен қолданылатын), Әлікей-аға бұл жерде де көзге түседі, көп үміт күттіретін жас ғалым ретінде, оған профессорлар назар аудара бастайды.

Әлкей Хақанұлы бар ықылас-ынтасымен тарихтың, философия мен өнердің объективті заңын білуге талпынады. Осы мақсатпен ол Ленинград Мемлекеттік Университетінің тарих-филология факультеті мен Өнер институтының арнаулы лекциялары мен сабақтарына қатынасады. Шығыс институтының соңғы курстарында ол КСРО ҒА-ның архив қорына барып, Шоқанның әдеби мұрасын құмарта зерттейді. Студент күндерінде бірқатар аса қызықты археологиялық экспедициялар жұмысына қатысады. Сөйтіп Әлкей-аға жоғары мектеп қабырғасында жүрген кезден-ақ білім қорын молайтып, нағыз ойлы зерттеуші екенін танытады. Осының бәрі үшін ол тек Мұқаңа қарыздар екенін талай рет айтқан.

Өмір-тірлігінің әр алуан кезеңдерінде олар достық жұбын жазбай, бір-бірінен жәрдем-көмегін аямайды. Олар дүниетанымда да, қоғамдық және әдеби процестерді танып, оны бағалауда және болжауда да ой-пікірлері бір жерден шығатын. Олардың қимас достығы мен өзара қатынасы 40 жылға созылып, тек 1961 жылы Мұқаңның қазынасынан кейін ғана үзіледі.

Әлкей-аға өмірінің соңғы сәтіне дейін (1985) оған адал күйінде қалып, Әуезовтың ғалым ретінде, әдебиеттануды дамытуда,

көркемсез және қоғамдық процестерді қорыта танудың айтулы шебері, қазақ әдебиеті классигі ретінде үлкен рөл атқарғанын дәлелді де дәйекті түрде жазумен болды және оны әрқашан алғыспен есіне алып отырушы еді.

Әлкей-аға творчестволық ойдың екінші бір алыбы, аса көрнекті ақын (қазақ өмірінің Пушкині, оны әдебиеттанушылар солай деп атайды) Мағжан Жұмабаевтың пікірлес те айырылмас досы болған, оны біз соңғы кезге дейін жау тықшысының қимыл-әрекетін істеп, кеңеске қарсы тұрған нағыз ұлтшыл деп келдік емес пе. Ақынға осындай ауыр айып тағып, НКВД оны 1937 жылы 44 жасында атып тастаған еді. Онымен байланысты үшін Әлкей ұзақ жылдар бойына қара тізімге алынып, сенімсіз адам қатарына қосылады да, қуғын-сүргінге ұшырайды. Соның нәтижесінде (ол Ленинградта аспирантурада оқып жүрген кезде), Киров өлтірілгеннен кейін (1934 жылы) қамауға алынып, бірнеше ай түрмеде отырады. Оны ауыр азапқа салады, мәселен, табаны мен алақанынан шапаттап ұрып, сосын пәлен сағат бойы зорлап тұрғызып қояды. Бір күні осындай айуандықпен жасалған азаппен қорлықтан әбден титықтаған Әлекең өзін өзі өлтірмек болады, тамағын орып жібереді (тегі, пышағы етпестеу секілді), абырой болғанда, абақтылас серіктері оны көріп қалып, ойға алғанын ақырына дейін орындатпайды. Түрме дәрігері оны ажалдан әрең-әрең аман алып қалады. Әлекеңді жаңыннан көрген кісілер оның тамағының сол жағында содан қалған тыртық барын байқайтын да еді. Фашист-тергеушілер одан бейне бір астыртын құрылған, контрреволюциялық қазақ ұлшылдық ұйымы бар екенін, олардың пікірінше, оның басшыларының бірі Мағжан Жұмабаев болып табылатынын айтып, Әлкейге соның мүшесі екенін қайтсе де мойындатқысы келеді. Ақырында оған кеңеске қарсы жүргізілген әрекет-қимылын мойындататын айыпты таға алмай, 1935 жылдың сәуірінде Әлекеңді босатып жіберуге мәжбүр болады.

Әлкей-аға осы оқиғаны есіне алып айтуды мүлде ұнатпайтын, менің білуімше, өмірбаян сипатындағы бірде-бір материалда бұл жәйт ескерілмейді. Осының бәрін ол маған 1972 жылы екеуміз Сарыағаш курортында бірге болғанымызда, бір жаны жадырап ашылған кезде сыр етіп айтқаны бар еді. Ол өз өмірінің осы бір

ауыр оқиғасының елге жайылып кетуін қаламаған, сол себепті де мен тап осы күнге дейін оны ешкімге айтқан да, еш жерге жазған да жоқпын.

Біреудің ықпалына түсіп, құбылып отыру оның болмысына жат мінез еді, ол достыққа адал болуды қастерлейтін, уәдеге берік, принципті мәселелерде наным-сенімінен айнымайтын, әрбір қимыл-әрекетін терең ойланып, ақылмен жасайтын табанды кісі болатын. Мінез-құлқында жылпостық атымен жоқ, қулық пен арамдықтан жеркенетін. Бала сияқты аңқау еді. Тұрмыста одан дәрменсіз кісі болмайтын. Көңліне дым сақтамайды, өкпе-наразылықты ұмытып кетеді. Сәтбаев секілді, өсек-аяңға мүлде назар аудармайтын, ал бос сылдыр сөзге уақытын рәсуа етпейтін. Әлкей-ағаның осындай биік адамгершілігін дәлелдеу үшін көптеген мысалдар мен фактілерді келтіруге болар еді. Бірақ мен бір ғана мысалмен шектелейін.

1935 жылы оны түрмеден босатқаннан кейін, НКВД-ніңоны сыртынан бақылауы мен ізіне түсіп аңдуы күшейе түседі. Оны өзі де жақсы біледі, соған қармастан, өте хауіпті бір тәуекелге бел байлайды - (Мағжанмен кездескісі келеді, со кезде ол Петропавлда (Қызылжар) тұратын, педагогикалық техникумда жұмыс істейтін - сөзтану теориясы пәнінен сабақ беретін).

Достыққа адалдығы, Мағжанды жантәнімен жақсы көріп, оған берілгендігі сондай, ол төбесінен төніп тұрған хауіп-қатерге, арадағы шыңырауға қарамайды.

1935 жылы шілденің екінші жартысында Петропавлда қой шаруашылығы совхоздары трестінің басқарушысы болып істеп жүрген менің ағам Риза Әлекеңнен телеграмма алды, онда Әлекең келетінін хабарлапты, бірақ қашан келетіні нақты көрсетілмепті. Ағай әрі туысын, әрі бала күндегі досын қарсы алуға шынымен өзірлене бастайды. Тап сол уақта мен жазғы каникулда жүргенмін.

Арада бірнеше күн өтті, Әлекең келмеді, басқа біреудің үйіне тоқтағанына күмәніміз болмай қалды. Бір күні Әлекең шамадансыз, ешбір нәрсесіз өзі келді. Риза одан заттарының қайда екенін сұрады, ол бұдан екі күн бұрын келгенін, Мағжанның үйіне тоқтағанын айтты. Ағам, оған, әрине, өкпе-назын білдірді, Әлекең мен үшін сенен гөрі Мағжанның өкпесі ауырырақ, онымен

емін-еркін отырып, армансыз бір сөйлесіп шер тарқатпақшы болдым, көп мәселелер жөнінен кеңесіп, пікір алыспақшы едім, шын мәнінде мен мұнда сол үшін келдім деді. Бір күнін ол бізбен бірге өткізді. Қаладан кетерде ол менен Мағжанға баруымды сұрады, мен оған сен туралы айттым, жоғары білім алу үшін тірліктің тікенекті тар жолынан өту үшін біздің қанша қиындық көріп, сергелдеңге түсетінімізді білдірдім деді ол.

Бір аптадан кейін мен ол кісіге бардым. Басы үлкен, жазық маңдайлы, нығыз денелі, орта бойлы дембелше екен, өз жасынан үлкенірек көрінеді (ол кезде 42 жаста болатын). Осы уақытқа дейін ол менің көзіме тап со қалпында елестейді. Мені жылы жүзбен жақсы қарсы алды, өзімен салыстырғанда, әлдеқайда жас екеніме (айырмашылығымыз 19 жас), жай-күйіміздің өзгеше екеніне қарамастан, менімен тең адамша сөйлесті, маған кәдімгідей ықыласын білдіріп, сөзге шаңырып, ашылып емен-жарқын ынта қойды. Тірлік жолында кездескен қатерлі кездер мен шұғыл бұрылыстарды көбірек сұрады. Мен бәрін тәптіштеп айтып бердім, бірақ имандай шыным, мұндай үлкен кісімен байсалды әңгімеге өзір емес едім, сол себепті біраз қысылып та қалдым. Ол маған сәт сапар тілеп, көп жақсы сөздер айтты, әсіресе, білім қоймасы - көркем әдебиетті көбірек оқуымды баса айтты, ол кісінің шын мәдениетті, ізгі парасат иесі болуына көмектеседі дегенді есіме салды. Қоштасарда маған өзінің кітабын жылы сөздер жазып сыйлады, онда ақынның “Батыр Баян” атақты поэмасы бар еді. Бір өкінішті, қынжыларлық жәйт, (енді тіпті айтуға ұят нәрсе деуге де болады) мен оны 1937 жылы Абайдың, Сұлтанмахмұт пен Жүсіпбектің, қазақтың басқа да ұлы жазушыларының туындыларымен бірге жойып жібердім, сонда ол кітаптардың менде болуы - менің “онша сенімді еместігіме, советке қарсы іс-әрекетке бейім екендігіме” айқын дәлел болады деп қорықтым.

Менің Мағжанмен бұл кездесуім бірінші және соңғы кездесу болды, Оның өмірі 1937-ші қасырет жылында үзілді. Ол қазақ халқы аттарын мақтан тұтатын ең жарық жұлдыздардың бірі еді, солардың есімі арқылы біздің халқымыз, әлемнің басынан еткен (бай тарихы бар, болашақта адамзат іс-әрекетінің әмбе

саларында кең көлемде гүлденіп өсуінің таңғажайып мүмкіндіктеріне қолы жеткен өркениетті ұлттардың қатарына қосылды ғой.

Қазақта: “жақсы келді дегенше, жарық келді десейші” - деген мақал бар. Баянауыл топырағынан шыққан Сұлтанмахмұт, Мәшһүр Жүсіп пен Диқан Әбілев көкірегінде табиғи талант оты маздап тұрған жарқын жанды кісілер. Бұлардың үшеуімен де Әлкей аға тығыз қарым-қатынас жасаған олар өзара алыс та болса туыс болып келеді. Әлекең Сұлтанмахмұтты тым жоғары бағалайтын, дүниеге көзқарасы, қоғамдың өмірдің дамуын жігі бақылап, ойша қорытып, оны көркем бейнелеуі жағынан, ақындық таланты мен шеберлігі, тіл байлығы жағынан ол Абайдан кейінгі биік тұлға дейтін. Ол атақты қаламгермен талай рет дидарласқан. Олардың соңғы кездесуі 1919 жылы болады. Екеуі ұзақ әңгімелеседі. Сол тұста Әлекең тек он бес жаста ғана болса да, Сұлтанмахмұт онымен тең адамша сөйлеседі, оған қайткен күнде де оқып, білімін тереңдете түсуіне және гуманитарлық ғылым биігіне құлаш сермеуге кеңес береді.

Әлекең сол сияқты Мәшһүр Жүсіппен де жақсы таныс болған. Әлде неше рет жолығысып, ұлы қарияның ақыл-кеңесін тыңдаған. Ұмытпасам, 1926 жылы осынау екі жақсының соңғы кездесуін мен өз көзіммен көрдім. Әлкей аға М.Көпеевтің туған халқының әдебиеті мен фольклорін, тарихын шексіз көп білетініне, Шығыс елдерінің тарихына да жетік екеніне күә болған кісі. Ол әйгілі ақыннан Абылайхан, Бұқар жырау жөнінде қызықты хикаялар тыңдап, оның түпсіз тереңдігіне қайран қалады. Әлекең тіпті Мәшһүр Жүсіптің 1914—15 жылдары Бұқар жырау мекені Қалың шоқыға барып, со жақта екі жылдай тұрып, абыз жыраудың өлеңдерін жинағанын, оның өмірін, ел-жұрттың жай-күйін зертегенін айтып отыратын. Бұқар мұрасының толық жинағы осы уақытқа дейін со Мәшекеңнің қолжазбасынан алынған күйі басылып келеді. Әдебиет зерттеуші ғалымдар мұны әрдайым айтып келеді. Талапты да талантты жастың өмір жолын таңдап алуына данышпан ақынмен сөйлескені кәдімгідей әсер етеді.

Әлкей аға Дихан Әбілевпен бала күндерінен бастап, өмірінің соңғы сәттеріне дейін ұдайы аралас-құралас жүрген, бір-бірін

мейлінше құрметтеп, жақсы көретін. Оларды қазақ әдебиеті мен өнеріне деген көзқарасы мен ой-пікірінің тым жақын, ортақ болып келетіні табыстырып отырған.

Әлекең Д.Әбілөвтің Сұлтанмахмұт жәніндегі трилогиясын аса көрнекті шығарма ретінде жоғары бағалайтын, әсіресе романның тіліне қатты риза еді, сол себепті де Диханның көркем сөздің айтулы шеберлері Әуезов, Мүсірепов ізімен келе жатқанын айтып, оны мақтан тұтушы еді. Ал өз тарапынан Дыхаң да Ә. Марғұланды аса көрнекті ғалым және тұлға ретінде, ғылымға сіңірген еңбегінің өлшеусіз молдығы үшін, оны Шоқан-Қаныштармен қатар қоятын. Онымен кездесу, пікір алысу кісіні рахатқа бөлеп, байытып тастайтын, әдебиет пен қоғамдық процестерді дұрыс түсініп, соларды іштей қорытып отыруға көмектесетін. Олардың өмір бойы созылған адал өнегелі достығы Әлекең дүние салған күні — 1985 жылдың 12 қаңтарында үзілді. Ол осы уақытқа дейін жан досын есіне алып, қамығып отырады.

Отызыншы жылдың күзінде мен оқу іздеп Ташкенге бардым. Әуелгі кезде маған жатақханадан орын тимеді де, мен Қазақ орман техникумының бауында далаға түнеп жүрдім. Әлекең ол кезде Орта Азия мемлекеттік Университетінде жұмыс істейтін. Бойдақ еді. Қаланың орталығында бір бөлмеде тұратын. Қазанның бас кезінде, алғашқы суық ашық аспан астында жату мүмкіндігінен айырған кезде, мен Марғұланға бардым. Менің қайда түнеп жүргенімді білгеннен кейін, өзіне шақырды. Онымен бірге немере інісі Әукеш Рахметов тұрады екен. Әукеш Университеттің сумелиоративтік факультетінде, мен қоғамдық ғылымдар факультетінде оқитынмын. Жатақханадан орын алғанша үшеуміз бір айдай бірге тұрдық. Әлкей-аға жұмыстан қараңғы түсе оралатын. Өйтіп-бүйтіп кешкі асты әзірлейміз де, Әукеш екеуміз оқулықтарымызды қарап, ағаны күтеміз. Марғұлан келісімен, шайға отырамыз, оған студенттердің нені айтатынын, Баянауылдан нендей хабар келетінін әңгімелеп береміз. Әлкей ешқайсысымызды алаламай, екеумізге бірдей, зер сала қарайды, туған бауырындай жылы сөйлеседі.

Отыз алтыншы жылдың күзінде Марғұлан Омбыға келді, ол кезде мен СИБАК-та оқып жатқанмын. Омбыға ол өз бетімен

Уәлиханов ғұмырының сібірлік кезеңін зерттеуге келді. Қимас: досым Зияда Шаңбабаев екеуміздің пәтерімізге Әлкей-аға келген кезде, біз қуанғаннан апыл-ғұпыл іске кірістік. Мен базарға жүгіріп барып, Зияда екеуміздің қалған ақшамызға омбы қазақтарынан қой етін сатып алдым. Сөйтіп дастарқан жайдың. Келесі күні ертеңгілік Марғұланды Шоқан тұрған үйге ертіп бардық. Көшелер бұрышындағы жартылай цокольді ағаш үйде екі семья тұрады екен. Үй иелерінің рұқсатымен, замандастарының айтуынша, Шоқан тұрды деген бөлмеге кірдік. Әрине, сонша жылдар ішінде бөлменің дүние-мүлкі талай рет өзгерген шығар. Шағын ғана бөлме, төбесі аласа, қабырғалары ыстан?ан. Әлекең ішкі қалтасынан дәптерін алып, он минуттей бірдеңені жазды. Уәлихановтың үйінен шығып, ол оқыған кадет корпусына бардық. Кадет корпусының үйі — қаланың со замандағы ең таңдаулы үйі болса керек. Ол ашық алаңда ұзындығы жүз метрдей жерге созылып тұр. Үш қабат үйдің дәл ортасында кіріп-шығатын жұмыс есігі тұр. Одан сәл оңға қарай порталмен әсемделген парадтық подъезд. Марғұланы осынау қалаға, есімін жаңғырту үшін, өзі әдейі іздеп келген бозымның көзімен қарағысы келгендейін, көпір үстінде біраз тұрды. Бәлкім, Шоқан бұл арамен талай рет жүрген де шығар. Біз өткен ғасырда қаланың дәулетті-тектілері бас қосатын қалалық бауға бардың, мұнда сөз жоқ, кадеттер де келіп тұрған. Со төңіректе маңдайшаларына шайханалар мен буфеттер аты жазылған көне үйлер сақталып қалыпты. парктің орталық бөлігінен біз қисайып қалған ескі сәкілер мен жазғы театрдың сахнасын көрдік.

Қаланың байырғы тұрғындарымен, өлке тарихын жақсы білетін кісілермен сөйлестік. Осылай сұрастырып жүріп, Шоқанның Шонаев деген кісінің үйінде жиі-жиі болып, қарым-қатынас жасағанын білдік. Көп ұзамай Шонаевке күйеу бала болып келетін Жанқонақов деген кісіні таптық, ол жергілікті техникумның оқытушысы екен. Күллі әңгіме-сөзді, деректерді Әлкей-аға сол ескі дәптеріне түсіріп алады. Үйге қайтып келгесін ол дәптеріне өзі ғана түсінетін белгілерді қойып, материалдарды жүйелеп, реттейді. Кейде тіпті кешкі асқа шақырып, келтіре алмайсың.



1935 жылы материалдық мәдениет тарихының мемлекеттік Академиясының аспирантурасын бітігеннен кейін, Орта Азия мемлекеттік Университетінде, КСРО ҒА-ның Материалдық мәдени институтында біраз уақыт қызмет істегесін, 1938 жылы Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің арнайы шақыруы бойынша, КСРО ҒА-сы филиалында жұмыс істеуге келеді. Содан бастап, ғұмырының соңғы күндеріне дейін (1985) Филиалда, Қазақ КСР ҒА-ында табан аулармастан қызмет істеп, кең мағнасында тарих және филология ғылымын, әсіресе археологияны дамытуға орасан зор үлес қосты; тұтас бір ғылыми мектептің негізін салып, көптеген ғалым-ізбасарларын даярлап шығарды. Өзі айналысқан мамандықтар саласында тек туған республикасы көлемінде ғана емес, одан тыс жерлерде де кеңінен танылған абыройлы-беделді тұлғаға айналды.

Оның жан-жақты энциклопедиялық білімінің тұңғыық тереңдігінің тамыры Әлекеңнің шексізбілім құмарлығында жатыр. Ол қазақ халқы тарихының жоғалып кеткен тұстарының болмашы бөлшектерін құрастырып қайта жасайды. Қоғамдық ғылымдардың күллі саласында оның назарынан тыс ештеңе қалған емес. Абылай хан заманын одан артың білетін кісі болмайтын, ол Әбілқайыр, Кенесары, Қасымхан тарихын терең зерттеп, игерген еді, халқымыздың мәдени тарихын, өткенін одан жетік білетін кісі жоқ. Меніңше, оның шығармашылығының мән-маңызын Әлкей-ағаның қаламынан туған монографиялар мен мақалалардың санына қарап өлшеу әділдік болмайды. Халықтың рухани мұрасын қалпына келтірудегі оның сіңірген еңбегі ғылым шеңберінен шығады да, жалпы адамзаттың мәнге ие болады. Оны қаламгерлер Марғұланның көзі тірісінде-ақ жақсы түсініп, академик ойының қанат қағысын қалт жібермей, қадағалап отыра берді. Біздің белгілі жазушыларымыз бен ғалымдарымыздың көпшілігі Марғұланды шығармашылық зиягерлердің рухани атасы деп білетін. Республикадан тыс жерде де ол бүкіл ғұмырын арнаған ғылымның мән-маңызын шырқау биікке көтерген, аты әлемге әйгілі ғалым ретінде танылды.

Өмір бойы тындырған ісім аз деп, алаң болумен өткен оқымысты жай-күй таңдамайтын. Ал бірақ өзіне ақыл сұрай келген

кісілерден уақытын аяп көрген емес. Қожахмет Яссауи мазарының әлемдік мәдениет үшін қандай мәні бар екенін мен со кісіден білдім. Ол маған Абылай хан өмірінің ғажайып тарихын әңгімелей жөнелгенде қызғылықты ертеқ тыңдағандай ұйып қалғаным бар. Онымен сөйлесудің өзі бір ғанибет еді. Әрбір кездескен сайын, өзімнің аз білетінім есіме түсуші еді.

1944 жылы ҚазФАН-ға жұмысқа ауысқаннан бастап, ол қашан кез жұмғанға дейін, академикпен сырлас дос болдым. Ол жиі-жиі алыс жерге барып қайтатын. Оңаша жүріп, өзімен өзі терең ойға шомып кетеді. Соңғы жылдары ол мені бірге жүруге шақыратын болды. Ол кісімен екеуміз Медеу маңының сай-саласын түгел аралап шықтық. Бір күні Шымбұлақтан қайтып келе жатып, Министрлер Кеңесінің үшінші демалыс үйіне келіп жеттік. Аздап жүрек жалғап алмақшы болдық. Асханада үзіліс - жабық екен. Биллиард шарының дыбысын естіп, кім қалай ойнап жатқанын көрмекші болып, ішке кірдік. Қарап тұру ыңғайсыз, бірдеңе айту үшін балаң жігіттен: “Қарағым, атың кім?” - деп сұрадым. Ұмсынған күйі, басын көтерместен: “Онда жұмысың болмасын!” - деп гүж ете қалды. Әлкей-аға мені биллиард бөлмесінен: “Жүр кеттік, әйтпесе тағы бердеңе деп арп етер” - деп қолымнан жетелей жөнелді. Дәлізде кездескен ескі досымыз Ілияс Омаровқа әлдекімнің балаларының дәрекілігін айтып едік. Ол қып-қызыл болып кетті. Марғұлан басын шайқады. Біз қалаға келгенде демалыс үйіндегі кездесуге бәрімізден де қатты күйзелген Әлекеңнің өзі болып шықты. Сарыағашта да талай рет бірге дем алдық. Мен тағы да құлағым елеңдеп, ағаның әңгімесін тыңдап, рахатқа батамын. Өз әңгімесін шын ынта-ықыласпен тыңдағанымға Әлекең де риза секілді. Бұл арада да біз іңір қараңғылығына дейін сейілдейміз. Жиі-жиі Ленин кеңшарына дейін барып қайтамыз. Біздің бесіннен кейін ауыл орталығына дейін ұдайы барып тұрғанымызға олар да дағдыланып, бізді ескі таныстарындай қарсы алатын болды. Бір күні ауылдағы шілдехана үстінен шықтық. Үй иелері әй-шайға келмей, ішке кіргізіп, дастарқан басына отырғызды. Әлкей-ағадан нәрестеге ат қоюын сұрады. Баланың есімін ұмытып қалыппын. Бірақ

академик қойған есім дәлдігімен, әдемілігімен тойдағы жұртқа түгел ұнады.

Санаторийде демалушылардың көпшілігіне ол кісі ұнай бермейтін. Соның бәрі ойшылдықтың кесірінен. Жұрт оны, осы кісі не ақылдымсып керіге береді, не менмен болғасын, бейтаныс кісілермен жылы ұшырасып сөйлеуді бойына мін көреді деп ойлайтын. Мысалы, асханада таңғы ас үстінде Әлекең көршісінің сөйлескісі келіп қойған сауалына үн-түнсіз басын изегеннен басқа жауап қатпайды. Тағамын асығыс ішеді де, бөлмесіне жұмыс істеуге кетіп қалады. Ал о кісіден өткен қарапайым, жұмсақ адамды табудың қиын екенін олардың көбі біле де бермейтін.

Алпысыншы жылдары екі мәрте Карловы Варыда бірге болдық. “Мәскеу” санаториінде Арам Хачатурянмен таныстық. Композитор бізге бірнеше рет қонақ болды, біз де оның нөміріне барып тұрдық. Армөндар өздерінің ұлы отандасын бұл арада да ұмытпады. Австрия мен Герман Федерациялық Республикасында тұратын қандастары атақты сазгерге арнайы келіп жатты. Оның есігін жиі-жиі келіп қағып, дәліздегі қол бала гүл шоқтарың, коньяк әкеліп тастап кетеді. Өз халқының адал перзенті - Арам Ильич жерлестерінің құрметіне ыразы болып, жаны бір түлеп қалады. Композитор да сөйлегеннен гөрі тыңдағанды артық санайды. Оның аялы көзінен таңқалғаны көрінеді де тұрады. Ол сөз тыңдаған кезде бірдеңе сұрағысы келгендей ерні томпайып, көзі үлкейіп кетеді. Марғұлан өзінің көл-көсір білімімен Арам Ильичті қайран қалдырады. Екеуі де бір-бірімен сөйлесуге құмартып тұрар еді. Бір күні мен су ішуге жалғыз өзім келдім. Композитор шыны аяғымен минералды суды сыздықтата тартып қойып, серуендеп жүр екен. Мені көрісімен: “Досыңыз қайда қалды? Кеше біздің әңгімеміз бітпей қалып еді” - деп сұрады. Өмірінің соңғы жылдарында Марғұлан менімен серуендеуге шықпайтын болды. кәрілік әл-дәрменен айыра бастаған еді. Біз сирек кездесетін болдық. Әлкей-аға пәтердің қапырық ауасын суқаны сүймейтін. Ол таза ауаға құмарды, сол себепті де түскі астан кейінгі тынысын балконда өткізуді ұнататын.

Сексен төртінші жылдың жазында ауруханада жатқан оның көңлін сұрап барғанымда, академиктің жүзі сынық екенін

байқадым. Тағдыр оған жарты жылдай мерзім ғана қалдырған еді. Мен біртүрлі секем алып қалдым. Оған өмірбаяныңызды кең етіп жазсаңыз қайтеді - деген идеяны айттым. “Сіз көпке белгілі адамсыз. Ал халық сіздің қандай кісі екеніңізді әлі де білмейді. Өзіңіздің көрген-білгеніңізді, бастан кешкеніңізді ортаға салсаңыз, жұрттың бәріне бірдей қызғылықты дүние болар еді”. Марғұлан жанданып сала берді: “Соны өзім де сан рет ойлап едім”, - деді ол. Бірақ ауыр науқас оның өз өмірбаянын кең толғап, кемел жазуына мұрсат бермеді. Бірақ оның өмір жолын көркем баяндауға кірісетін бір әдебиетші табылса, үлкен суреткерге лайық тақырыпқа тап болады деп ойлаймын.

Сол кездесуде ол маған өзінің ғылыми мұрасының он екі томдығын шығарғысы келетін ойын айтқан еді. Со жолы ол өзінің иә Шоқан Уәлихановтың, иә Мұқтар Әуезовтің қасында жатқысы келетін тілегін де білдірген болатын.

Әлкей-аға артына қыруар ғылыми еңбек қалдырды, оның ішінде, әсіресе Қазақстан материалдық мәдениетінің тарихын білуде мән-маңызы орасан зор оннан аса монографияның авторы. Оның ғылыми мұрасының ішінен өте маңызды іс ретінде, Шоқан Уәлихановтың көлемді бес томдық шығармалар жинағын әзірлеп бастырған еңбегін айрықша атап өту керек. Бірнеше қалада орналасқан әр алуан мекемелердің архивтерінде шашырап жатқан барша материалды іздеп тауып, жинауға, оларды бір жүйеге түсіріп, ғылыми қорыту, түсінік беруге, редакциялап баспаға әзірлеуге Әлекеңнің әлшеусіз көп еңбек еткені даусыз. Оған ғалымның он жыл уақыты кеткенін жақсы білемін. Соның арқасында ұлы Шоқанның шығармашылық мұрасы алғаш рет халық игілігіне айналды және ол тарихшылар мен ғылыми жұртшылық арасында жоғары бағаға ие болды.

Сол сияқты оның тарих пен филологияның, әсіресе материалдық мәдениет тарихының көптеген мәселелері жөнінен жинаған материалдарды да ұшан-теңіз. Оларды өңдеп, жүйелеп қорытуға Әлекең үлгіре алмады, әрине осы бір игілікті істі тезірек қолға алған дұрыс болар еді.

1992 жылы Қазақстан Ғылым Академиясының құрамында Археология институты ашылды, оған Әлкей-ағаның есімі әділетті түрде беріліп, ғалымның аты мәңгі есте қалдырылды.

Әлкей Марғұланның аса бағалы архивтік бастаухаттану жөніндегі материалдары мен ғылыми еңбектерің сол сияқты жеке мүліктерін үйде ғалымның әке ісіне берілген ақылды қызы Дәнелі қастерлеп сақтауда. Ол әке мазарының басына оның атына лайық тамаша ескерткіш-құлпытас орнатты. Бұл жөнінде ол ата-анасы соңғы сапарға аттанған балалардың қандай болуы керектігі жөнінде жақсы үлгі көрсетті.

Ол сексен бесінші жылы қаңтардың бас кезінде қайтыс болды. Оның қызының телефонмен айтқан хабары мені есімнен айырды. Сол арада өзіме өзім келе алмай, сілейіп ұзақ отырып қалыппын. Жалғаннан тағы бір алып адам кетті. Біздің кімнен айрылғанымызды жұрт қашан түсінер екен? Мен оның тілегін жерлеуді ұйымдастыру жөніндегі үкімет комиссиясына жеткіздім. Бірақ марқұмның соңғы ерік-тілегін орындату қолымнан келмеді.

**1994 ж.**



## АРХЕОЛОГИЯ АТАСЫ

Академик Әлкей Марғұланның ғылымға сіңірген еңбегі қызық кітаптың айқарма беті сияқты. Осы кітап уақыт озған сайын құны еселей артып, толғанта иландыра бермек. Оның сыры, меніңше, Әлекеңнің алуан ғылым саласын тоғыстыра тереңнен ой толғай алатынында.

Әлкей Хақанұлына етене жақын ғылым саласының бірі – халқымыздың көне мәдениетінің тарихы, археология.

Археологияға қазақтың көне дәуір мен орта ғасырдағы жазба ескерткіштерін жетік білген ғалымға бір нәрсе айдай анық болған: ол – тасқа түскен тарихы әлі белгісіз, өткені жөніндегі там-тұм мәдениет шашырап жүрген тұтас этникалық қауымның шежіре-тарихын археологиялық қазба жұмыстары арқылы ғана бір арнада тоғыстыру мүмкін. Бүгінгі таңда өнеркәсіп потенциалының өсуі геология ғылымына қандай қатысты болса, Қазақстанның бірегей тарихын жасаудағы археологияның маңызы да шамамен осыған саяды.

Бір кезде мұндай ой түйіні Шоқан мен Қаныш Сәтпаевты археологиямен шұқшия айналасуға әкелгенін білеміз, Зерделі Марғұллан мұны уақыт саралатып болса да, өзінің ғалымдық, адамгершілік қайрат-жігерлігімен көміл ұққан. Тегінде Әлкей Хақанұлын жоғарыдағы қос заңғардың тұлғалы ізбасары атап жүргеніміз де, түптеп келгенде, ғалымның осындай көрегендігі мен қарымдылығында жатса керек. Ол 1926-1927 жылдары Ленинградта оқып жүріп, академик А.Е. Ферсман мен профессор С.И. Руденко бастаған СССР Ғылым академиясының Қазақстан мен Алтайдың өндіргіш күштерін, халқын зерттеуге арналған экспедициясына қатынасты, адайлар мен наймандардың әдет-ғұрпын, тұрмысы мен өнерін зерттеді.

Қырық жылға таяу уақыт ғалым Орталық Қазақстанды зерттеп келеді. Әлкей Хақанұлы басқарған экспедициялардың

территориялық қамтуы батысында – Ембі-Сағыз әйеті, шығысында – Ертіс, Қалба, шаарынмен өлшенеді. Сондай-ақ және мәдени мұралардың зерттелу аясы да ауқымды. Экспедиция тауып, зерттеген архитектуралық, археологиялық қолға жетпес мұралардың қалаларында неолит және энеолит дәуірінің қалдықтары, андронов, Беғазы-Дандыбай мәдениетіне жататын мекендер мен қабірлер бар. Тас таңбалар мен сынтас, балбап тастар, орта ғасырлық керуен жолдар мен және су жүйелері, XIII-XIV ғасырдың мавзолей ескерткіштері, одан берідегі қазақ күмбездері – ғалым бастаған топ зерттеген ұлан-ғайыр мұраның толық емес тізімі осындай.

Әдеби, жазба мұрамызда Дешті-Қыпшақтың жауынгер тайпалары дүбірлеткен Қарасудың солтүстік сәлеміндегі қалалардан Құмкент пен Саудакент аты ғана кездесетін. Ә. Марғұлан еңбегі арқасында осы өңірдегі Тарсатөбе, Баба-ата. Ақсүмбе қала орындары да егжей-тегжейлі зерттеле келіп, ізденіс ауқымы қаратаудың осы сілемі тізбегінде молынан ұшырасатын екі қорған, көне су жүйелерін қуалай отырып, Сарысу, Кеңгір өзендері бойына, Ұлытау алқымына, одан Нұра өзенінің төменгі сағасына ойысты. Осымен тұстас Шу өзені бойынан табылған Төртқұл, Үлкен Ақтөбе, Аяқ Ақтөбе, Бала Ақтөбе қосөрім зерттеліп, ғалым қолына түйінді бір пікірдің тізгінін ұстатты. Ол тұжырым қазақтың отырықшы өмірі оңтүстікте, Талас, Шу бойында ғана өркендеді деген ескі тұжырымды түбірімен өзгертіп, отырықшы мен көшпеліліктің табиғи тамырластығын дәлелдеді.

Ә. Марғұланның алпысыншы жылдары қола, темір дәуірі ескерткішіне қазба жұмыстарын жүргізіп, телегей-теңіз жаңалықтар ашып, тұтас концепциялар енгізуі – ғалымның тарих үшін істеген ерен істерінің санатынан бекем орын алады. Бұдан 3000-3500 жыл бұрын Орталық Қазақстанда түсті металдың бай қорын пайдалану нәтижесінде палеометалл мәдениетін шын мәнінде өркендеткен әргелі орталық болғандығын дәлелдеу алпысыншы жылдардың іргелі ғылыми жаңалықтарының біріне айналды.

Ғалым бүгінгі Жезқазған, Успен, Саяқ, Атасу, Степняк кен орындарының заманның бозқырау шағында-ақ ата-бабамызға

металлургия ошағы ретінде қызмет жасағанын байламды түйіндермен ашып көрсетті.

Бұл жаңалық еңбегі үшін Әлекең бастаған бір топ ғалымға 1967 жылы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Әлекең халық үшін, ғылым үшін археология саласында ғаламат еңбекқорлықпен, ғибрат боларлық талғампаздықпен жасаған еңбекті қысқаша шолып өткеннің өзінде, сексенге келіп өнеге таратып отырған парасатты ғалым, үлкен адамның бейнесін қапысыз танимыз.

**1984 ж.**





**М. МЕНДІҚҰЛОВ,**  
*СССР Құрылыс және архитектура академиясының  
корреспондент-мүшесі, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген  
архитекторы, профессор.*

## **КӨНЕ ДӘУІРДІҢ КӨРІПКЕЛІ**

Әлкей Хақанұлы Марғұланның көп қырлы еңбек жолының ішінде Қазақстан архитектурасы тарихын зерттеу еңбектері өз алдына бір төбе. Бұл жолда Әлекең Шығыс зерттеушілері В.В. Бартольд, А.Ю. Якубовский, М.Е. Массон сияқты айтулы ғалымдардың жолын ұстана жүріп, қазақ халқының тарихы, мәдениеті мен өнері жайында арналы ой өрбіте білді. Әсіресе, Қазақстанның ежелгі тарихы және ортағасырлық архитектуралық өнері туралы тың да тегеурінді ой орнықтырды. Бұған Әлекеңнің 1950 жылы жарық көрген “Ежелгі Қазақстандағы қалалар тарихы мен құрылыс искусствосы” атты кітабы толық айғақ бола алады.

Әлкей Хақанұлы өзінің ауқымы кең зерттеу материалына А.Н. Бернштам мен С.П. Толстовтың археологиялық қызба жұмыстары мен өзі тікелей жүргізген археологиялық зерттеулері нәтижесінде Қазақстандағы ежелгі қалалар мен елді мекендердің пайда болуына шаруашылықтың екі түрі негіз болды деген ой түйеді. Олар – көшпелі мал шаруашылығы және суармалы егіншілік.

Орталық Қазақстан аймағында Әлекеңнің басшылығымен жасалған экспедициялар тарихта бұрын ақтаңдық болып келген көне дәуірдің сырын ашты.

Әлкей Хақанұлының құрылыс архитектурасын жан-жақты зерттеуіне жүгінсек, ежелгі құрылыстардың дені, әсіресе белгілі бейіттер тас, ағаш ұстындармен тұрғызылып, бағандармен жабылғанын көреміз. Бұған Ақсу-Аюлы мен Дандыбай бейіті толық дәлел. Әрине мұндай өзіндік құрылыс архитектурасы сол жердің, сол аймақтың өзіне ғана тән, өзімен ғана шектеліп қалмаған. Өйткені бұл құрылыстар жобасы біздің заманымызға дейінгі XI-ҮІІІ қола, VII-VI темір ғасырларына – төменгі Сыр бойындағы құрылыстарға жетелейді.

Сондай-ақ Әлекең соңғы он жылдан астам уақыт ішінде Қазақ Совет Энциклопедиясы бетінде Қазақстан архитектурасының ежелгі тарихи астарын ашып беретін қыруар еңбек сіңірді. Мұндай терең зерттелген материалдар ғылым үшін бағыт-бағдар, келешек ұрпақ үшін үлкен мұра болып қала бермек.

**1984 ж.**



**Қ. ТЕЛЖАНОВ,**  
*СССР халық суретшісі, СССР Көркемсурет  
академиясының корреспондент-мүшесі,  
Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының  
Лауреаты, профессор.*

## **ДАЛА ДАНЫШПАНЫ**

Әлкей Хақанұлы Марғұлан өзінің бүгінгі қуанышы мол еңбек жолын мұнан 58 жыл бұрын, 1926 жылы, 22 жасында тұңғыш ғылыми экспедициясымен бастап еді.

Оның 1925-1931 жылдары Ленинград Шығыстану институтында, Ленинград Мемлекеттік университетінің шығыстану бөлімінде, искусство тарихы институтында лекция тыңдауы келешек энциклопедист ғалымның тұнық бұлағының көзін ашты, болашағына бағыт сілтеп, жан-жақты білім саласымен қарулануының көзі болды. Сондықтан да болар, бүгінгі өскелең Қазақстандағы ғылым саласын Марғұланның есімінсіз елестету қиын.

Әлекең археолог, этнограф, тарихшы, әдебиетші, сонымен қатар өнер зерттеушісі десек, соның ішінде Қазақстандағы бейнелеу өнері, Қазақстан архитектурасы Әлекең есімімен тығыз байланысты.

Бұл ретте Әлекеңнің “Орта ғасырдағы Қазақстан қалаларының мәдениеті” атты монографиясы еріксіз еске оралады. Бұл еңбегінде ғалым тарихи оқиғаларды терең зерттеп, сарапқа сала отырып, жаугершілік кезінде құрып кеткен ортағасырлық Отырар, Сауран және Сығанақ қалаларының мәдениеті мен өнерін ортаға салады.

Бүкіл жұртшылық Ә.Х. Марғұланның “Орталық Қазақстанның Беғазы-Дандыбай мәдениетін” оқу арқылы біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырдың аяғы I ғасырдың басындағы ата-бабаларымыздың мәдениетімен, өнерімен, некрополімен, мавзолей құрылыстарымен таныса алды. Әлекең бұл кезеңді үлкен білімдарлықпен зерттеп, әсіресе ескінің көзі – ескерткіштерге, суландыру мен сол кездегі жалпы шаруашылыққа, құрылыс

өнеріне жіті көңіл бөлді, әсіресе Орта Азия мен Қазақстанның сол кездегі қарым-қатынасын ашып берді.

Әлекең қай ғылым саласынан да құралақан емес деп жоғарыда айттық. Соның ішінде искусство саласы да ол кісінің назарынан тыс қалған жоқ. Оның қаламынан туған “Ежелгі сақ, ғұн, үйсін өнері”, “Ежелгі түркі искусствосы” атты еңбектері соның айғағы. Ал тастағы таңбаларды, қазақтың киіз үй құрылысын зерттеуі – оның білгірлігінің жарқын бір айғағы, әрбір тұжырымы – келешек ғалымдардың зерттеу еңбектеріне жетекші құрал іспеттес.

Әлекеңнің жан-жақты баға жетпес қыруар еңбектерін еске алсам, көз алдыма балбал тасты ұшы-қиыры жоқ қазақтың байтақ даласы, өзіндік архитектуралық құрылысқа бай қалалары, Әлекеңнің еңбегі арқасында шешуін тауып, бүгінде көкіректе сайрап тұрған қыруар жұмбақ сырлары елестейді.

1984 ж.



## **ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ**

Дарынды Совет ғалымы Әлкей Хақанұлы Марғұланның ұстаздық қыры кім-кімді де мол ғибратымен, көшпелі парасат-пайымымен тәнті етеді. Бүгінгі сан тарау болып өріс алған тарих, этнография, археология, фольклористика, архитектура мен қол өнер тарихы сияқты ғылым салаларында Әлекеңнің де өзіндік ізі сайрап жатыр. Әсіресе, сол салаларда танымал болған ондаған, тіптен жүздеген ғалымдар Әлекеңнің алдын көріп, ұлағатты ойларынан сусындағаны анық.

Әлкей Хақанұлымен 1960 жылы бірінші рет кездестім. Ол кезде Амударияның төменгі алқаптарын мекендеген қазақтардың тарихын және этнографиясын зерттеу үстінде едім. Бұл тұрғыда көптеген қиыншылықтарға кездесіп, қиналып жүрген кезім болатын. Әлекең ұстаздық бейіл танытып, жылы қабылдады. Қыруар сұрақтарыма жауап беріп, оны толықтыра түсу үшін қосымша әдебиеттер көрсетті. Сонан кейін-ақ Әлекеңнен қол үзгім келмеді.

1967 жылы жоғарыдағы тақырыптан докторлық диссертация қорғағанда, Әлекең ресми оппонент болған еді.

1967 жылы Әлекең бір сөзінде: “Дүниені шарлап жүріп, осы кезге дейін Хорезм жерін көрмеппін”, - деген еді. Ал бұл арманы орындалып, ертедегі Хорезм мемлекетінің астаналары болған Топырақ қаланы, Киятты және Үргенішті, Хиуаны көріп тамашалаған, өзбек, қарақалпақ, түрікмен ғалымдарымен бұрын көрмеген көне қалалар туралы ол кісінің көп білетін ғұламалығына таң қалдым.

Әлекеңмен археологиялық жкспедицияларда бірге болып, түзде жүріп те жұмыс істедік. Әсіресе, 1973 жылы шілде айында Шымкенттен шығып, Қаратаудың батыс етегін жағалап, Созақ ауданындағы Шолаққорғанның үстімен Бетпақдаланы басып өтіп. Жезқазған қаласында болып, Ұлытауға барып археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізгенде Әлекеңнің бұл өлкенің ойы-

қырын, ескісі мен жаңасын, тіпті ауылдары мен адамдарын да жете біліп, жыға танитындығына қайран қалдым. Әсіресе Әлекеңнің Бетпақдала мен Сарыарқадағы көне естеліктердің сырын ашып, оларды ертект етіп, түнімен әңгімелегені еш есімнен кетпейді. Осы сапарымызда мен Бетпақдаладағы Таңбалытас, Сарыарқадағы көненің көздерін, Ұлытаудағы Жошыханның күмбезі, Ханордасы, Едіге тауы т.б. ескерткіштерін көріп, бұлар жөнінде Әлекеңнен көп мағлұмат алдым.

Осыдан он жыл бұрын университетінің тарих факультетінің археология және этнография кафедрасы Жамбыл облысының Шу ауданындағы "Калинин" колхозының жеріне орналасқан ортағасырлық Ақтөбе қаласының орнына жүргізілген алғашқы барлау экспедициясы да Әлекеңнің ақылымен істелген жұмыс еді. Ал қазір бұл жер университет студенттерінің практика өтетін тұрақты орнына айналды.

"Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар" десек, Әлекең бүгінгі таңдағы тарих, археология, этнография, фольклористика сияқты ғылым салаларының Советтік Қазақстандағы алғашқы қарлығаштарының бірі ғана емес, сол салада жемісті еңбек етіп жүрген талай ғалымдарымыздың ұлағатты ұстазы да.

1984 ж.



## **СЫРЫ МОЛ САРДАР**

Топонимика – жер-су аттарының шығуы, дамуы, лексика-семантикалық мағынасы, лексика-грамматикалық құрылысы, ана тілінде және басқа тілдерде дұрыс жазылуы т.б. проблемаларын зерттеуге арналған ғылым саласы. Ол соңғы 25-30 жыл ішінде география, тарих және тіл білімі ғылымдарының түйіспесінде дербес ғылым тармағы ретінде дамып келеді. Осы орайда туған жердің төріндегі шежіре атауларға ден қойып, ғылыми тұжырымдарға тұғыр етуде академик Әлкей Марғұланның тамаша дәлелдері назар аударарлық.

Орталық және Солтүстік Қазақстанның көне мәдениетін қажымай-талмай зерттеп келе жатқан Әлекең 1979 жылы “Орталық Қазақстанның Беғазы-Дандыбай мәдениеті” атты көлемді еңбек шығарды. Бұдан бұрынғы зерттеулерін қорытындылап жазған бұл еңбегінде автор сонау қола заманында осы өлкені көне тайпалар мекендегенін және орта қола дәуірінен Беғазы-Дандыбай және орта мәдениеті өрбіп шыққанын дәлелдеді. Екінші сөзбен айтқанда, Орталық Қазақстан бос жатқан дала емес, онда өз мәдениеті бар отырықшы тайпалар мекендегенін анықтады. Әлекең бұл пікірін дәлелдеуге археологиялық материалдармен қатар топонимикалық деректерді де орынды пайдаланды.

Ә. Марғұланның зерттеулеріне қарағанда жартылай көшпелі тайпалардың тұрмысында отырықшылықтан бұрын күйме арба үлкен роль атқарған. мұндай күйме арбаға бес, не одан көп өгіз жегілетін болған. Күйме арбаның үстіндегі үйдің қабырғалары ағаштан жасалып, оның сырты киізбен қапталған. Ал ауқатты адамдар киіздің сыртынан жібек жапқан. Төбесінде жарық түсетін және түтін шығатын шаңырағы болған. Мұндай күйме арбаның құрылысы кейінгі дәуірлерде тұрғын үй салуға үлгі болып еді. Көне тайпалар тұрмысындағы күйме арбалардың көрінісі мынадай жер-су аттарында сақталған: Қаңқа (Сырдария бойында,

көне арбаның аты), Тоғанастың тоқсан екі күймесі (Нұра өзені бойында), Орда-қонған (Ұлытауда) т.б. Сөйтіп, автор қазақ халқының ертедегі өміріндегі күйме арбаның атқарған қызметін, оның жер-су аттарында сақталуы арқылы дәлелдеді.

Ә. Марғұлан Орталық Қазақстанда орта ғасырлардағы тайпалар, әсіресе қыпшақтар отырықшы және жартылай отырықшы тұрмыста болғандығын дәлелдеу үшін мынадай топонимикалық деректерге сүйенді. Ұлытаудан басталып, Торғай даласында ағатын бір өзен аты Шығырлы деп аталады екен. Бұл атау егістікті суаратын “шығыр” сөзінен алынған. Мұндай шығырлар Торғай, Кеңгір, Сарысу және Нұра өзендерінің бойында көптеп кездескен. Сол сияқты Орталық Қазақстанда көң, жұрт, қорық, қыстақ, кент, орда деген географиялық терминдер осы күйінде де, жер-су аттарының құрамында да жиі кездеседі. Бұл сөздер – отырықшылықты сипаттайтын терминдер. Мәселен, Целиноград облысында Жақсы Көң, Жаман Көң деген өзен аттары бар. Көң сөзі жергілікті тұрғындарда “жұрт”, “қыстақ”, “орын” деген мағынада қолданылады. Мысалы, “Үлебайдың көңі” деген сөз тіркесі “Үлебайдың жұрты, орны” дегенді білдіреді. Ал жұрт сөзі бұрын ел, аймақ дегенді білдірсе, кейін “қоныс”, “қыстақ”, “орын” деген мағынада қолданылатын болды. Автор осы сияқты қорық, қыстақ, кент, орда терминдеріне талдау жасай келіп, бұл сөздердің отырықшылыққа байланысты екенін анықтады.

Туған дала төсіне тарихтың шежіресіндей үңіліп, тереңнен сыр тарта Әлекең Қазақстандағы география ғылымының дамуына да салмақты үлес қосқан ғалым. Әсіресе, қазақша карталардың жасалуына қосқан үлесі зор. Қадірменді ғалымның бұл да бір ұлағатты қыры болса керек.

1984 ж.





## **ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ ЗАҒҒАР ҒҰЛАМАСЫ**

Академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан (1904-1985) қазақ халқының бұрын-соңды өмірден өткен зағғар ғұламаларының бірегейі еді. Үстіміздегі ғасырдың басында Баянауыл өңірінде дүниеге келген. Ол алғашқы кезде Баянауылда, кейін Керекуде оқуда болып, мұғалімдік мамандық алды. Одан соң Семейдегі педтехникумды 1925 жылы тәмемдап, сол жылы Ленинградтағы Шығыстану институтының филология факультетіне оқуға түсті.

Институтта оқып жүріп, ол Ленинград университеті мен Өнер тарихы институтында да дәрістер тыңдады. Ә. Марғұланның ұстаздарының қатарында көптеген белгілі ғұламалар болды. Оның ішінде әсіресе академиктер: В. Бартольд, С. Ольденбург, Ю. Крачковский, М. Марр, А. Самойлович, В. Струве, В. Владимирцев сияқты ғұламалар болашақ ғалымның жан-жақты, түбегейлі терең білім алуына жол ашты. Институттан кейін Ленинградтағы Мемлекеттік материалдық мәдениет тарихы академиясының аспирантурасын бітірген Ә. Марғұлан өте қиын да қызықты “Хандар жарлығы” атты тақытыпта кандидаттық диссертация қорғады. Шын мәнінде, бұл зерттеу қыпшақтардың жазба ескерткіштерін зерттеудің алғашқы бастамасы болатын. Қыпшақ проблемасы тек қазақ халқының этникалық тарихымен ғана емес, сонымен бірге Орталық Азия, Оңтүстік-Шығыс Еуропаны мекендейтін көптеген түркі тілдес халықтардың тарихымен де тығыз байланыстылығы баршаға аян. Олай болса Ә. Марғұланның және оның шәкірттерінің қыпшақтар туралы зерттеулерінің Еуразияның басқа да көптеген халықтарының тарихына бірдей қатысы бар.

Ә. Марғұлан – қазақ халқының этникалық тарихын, материалдық және рухани мәдениетін ғылыми тұрғыда өте терең және кең ауқымда зерттеген үлкен ғұлама. Бұған оның Ленинградта оқыған кезінде түрлі ғылымдар саласын жете меңгеріп, лингвистика, филология, өнер, тарих, археология және

этнография пәндерінен ойына тоқыған қыруар білім, таңым қорларының молдығы көмектескендігі сөзсіз. Осы ойымызға бұлтартпас дәлел болғандай Ә. Марғұлан тұлғасына берілген асқақ бағаны біз академик А.Н. Кононовтың Әлкеңе жіберген құттықтауынан оқыдық: “Менің есіме Ленинградтың Шығыстану институтында бірге өткізген ең бір қымбатты күндеріміз түсіп отыр. Сіз сол кездердің өзінде-ақ байсалыдылықтың қол жетпес үлгісіндей болып көрінуші едіңіз. Шығыстың тылсым жұмбақтарына қызыға ден қойған біздер үшін Сіз сол шығыстың өзі сияқты, немесе біздің бақытымызға тап болған шығыс кеніші сияқты көрінуші едіңіз”, - деп толғайды әйгілі ғалым.

Қырқыншы жылдардың басынан бастап ғалым көне жазба ескерткіштерді және қазақ халқының рухани мәдениетін, фольклорын жан-жақты зерттеумен бірге қазақ жеріндегі археологиялық ескерткіштер комплексін іздестіру және зерттеу ісін алғашқылардың бірі болып қолға алды. Әлкей Хақанұлының тікелей басшылығымен Қазақстанның түкпір-түкпіріне бірнеше археологиялық және этнографиялық экспедициялар ұйымдастырылып, республика жерінде көне мәдениет іздерінің бар екені анықталды. Бұрынғы көп зерттеушілер мен саяхатшылардың Қазақстан жерін ежелден бері көшпенділердің көп жолдары ғана айғыздайтын құлазыған құба жон дейтін ой-пікірлердің біржақты екендігі дәлелденді. Қазақстан жерінде дамыған көне мәдениеттің әр түрлі жағдайларға байланысты жойылып, орнын құм басқандығы ғылыми тұрғыдан анықталды. Оңтүстік Қазақстандағы Сыр, Талас және Шу өзендерінің бойынан көне қала мәдениетінің іздері ашылды, Отырар, Тараз, Сайрам және Сығанақ қалаларында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізумен бірге саналуан аңыз-әңгімелер, ертегілер мен эпикалық жырлар нұсқаларын жинап, қазақтың материалдық және рухани мәдениетін зерттеумен де жіті шұғылданды.

Қазақ халқының мәдениет тарихы жайында жүргізген сан қилы зерттеулерінің нәтижесінде ол 1946 жылы қазақ халқының этникалық жырлары жөнінде докторлық диссертациясын қорғады, бірнеше ғылыми еңбектер жазды. 1946 жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы Қазақ КСР Ғылым

академиясына айналды да, республиканың көрнекті ғалымы Ә. Марғұлан оның корреспондент-мүшесі, ал 1958 жылы толық мүшесі болып сайланды. 1960 жылы оған профессор атағы берілді.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдардағы ғалымның ғылыми-зерттеулері бұған дейін беймәлім болып келген көне мәдени ескерткіштермен тікелей байланысты болды. Отыз жылдан астам уақыт бойы Ә. Марғұланның басшылығымен Орталық Қазақстанда жүйелі түрде археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, қола дәуірінің және алғашқы көшпелі тайпалардың мәдениеті жан-жақты зерттелді. Бұл күндері Ә, Марғұланның ғылыми еңбектерінің арқасында сақтар мәдениеті, андрон мәдениетінің заңды жалғасы екендігі толық дәлелденді, бұл екі мәдениеттің арқасында Беғазы-Дәндыбай мәдениеттерінің дәнекерлік рөл атқарғандығы ғылыми тұрғыда анықталып отыр. Ал Беғазы-Дәндыбай мәдениетін ашқан Әлкей Хақанұлы еді. Осы еңбегі үшін және қазақ тарихының бес томдығының жетекші авторларының бірі ретінде Әлкей Хақанұлы Марғұланға 1982 жылы Республиканың Мемлекеттік сыйлығы берілді.

1957-1972 жылдарда Ә. Марғұланның басшылығымен Ш. Уәлихановтың бес томдық академиялық жинағы жарық көрді. Бұл жұмыс ғалымнан қыруар еңбекті, таным-талғамды, ғылымның сан-саласынан шынайы білгірлікті талап етті. Ә. Марғұлан және оның шәкірттерінің ізденуі нәтижесінде Ш. Уәлихановтың бұрын беймәлім жаңа еңбектері, қолжазбалары, хаттары және басқа да саналуан құжаттар табылды. Шоқан мұрасын зерттеудің заңды жалғасы ретінде Ә. Марғұлан “Шоқан және Манас” атты монографияны жазуға да көп еңбек сіңірді. Бұл жұмыста ғалым қырғыз эпосы “Манастың” әр түрлі варианттарын салыстыра отырып талдау жасады. Ш. Уәлихановтың “Манасты” зерттеуге қосқан үлесін анықтай түсті.

Ә. Марғұлан өзге авторлармен бірлесе отырып Қазақстанның орта-ғасырлық архитектурасының тарихы туралы іргелі ғылыми монография басып шығарды. “Өнер” баспасында қазақтың қолөнері жайында үш томдық үлкен монографиялық еңбегі Әлекең дүние салғаннан жарық көрді. Онда көп жылдар бойы

экспедиция кезінде ел арасынан, музейлер қорынан, архив қоймаларынан және мәдениет тарихынан алып жазған шығармалары топтастырылған.

Ә. Марғұлан үлкен ғылыми-педагогикалық еңбекті түрлі ұйымдастыру ісімен де шебер ұштастыра білді. Ол көп жылдар бойы Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының Этнография бөлімін басқарды. Сонымен бірге Қазақ ССР тарихының барлық басылымдарында алқа мүшесі болды. Ол бірнеше халықаралық, бүкілодақтық конгрестер мен симпозиумдарға қатысып, баяндамалар жасады. Оның көптеген ғылыми еңбектері Одаққа және шетелдерге белгілі. Көп жылдар бойы түрлі ғылыми мекемелерде еңбек ете жүріп, Ә. Марғұлан үш жүзден астам ғылыми-зерттеу жұмыстарын, саналуан ғылыми мақалалар жазды. Оның ғылымға сіңірген еңбегін өкіметміз жоғары бағалады. Ә. Марғұлан Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен және бірнеше медальдармен наградталды. Оған Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері атағы берілді.

Ғылымның сан саласын жете меңгерген парасатты ғұлама, Қазақстанда археология және этнография ғылымдарының негізін салушы, зерделі зерттеуші, ғылымның көрнекті ұйымдастырушысы, ұлағатты ұстаз Әлкей Марғұланның о дүниелік болғанына да біраз уақыт өтті. Бірақ ғылымда Ә. Марғұлан қалыптастырған ұлы дәстүр сақтала бермек, жалғаса бермек.

1996 ж.



## ЗОР ҒҰЛАМА

Әлкей Хақанұлы Марғұлан бүкіл Қазақстанға, ұлан-ғайыр Совет Одағына, шет жұрттарға аты әйгілі зор ғалым. Ол мейлінше кішіпейіл. Қашан көрсең де сыпайы, амандық-саулық, жай-жағдай білу жөнінде сөйлескенде сені көптен бері көрмегендей, көрсем деп ынтыққандай, жолыққынына қуанғандай ажар білдіреді. Жаспен де, кәрімен де дәйім түсініп, шүйіркелесіп әңгімелеседі.

Ал өзінің өмірбаяны, ісі, ғылыми ісі, ғылыми ізденістері, археологиялық қазбалары, әдебиет және өнер жөніндегі толғаныстары туралы сөз қозғағанда Әлкей Хақанұлымен сөйлесу оңайға түспейді. Ол табиғаттан музыкаға құмар жан, бірақ ғылым асқарларында жүргендіктен музыкаға еш уақытта түгелдей берілген де, еліккен де емес.

Әлекең жаратылыстан ақын, әдебиетші. Әдебиеттің сала-саласында қалам жұмсаған, ауыз толтырып айтарлық дүниелері бар. Бірақ ол ынтасын, рухани күшін, түгелдей дарынын халқымыздың, халықтардың тарихын, өмірін зерттеп, жүйелеп, бүгінгі мен болашаққа қажетті тұжырымдар жасауға бағыштаған.

Әрине, бұл сияқты ғылымға, халық мүддесіне басты түгелдей байлап шығуы бір күнде емес, ол Әлекеңнің балалық шағын, әрнеге әуесі мол бозбала кезін, жігіт боп сақадай сайланған тұстарын шумақтап түйген қазынасы...

Әлкей Хақанұлы көп оқып, өзінің жаңа міндетіне үлкен дайындықпен келді. Ол 1913–1919 жылдары ауыл мектебін бітіреді, Баянауылдағы орыс мектебін тәмәмдайды. Бұл мектеп білімді, талантты жастарға қанат бітіруге ынтыққан мұғалімдері бар оқу орыны еді. Олар ғылым киелі, мейлінше асқақ, адамды аспан асқарына көтеретін құдіретті күш деген ұғымды жасөспірімдердің көкірегіне мықтап дарытады. Соған бойлары желденіп алған Әлкей көңілдес жасөспірім екеуі қосылып, білім биігіне жету мақсатымен Семейге қашады. Хақан жұмсаған жүйрік атты жігіттер бірнеше көш алысқа ұзаған екі баланы ұстап алып келеді. Баянауылдан кейін Әлкей Павлодардағы мұғалімдер

курсын тәмәмдайды. Ол білімді де місе тұтпай. Семейдегі педтехникумды оқып бітіреді. Сонда жүріп Ленинградта оқитын Мұхтар Омарханұлы Әуезовпен танысады. Көңілдері тез жарасып, дос болған екі жас біріне-бірі білімдігін көрсетіп бағады. Әлкей Мұхтарға Абай өлеңдерін түн аса отырып жатқа айтып береді.

Бұған ғажаптанған Мұхтар Омарханұлы: «Семей сен үшін тым қораш, жоғары жерде оқуың керек!» - деп, Әлкейді Ленинградқа алып кетеді. Білімге ынтыққан жас екі институтта қатарымен оқиды: біріншісі – Шығыс бөлімдері институты, екіншісі - Өнер институты. Лекция оқитындар: академиктер Самойлович, Бартольд, профессорлар Силовский, Оксман, Томашевский, Эйхенбаун.

1929 жылы екі институтты да бітірген Әлкей академик Бартольдқа Ш. Құдайбердиннің «Шежіресін» орысшаға аударып береді. «Шежіренің» мазмұнына да, аударылуына да өте разы болған Бартольд Әлкейді мәдени, тарихи деректерді зерттейтін академияның аспирантурасына орналастырады. Аспирантурада оқудың барысында Әлкей Хақанұлы Бартольд бастаған комиссияға «Бірінші Петр патшаның 1718 жылы Тәуке ханға баратын елшілігі» деген тақырыпта аспиранттық емтихан тапсырады. Сол жылдары Әлкей Маңғыстауға, Шығыс Қазақстанға барған экспедициялардың құрамында болып, Қазақстанның тарихы және ескі әдет-ғұрыптары жөнінде деректер жинайды. Академияның кітапханасындағы, архивіндегі деректерге және өзі экспедицияда болғанда жинаған материалдарға негіздей отырып, Әлкей Хақанұлы «Қазақстан хандығының хандық ярлықтары» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. Ол жұмысы алғашқы нұсқасында-ақ академиктер Ольденбург пен Якубовскийге өте ұнайды.

- Ленинградта академик Ольденбургтің 70 жылдығы тойланды, - дейді Әлкей Хақанұлы. – Оннан астам француз ғалымдары келді. Мерекелік мәжілісте Луначарский Ольденбургтің еңбегі жайында француз тілінде бір сағаттай сөз сөйледі. Қатысқан жұрттың бәрі таңғалды, жастар жағымыз: «Шынайы ғалым осы ғой!» деп есіміз қалған жоқ.

Кандидаттық диссертацияны Әлекең 1941 жылы қорғайды. 1945 жылы «Қазақ эпикалық аңыздарының тарихи негіздері» деген тақырыпта Ленинградта докторлық диссертация қорғайды. 1936-1938 жылдары СССР Ғылым академиясының Москвадағы тарихи деректер зерттеу институтының ғылыми қызметкері болып істеген Әлекең 1938 жылдан бастап СССР Ғылым академиясының қазақ филиалында, Археология және этнография институтының аға ғылыми қызметкері, Этнография бөлімінің меңгерушісі. Бұл кезде ғылым докторы болған Әлекең 1946 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясы ашылғанда соның корреспондент-мүшесі болып сайланды. 1958 жылдан бері ол сол академияның академигі, 1960 жылдан бері профессор, 1961 жылы оған Қазақ ССР-інің ғылымға еңбек сіңірген қайраткері деген атақ берілді.

Жарты ғасырға жуық өмірін Қазақстанның тарихын, этнографиясын, археологиясын, архитектурасын, өнерін, ауыз әдебиетін, халықтың тұрмыс-салтпен байланысты өнерін, өрнектерін, қол өнер шеберлерінің еңбектерін зерттеуге жұмсаған Әлекеңнің ғылыми табыстары, ізденістері, жариялаған шығармалары өте көп, сала-сала, мол, ауқымды. Алдымен ол республикамыздағы жас талап ғалым археологтарды да, этнографтарды да, өнер танушыларды да топ-тобымен дайындаушы. Одан тәлім алып өскен, жұртшылыққа танылған Қ. Ақышев секілді үлкен ғалымдар бар.

Әлекең тасқа құмар. Ол Орталық Қазақстанның, Ұлытаудың, Жезқазғанның талай тасымен сыр шерткен. Ол тастарда Қазақстанды жайлаған көне халықтардың тарихы, тіршілігі, мәдениеті түгелмен жазылған секілді. Адамның саналануы, мәдениеттенуі саты-саты екен, дала тұрғындары әуелінде тастардан өздеріне құралдар жасаған, келе-келе одан металдар алатын болған. Соның арқасында жорықтар, соғыстар, халықтар арасындағы қайшылықтар, түрлеше тағдырлар, қуаныш, қайғы, зар, солармен тетелесе туатын халық жырлары, ауыз әдебиеті, үлкен оқиғаларды өшпестей ғып тасқа шауып жасаған суреттер, бейнелер, мүсіндер, ескерткіштер қалдырылған. Әлкей Хақанұлының жинағында осындай бай да шексіз, қатпар-қатпар, қалың да мол сырларды зерттеген, пайымдаған, құпия сырларды

ашқан ғылыми толғаулар, еңбектер 200-ден астам. Ғалымның жеке өз екіншісіндегі кітаптары, еңбектері, мақалалары: «Шоқан және Манас», «Едіге, Орақ, Мамай», «Қазақы эпосты тудырған тарихи негіздер», «Историческая обусловленность казахского народного эпоса», «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» және басқалары. Басқа авторлармен қосылып шығарған, немесе өзі редактор болып құрастырған еңбектері тағы толып жатыр.

Қазір Әлекең үлкен екі еңбекті тамамдау үстінде. Біріншісі – түрік халықтарына ортақ «Кітаби дәде Қорқыт эпосы туралы» жазылып біткен 40 баспа табақ еңбекті тағы да қарап шығу, түзетулер еңгізу, редакциялау, мазмұн және стиль жағынан жетілдіру; екіншісі – 1945 жылы қорғаған докторлық диссертациясын жаңадан қарау, артық ағат айтылған жерлері болса алып тастау, олқы жерлерін толықтыру, одан бері өрлей дамыған зерттеу, ғылыми жұмыстардың жетістіктерін ескере отырып жетілдіру, редакциялау, барлық жағынан талапқа сай ету міндеттері.

- Бұларды биыл бітіріп беретін шығарсыз, - деп сұрадым. Әлекең едәуір кідіріп сөйлейді. «Бітірсем деген ниет бар, - деді ол. – Бірақ мұндай жұмыстарды істегенде асығыстық пайдалы болмайды. Біраз материалды жаңадан қарау, тексеріп шығу керек».

Ғалым шет ел оқымыстыларының сыйға жіберген кітаптарын көрсетті. Қалыңдығы бірнеше сантиметр, форматы мол жағалауы сұлу да тыңғылықты кітаптар. Көпшілігі түрік тілдес елдердің тарихын, археологиясын, этнографиясын, ауыз әдебиетін, өнерін, мәдени тарихының деректерін зерттеуге арналған.

- Осылардың бәрін оқу, ой елегінен өткеру, сөйтіп өз тұжырымыңды жаңалау міндеттері бар. Күнделік өмір өз талабын қойып отырады. Оларға көңіл бөлмей өту күнә болар еді. Жеті қырдан асып, жетпісті еңсеру деген де адамға біраз салмақ салады екен, - дейді Әлекең.

Әлкей Хақанұлы дүниежүлік ғылыми әлеммен тығыз байланысып, пікірлесіп, өз қорытқандарын сырт елдердегі өріптестеріне де мезгіл-мезгіл ұсынып отырады.



1960 жылы ол Шығысты зерттеушілердің Москвада өткен дүниежүзілік 25 конгресіне қатынасып: «Орталық Қазақстаннан қола дәуіріндегі ескерткіштерді жаңадан ашу» деген тақырыпта ғылыми баяндама жасады. 1967 жылы АҚШ-тың Чикаго қаласында болған Шығысты зерттеушілердің 27 конгресінде: «Қазақстанның ислам діні туғанға дейінгі архитектурасы» деген лекция оқыды.

Ол 1964 жылы археологтар мен этнографтардың Халықаралық VIII конгресінде «Қазақтың киіз үйі және оны әсемдеу» деген лекциясын оқыды және оны 17 беттік кітап етіп, бірнеше шет тілде таратты. 1968 жылы Әлекең Токио қаласында бас қосқан археологтар мен этнографтардың VIII конгресінде «Қазақтың халықтық өнері» деген лекция оқыды. 1970 жылы ол Туркияның Анкара қаласында түрік тіліндегі елдердің тарихын зерттейтіндер конгресінде «Қорқыт ата жайындағы қазақ аңыздары» деген тақырыпта лекция жасады.

Әлекеңнің еңбегі ұлан-ғайыр. Халқымыз, партиямыз бен үкіметіміз үлкен ғалымның жемісті еңбегін жоғары бағалады. Әлекең Ленин орденімен, Еңбек Қызыл Ту орденімен, үш медальмен, бес грамотамен наградталды. Қазақ ССР-інің ғылымға еңбек сіңірген қайраткері деген атаққа ие болды.

**1974 ж.**





Отбасы альбомынан



Студенттік кез



Әлкей Марғұлан



Әлкей аға мен Раушан апай



**Әлкей Марғұлан немересімен**



Ә. Марғұлан жұбайы Раушан мен қызы Дәнел



Ш. Шөкин, Раушан апай, Ә. Марғұлан



Шет ел сапарында



Сарыағаш курортында, 1971 ж.





Сарыағаш курортында



Ә. Марғұлан мен  
Ш. Шөкин Шымбұлақта



Академиктер Ә. Марғұлан мен Қ. Сәтбаев  
Кисловодск қаласы, 1958 ж.



Шет ел сапарында



**Ә. Марғұлан туыстары арасында**



**Ә. Марғұлан ауыл ақсақалдары ортасында**



**Академик Ә. Марғұлан мен жас ғалымдар С. Қасқабасов,  
және Ү. Субханбердина, 1982 ж.**



**Академик Ә. Марғұлан қызы Дәнелмен**



Ә. Марғұлан мен С. Мұқанов кездесуден кейін

## **ҒАЛЫМ ЖОЛЫ**

Белгілі қазақ совет ғалымы Әлкей Хақанұлы Марғұланның туғанына 1984 жылы 10 май күні 80 жыл толады.

Әлкей Марғұлан – 1933 жылдан Бүкілодақтық Географиялық қоғамның толық мүшесі, 1946 жылдан филология ғылымының докторы, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі 1958 жылдан Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, Қазақ ССР-нің ғылымға еңбек сіңірген қайраткері, профессор.

Әдетте ғылыми-зерттеу ісінде ғалымдардың көпшілігі, өздерінің табиғи бейімділігіне қарай, ғылымның бір ғана саласының маманы (яғни узкая специализация) болады. Ал, Әлкей Марғұлан оның бірнеше саласында зерттеу ісімен шұғылданып, нәтижелі, жемісті еңбек етіп келе жатқан сегіз қырлы ғылым қайраткері. Ол - әрі этнограф, әрі археолог, әрі тарихшы, әрі лингвист, әрі әдебиетші-филолог және фольклорист.

- Менің өз пікірім бойынша, - дейді Әлекең, - ғалым болу үшін бейімділік қажет. Сонан соң талап, тәрбие керек. Бұл ретте ұстаз әсері күшті дер едім. Әлі есімде, жас кезімде парходпен Семейге кетіп бара жатқанымызда бір бала: «Мен Пушкиндей, Абайдай ақын болам», - деп отырғанын естігем: «Сондай болсам» - деген жақсы. Есейген сайын бұл ой көкірегіңе сәуле құйып күшейе береді.

Ғалымның өзі айтып отырған ғылымға бейімділік оның тума табиғатында болған қасиет.

\*\*\*

Әлкей Хақанұлы Марғұлан 1904 жылы 10 май күні (ескіше 27 апрель) бұрынғы Семей губерниясы, Павлодар облысы, Баянауыл ауылында Жасыбай көлінің жағасында, Найзатас деген жерде дүниеге келіпті.

Әлкейдің үлкен әкесі Марғұлан талантты, өнерпаз адам болып, серілік құрып, өмірін той-думан, ойын-сауық, ән-күй, өлең-жырмен өткізіпті. Болашақ атақты ақын, әрі композитор Жаяу Мұса осы Марғұланның жолын қуып, одан үлгі-өнеге алып өсіпті.

Әлкейдің өз әкесі Хақан оқыған, көзі ашық, көңілі ояу, өз тұсында жақсы сауатты адам болған. Не түрлі аңыз-әңгіме, өлең-жыр, қисса, дастан кітаптары Хақан үйінде көп болыпты. Әкесі кішкентай Әлкейді бес жасында ауыл мектебіне оқуға береді. Алғыр ойлы, зерек, ұғымтал жас ескі оқуды, жазуды тез меңгеріп кетеді. Сауаты ашыла сала-ақ әкесінің кітаптарына жармасады. Ертегі, аңыз-әңгімелер, қисса-дастандар, халық жырлары талапты жасты қатты қазақтырады. Ол кітапты көп оқып, көп ләззат алады. кітап оның көңіл көзін ашып, не бір тәтті қиялға бөлейді.

1915 жылы Әлкей Баянауылдағы үш кластық орыс мектебіне оқуға түсіп, орыс тілін үйреніп, есеп, әдебиет, тарих, жағрафия пәндерінен хабардар болып шығады.

Орыс мектебінен оқып, тәлім-тәрбие алған Әлкейдің өнер-білімге деген құштарлығы онан сайын күшейіп, үлкен қалаларға барып оқып, білім алуды арман етеді.

Ол арманына Ұлы Октябрь революциясының жеңісінен кейін ғана қолы жетеді.

Қазақстандағы мұғалімдер даярлайтын ең тұңғыш оқу орындарының бірі 1922 жылы ашылған. Семей қазақ педтехникумы еді. Әлкей Хақанұлы Марғұлан 1922 жылы осы педтехникумға оқуға түседі.

Семей педтехникумы сол кезде Қазақстандағы ең үлгілі алдыңғы қатарлы оқу орны болған. Әлекең техникумда оқыған кезін, терең білімді, жоғары мәдениетті, бай тәжірибелі ұстаздарын ізгі көңілмен еске алып:

- Ұстаздарымыз жақсы болды. Жас кезімде, Семейде Әбікей Сәтбаев, Сергей Гаврилович Сироткин, Иван Флегонтьевич Виноходовтан сабақ тыңдадым. Виноходов географиядан сабақ беретін. Магеллан бұғазының қай жерде екенін, Марко Полоның жүрген жолын картадан көрсетуді сұрағанда: «Магелландай бол» деп тағлым айтып отыратын... - дейді.

Әбікей Сәтбаев Семей қазақ педтехникумының тұңғыш директоры, әрі орыс тілі оқытушысы, С.Г. Сироткин орыс әдебиетінен сабақ берген мұғалім еді. Қазақ педтехникумында қазақ әдебиетінен Мұхтар Әуезов сабақ берген. Техникумға 1923 жылы оқуға түскен Ғайса Сармурзин өзінің естелігінде: «Содан бір жылдан соң Мұхаң Ленинградтағы оқуынан қайтып, семейге келіп тұрды да, 1924-1925 жылдары бізге қазақ әдебиетінен: 1-2 курстарға әдебиет теориясынан, 3-4 курстарға әдебиет тарихынан сабақ берді.... Ол сабақ беруге әсте дайындықсыз, конспектісіз келмейтін... Ойы терең, сөзі шебер Мұхаңның сабағында 45 минут дегеніңіз лезде бітіп, қоңырау да тым ерте соғылғандай боп, бәріміз өкініп қалатынбыз және ол кісінің сабағына бәрінен бұрын, барлық күш-жігерімізді жұмсап даярланатын едік. Мұхаң баға қоюға келгенде қатал да сараң еді. 1 курста Шаймардан Тастамбеков, II курста Мұратбек Бөжеев, III курста Рахымжан Жаманқұлов, IV курста Әлкей Марғұлан сияқты бірен-саран студенттер ғана «жақсы» деген баға алатын. Ал «өте жақсы» деген баға ешкімге қойылмайтын». (Ғ. Сармурзин. «Өнеге» Мұхтар Әуезов туралы естелік. Алматы, 1975, 22-23 бет).

Семей қазақ педтехникумын 1925 жылы тұңғыш бітіріп шыққан он бір адамның бірі – болашақ үлкен ғалым Әлкей Марғұлан еді.

1925 жыл Әлкей Марғұланның өмір сапарындағы естен кетпес ерекше жыл болды. Сол жылы Семей педтехникумын бітірді, Мұхтар Әуезов Әлкейдің енді Ленинград қаласына барып оқуына ақыл-кеңес беріп және оған өзінің барынша көмектесетінін білдірді. 1925 жылы Әлкей Марғұлан Ленинградтағы Шығыстану институтына оқуға түсті. Сонымен қатар Ленинград мемлекеттік университетінің қоғамдық ғылымдар факультетінің шығыс бөлімінде және Өнер тарихы институтында лекция тыңдайды.

Ленинградта Әлкейдің тағлым алған ұстаздары бүкіл әлемге аттары әйгілі, даңқты ғалымдар, академиктер: Бартольд, Крачковский, Самойлович, Бертельс, тіл ғылымының мамандары, академиктер: Мещанинов, Маловтар еді.

Студент Марғұлан жазғы демалыс айларында, 1926 жылдан бастап, Қазақстан жерінде ғылыми-зерттеу жүргізетін экспедицияларға қатысатын болды. Академик Ферсман,



профессор Груденколар басқарған экспедициямен Маңғыстау, Үстірт, Адай елдерінде болып, шаруашылығын, тұрмыс-салтын, қол өнерін зерттеп, ауыз әдебиеті үлгілерін жинау ісіне ат салысты, үлкен ғалымдардан тәжірибе алып, ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу жолдарын үйренді. Одан соң да, келесі жылы Алтай экспедициясына қатысып, қазіргі Шығыс Қазақстан облысының талай жерін аралап, зерттеу жұмыстарына белсене араласты.

Ленинград институтын бітірген соң, аспирантураға түсіп, білімін тереңдетуді мақсат еткен Әлкей ол мақсатына да жетті.

1940 жылы көне қыпшақ тілінде жазба ескерткіштерді зерттеген еңбегі үшін ғылым кандидаты дәрежесін алды. 1946 жылы қазақ халқы эпостарын зерттеген еңбегімен филология ғылымының докторы дәрежесіне ие болды.

Әлкей марғұлан 1940 жылдан бастап, көбінесе қазақ халқының рухани мәдениетін, ауыз әдебиеті мен жазба мұраларын жинап, зерттеу ісіне зер салады. Сол жылдың аяғында Қазақстанның археологиясы мен этнографиясын, халқымыздың материалдық мәдени мұраларын зерттеумен шұғылданады.

1943 жылдары Оңтүстік Қазақстанға сапарға шығып, Қаратау, Қазықұрт, Арыс, Беген өлкесін, Шу, Талас, Сырдария жерлерін аралайды. Сол жерлердегі ерте заманда болған қалалардың орындарын зерттейді. Тараз, Сайрам, Сығанақ, Отырар сияқты қирап, жойылып кеткен қалалардың орындарын қазып, зерттеп, архитектуралық, археологиялық, қолөнер мұраларының көптеген үлгілерін табады. Осы зерттеу негізінде «Көне Қазақстанның қалалары мен құрылыс өнері тарихынан» деген еңбегін жазып жариялайды.

Үлкен ғалымның үш жүзден астам ғылыми зерттеу еңбегін тек қана шолып айтып шығудың өзі мүмкін емес.

1946 жылдан Қазақ ССР Ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институтының Археология секторының, 1955 жылдан Этнография бөлімінің меңгерушісі.

Орталық Қазақстан даласын археологиялық зерттеу ісіне 30 жылдан астам уақыт еңбек етіп, отыздан астам ғылыми мақала жариялайды және сол зерттеудің қорытындысы – «Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті» атты үлкен кітап жазды. Бұл еңбекті жазуға өзінің ғалым-шәкірттері: К. Ақышев, М. Қадырбаев.

А. Оразбаев қатынасты. Ғалымның бұл еңбегі жоғары бағаланып, оған және оның шәкірттеріне Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлық берілді.

Тарихшы ғалымның «Қазақ ССР тарихын» жазу жұмысына сіңірген еңбегі де зор. «Қазақ ССР тарихының» 1-томының «Қазақстан халықтары мен тайпаларының VI-XII ғасырлардағы мәдениеті» деп аталатын үлкен тарихын жазды. VI-XII ғасырлардағы халықтар мен тайпалар мәдениетіне сипаттама берді. «Материалдық мәдениеттің дамуы», «Тұрғын үй және үй жиһаздары», «Тоқымашылық кәсібі мен киім-кешек», «Транспорт» жайында жазады. «Қалалар мен қоныстардың өсуі тарихы», «Искусство мен архитектура» мәселесін баяндайды. «Рухани мәдениеттің дамуы» деген бөлімінде: «Тіл мен жазба», «Наным, дін» жайында айтылады. VI-XII ғасырлардағы әдебиет пен ғылым жайына ерекше тоқталады.

«Қазақ халқының XV-XVII ғасырлардағы мәдениеті» атты тарауды да Әлкей Марғұлан жазған. Бұл тарауда зерттеліп баяндалатын мәселелер:

1. Қазақтың материалдық мәдениетінің дамуы. Онда: қазақтың үйі, киімі, ішіп-жемі, - тамағы, үй кәсіптері, көркем қолөнеріне тоқталады.

2. Халықтың әдет-ғұрпы. Онда: қыз ұзату дәстүрі, халықтың мерекелері баяндалады.

3. Ескі нанымдар мен дін. Білім, Онда: жерлеу дәстүрі, космогониялық түсініктер және халық календары жайын баяндайды.

4. Искусство мен архитектура.

Ғалымның VI-XII ғасырлардағы Қазақстан халықтары мен тайпаларының мәдениеті және қазақ халқының XV-XVII ғасырлардағы мәдениеті туралы еңбегінің өзінен ғана тарихшы, өнертану, археолог, лингвист, өнертану ғалымдарының білімпазын көреміз.

Әдебиетші-ғалым Марғұланның абайтану ғылымына қосқан үлесі де аз емес.

Фольклорист-ғалым «Қазақ әдебиет тарихын» жазуға белсене қатынасып, «Өтірік өлеңдер», «Жұмбақтар» атты тарауларын зерттеп жазды. «Ежелгі дәуірдегі эпос тудырған орта».

«Қазақ эпос жырындағы әлеуметтік сарындар», «Қырғыздың «Манас» жыры», Қорқыт туралы зерттеулері, тағы басқа еңбектері ғалымның әдебиет тарихына қосқан үлкен үлесі.

- Шоқан Уәлихановтың еңбектері мен Ленинградта оқып жүрген кезімде танысқан едім. Сол кездің өзінде-ақ кітапханалардан, архивтерден оның көптеген шығармаларын көргенім бар. Ал кейін Шоқан жөнінде мәселе көтерілген кезде, әлгі студент кездегі оқып, көргендерімнің көп пайдасы тиді, - дейді Әлекең. Шоканның шығармалар жинағының үлкен бес том кітап болып жариялануына (1957-1967 жж.) Әлкей Марғұланның сіңірген ғылыми-тарихи еңбегі ерекше зор.

Абайтану ғылымының негізін салған Мұхтар Әуезов болса, шоқантанудың негізін салған - Әлкей Марғұлан деуіміз керек.

Атақты совет түркологы, СССР Ғылым академиясының академигі А.Н. Кононов Әлкей Марғұланды 80 жасқа толған мерекесімен құттықтай келіп: «...Менің есіме Ленинградтың шығыстану институтында бірге өткізген ең бір қымбат күндеріміз түсіп отыр... Сіз ол кездің өзінде-ақ байсалдылық пен байыптылықтың қол жетпес үлгісіндей болып көрінуші едіңіз... Иә, одан бері талай рет арна толып су ақты... Сіз шын мәнісінде ғылымның асқаралы шыңына көтеріле білдіңіз. Ұлы Отанымыздың шығыстану ғұламалары салған даңғыл жолдың үстінде Сіздің өшпес ізіңіз сайрап жатыр...» - депті. Белгілі түрколог, филология ғылымының докторы, профессор Н.А. Баскаков: «Ә.Х. Марғұлан – қазақ халқының маңдайына біткен ірі ғалымдардың бірегейі, Қазақстан тарихы мен мәдениетіне қатысты, құнын ешқашан жоймайтын айтулы еңбектердің авторы. Ол ашқан жаңалықтар мен пайымдаулар тек қана Қазақстан емес, адамзаттық тарих пен мәдениеттің дұрыс түсінілуіне шапағатын тигізіп жатады», - деп жазады.

Әлкей Хақанұлы Марғұланның еңбегі жоғары бағаланып, ол Ленин ордені, Еңбек Қызыл Ту ордені және медальдермен наградталды.

1984 ж.



*Шәмшиябану Сәтбаева,  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Ғылым Академиясының  
мүше-корреспонденті*

## **ЖАРҚЫН БЕЙНЕ**

Ғажап ойшыл, біртума ғұлама Әлкей Хақанұлы Марғұлан (1904-1985) ұланғайыр мұрасын, игілікті істерін, небір ғибраттарын жинап, тыянақты түсіндірмелерімен жабдықтап том-том етіп басып шығару, терең ғылыми тұрғыда жіті зерттеу, монографиялық еңбектер жазылу жүйелі түрде жүргізілсе ғана халық қазынасына айналатыны анық. Әлкей ағаның аяулы ғажап бейнесі қоғамның рухани қалпы биіктеуіне әр заманда дәнекерлеседі.

Ғұламаның қоғамдық ғылымдардың әр саласындағы бай мұрасын зерттеуге әр мамандықтар – тарих, археология, әлеуметтану, этнография, әдебиеттану, фольклористика, өлкетану - өкілдері қатынасуы заңды да қажет. Олардың ғылыми ізденістері сапалы, нәтижелі жемісті болуларына тілектестік білдіре отырып, Әлкей аға қазынасының көп қырының біріне ғана назарларыңызды сәл аудару керек сияқты. Ол – Әлкей Хақанұлы өз замандастарының – қадірлес, сыйлас, пікірлес, мақсаттас болған адамдарының – бір сыпырасы туралы естеліктер жазуы, жылы қарым-қатынас сәттерін, субхаттар мазмұнын, жекелеген көріністерді әңгімелеуі.

Әлкей аға жасында әңгіме жазғаны, аудармашылықпен де шұғылданғаны, мысалы Д.Н. Мамин-Сибиряқтың «Ақбозат» шығармасын қазақ тіліне аударғаны белгілі. Әлкей ағаның кейбір ғылыми еңбектерінің жасында дәл деректер де, жеке көріністер де, адам өмірінің, ойының сәттері же шебер әңгімеленді, естеліктер ғылыми еңбектерінің арасына да қиюласады.

Әлкей ағаның көп араласқан, қадірлескен, сыйласқан, қарым-қатынаста, туыстас болғаны – Сәтбай баба әулетінің адамдары – Имантай Сәтбаев, Ғазиз, Қаныш Әбікей, Әбдікәрім Сәтбаевтардың отбасы, оларға күйеу болған – Әбікен Бектұров,

Қайнекей Жармағанбетов, Оразай Батырбеков, Назыр Мұқанов тағы басқа да туыстар үй-жайы. Әлкей ағаның өзі Сәтбай ауылына туыс, Әбікей Зейінұлы Сәтбаевтың екінші қызы Раушанға үйленген болатын.

Әлкей ағаның Сәтбай ата ұрпақтары туралы жазып қалдырғаны – қымбат қазына. Ғалымның ауылы Баянауылдағы Сәтбай ауылдарынан алыс емес екен. Ол кісінің өзі жазғандай: «Мен Қанышты бала күнімнен білетінмін. Өйткені оның туып өскен ауылы біздің ауылдан онша қашық болмайтын, екеуі де Баян тауының төңірігін қоныстайтын көршілес ауылдар болатын. Жазды күні жайлауға шыққанда олар біріне-бірі тіпті жақын келіп отыратын. Өйткені Баянауыл дуанына қарайтын сегіз болыс елдің жаз жайлайтын өлкесі ұзыннан аққан Шідерті өзінің бойы. Ол 300 шақырымға созылып, жаз күні оның өн бойы қаз-қатар тізіліп отырған ондаған ауылдар болатын. Қаныш туған ауылдар Шідерті өзенінің бас жағын, Бала Шідерті, Батпақ көл, Сұңқария дейтін өрістерді жайлап, қысқа қарсы Ақкелін тауының бауырындағы Айырықты қыстайтын».

Әлкей аға не жазса да әуелі тереңнен, кеңінен, тарихтан, тегінен бастайтын әдеті бойынша көп жыл қызметтес, мақсаттас, пікірлес, құрметтес болған академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев туралы «Халықтың сүйген ұлы» мақаласын «Қаныш-аяулы ғалымдығымен бірге ол халықтың сүйген ұлы, бар өмірін, білімін ел игілігі үшін сарп еткен кісі. Сондықтан оның әдемі жарқын бейнесі біздің жас ұрпақтар үшін аса қадірлі, аа қымбат» дейді де туып-өскен жерін суреттейді, жасында рухани дамуына әсер еткен ортасын әңгімелейді. Әлкей ағаның жазуынша «Қаныштың өз әкесі Имантай – ақылды, момың, терең ойлайтын, әр нәрсені ақылмен, сабырмен шешетін кісі болатын. Көп жасаған өмірін ол кісі ескі заманның әділетсіз зұлымдық істеріне қарсы қойып, жәбірленген, жапа шеккен адамдарға көмек көрсетуді зор мақсат еткен. Имекеңнің бұл жақсы қасиеттерін ол кісімен істес болған кедейлер – Қозыбағар мен Қасен жақсы білетін. Олардың бүгінгі ұрпақтары совхоз жұмысшылары Заир мен Нұрлан да ол қасиетті әлі күнге ұмытпаған».

Енді бірде Әлкей аға былай деп жазды: «Тегінде, жас кісінің Имекең алдынан өтуі оңай болмайтын. Тезге түскендей, не профессорға емтихан бергендей сезім кешетін. Өйткені Имекең жастарға сын көзімен қарап, олардың болашағына зор ынтамен ден қоятын...» «... Имекең ғылымды, ой жұмысын жақсы көретін, оның сол қасиеті жас ұрпақтарға үлкен әсер етеді. Революциядан бұрынғы қыр қазақтары арасында Сәтбаевтардан көп оқыған ауыл болған емес. Олардың ішінде Қаныштың ағасы Әбікей Сәтбаев Омбының семинариясын бітіріп, сол кездің өзіндеорыс тілі мен әдебиетінің бірінші маманы болып шығады. Бүгінгі Шығыс, Қазақстан, Семей, Павлодар облыстарынан шыққан жастардың Әбікейден оқымағаны кемде-кем болуы керек. Қаныштың екінші ағасы Кәрім Сәтбаев та семинарияда оқыған, жүйрік, білгіш адамның бірі, ан-күйі өнерді, музыканы сүйген кісі болады. Қаныштың емшекте ағасы Ғазиз (Бөкеш) домбыра тартатын күйші, сүйіп оқитыны Абай, Пушкин, Лермонтов еді, «Евгений Онегин» романын жастарға әңгімелеп отырғанын көргенім бар. Қаныш та сондай кішіпейіл кісі еді. Әңгімелескенде: «Бекежанның (Бөкеш – Ғазиздің екінші аты, Бекежан дегені Бөкеш – Ш.С.) қасында мен түк емеспін. Оның жүйріктігі менен асқар таудай биік тұратын» - дейтін.

Имантай атаны, оның балаларын мысалы, Абай Құнанбаевтың баласы Тұрағұл (1875-1934) да білгенін, құрметтегенін Әлкей Хақанұлы Марғұлан былай деп жазған еді: «1925 жылы жаз күні Мұхтармен бірге Абай ауылында болғанда уақытымыз сол жердегі шешен кәриялардың сөзін тыңдаумен өтті... Бір күні әңгіме «талант» туралы болды. Мұхтар да қойдан қоңыр, кіші пейіл кісінің бірі еді, өзінің асқаралы талантын, білгіш-жүйріктігін жұртқа көрсеткісі келмейтін. Ойға батқан тұңғыық қара көзін қасында отырған Тұрашқа тастап:

- Сіз қырдағы жаңа дәуірлеп келе жатқан жастар арасында кімді озық талант деп түсінесіз? – деді.

Тұраш қасқау қарап:

- Бұл қыр аймағында озық талант Имантайдың екі баласы. Бүгін де олардан озық жас бар деп өзім түсінбеймін. Ол екеуінің алапаты бүтіндей басқа. Жаратылыс білімді де, ақыл мен ойды

да оларға ерекше берген. Олардай саңлақ кісі бүгінгі жастар арасында өте сирек кездеседі, - деді». Абайұлы Тұрағұлдың (Тұраш) «Имантайдың екі баласы» дегені Ғазиз бен Қаныш Сәтбаевтар.

Имантай Сәтбаевтың 1880 жылы жазып алған Бұхар жыраудың Абылай туралы өлеңінің бір нұсқасын С. Петербургтағы архивтен тауып, бастырған да Әлкей аға еді.

Папа «Әлкейдің басы толған тарих, жазып алындар» деп талай айтушы еді. Сол қымбат кісілер өмір бойы болатындай көріп, жас кезде талай ғажап шақтардың қадіріне бойламаппыз, енді өкінеміз, қатты сағынамыз. Талай туған күндер, календарлық мейрам кездерде бай дастархан жыйналып бас қосып, еркін демалыстар, көңілді кездесулер өткізілетін. «Үлкен ауыл амандығы», «үлкен отбасы берекесі» деген сөздер айтылып, әр қайсысының мықты деңсаулықта, баянды бахытта, жемісті еңбекте болуына тілектестер білдірілетін. Қаныш Имантайұлы домбыраға қосып, «Бүркітбай», «Әупілдек», «Қанапия» тағы басқа әндер айтатын. Әлкей аға домбырасыз «Екі жирен», «Жиырма бес» әндерін айтатын да жоғарғы нотаға дауыс жетіңкіремесе екі қолын сәл жоғары көтеріп, он саусағын әдемі қозғалтатын. Жиналған жұрт мез-мейрам болатын да, Әлкей аға әндердің әсерінде сәл сәт өткізіп, әндердің туу тарихын немесе кімдер нәшіне келтіре айтқанын естігенін әңгімелейтін.

Сондай ғажап отырыстарда олар Европа композиторларының, мысалы, Огинскийдің «Полонез», Бетховеннің «Ай сонатасы» (14 соната) «Элизе», «Сурок», Моцарттың «Түрік маршы», Григтің «Құстар шалқуы» т.б. шығармаларды пианинода тартқызып, ғажап бір үнсіздікпен, әр қайсы өз рухани дүниесіне бойлағандай тыңдайтын еді, үй-іші орындаушыларының әрқайсын маңдайынан сүйіп, арқасынан қағып, жылы лебіздер айтып толмас мейірімділіктер ақтарылмайтынды. Шіркін, сондай шақтар енді қайталанбайды, суретке түсірілмей, айтқан сөздер жазылып қалмапты.

Әлкей ағамен туыс болған себепті еркін, қымсынбай, іркілмей жылы сөйлесетінбіз.

Әлкей аға өмірінің бірнеше жылын ұлы ғалым Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов мұрасын тауып, жинап, жүйелеп, зерттеу ісін басқарып, үлкен-үлкен бес бөм етіп 1961-1972 жылдары Қазақ Ғылым Академиясының «Ғылым» баспасынан шығартқаны белгілі. Халық қуана қарсы алды. Әрбір томын қызыға оқимыз, білмейтін, толығырақ білгіміз келетін деректер, мәліметтер сұрап, Әлкей-ағаға жиі сұрақтар да беретінбіз. Қыруар материалды бір бас қалай сыйғызатынына таң қалып, өзімізше білгенімізді толықтырып мез-мейрам кездер де болушы еді.

Бірде Ш.Ш.Уәлиханов томдарының филологияға қатысты жақтарынан бірер мәлімет бойынша анықтамалар сұрап едім. Әлкей аға маған «Шакеш, сен Шоқанның мұрасының филология жағын арнайы зерттесейші, монография жазсайшы. Оның орыс әдебиеті, шетел әдебиетімен байланысын докторлық диссертацияда біраз зерттепсің ғой, соны кеңейтіп, арнайы екі кітап етіп шығарсаң, 1985 жылы болатын Шоқанның туғанына 150 жылдық тойына қымбат сыйлық болар еді» - деп кеңес берді. Ол 1979 жылдың соңы мен 1980 жылдың басы еді.

Әлкей аға менің докторлық диссертациямды да оқып, қорғағанда сөйлеген. Әлкей ағаның ақылымен Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың бай мұрасының әдебиетке, тілге қатысты қырларын арнайы зерттеуге кірістім. Бұл тақырыптар қатты қызықтырды, зерттеу процесінде өзім ағадан кеңес алып тұрдым.

Сонымен, «Ш.Ш. Уәлиханов – филолог» - атты монография машинкамен 500 бет, «Чокан Валиханов и русская литература» атты ғылыми еңбектерім 300 бет жазылып, 1993 жылы дайын болды. Әлкей аға оқып, аздаған ескертпелер айтты да жоғары бағалады. Ш.Ш. Уәлихановтың туғанына 1985 жылы 150 жыл толуына бұл еңбектер басылып шығар деген Әлкей ағаның ойы да, менің үмітім де себебі белгісіз, үнсіз кедергілерге ұшырады, бұл дайын еңбектер тиісті талқылаулардан өтіп, бірі – «Шоқан Уәлиханов – филолог» еңбегім «Ғылым» баспасына, екіншісі «Чокан Валиханов и русская литература» Қазақстанның «Жазушы» баспасына тапсырылғанмен арман қарай жылжымай қойды. Ш.Ш.Уәлихановтың 150 жылдық тойына бірнеше ай қалғанда 1985 жылдың 15 январында Әлкей аға дүниеден өтті.



Ол кісінің өлімі мен үшін Ғазиз Имантайұлы Сәтбаевтың 1937 жылы ұсталып жоқ болуынан, жалғыз туған ағам Малеш Қанышұлы Сәтбаев 14 жасында 1940 жылы дүниеден өтуінен, 1964 жылы әкем – Қаныш Имантайұлы мәңгілікке көз жұмғаннан кейінгі өте ауыр қаза, дүние қопарылғандай кездер болды. Әсіресе, шешем Шәрипа Смағұлқызы қатты қайғырды. Академиктер Әбікен Бектұров пен Әлкей Хақанұлы Марғұлан ол кісіні ерекше жақсы көруші еді, аса құрметтейтін, «жеңеше» дейтін, екеуі де Шәрипаны Сәтбай атаның ауылына, Имантай атаның келіні. Қаныш Имантайұлының зайыбы болып келген күннен білетін.

Сонымен, Әлкей ағаның кеңесімен жазылған екі зерттеуімнің жарық көруін ол кісі көре алмады. 1986 жылы жағдай өзгеруге байланысты жабық кедергілер сөйіле бастады, «Ғылым» мен «Жазушы» баспаларында жатып қалған қолжазба зерттеулерім 1987 жылы бірінен соң бірі екі кітап «Шоқан Уәлиханов - филолог», «Чокан Валиханов и русская литература» - жарық көрді. Соңғы аталған кітапты «Светлой памяти академика АН КазССР А.Х. Маргулана посвящаю» - деп арнадым. Осы екі кітап үшін маған Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының Ш.Ш.Уәлиханов атындағы бірінші сыйлық берілді.

Әлкей ағаның шуақты шапағатының тағы бір көрінісі еске түседі. Бірде итальян саяхатшысы Плано Карпини сонау XIII ғасырға қазақ жері арқылы да Монғолияға барғаны, «Монғолияға саясат» кітабында аз да болса қазақ жері, кейбір рулары туралы да деректерін Мәскеуде аспирантурада оқып жүргенде жазып алғанмын да, көбін қалдырып кеткенмін. Сондағы бір деректер енді керек болып қалып, Алматы кітапханаларынан сол кітапты іздеп таба алмай шаршағаным бар.

Дәуде болса сол кітап Әлкей ағаның кітапханасында бар шығар деп сол кісіге телефон соқтым. Әлкей аға бай кітапханасына кез келген адамды жібергісі келмейтін, «кейбіреулер кітапты алады да орнына қоймайды, іздегенде таба алмай өуре боласың немесе кір, май қолдарымен ұстап, кірлетеді» - дейтін де бізді сыйлағандықтан, әрі туыс болғандықтан рұқсат ететін, бірдене сұрасаң бірден толық әңгемелеп, қатысы бар кітапты

бірден тауып, бетіне дейін ашып, оқып беретін. «Бәрін қалай есіңізге сақтайсыз?» - деп тан қалатынбыз.

Жанағы кітапты сұрап едім, Әлкей аға «әрине, ол кітап менде бар, оның қай жері саған керек болып қалды?» - деді. Мен: «наймандардың монғолдармен қарсыласқан жері» - дедім. Ол кісі: «кітаптың ол жері расында қызық, мен сен келгенше тауып, қағазға беттерін белгілеп қояйын» - деді. Екеуміз Плато Карпини кітабының бірсыпыра жерін оқып, одан үйге алып пайдаланған едім.

Әлкей ағамен сөйлесу, әңгімелесу өте қызық та әрі үлкен сабақ болушы еді, бір деректің шетін шығарып қойсаңыз, не түсінбегенді сұрасаң болды, ол кісі жалықпай арман қарай жалғыстырып, толып жатқан басқа да байланысты мәліметтерді айтатынды.

Бірде қонақта Әлкей аға Едіге туралы әңгімелер айтып отырды. Арасында «Әлкей аға, осы бавар солдаты Иогани Шильдбергер «Саяхат» кітабында Едігемен бірге Сібірге аттанғандардың қатарында болғанын да жазады. Ол қалай Едігенің қасында, жасақта, қолында болған? Академик Алексеевтің жазуынша Шильдбергердің кітабы «Peise виск» - «Саяхат кітабы» 1500-нші жылға дейін төрт рет, XVI-XVIII - ғасырларда онбір рет басылыпты» - дедім.

Әлкей аға сәл ғана жымыйып қойып, сұраққа байланысты деректерді есіне түсіргенше сәл кідіріп, үндемей отырды да есіне түсіргеніне өзіне өзі риза болғандай қозғалып қойып, «ол бір қызық та асыл кездер ғой, Иоганн кейін жазып қалдырмағанда біраз деректер жоқ болып кететін еді. Еуропа адамдары деректер сақтауға мұқият қарайтыны бізге де пайдасын тигізді ғой» - деп бір қойды да, одан әрі әңгіме жалғастырды. «Иоганн Шильдбергер 16 жасынан бастап, 30 жыл бойы осы Азия елдерінде тұтқын ретінде өмірін өткізген ғой. Еуропа адамдары балалары 14-16 жасқа келгенде өз бетімен күн көрсін, өмірге үйренсін дейтін әдеті бойынша, шамасы, Иоганн да өз бетімен бір әскери дворянның үйіне қару, қоржын тасуға орналасыпты. Ол дворянин венгер королі Сигизмунд әскері қатарында түріктермен соғысқа қатынасады. 1396 жылы әлгі бала тұтқындармен бірге түрік

жағына қолға түседі, бірнеше рет қашып құтылулары нәтижесіз өтеді.

Амал жоқ, тұтқындар оның ішінде Иоганн түрік әскерлерімен бірге жүргенде, 1402 жылғы Ангар соғысында түріктерді Ақсақ Темір жаулап алғанда енді солармен бірге тұтқындалады.

Ақсақ Темір 1405 жылы өлген соң, оның баласы Шахрухтың ол кезде Шахрух Герат билеушісі қолында болады. Шахрух Иоганнды құл ретінде өзінің ағасы Мираншаққа сыйға тартады. Алтын Орда билеушісі болуға дәмелі адам қуғындалып, паналауда болатын. Енді паналаушыны Алтын Орданың өмірі, ақылшысы, қолбасшысы Едіге елге қайтсын деген соң Әбубекір оған 600 салтатты әскер қосып, қайтарады, солардың ішінде жаңағы айтқан Иоганн Шильдбергер тағы үш христианин тұтқындар да болады. Иоганн Едіге жасақтарының арасына келуі содан» - деп ұзақ әңгімені аяқталды.

«Иоганның еліне қайтқан соңғы өмірін білмеймін, оның жазған кітабын мен Ленинградта жүргенде оқығаным бар. Шакеш, - мені туысқандар осылай айтатын, - сен де сонда оқыған шығарсың» - деді.

Әлкей ағадай асқар адамдар қазіргі заманда сирек, көбейе түсетін кездер болса – ғанибет. Әлкей аға Хақанұлы Марғұланның туғанына 90 жыл толу мерекесі құтты болсын, елге бақыт-береке дарысын!

1994 ж.



## **ҒАСЫРЛАР СЫРЛАРЫ**

Ғылымның қамалы әрқашан берік, оны алғыр білімнің, қажырлы еңбектің адамы ғана жеңіп алады. Қазақстандағы қоғамдық ғылымның қамалын алысқан еңбек батыры Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Әлкей Хақанұлы Марғұланнның жасы алпысқа, ғылым жолындағы қызмет істегеніне 40 жыл толды.

Әлекеңнің ғылымдық, творчестволық өрістері алуан салады, қызықты да. Арқадағы сұлу жердің бірі Баянауылдың бөктерінде, Шідерті өзенінің бойында туып-өскен, сол сұлу мекендегі әншілердің өнерпаздық дәстүрінде алғаш эстетикалық талғамын оятқан Әлкей елде бастауыш көлемде білім алады да, 1925 жылы Семейдің педагогикалық техникумын бітіреді. Осы техникумда оқыған кезінен бастап оның әралуан өнер саласына ынтасы, қабілеті анық байқалады... Алғыр, зейінді Әлкей көп оқиды, көп тоқиды, көп ізденіп, көп толқиды да. Біресе өзінің уған жеріндегі талай көріп, сөздерінен терең сырлы әсер алған Сұлтанмахмұт, Мәшһүр-Жүсіп, Жаяу Мұса сияқты жүйрік ақын болғысы келіп бұрын-соңды классик жазушылардың шығармаларын қызыға оқып, лирикалық өлеңдер, очерк, мақалалар жазады. Ол жазғандарының кейбірі Семейде шығатын газеттерде басылады. Поэзиямен, ойын-сауық, музыка дүниесімен әуестену жастық дәуреннің жарқ етпе бір сәулесі ретінде жоғалып кетпей, кейін өзінің халық әдебиетін, сәулет өнерін тереңірек түсінуіне алғашқы басқыш сияқты болады.

1925-1938 жылдар арасында Ленинградтағы Шығыстану институтында оқыды, одан кейін СССР Ғылым Академиясының заттық мәдениет институтының аспиранты, қызметкері болуы Әлекеңнің ғылым майданына мықты да жігерлі шабытпен араласуына жол ашады.

Оның үстіне Әлкей Ленинград дәуірінде әлемге еңбегі мен даңқы әйгілі білімпаздардың шәкірті болып оқыды, тәрбиеленді.

Академиктер: В.В. Бартольд, С.Ф. Ольденбург, А.Н. Самойлович, В.В. Струве, И.И. Мещанинов, профессорлар: С.Е. Малов, В.М. Жирмунский, Е.Э. Бертельс, С.И. Руденко, тағы басқалары Әлекеңнің білімпаздық жолдағы ұстаздары еді.

Классикалық Шығыс тану ғылымының дәстүрінде білім алып, қалыптасу Әлкейдің әралуан салалы өнердің түйіскен тетігін жете, тереңдей білуіне мүмкіндік берді. Кең байтақ Қазақстан жері ертедегі материалдық мәдениеттің ескерткіштеріне мейлінше бай. Ерте замандағы қалалардың, қорған, сарайлардың, суландыру жүйелерінің қалдықтары бірде жер бетінде сақталса, ал көпшілігі жер астына көміліп жоғалған. Мұның барлығын жан-жақты зерттеп ашу үшін бір ғана тарихшы болуы жеткіліксіз еді, оларды археологиялық жолмен де, сәулет өнері (архитектура), құрылыс техникасы тұрғысынан да, халықтың ауыз екі аңыз әңгіме, жырларымен байланыс тұрғысынан да, жау таңбаларды ажырату тұрғысынан да жан-жақты тұтастықта алып зерттеу мақсатын Әлкей жете түсінеді.

Осы мақсатты іске асыру ниетімен Әлкей 20-жылдардың орта кезінде профессор С.И. Руденконың басшылығымен Қазақстанның күнбатысы мен күншығыс аудандарын археологиялық, этнографиялық, антропологиялық тұрғыдан зерттейтін экспедицияға қатынасады. Осы сапарында ол Қазақстан жеріндегі тайпа рулардың ертедегі тарихи, заттық мәдениетін ғана емес, әдебиет байлығын да, тіл ерекшелігін де зерттеуге кіріседі. Адайлар мен наймандардың тарихы, тұрмысы туралы алғашқы еңбектері жарияланады. Осыдан былай қарай Әлекең қазақ даласы мен Орта Азиядағы көне заман мәдениетінің тарихын кеңінен қамтып зерттеуге шұғыл да батыл кірісіп 1940 жылдардың орта шенінен бермен бұл ғылымдық саланы өзі басқарып, соңғы 20 жыл бойы қазақ даласын түгел шарлап, жыл сайын әлденеше экспедициялық отрядтар ұйымдастырып шығарады.

Қазақ даласындағы мәдениет мұраларын археологиялық, архитектуралық тұрғыдан зерттеудің екі түрлі қиындығы бар еді. Бірі осы ғылымның Қазақстанда жаңа ғана басталған жастығы болса, екіншіден, Қазақстан жеріндегі архитектуралық мұралардың бұрынғы буржуазияшыл ғалымдар, - басқа жерден -

Қытайдан, Ираннан әкелінген, жергілікті халықтың мәдениет тарихына қатынасы шамалы деген көзқарасы орын алып келгенді. Міне, Әлекең археологиялық ғылым саласында да өзінің табанды да қажырлы еңбегінің және таусылмас мол білімінің арқасында осы аталған екі түрлі қиындықтың екеуін де теориялық біліммен де, экспедициялық зерттеулердің материалдарына сүйенген практикалық тұрғыдан да толық жеңіп шықты. Қазақстан жеріндегі, атап айтқанда Кеңгір, Сарысу, Ұлытау, Қаратау, Қарқаралы, Баянауыл, Шу, Талас бойларындағы архитектуралық ескерткіштері ертедегі қалалардың тарихы туралы Әлекеңнің зерттеу еңбектері тек республика көлемінде ғана емес, бүкілодақтық білімпаздар жұртшылығының назарын аударып, зор бағасын алды.

Қазақстан жеріндегі көне заманғы және орта ғасырлық мәдени мұраларды зерттеп тексерудің тек Қазақстан тарихы үшін ғана емес, бүкіл советтік тарих ғылымы үшін жаңашылдық сипаты да зор еді. Әлкейдің көп жылғы зерттеулерінің нәтижелері бір жағынан соңғы 25 жылда жарияланған мол салалы жұмыстарынан көрінетін болса, солардың ең көлемдісі жақында баспаға ұсынылған “Орталық Қазақстандағы ру тайпалардың ертедегі мәдениеті” атты монографиялық еңбегі.

Академик Марғұлан Қазақстан мен Орта Азиядағы халықтардың ертедегі мәдениетін зерттегенде ондағы аса көрнекті қайраткерлердің өмірі мен творчествосына да, сирек кездесетін қол жазба, ауыз әдебиет мұраларына да айрықша назар аударып, олардың тарихын да белгілі бір ғылымдық жүйемен саралап келеді.

Орта ғасырдағы Орхон Енисей, Ұйғыр ескерткіштерінен. Эль-Фараби, Әбу-Ғали-Сина, Бабыр-Нама, Оғыз-Нама, Қорқыт, Көроғлы, Асанқайғы, Шәлкез, Мұхамет Хайдардан бастап, Шоқан Уәлихановқа дейін барлығын да сала-саласымен анықтап зерттеп отырып, жолшыбай олар жөнінде бұрын ғылым дүниесіне мәлім емес жаңалықтарды анықтап ала отырып, соңғы 15 жыл бойы Шоқан Уәлихановтың ғылыми-әдеби мұрасын игерумен шұғылданып келеді. Шоқанды жан-жақты зерттеу Қазақстандағы қоғамдық ғылымның орталық проблемамасының бірі. Бұл аса

күрделі жұмысты да Марғұлан алғыр білімділікпен, табанды еңбегімен кең көлемде, биік ғылымдық сатыға көтере жүргізіп келеді. Осы уақытқа дейін ғылым дүниесіне мәлім емес Шоқанның жаңа қол жазбалары, хаттары, ғылыми, творчестволық, қоғамдық өміріне байланысты қызықты деректер, фактілер табылып жатыр.

Әлекең қазақ фольклорын, қазақтың сөз байлығын тексерумен де шұғылданады. Қазақ халқының ертедегі жауынгерлік дәстүрі, XVIII-XIX ғасырлардағы тарихи қозғалыстары, қазақ халқының Россияға қосылуының ізгі ықпалы туралы тарихи архивті тексерумен бірге олардың әдебиеттегі көрінісі жөнінде де зерттеген материалдары ұшын-теңіз. Ол Абайдың, Жаяу Мұсаның, М. Көпеевтің жаңа қолжазбаларың, хаттарын тауып жариялады. Алайда, филология ғылымының саласындағы оның ең үлкен еңбегі қазақ эпосының шығу, жасалу тарихы туралы зерттеулері. Қазақтың ертедегі батырлар жырын халықтардың сол замандағы қоғамдық тарихымен, тұрмысымен, көркемөнерімен тығыз байланысты зерттеу Әлкей көтерген ғылымдық мәселенің негізгі түйінді нысанасы.

Әлекеңнің 40-жылдары жарияланған “Қазақтың ерлік жырындағы тарихи қоғамдық сарындар” атты алғашқы ғылыми зерттеуі осы кездегі әдебиет тарихы туралы оқулық жасауға көп септігін тигізді. Әлкейдің көп жылғы зерттеулері іріктеле, топшылана келіп 1946 жылы “Қазақ халқының ерлік аңыз-жырлары” деген монографиясымен аяқталып, ол еңбегі өте жоғары бағаланып, филология ғылымдарының докторы дәрежесін алды.

Ертедегі архитектуралық ескерткіштерді, қалалардың тарихын, батырлар жырын зерттегенде Әлекең эпостық поэзияның, ескерткіштердің көркемдік ерекшелігін есінен шығармайды. Әлекең өнер мен поэзияның нәзік те құпия сырларын терең түсінетін, эстетикалық талғамы күшті ақын жанды адам. Сондықтан да ол эпос жырларындағы ақындық тіл шеберлігіне, образ жүйесіне, композициялық құрылыстарына, сондай-ақ ертедегі сәулет, мүсін зергерлік өнерлерінің көркемдік,

жарастық (гармониялық), әшекей сұлулық сыр-сипаттарына да айырықша назар аударып отырады.

Академик Әлкей Марғұлан шын мәніндегі ғылымның қажымас алып батыры. Ол өзінің ғылымдық жұмысына үнемі жан-тәнімен берілетіндігі сондай, кейде бұл дүниені ұмытқандай неге болсын нанғыш, бейнебір бала мінезді адамға ұқсайды. Әлекең соңғы 30 жылдан бері жақын араласқан менің ұстаз досымның бірі. Ғылымдық, әдебиеттік творчество жолында үнемі ағалық ақылы мен еңбек сүйгіштік мінезі жағынан Әлекеңнің орасан зор ықпалы тек маған ғана емес, мен сияқты көптеген әдебиетші, тарихшыларға мол болды. Әлекеңнің оқығаны да, тоқығаны да ұшан-теңіз. Қасында жүріп оның кішіпейіл, ұстамды мінезінен де, ұшан-теңіз білімінен де көп тыңдап, көп білім аласың. Әлекеңнің ағалық, ұстаздық сілтеуімен әдебиетші, тарихшы ғалымдардың талайы өзінің жаңа ғылымдық еңбектерін ойдағыдай жазып, жемісті нәтиже беріп жүр.

Ғылым жолындағы адал, қажырлы еңбектің әділ-таразысы әрқашан да уақыт пен өмір. Өмір ілгерілеген сайын Әлекең сияқты ғылымның қажымас қайраткерінің еңбегі жарқырап жетіле түсіп, халықтың, Коммунистік партия мен үкіметтің қамқор құрметіне бөлене бермек.

Социалистік революция тудырған аса көрнекті совет білімпазы Әлекеңнің жасы алпысқа келгенімен еңбекке, творчествоға деген шабыты баяғы жастық шағындай жалынды да жігерлі. Шабытты шағыңыздан айнымаңыз, Әлеке!

1964 ж.





## АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ

Әрбір өнертанушы, археолог – тарихшы болумен бірге білгір этнограф, фольклорист болуы тиіс. Себебі халық өзінің басынан кешкен тарихи кезеңдерді, ескі деректерді ауыз әдебиеті, оның аңыз әңгімелері мен ертегі-эпостары арқылы есінде мәңгі сақтап келген. Археология табыстары әлгі есте сақталған ескі аңыздарға ұштасып жатса, шындық көзі дәл ашылады. Осы бір ақиқатты терең түсінген әрбір археолог білгір фольклорист болуға да күш салады. Әлкей ағаның фольклорист болып қалыптасуына оны интермелеген мықты бір күштің тетігі сол ізгі мамандықтың талабында сияқты. Осыдан қазіргі Әлекеңнің археолог-этнографтық жұмысы мен өнер танытушылық, фольклористік мамандығы қатар жарыса өмір сүріп келеді. Бұл мамандықтардың негізгісі қайсысы, аталған өнердің қайсысымен көбірек шұғылданады ғалым? Оны айыру қиын. Ауыз әдебиетінің бай халықтың қазынасы оған әр кезде ой салып, ғылыми терең түйіндер жасауға көмектесті. Сондықтан халық ауыз әдебиеті үлгілерін ол үздіксіз және ерекше қадірлеп, көңіл қоя зерттеп келеді. Бұл салада жастарға ұстаздық көрсетіп, алғашқы жинақтар құрастырушысы, орта мектеп оқу құралдарын жасаушы, тұңғыш оқу құралдарының авторы ретінде де көрінеді. «Сәуле», «Еңбекші қазақ» беттерінде, «Қазақтар», «Терме» жинақтарында өзі жазған ауыз әдебиетінің кейбір үлгілерін, өзінің тұңғыш болжауларын жариялады. 1940 жылдың басында қазақ фольклорынан орта мектеп оқулығын жазды. Сөз боп отырған қазақ ауыз әдебиетінің оқулығында «фольклор» деген сөзде ғылыми анықтама беріліп, жер жүзілік фольклористика, ғылымына және сөз өнері тарихына шолулар жасалды. Фольклористикада болып келген адамарға марксизм классиктерінің көзқарастары тұрғысында түсініктер береді. Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жүйелеп, оның әр аласына тиісті халықтың шығармаларды талдайды. Мысал өлеңдері, мақал

мәтел, ертегілері, аңыздары, жұмбақ, өтірік өлең, эпостық жырлары топталып зерттеледі. Бұл сияқты оқулық жазумен бірге фольклорист Әлекең осы кезден бастап, ауыз әдебиетін зерттеу ісімен байыпты айналысып, әдебиеттің негізгі салаларын тереңірек қарастырады. Қазақ ауыз әдебиетінің жеке проблемаларын жүйелеп, оның әр саласында тиісті халықтың шығармаларды талдайды. Мысал өлеңдері, мақал, мәтел, ертегілері, аңыздары, жұмбақ, өтірік өлең, эпостық жырлары топталып зерттеледі. Бұл сияқты оқулық жазумен бірге фольклорист Әлекең осы кезден бастап, ауыз әдебиетін зерттеу ісімен байыпты айналысып, әдебиеттің негізгі салаларын тереңірек қарастырады. Қазақ ауыз әдебиетінің жеке проблемаларын көтеріп, жаңалықтар ұсынған терең зерттеулерінің бірі, 1939 жылы жазған «Халық жырын туғызудағы мотивтер» еңбегі қазақ аңыз ертегілерін, эпостық жырларын кең көлемде терең зерттеп, олардың туу себептерін ашуға алғаш қадамдар жасады. Осыған жалғас, ғалымның, 1940 жылдары жазған «Қазақтың ерлік жырларындағы тарихи қоғамдық сарындар», «Қазақ халқының ерлік аңыз жырлары», «Қазақ эпосының өзіндік характері мен оның тарихқа қатынасы», т.б. сияқты маңызды еңбектері ғылымдық, тұрғысы жағынан кезінде теңдесі жоқ тұңғыш зерттеулер. Әсіресе «Қазақ халқының эпикалық шығармалары» көлемді зерттеу, аса маңызды монография. Қазақ фольклористикасы тарихына қосылған зор үлес. Бұрыңғы соңды белгісіз болып келген көптеген мәселелерді ашқан ғылыми жаңалық.

Әлкей Марғұланның «Қазақ эпосының ерекшелігі және оның шығудағы тарихи мезгілдері» атты зерттеуінің де қазақ фольклористикасында елеулі орны бар. Үлкен зерттеудің шырын сығындысындай түйінді пікірлер ұсынған мақаладан алар әсер орасан. Әлекеңе тән тереңдік пен шыбытты тебіреніс аталған еңбектен де айқын танылған. Қазақ эпостарының тарихи шындыққа сай туған ел-жұртымыздың басынан кешкен ұлы күші оқиғалардың туындысы, мазмұнға бай, идеясы терең, тақырыбы, өрісті халық даналығының айқын куәсі дерлік монумент екенін танытқан. Халықтың ертегі, аңыздар қазынасын жинап,

зерттеуден ғалым еш көз жазған жоқ. Ол әр тұста аталмыш мұралар тағдырына тереңдей түседі. Қайрыла қайта оралып, олардың ашылмаған сырларына, үңіліп, тағы да соны ой түйіп, жаңа болжауларын ұсынады. Мысалы, таяуда ол «Ең ескі дәуірдегі халықтың аңыздары» атты тамаша жаңа зерттеуін жариялады. Онда «Ер Тестік», «Ақкөбек», «Құламерген», т.б. ең көне ертегі эпикалық туындылар талданып, өте маңызды болжаулар жасалады. («Жұлдыз», 1983. № 3).

Таяуда жарияланған «Қорқыт ата өмірі мен әфсаналары» («Жұлдыз», 1983. № 3) да үлкен еңбектің негізгі тараулары есепті. Онда Қорқыт кітабы оқиғаларының қазақ ақындарымен сабақтастығы, Қорқыт ортасы, өмірі, тарихи шындықтарға қатысы, өнерпаздық қызметтері, өмір үшін күрестері, ол туралы қазақ арасында сақталған аңыздардың шындығы ғылыми тұрғыда қарастырылып, божаудар жасалады.

Ғалым қолжазба ретінде қазақ арасында көп тараған әдеби деректерді, тасқа ойылған көне таңба ою жазбаларды тауып зерттеді. Шежіре-тарих, қисса-хикая, жоқтау-мақтау, жыр дастандар түрінде сақталған ескі ескірткіштерді көне әдебиет үлгісі ретінде тануға жол ашты. Халқымыз кейін ауызекі аңызға айналдырып кеткен көптеген сюжеттердің арғы негіздерін тауып, оның жазбаға да түскендерін дәлелдеді. «Боз жігіт», «Мұңлық-Зарлық», «Шәкір-Шәкірат», «Қаһарман», «Боз торғай», «Киік», «Кітап өлең» сияқты әлемге әйгілі көне шығармалар сюжеті халық ішінде қолжазба ретінде ертеден тараған. Мысалы, «Қорқыт күйші» атты зерттеуінде ғалым қазақ халқының күй өнері, қобыз, сыбызғы сияқты көне аспаптар тарихына тоқталған. Қорқыттың қобыз өнерінің атасы, аты аңызға айналған заманның жырауы болғанын атап көрсетеді.

Ә. Марғұланның көп те ұзақ зерттеген үлкен тақырыбы Асан-ата туралы аңыздары туралы тарихи деректер. Асанның аңызға айналған тарихи тұлға екенін, белгілі дәуірдің даңқты перзенті, жырау-философы болғанын жақсы дәлелдеді. Асан атынан айтылған толғаулардың терең ойлы, сергек сезімді дүниетанымдарының куәсі екенін танытты. Кезінде өмірі асқақ қаһарлы ханды жалын сөзімен өз ауызына қаратқан, сондай-ақ,

қан төгіссіз шешілмес шиеленіскен дауларда шешендік шешімін тауып сөз бастап, айтқан дауды шешкен би, құтты қоныс іздеп аласұрған жиһанкез, халқының мұны мен зарын шертіп, жарғақ құлағы жастық көрмеген, қиялы аспан астын шарлап безек қаққан танымсыз жаң, кезінің қоғам қайраткері, ақылшысы, атақты жырау, ақын жанды ардагер, заманның адал азаматы болғанның танытты.

Әлемге әйгілі қазақ халқының лиро-эпосы «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры мен түркі елдерге ортақ «Көрұғлы» сияқты елімізге кең тараған қаһармандық жырлары туралы соңғы оншақты жылдар ішінде жазылған зерттеулерінің орны да, ғылыми дәрежесі де биік. Аталмыш зерттеулер тек қазақ фольклористикасы шеңберінде бағаланбайды. Бұлар түгел туркология саласында санаулы туындылар есебіндегі шығармалар.

Әлекеңнің қызыға зерттеп жүрген үлкен бір тақырыбы – сияқты елімізге кең тараған қаһармандық жырлары туралы соңғы оншақты жылдар ішінде жазылған зерттеулерінің орны да, ғылыми дәрежесі де биік. Аталмыш зерттеулер тек қазақ фольклористика шеңберінде бағаланбайды. Бұлар түгел түркология саласында санаулы туындылар есебіндегі шығармалар.

Әлекеннің қызыға зерттеп жүрген үлкен бір тақырыбы – «Манас». Бұл саладағы еңбектері 1971 жылы шыққан «Шоқан және Манас» кітабында өз шешімін тапты. Ең алдымен ғалым тауып жарияланған «Манастың» Шоқан жазып алған көне нұсқасының жұртшылыққа ұсынылуы өте бағалы. Сол нұсқаны басқа нұсқалармен салыстыра зерттеулері ерекше ескерерлік. Соған қоса «Манас» эпопеясының жалпы хатқа түсу тарихы, бұрынғы және кейінгі кездердегі орындаушылары, олардың өз замандары тілегіне орай өзгерте жырлаулары, оның себептері, жалпы түркі халықтары мен қызғыздар тарихына байланысты дәуір көріністері, Шоқанның және басқа зерттеушілердің байымдаулары, т.б. кең талданып, тиісті бағасына ие болды. «Манастың» ерлік мазмұны ашылып, сюжет желісі, құрылысы таныталады. Жыр мазмұнындағы әр дәуір қосындылары мен

түрнұсқасы ажыратылып, жырдың өте ерте заманның туындысы екені ашылады. Ондағы Орхон ескерткіштері мен Қорқыт кітабының таңбалары көрсетіліп, солармен туыстастығы белгіленеді. «Манас» эпопеясын жеңіл қарап қате пікірлер айтқан ғалымдар тұжырымдары сыналады. Эпосқа ғылыми анықтама беріліп, оның әлем өнері тарихында алатын елеулі орны белгіленеді. Жырда да, мекен, ескі жұрт, жауласқан жат жұрттар, Манасқа тете атақты батырлардың алып бейнелері, олардың тарихқа қатысы, т.б. ғылыми маңызы зор талдау, болжаулар жасалды.

Академик ағаның фольклористика саласындағы ұлағатты еңбектерін қадірлей отырып, оның әдебиетіміз бен мәдениетіміздің әрбір дәуір кезеңдерін танытар табыстарын да атап көрсетуге тиіпсіз. Бұл тұста ерекше атауды керек ететін еңбегінің бірі – «Қазақ халқының поэтикалық мәдениетінің ескі сақтаушылары туралы». Көне дәуір мәдениет үлгілері, өнерпаз-жыраулары, ақпа ақын шешендері аталып, оларға алғаш рет түсініктер берілген. Кезінде ғылымға тың пікірлер әкелген жаңалық бастамалары. Бұл еңбектегі ғалым пікірлері кейін өзінің қолдаушыларын тауып, әдебиетіміз тарихының даму, қалыптасуы кезеңдерін қайта қарап, жіктеуге жол ашты.

Шоқан, Абай, Мәшһүр Жүсіп, Жаяу Мұса, Ақан сері сияқты танымал кемеңгерлер туралы да жаңа деректер тауып, әр тұста тың зерттеулерімен көрініп келді.

Әлекең Абай Құнанбаевтың да көпке белгісіз көпетеген шығармалырынң көне жазба үлгілерін тауып, ол туралы түсініктерімізді молайта түсті. Абай сияқты кемеңгер ақынның өміріне тиісті кейбір тың деректер мен ақын суретін тауып жариялады. Кейбір қолжазба, хат ретіндегі деректерді паш етті. Мысалы, Салтыков-Щедрин атындағы кітапхана қоймасынан Әлекең тапқан, Садуақас Мұсаұлының көшірмесі арқылы жеткен Абай Құнанбайұлының өлеңдері әлі арнайы зерттеуге түскен жоқ. Абайдың араласы мол іс қағаздары әлі ақтырыла зерттеліп, ондағы кемеңгер ақынымыздың «Жаңа заң» реформалары туралы еңбегі, дос-жарандармен жазысқан хат-хабарлары, т.б. мол мүмкіндіктерін Әлекең тапқалы біраз жылдар өтсе де, олар

көпшілікке әлі ұсынылмай жабық күйінде қалып келеді. Әрине, барша істі жалғыз Әлекең тындыруы мүмкін емес. Оны жалғастырар қажырлы, еңбексүйгіш жастар атқарар деп сенеді ол ағамыз. Басқа өнер қайраткерлері туралы да Әлекең көп толғанады.

Әлекең жан-жағы өрісті, кең пейіл, ұқыпты ұстаз, жайсаң жанды аяулы аға. Өзінің тапқандарын әркезде ортаға салып, шәкірт-інілерімен тізе қоса ақыл-кеңес құрып, кең талқылайды. Достарының сынына түсіп, өзінше тебіренеді, жаңа белге құлаш сермеп, ойқиялын дамылсыз самғата береді. Көреген көш басы боп алда жүріп, болжаулар жасайды. Соңынан ерген іні-шәкірттерін ғылым шыңынан қарай жетелей түседі.

Ұлағатты ұстаз шәкірттеріне үлкен үміт артады. Жас ғалымдарды ғылымның қиын да ауыр жолына сала отырып, олардың халқына көрсеткен адал еңбегін көрсем дейді. Міне, осы мақсатына жеткен ғұлама ғалым әр күнді асыға күнде де мол қуаныш барын ол жақсы біледі. Әлекеңді ғылымның биік жолында шаршатып, шалдықтырмай жүрген де осы әр күннің қуанышы болса керек.

1984 ж.



## ҒҰЛАМА

Қазақ халқының тарихы мен көне мәдениетін ғылыми тұрғыдан біркелкі жүйелі зерттеу, негізінен Қазақстан топырағында, оның өз тума адамдары арқылы, отызыншы жылдардың бас кезінде үрдіс алды. Жиырмасыншы жылдары Абай шығармалары біркелкі толығырақ басылды. Ә. Диваевтың және басқалардың халық ауыз әдебиетінің үлгілері, мақал-мәтелдері туралы еңбектері, “Қазақтың 1001 мақал-мәтелдері”, көне хисса-хикаялар жарық көре бастады. Отызыншы жылдардың бас кезінде С. Сейфуллин, М. Әуезов, С. Мұқанов, І. Жансүгіров, Қ. Жұбанов көне әдебиетіміздің де, жиырмасыншы ғасыр бас кезі туындыларының да тарихтың кең көлемде талдай бастады. Сол кезеңде тарихшы С. Асфендияров Орта Азия Республикалары ішінен бірінші болып қазақ халқының ежелгі дәуірден бергі тарихын жазып, жеке көлемді кітап бастыртты.

1985 жылдың желтоқсанында сексеннің үстіне шығып дүние салған әйгілі ғұлама ғалым, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының толық мүшесі, ғылымның екі мәрте докторы, аяулы Әлкей Хақанұлы Марғұланның есім де, еңбегі де ғылым, ілім, мәдениет көгінен, міне, дәл осы тұста көріне бастағанды. Сөйтіп, ол кейін ғылымның айтарлықтай биік шыңына шығып, ұлттық тарихымыз бен мәдениетімізге сай дәрежеде кесек тұлға болып көптің құрметіне бөленді. Отызыншы жылдары көптің көзіне тұлғалы көрініп, құлағына аты жиі естілетін Әлкей ағамыздың жасы сол тұста небәрі отыздың ішінде ғана екен. Ол кезде республикамызда бүгінгідей сан-салалы іргелі ғылыми ұйым-мекемелеріміз әлі жоққа тән еді. Сөйтсе де Ә. Марғұлан есімі бізге белгілі ғалым, тіпті, көне оқымысты сияқты көрінетін. Ол сонау жиырмасыншы жылдардың орта кезінде бұрынғы КСРО Ғылым академиясының экспедициясында Қазақстанның көп аймақтарын аралап шыққанды. Еліміздің ірі ғалымдарының сүбелі архивтеріне сүңгіген, көне мұраларды шүйгіген, бірқатар

беделді оқу орындарында, оның ішінде Қызылжар қаласындағы өз тұсының алдыңғы қатарлы педагогика техникумында сабақ та беріп үлгерген адам-ды. Осы техникумда жиырмамыншы жылдардың орта кезінде Ә. Марғұлан оқыған дәрістің сол күндергі бірер көнспектісіне соңғы кезде қайтыс болған оқымысты-жазушы С. Талжановтың қолынан кезінде көз жүгіртіп, Әлекеңнің жас шағында-ақ өте білімді ұстаз болғанына көзіміз жетіп еді.

Ұлы Отан соғысынан едәуір бұрын көріп, жақын танысып, бірақ әр түрлі себептермен ұзақ уақыт кездеспей кеткен Әлкей ағамызбен арада жиырма жылдай өткенде қайта табыстым. Бұл кезде көптеген үлкен ағалардан, өз құрбы-құрдастарымыздан әлдеқалай демесек те, қол үзіп қалып, Әлекеңе Қарағанды қаласынан 1957 жылы ғана көлемді бір хат жаздым. Міне, содан былай тікелей де, хат-хабар арқылы да ол кісімен үздіксіз жақын қарым-қатынаста болдым.

1957 жылы көктемде Қарағандыға келген соң Әлекеңнің көп жылғы, оның ішінде Ш. Уәлихановтың сонау 1904 жылы алғаш жарық көрген жинағынан кейін кеңестік дәуірде 1952 жылы тұңғыш рет көлемдірек шыққан біртөмдіғын, оған Ә. Марғұлан жазған Шоқанның ғылыми өмірбаянын оқып, сол тұста көңілімде жүрген, көкірегіме ұялаған көптеген ойларымды қағаз бетіне түсіріп, хат жаздым. Қазір ол хаттың толық мазмұны жадымда жоқ. Тегі, сөз арқауы Әлекең зерттеген ғылым салаларының бір парасы қазақ даласының табиғи байлығы, тарихи ескерткіштері, тіліміз, әдебиетіміз төңірегінде болу керек. Арада бірнеше ай өтті. Әлекеңнен жауап аламын деп ойлаған да жоқпын. Хатты жауап алу үшін де жазбағанмын, тек көп оқырмандардың бірі ретінде, ертедегі таныс ағамызды өзімше пікір білдірсем керек. Белгілі бір кезеңнің тілек-талаптарына бейім өз ой-пікірімді ұсынып, ғалымды республикамыздың орталық, солтүстік аймақтарындағы өзім білетін біраз белгілі орындарға мегзегендеймін. Хатты мен Қарағандының емханасында сырқаттанып жатып, тіпті, екінші топтағы мүгедектер қатарына қосылып қалған кезде жазып едім.

1958 жылдың 4 ақпаны күні Ә. Марғұланнан қолы да, сөзі де әдемі көлемді хат алдым. 1958 жылдың 26 қаңтары күні



Кисловодскіден жазыпты. Әрине, мен Алматыға жазғанмын. Бұл 1957 жылдың жазы болатын. Бақсам, менің хатымды өзі демалысқа барғанда Әлекең Кавказға ала кетіпті. Маған ғалым өз жауабын сол демалыс күндері жазыпты. Мұндай ұқыптылық, арғы-бергі жолдастарға, аға-інілерге, өзінің ізбасарларына іштей ықылас-жаупкершілік өмірде сирек кездеседі. Міне, Әлекеңнің сол хаты:

“Жақсы көретін Жайық, сенің жаздыгүні жазған хатыңа алғыс айтуды ойлағанымға көп уақыт болса да, сәті тек ешбір қол тимеді. Кешіктіріп жауап қайырғанымға ренжімессің. “Игіліктің ерте кеші жоқ” дейді ғой халықтың дана сөздері. Хатыңда жазған сөздерің көңілге жылы тиіп, ақырын ескен қоңыр желдің лебін білдіреді. Талапты, ойлы, ақылды болу көптің қолынан келе бермейді. Егер бәрі сондай болса, халықтың бақыты болып, тіршілігіміз бұдан гөрі де тез ілгері баса берер еді.

Қазіргі жастардың ішінде ғылымға берілген ойшыл, кемеңгері аз емес. Ол біздің жұртшылығымызды қуантатын ортақ бір қасиет. Жазған хатың бойынша өзіңді де сол терең ойлайтын ақылды жастардың бірі деп түсінемін. Бірақ аянышты нәрсе, жас өміріңді науқас билеп, мүгедек еткен екен. Одан да жазылып, қызықты тіршілікке ойнап қосыларсың. Мүмкін, қазірдің өзінде аурудан арылып, жадырап кеткен боларсың. Менің бар көңілмен білдіретін тілегім: тез сауығып, тіршілік базарына қосылу. Ден сау болса, бәрі де табыла береді. Сіздің сұрағыңызға қайтаратын жауабым:

1. Болман ақынды мен бір рет көріп едім. Бірақ ол кісінің аузынан қария сөз жазып алуға ешбір уақытым болмады. Егер ол кісінің білетінін жазып алып (Тайлақбай туралы, Балақай туралы), мұнда ғылым орындарына жіберсең, өте дұрыс болар еді. Ойланып көрерсің.

2. Ертедегі дәуірден сақталып келген мәдениет, искусство дүниелері туралы жазғандарың өте бағалы. Егер Орталық Қазақстанда келесі жылдары жұмыс жүргізе қалсам, өзіңе әдейі соғып, айтқан мұралар туралы өзіңмен ауызекі сөйлесіп, пікір алыспақ ойым бар. Бір айға таяу Кисловодскіге келіп, демалып жатырмын. Аз уақыттың ішінде қайтамын. Мәдениет, искусство

туралы ойда қалған пікірлеріңді жазып тұр. Сауығып, қажырлы еңбек етуіңе тілектес ағаң Әлкей. 26 қаңтар, 1958 жыл. Кисловодск”.

Әлекең ертедегі бір ұғымы есінде қалып, мені өзінің хатында әлі жастар қатарына қосып отыр. Менің бұл тұста қырықтың мол ішіне кіріп, мосқалданып та қалғанымды онша ойлай қоймапты. Адамның қашан да өзінен біраз кішілерді жас деп санайтын дағдысы бар ғой. Сонымен бірге жылдан аса қатты ауырып, енді ауруханада жатқаныма жаны ашитындығың, жассың деп аз да болса көңіл жұбатқысы келетіндігін де сездіріп отыр.

Сол 1958 жылдың желтоқсанында Әлкей ағамызбен Мәскеуде, қазақ әдебиетінің онкүндігі кезінде қайтадан жүзбе-жүз кездесіп, содан былай туыс адамдардай, ағалы-інілі кісілердей өте жақындасып кеттік. Әлекеңнің қақ-соқпен ешбір ісі жоқ, баяғы балаң, жібек мінезіне, байсалды, байыптылығына ғылыми докторлық, академиктік қадірлі атақ, абырой, көпілгері еңбек қосылған. Тоқтаса келе Әлекең тіпті қырмызы, әбден бала мінезді болып та алған. Ешбір күнделікті дүниелік ойы жоқтай, есіл-дерті елінің, жұртының, халқының арғы-бергі мәдениеті, ұлағатты сөзі, тарихи ескерткіштері, кеніштері, отырса да, тұрса да ойланатыны, айтатыны халқының өткендегі тағдыры, топырақ астында қалған қариялар аузында жүрген, ел ішінде сақталған құнды сирек заттар, шешендік сөздер.

Әлекеңнің қасында, тіпті, көшеде қатар жүріп келе жатқанда да, ол кісіден еститінің ғылыми әңгімелер, толғаулар, байыпты ойлар, жоспарлар, қызықты деректер. Момақан, кішіпейіл, жатық, сыпайы, сүйкімді, тұрған бойы кестенің бізіндей, жүзіктің көзіндей қағілез, сырбаз. Сырт көзге өте бір жұпыны, ештеңені талғамайтын, ал ішкі сарайы даңғыл, іс-әрекеті қорғасындай салмақты адамның нелер бір сарабдал қасиеттерін бойына көп жинаған көңіл қылы нәзік жан. Бірауыз жақсы сөзге баладай қуана да, уана да қалатын жаратылысында дарынды, жүрегі нәзік, сезімтал Әлекеңді алдай салуға да, оған иненің жасуындай өтірік айтуға да болмайды. Жер тарпыған жүйрік аттың тұяқ дүбірін жеті Қыр астынан еститіндей өнегелі, үлгілі сөзге құлақ түргіш, зейін қойғыш. Өмірде аса бір сирек кездесетін зерделі де сергек адам.

Жағасы жайлау, көңілі көлдей, алды ашық, сұқбаттасқанда өзінді баурап алады. Сөзінде күдік, күмәндану жоқ. Сын да, сипат та бойында.

Ескерте кететін бір жәйт: осы беріде қайтыс болған азды-көпті, ақындық өнеріне, тіршілік қарекет, қажеттеріне өзіміз көп араласқан, Жазушылар одағының мүшелігіне қабылдануы өзқолымыздан өткен Қарсақпайдың қарт ақыны Болман Қожабаев ақсақалдың өз аталары, сөз зергері Тайлақбай, бақсы Балақай жайлы әңгімелерін ертеректе естіген едім. Тек қағаз бетіне түсірмегенімді сақтай алмадым. Ұлытаулық дарынды Нияз ақынның ғана Ақан сері сөзінен жазып алған бір дәптерін сақтай алып едім. Жоғарыда Әлекең өз хатында айтқаны осы Болман. Ұлытау жақта Ә. Марғұлан көп болып жүргендіктен, осы Болман ақсақалдан Тайлақбай, Балақай, Қойлыбай жайында сөз жазып алды ма екен деп өзімнің 1957 жылғы хатымда ескертсем керек.

Сол елуінші жылдардың аяқ кезінде қайта кездескеннен кейін Әлекеңмен қоян-қолтық қатынаста болып кеттім. Жыл сайын бірнеше рет зор қуаныш үстінде, ізгі тілекпен, адал ниетпен қарсы алатын дәстүрлі мереке-мейрамдарда телефон, хат арқылы бір-бірімізді ақ ниетпен үздіксіз құттықтасып отырдық. Әлекең өзінің мүшелді мерекелеріне арнаулы хат-хабармен шақырып отырды. Сарыарқаны зерттеу сапарына шыққан сайын хабарласып, үйімізде әңгімелесіп, өзі сыйлайтын үлкен ағаларына, замандастарына Қарағандыда сәлем беріп, нелер қызықты әңгіме-дүкен құрып, сөзге қарық қылып отырды. Әлекең мансаптан, жалған бедел, құрмет, қошемет іздеуден мүлдем аулақ болатын. Сол себепті де ол беделді ұйымдарға ауыртпалығын артпай, күтпеген жерден әлдеқалай келе қалатын. Көбінде тұрмыс ахуалы қарапайым, жұпыны туыстарының бірінің үйіне елеусіз келіп түсетін. Біз Әлекең келгенде өзі ертеден жақсы көретін әзіл-қалжыңы, пікірі, ойы жарасатын кейбір көнекөз қарттарды, оқымыстыларды қасына жинайтынбыз. Ресми жиналыссыз, үй ішінде, дастархан басында, кітап, сурет төңірегінде қалтқысыз, достық ниетте сыр бүкпей шерткен әңгімелеріңіз әрі қызықты, әрі өте мазмұнды болатын. Әлекеңмен дидалрасу көптен сағынып жүрген туыстарыңның бірін ұзақ жолдан тосып алғандай әсер ететін. Біз

ол кісінің әрқилы қиын да ауыр өмір жолы кезеңдерін де білетінбіз. Әлекең бүкіл болмысында, жаратылысында бұрынғының адамы дерліктей кісі еді. Оның қолы қысқа, қаражатқа тапшы да, жалғыз да қалған кездері болған ғой. Содан да ма, Әлкей ақсақал адамға қайырымды, жатқа да бауырмал еді. Ертеректе өзі, тіпті, бүкіл халқымыз қадір тұтқан бір білікті адам қиын жағдайға ұшырап өз топырағынан алыс та қиын шетте жүріпті. Әлекең сол кісіге өзінше көмек көрсеткісі, қолының ұшын бергісі келіпті.

- Көмек көрсете алдыңыз ба алыстағы ағаңызға тұрмыс-ахуал ауыр жылдарда? – деп сұрағандай сыңай бідірдім.

- Бара жатқан жұбайынан аяғымдағы жаңа галошымды беріп жібердім, - деді Әлекең.

Қазақ бұрын жан жолдасына қысыл-таяң, тар жерде астындағы жалғыз атын түсіп берген адамдарды мырза, жомарт, ер жігіт деп мадақтайтын, ардақтайтын. Дәл осындай, Әлекең үстіндегі бар іске татыр киімдерінің бірін жанашыр кісісіне шешіп беріпті. Әңгіме сыйлықтың, көмектің аз-көптігінде емес, қолда барын, таршылықта қол ұшын беруінде ғой. Ғалым аға тұмсығымен су беретін, қанатымен желпіп, желеп-жебейтін құс бауырмалысы қарлығаштай, қау арасындағы ұясын көкте тұрып күзетіп, кірпік ілмей қоритын бозторғайдай мейірбан жан еді.

Әлекең уәдесін, сәл ғана болса да өзіне міндет сияқты көрінген бір ауыз сөзін әсте ұмытпайтын. Ол – ол ма, жаңа бір үлкен-кішілі кітабы жарық көрсе, соның ішінде “Беғазы-Дәндібай мәдениеті” атты әйгілі де іргелі, “Шоқан және Көкөтайдың ертегісі” туралы зерттеуі болсын, алғашқы кітабы жарық көрген жас талапкерлердің өз ұстаздарына көрімдікке ұсынатындарындай, ерінбей-жалықпай бізге өзі әдейі почтаға барып, жіберіп жатады. Тек Сарыарқаның көне мұрасына арналған күрделі еңбегіне академик Е. Букетов марқұм екеуіміз байыпты рецензия жазамыз деп сөз байлассақ та, талай ыңғайлансақ та күнделікті әбігер жұмыс арасында сәтін келтіре алмадық. Ақыры өне-міне деп жүргенімізде, біз үшін белгісіздеу бір автордың шағын ғана мақаласы Қарағанды облыстық орыс газетінде басылды. Осы жайлы 1980 жылғы 25 сәуірдегі хатының соңында Әлекең:

“Индустриальная Қараганда” газетінде (наурыз айында) менің кітабым туралы Я.Н. Сунчугашевтің рецензиясы басылған. Осы рецензияны тауып, маған екі (2) экземплярын жіберсең көп разы болармын. Сәлеммен Әлкей Марғұлан”, - депті. Әрине, әрқашан-ақ Әлекеңнің сұраған газеттерін, суреттерін екі етпей жіберіп отырдым.

Әлкей ағамыз бірінші мамыр, жаңа жыл күндері құрғатпай құттықтау хаттар жібереді. Ғалым ағаның сөз үлгісі өзгелерден ерекше. Қолы да әдемі, көбіне арабша жазады. Ол кісінің арабшасын құсный жазу деуге болады.

Ә. Марғұлан Арқаға келіп, үйімізде болғанда, дастарқан басында жадырап отырғанда мәре-сәре, базар болып қалатынбыз. Жаңа шыққан құнды кітап, ұлы Абай сөздері, көне әдебиет үлгілері, ескерткіш мұралар жайында болар еді әңгіме. Әлекеңнің ғажап тарихи деректерге толы, оның ішінде Абай туралы мақалаларын, әрине, әсте көзден таса қылмай оқимыз, тыңдаймыз. Мұндайда Әлекеңнің өзіне арнайы хат жазып, ризашылдығымызды, сүйіспеншілігімізді білдіріп отырамыз. Сондай хаттардың біріне жазған жауабына қарағанда, біз ол кісінің Абай өмірі жайындағы бір келелі еңбегіне кезінде үн қоссақ керек. Әлекең 1970 жылдың қарашасына қарай жолдаған бір хатының аяғында: “Курортта демалып жатқан едім, үйге кеше, 4 қараша күні келіп, осы хатты жазып отырмын. Абайды оқығаның жақсы болған. Қалғанын бірте-бірте шығармақпын”, - депті.

Үй ішіндегі шүйіркелесіп отыра қалғанда ойда жоқта Абай кітаптары қолға түседі. Ұлы ақынның өнегелі сөздеріне балаларша үңілеміз. Абайды бірінші рет оқып отырғандай боламыз. Әлекең және сол тұста Қарағандыда тұрған оның өзінен көп үлкен, көпті көрген, өте білімді де алғыр бір досжар адамы екеуі бірден балалардай сөз жарыстыра, тіпті, біріне-бірі сөзге қонақ бермей, бірін-бірі құптап, жұптап, таласа сөйлеп кетеді. “Шіркін-ай, Абайдың аузынан шыққан айналасы теп-тегіс, жамбылдай жұмыр сөздерін, көне грек заманындағы шешендердің сөз таластарындай ойларын білікті біреу өз тұсында жазып алып отырса, Абай өмір бойы өлең жазып, олар тасқа басылып қалса, қазақ елінің рухани байлығы шалқыған көлдей қаншалықты мол

болар еді! Әдебиетіміз осы күні көлдей көлкіп, дариядай шалқып, шеңберінен шығып жатар еді. Шіркін-ай, Абайдың Лермонтовтан аударған өлеңдерін де Абайдыңөз сөзіндей етіп орыс тіліне қайта аударар ма еді! Лермонтовтан аударған Абайдың өз өлеңдері қазақ тілінде орыстың ұлы ақынының өзінен де асып жатыр десек, орыстың бұлбұл ақынын ешбір кеміткендік болмас еді. Лермонтов арқылы қазаққа жеткен Гетенің “қараңғы түнде тау қалғыбы” қандай!? Абай неткен кемеңгер! Қараңғы елдің қараңғы көгіне күн болып шыға қалған, кең атырапқа жарық сәулесін түсірген теңдесі жоқ абзал жан, кесек тұлға ғой! Енді Абайдай бізге адам қайда!” – деп екі қарт дәл бір махаббат отына бой алдырған, поэзия күшіне елтіп, гүл құшақтаған жандардай өңдеріне нұр бітіп кетеді.

Ұзақ жылдар жақын, аралас-құралас, сырлас, пікірлес болып Әлекеңнің бойынан, мінезінен нелер өнегелі қадір-қасиеті көп көрдім. Солардың өте бір есте қалғаны мынадай: өзі қанша білімді, атақты оқымысты болғанымен, әлі білгенінен білмегенім көп деп санайтыны, өзінен білімі, дәрежесі әлдеқайда төмен адамдардың да сөздерін жіті ілтипатқа алып, олардың айтқан орынды ой-пікірлеріне, деректеріне ықылас қойып тыңдап, керектілерін жадына тоқитындығы, өзі естімеген уақиғаларға сұңғылалықпен құлақ түруі, жаңа бір дерекке шынымен қуануы еді. Мұндай қарапайымдылық, кейде тіпті аңғалдық, ерекше құмарпаздық, ағынан жарылушылық көкірегің тек ізгілік билеген парасатты жандарға, ұлы адамдарға ғана жарасады.

Бір жолы Әлекең үйге келгенде В.М. Жирмунскийдің “Түркі ерлік эпосы” атты кітабын ағамыздың алдына қойдым. Осы кітап төңірегінде Әлекеңнен сыр тартпақ, пікір білмек ойым болды. Бұл шығармаға 1974 жылдың 12 желтоқсанында басылуға қол қойылыпты. Ал мен оны баспадан шыққан бетінде, Мәскеуден 1975 жылдың 11 ақпаны күні почта арқылы алыппын. Әлекеңнің бізге келе қалғанының өзі де осы түс еді.

- Ойпырмай, мына кітап келіп қалған ба? Бізге, Адматыға әлі келе қойған жоқ. Қарағандының кітап дүкендеріне келіп түсті ме? Жайық-ай, бұл өте ғажап еңбек! Мұны алдырғаның жақсы болған

екен, - деп Әлекең қомақты кітапты қолына алып, жоғалтқан бір құнды затын ойда жоқта тауып алғандай, беттерін аша бастады.

- Бізге де әлі келе қойған жоқ, Мәскеуден “Академкнигадан” алдырдым. В.М. Жирмунский кітапта сіздің атыңызды да атап отырыпты. Өзіңізден көп мағлұматтар алыпты, - деймін.

Виктор Максимович өзімнің дос адамым, пікірлес кісім. Шың ғұлама. Көп жыл мүше-корреспондент болып жүріп, СССР Ғылым академиясына толық мүшелікке осы кешегі алпысыншы жылдары ғана сайланды. Баласы да ірі оқымысты. Аяулы кісілер. Өмір бойы біздің түркі нәсілдес жұрттардың тарихың, рухани мол мұрасың, көне әфсаналарың мұқият зерттеп келеді. Соғыс жылдары өзі Алматыда тұрды. Көрдің бе, мына кітапта біздің Мұхтармен түскен суреті де бар екен. Бұл шығарманы оқығанның жақсы болған! Оқымыстының бұл бағыттағы еңбектерімен мен көптен таныспын. Қап, тиражы өте аз болып шыққанын қарашы! – деп Әлкей ақсақал қалың кітаптың соңғы бетіндегі баспа анықтамасына көз жүгіртіп өкініп отыр.

- Бүкіл елге мұндай тамаша еңбектің 3800 дана ғана болып шығуы немене?! Көлге бүріккен бір ұрттам судай ғой. Бұл кітапты күллі дүние жүзінің түркологтары, кітапханалары алдырады. Оқы, зейін қойып оқы! Балаңа да оқыт! – деп Әлекең дәл бір өз еңбегі жарық көргендей, орыс ғылымының кітабын өз сәбиіндей әлдилеп, аялап отыр. - Өзің көбін оқып та тастапсың ғой. Көп беттерінің астын сызып та қойыпсың ғой. Міне, өз кітабын адам осылай оқу керек! Ертең қайта бір оралғанда, қай бетінде қандай қажетті мағлұмат барын оңай табасың, - деп Әлкей ағамыз кітапты қошеметтеп, менің өзімді де көтермелеп, көңілімді өсіріп тастады.

Әлекеңмен сөйлесу, әңгімелесу жеңіл. Ол өзіңмен бірге туған адамдай жұмсақ. Оның мінезі жібектей биязы, бала кезіңнен бірге ойнап-күліп өскен сыр мінез кісідей жатық. Ол әсте кісікік емес. Әлекеңнен ой, сыр бүгудің керегі жоқ. Ұрсып, жекіп тастар, қабақ шытар, жаратпаса ашуланып қалар, көңіліне тік алар деп ойлайтындай кісі емес. Туғаннан еш бас асаулығы, төкаппарлығы, өзімшілдігі, кінәмшілдігі, астамшылдығы болмаған, күнәдан пәк, қоғаның сүйрігіндей кіршіксіз, қағылез кісі.

Иә, Әлекеңмен әңгімелесу ылғи көңілді еді. Бұл ол кісінің сөз жықпайтын биязылығынан, әдептілігінен ғана емес. Сен оның қасында өз ойыңды іркілмей ашық айта аласың. Оның сөзінен әрдайым жылы лебіз, дұрыс тұжырым естисің. Білімді адамдардың ортасында болу, қастарында жүру, олардың сөздерін тыңдап, ықыласты сұқбаттасу өз алдына бір жүйелі мектеп. Мұндай өрелі сабақты ресми мектептен үйрену қиын. Ғылым табыстарың, әдебите жемістерің қалың бұқара арасына кеңінен тарату, тыңдаушылардың бойына сіңіру тек кітап арқылы ғана жүзеге аспайды. Шынында, ешкім оқымайтын, оқыса да ғибрат алмайтын, тіпті ондағы айтылған ой мен сөз көп оқушының көкірек сарайынан көп төмен жататын, өресі, өрісі тар, өлі кітаптар аз емес. Парасатты ғалымдар, білімпаздар, ой оралымы кең ауқымды жазушылар ғылым-білімді, көркем әдебиетті, өнер үлгілерін жүрген-тұрған, отырған жерлерінде ауызекі де көп насихаттайды. Көпшілікке ғибрат, үлгі берудің бұл әсіресе өңгімеге құлақ түргіш, зейін қойғыш қазақ еліне ерекше бір ұтымды жолы.

Әлкей ақсақал кейде шалғайда экспедицияда жүріп, жолай соғып кетеді. Ол қырда ғылыми-зерттеу жұмыстарың, археологиялық қазбалар жүргізген кездерде де ғылыми атақ алуға талаптанған адамдардың кандидаттық, докторлық диссертацияларын далада жүріп, ел ішін аралағанда да оқып, пікір айтады. Жол-жөнекейгі жұмыс үстінде сәл қолы тигенде сол қалың-қалың қолжазбаларды оқып шығып, өзінің аузы уәлі тұжырымдарың жазады екен. Міне, осындай бір сапарыңда ол кісі: “Жайық, сен оқып көрші. Менің әр беттің тұсына жазған ескертпелеріңмен танысшы”, - деп өзінің жақын жолдасың С. Талжановтың докторлық диссертациясың Қарағандыда маған қалдырып кетті. Әрине, диссертация ұлттар әдебиеттерінің көне дәуірлерден бергі қарым-қатынасың, өзара тақырыптық, идеялық, сюжеттік байланысың жан-жақты нақты дәлелдермен, көптеген мысалдармен баяндаған. Әлекең атүсті жүргенімен осы көлемді диссертацияның көп беттерінің тұс-тұсына жекелеген қатесің, ірілі-уақты кемшілігің көрсетіпті, қызыл сиямен шәкірт дәптеріңе салған ұстаздың белгісіндей талай-талай құнды, бағалы



ескертулер, толықтырулар ұсынып, ғылыми еңбектің мінсіз болуына елеулі жәрдемің, көмегін тигізгісі келген адал ниетін көрсетіпті. Міне, осыны көріп те Әлекеңнің еңбек сүйгіштігіне, уәдеге беріктігіне, қайырымдылығына көзіміз тағы да анық жетті.

Әлкей аға кейде өзінің күрделі ұзақ экспедицияларына толық есеп бергендей терең мағыналы хаттар жазып, хабарласып тұрушы еді. Міне, осындай елеулі хат-хабарларының бірі – 1967 жылғы 3 қыркүйекте арабша жазған хаты. “Ардақты Жайық! Алматыдан көп сәлем! Жазған хаттарың, жіберген фоталарың (бұрынғысы да, соңғысы да) келіп жеткен. Осының барлығына ой бөліп, мерей көрсеткеніңе таусылмайтын алғыс айтам. Ауырмай, сырқамай, жақсы көретін Отанға көп қызмет істеуіңе тілек білдірем.

Мен өзім жаздың шілде айың, тамыздың жартысын қырда экспедицияда өткіздім. Алматыға келгеніме екі жұмадан асты. Биылғы зерттегінім – алдыңғы жылдардың жалғасы. Сарыарқаны бұдан 4000 жыл бұрын мекендеген тайпалардың оңтүстікке барып жеткен жерлері, екінші түрлі айтқанда, Сарыарқа мен Бетпақдаланың шекарасы. Осы араны бұрын ел қоныстаған ба, соны зерттеп білу керек еді. Осы мәселені толық түсіну мақсатымен жаздың жақсы айларын Бетпақдаланың солтүстік шетінде өткіздім. Мұңлы, Құлы тауларының Бетпақдаламен ұштасып жатқан жерлерін кездім. Көктас, Атасу, Шашағай, Батпақсу өзендерінің бойында болдым. Атасу бойына тоқтап, сол жерде көбірек зерттеу жұмысын өткіздім. Атасу –Сарыарқаның Бетпақдаламен шектесіп жатқан өзендерінің ішіндегі ең көзге түсетіні. Сондықтан бұл жерде ерте заманның өзінен адам баласы белгілі тұрақ еткен бір қауырт жер. Бұл жерде әсіресе қола дәуірінің белгілері өте жойқын түрде кездеседі. Сол кезден қалған қаланың да орны бар. (Атасу қаласы). Бұл жердегі мәдениет белгілерінің ең тамашасы “Саңғыру” – ең алғаш жасалған өнердің (искусствоның) ішінде сәулет өнерінің (архитектура) көрмесі деуге болады. Осылар туралы бірталай байтақ мәліметтер жиналды. Қыс бойы соларды ғылым сүзбесінен өткізіп, бір кітап жазсам деген үміт бар. Оны келешек көрсетер.

Өзіне Атасу бойынан бір хат жазып, бір ақылды қарттың баласын оқуға түсіру туралы айтқан едім. Ол баланың қабілеті тегінде мақтаулы болмаған шығар. Оның кемшілігін енді әкесі тартатын болады. Жақсы әке мен жаман баланың ісі ту бастан жүрек ауыртатын бір дерт қой. Келінге, балаларға менен көп сәлем. Жүрегі мәңгі жас, өзіңе жақын жүретін ағайымызға да көп сәлем! Әлкей”.

Сіне, Әлекеңнің өз алдына дербес ғылыми мақалаға тұрарлық бір хаты осындай. Бұл хаттан да оның жастарға қамқорлығын, адамдарға қайырымдылығын, мейірбандығын анық көресіз. Бұл хаттың соңына сол 1967 жылдың 29 қыркүйектегі күні мен өзім: “Баянауыл жаққа кеткенімде үйге біреу Әлкей ағайдан хат әкеліп едім деп телефон соғыпты. Келген соң іздестірдім. Табылмай кетті. Сол Әлекең тапсырған бала екен ғой”, - деп жазыппын. Әрине, Әлекеңнің ол хатының бұл күнде қайда екені белгісіз. Хаттың байыбына бармайтын баланың жыртып тастауы да ықтимал.

Әлекеңмен сұқбаттасып, сыр тартқанда ғалым іші толы сыр сандығын айқара ашып, ішіндегі асыл тастарын, жақұт-маржанын, гауһар-меруертін, алтын-күмісін алдыға жайып салады. Қорқыт, Алпамыс, Қобыланды, Тарғын, Манас, Қамбар, Баян, Қозы Көрпеш-Баян сұлу, Жиренше, Жошы, Алаша хан, Ақсақ Темір, Шыңғыс хан, Айша бибі, Қыз Жібек, Құртқа, Күнікей, Назым, Ақжүніс, Қарашаш – бәрі-бәрі ел көшкендей көз алдыңнан тізбектеліп өтіп жатады. Қай таудың бөктерінде, қай обаның астында, қай өзеннің қабағында не бар – бәрі де Әлекеңе күні кеше өзі көрген адамдардай, қоймада текшелеп қойған бұйымдардай. Әлекеңмен әңгімелескенде көңілің де, бойың да өсіп қалады. Білімің, ұғымың толығады. Оның қасындағылар жел басылғандағы қалың шөптей тына қалады. Ол өз атасы Олжабай, оның тұстағы Жасыбай батырлар жайлы қызықты әңгімелер шертеді. Бұл оған дәл бір күні кешегі көрініс сияқты. Қай шаһардың архивінде әлі ақтарылмаған, шаңы қағылмаған қандай рухани қазына, нақты деректер жатыр? Беғазы-Дәндібай мәдениетін қалай түсіну керек? Бұл қай дәуірді қамтиды? Міне,

ол осылайша көңіл түбінің де, жер қабаттарының да қатпарларын ақтарып, сүзіп береді.

Бірде ауызекі шежіреге сүйеніп, керей руының Ақсарыдан тараған бір бұтағынан өзім 14-інші атада тұрғанымды аңғарттым. Әлекең қолына қаламын алып есептей бастады да Ақсары ХІҮ ғасырда өмір сүрген кісі екен деп түйді. Олжабай батыр демекші, Әлекеңнің бір жақын туыстарын ел аралап жүріп, осы берегірікте Қарағанды облысы Молодежный ауданының “Осакаров” совхозынан кездестірдім. Әлекеңнің бір туысының бәйбішесі:

- Олжабай атамыздың жаугершілікте ұстайтын ақ туы осы үйде еді, ана бір жылдары әжеміз жұрттың әр түрлі сөзінен секем алып, отқа жағып жіберді, - деді. Мен бірде: “Осы рас па?” деп сұрағанымда, Әлекең: “Иә, рас, естігенде қатты өкіндім. Өзім әр қалада, әр жақта жүріп атамыздың туын өз қолымда сақтай алмап едім. Жеңгеміздің жұрт сөзінен қорқып отқа жағып жібергенін естігенде, жылап жібере жаздадым. Өткен бір заманға куә болатын музей мүлкі еді”, - деп Әлекең күрсініп қалды. Әлекеңнің өз ата-анасының бейіті де Қарағанды мен Павлодар облыстары арасында, жоғарыдағы “Осакаров” совхозының іргесінде екенін де жөні келгенде ескерте кеткім келеді. Ғалым аға көзі тірісінде осы екі зиратқа да барып, ата-анасының басына белгі орнатып еді.

Ә. Марғұланның Қазақстан, оның ішінде әсіресе өзі туып-өскен, ой-шұқыры көңіліне жас күнінен зайыр Орталық Қазақстанның әйгілі Сарыарқа белінің өткен-кеткен әрқилы дәуірлерін зерттеудегі, оның нәтижесін халықтың, ғылымның тілегіне, ортақ иелігіне айналдырудағы, еліміздің еншісіне табыс етудегі, жаңа қоғамымыздың ортақ қажетіне жаратудағы сіңірген еңбегі орасан зор. Жезқазған облысы алабының Ұлытау аймағындағы, Кеңгір, Жезді, Сарысу, Атасу өзендері бойындағы, Алтын шоқыдағы тарихи ескерткіштердің сырын терең ашу, кен байлықтарын анықтай түсу, Балқаш, Тоқырауын өлкесін, Бетпақдаланы, Қарағанды іргесінің Шерубай-Нұра жағасындағы әйгілі Беғазы-Дәндібай кіндігін анықтап-айқындау, Қарқаралы, Кент, Бесоба, Кеңтөбе салаларынан елеулі қазба жұмыстарын жүргізу, атақты Қызылкеніштің сырын айқындау. Баянауыл,

Ереймен, Қаракөл төңіректерін түбегейлі зерттеу Ә. Марғұланның есімі мен еңбегіне ұлан байтақ Сарыарқадағы берік ескерткіш.

Ә. Марғұлан өзі мықтап соңына түскен археологияда, халқымыздың көне, ежелгі әдеби мұраларын зерттеуде заманның жасқаншақ құлы болмай, жайдары да жайсаң топ бастаған ұлы болып өткен өр де, ер де адам. Ол бар өмірін, білімін, тәжірибесін ғылымға қалтқысыз сарп еткен шын мәніндегі қажымас қайраткер, тері әбден алынған еңбек торысы ғана емес, топ жарған сәйгүлік тұлпары, жүйрігі еді. Әлекең қалдырған мол мұра біздің бүгінгі рухани байлығымыздың алтын қоры.

Біз әрідегі Шоқанымыз, берідегі ат төбеліндей біраз саңлақ оқымыстыларымыз болмаса өз жеріміздің қадірін, еліміздің тарихын жөнді білмей, білуге мүмкіндігіміз де болмай өскен аңғал жұрт едік. Біздің табиғи, рухани байлығымыз бен адамгершілік қадір-қасиетімізді өткен уақытта өзімізден гөрі, өзге жұрттардың ойлы, парасатты саяхатшылары, тарихшылары біркелкі дұрыс түсініп, әділ бағасын беріп кеткен еді.

Міне, біздің ұлттың ар-намысы, ғылыми ар-ұяты таза азаматы Ә. Марғұлан халқымыздың өткендегі ұзақ сүрлеу-соқпағын бүгінгі ұрпаққа ертелі-кеш жер астынан, ел аузынан, архив қазынасынан инемен құдық қазғандай түртініп жүріп, дұрыс көрсетіп, сыры кетсе де сыны кетпеген асыл мәдени мұраларымызды шаң-тозаңнан тазартып, тозығы жеткен қайта жаңартып қалпына келтірген сәулетшілердей, мүсіншілердей, суретшілердей, қолда, көкіректе, сақталған қойма мүлік-мүкәмалдарымызды бүгінгі күннің керегіне жаратып, төрімізге жайнатып қоюшылардың бір ұқыпты қайраткері болды. Бұл еңбек ертеден бері рухани байлығы, заттық белгілері жиналмай, шашылып келе жатқан қазақ халқын іргелі елдерге теңдес, тетелес, қадірменді етуге зор мұрындық болып отыр.

Әлекеңнен ең соңғы шағын хатты 1985 жылы алдым. Арабша: "Қадірлі Жайық, жаңа жылды барлық ізгілікпен қадірлейік! Сендерге көп күш, қуат, жеміс берсін. Тілеген тілектерің іске аса берсін! Әлкей Марғұлан", - деп жазыпты. Бұрынғы хаттарындай, құттықтауларындай көтеріңкі көңіл, асқақ серпін сезілмеді. Көңілсіздеу, күрсіне жазғандай бәсең сөз. Хат астына уақыты

жазылмаған. Содан кейін... Иә, содан кейін ақыры сол жолы Алматыдан үй адресіне жедел қаралы телеграмма сап ете түсті; “Академик Марғұлан қайтыс болды” делініпті. Ешкімнің қолы жоқ, Зады, Әлекеңнің менімен көптенгі тығыз қарым-қатынасын, пікірлестігін білетін үй-іші жандарының бірі жолдағандай.

Міне, қазақ халқының аяулы перзенті, өнегелі ғылым қайраткері, еліміздің рухани, заттық байлвықтарын, құнды ескерткіштерін түбегейлі зерттеуші патриарх, ұлан-ғайыр еңбегімен ұрпақтан-ұрпаққа өшпес мол мұра қалдырған, жаны да, ары да таза Әлкей Марғұланның арамыздан қайтпас сапарға аттарғанына біраз уақыт өтті. Ғалым мәңгі-бақи көз жұмса да оның артында халқы үшін тірнектеп жиған мұрасы қалды. Өзі қайтыс болғаннан кейін жарық көрген “Ежелгі жыр, аңыздар” сол Әлекең жинап, сұрыптаған көп асыл қазынаның бірі ғана. Кейінгі ұрпақ Әлкей Марғұланның өзі сан жүйеге сараптап та сұрыптап кеткен көп еңбектерін алдағы уақытта да үңіле оқып, зердесіне, жадына берік тоқып, қуаныш құшағына бөленетін болады. Ғұламаға өшпес ескерткіш осы!

1994 ж.



## **АКАДЕМИК ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН!**

Білмейтін байдан ба, жарлыдан  
Дүниеге туып бір қалды ұлан,  
Туды да «білім» деп салды ұран –  
Ашылып кең сарай алдынан –  
Жас - бала - Әлкей Марғұлан.

Жер - көктің тарихын қамтыған,  
Талайға теңдерді шандыған, -  
Шешем - деп, тосыннан «салды лаң» -  
Халайық боп қалды таң бұған –  
Жас жігіт - Әлкей Марғұлан.

Даланы шарлаған, тау барған,  
Қырлардың қыртысын аударған,  
Қираған құмыраға жұққан шаңдардан  
Өлген қалалар сырын аңғарған –  
Археолог - Әлкей Марғұлан.

Қос күмбез, төрт құлақ тамдардан,  
Сусыз бос қалған аңғардан,  
Құлағы тас болған шалдардан  
Шымшымдап шындықты зорға алған.  
Тарихшы - Әлкей Марғұлан.

Таңбалы жартастың жырынан  
Қынаның бояуы қорыған,  
Орхон жазуын таныған  
Асқан зеректік дарыған –  
Филолог - Әлкей Марғұлан.

Салтанат, салқар көш сабылған,  
Салт-сана, сәукеле салынған,  
Сан ғасыр күй тартқан, салып ән  
Хабардар қазақтың заңынан, -  
Этнограф - Әлкей Марғұлан.

Жолынан жұмбақ, тылсым табылған  
Ашпа, шетпе – деп олар жалынған,  
Белгісіз мекендер – ат, айдар тағылған,  
Радлов, Потанин табынған,  
Географ - Әлкей Марғұлан!

Осынша ескіден, арғыдан  
Жаңағы жоқ әм бұдан.  
Сөз айтса, жұртты естен таңдырған,  
Кеңес - сұхбаттың бағын жандырған  
Шешіре - шешен Марғұлан.

Дауысын тарих шаңы қарыған,  
Сонау әлем шарлаған шағынан,  
Жылдардың жүйткіп жалынан,  
Жетпіске киіктей қарғыған  
Марқасқа - маңғаз Марғұлан.

Маңдайың көлеңке жүрмес маңынан,  
Оқымыс екенін ел айтпай таныған,  
Қазақтың қалың қауымынан,  
«Жұлдыз»дың сәуле жарығынан,  
Құттықтау сәлемін қабыл ал,  
Академик - Әлкей Марғұлан!

1984 ж.



## **ҒАЛЫМНЫҢ ОЙЫ ОРТАҚ**

Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, белгілі фольклорист, атақты археолог, шоқантанудың жетекші маманы, тарихшы, этнограф Әлкей Хақанұлы Марғұлан жетпіс жасқа келді. Бірнеше пән (ғылым) бойынша білікті пікір қозғап келе жатқан, шын мағынасындағы шығыс зерттеушісі бола ғалымның өмір жолы да еңбек жолы да ғибратты.

Ә. Марғұланның ғылым әлемінде атқарған істері туралы ұзақ та, қысқа да айтуға болады. Желілеп айтса оның өмірі мен өнегесі үлкен қызғылықты кітаптың мазмұнын құрар еді. Және ондай кең әңгімеге тәуекел ету үшін ғалымның өмір сапарын тереңірек, жүйелірек қарастыру қажет. Біз дәуіріміздің ең даңқты, кесек тұлғаларының бірі туралы қысқаша ғана ойлар түюмен шегерілеміз.

Оның өмірбаяндық мәліметтерін сырттай шолып шыққанда да бірнеше елеуді жайлар көзге түспей қалмайды. Ерте жасында ауылдық мектептен араб әрпін танып сауатын ашуы, есейе келе орысша оқып, ақырында Ленинград университетін бітіруі екінің бірінің басында кездесе бермейтін сәттілік деуге болады. Ә. Марғұланның жасы егде тартса да, еліміздің архивынан архив қоймай аралап, қазақ тарихына, мәдениетіне қатысты деректі тірнектеп жиюына да баяғы арабша себеп болып келе жатқаны анық. Жасыратыны жоқ, қазіргі жас ғалымдарымыздың архив қазынасына қол арта алмай жүргендігінің бір себебі де арапшаға шалғайлыққа байланысты.

Болашақ ғалымның халық тарихын жанымен сүйіп өсуіне, өмірлік нысаналарының айқындалуына жасынан ауыз әдебиеті нұсқаларын, аңыздарды, ақындар шығармаларын көбірек жаттап өсуі де себепкер болса керек. Әсіресе, Ә. Марғұланның туып-өскен жері – Баянауыл атырабында көне тарихты да, XV-XIX ғасыр әңгімелерін де мол білетін шежіре ойлы кісілер аз болмаған.



Ол XVIII ғасырда қазақ халқының жоңғар, қытай басқыншыларына қарсы күрес хикаяларын, ел батырларының ғажайып ерлігін, XIX ғасырдың түрлі оқиғаларымен белгілі адамдары туралы нақтылы мағлұматтарды өз ауылының қарияларынан естіген. Қазақ халқының азаттық күресін бастаушылардың бірі – Олжабай батыр болы келуі де. Олжабай туралы ұшан-теңіз әңгіме, аңыз, жырдың жасалғаны да оның жас қиялын тербетпеуі мүмкін емес еді. Оның үстіне Сарыарқа жері қазақ әні мен өлеңінің ту тіккен ордасы болуы, ол елден небір дүлдүл өнерпаздар шыққаны, солардың кейбіреулерінің тікелей ықпалын көруі де Ә. Марғұланның тұңғыш мектептері болады.

Кейінірек Марғұланның қазақ фольклорын, XVIII ғасырларға дейінгі батырлар жырын негізгі тақырып етіп алуына да, археология саласынан Орталық Қазақстанның көне мәдениетін зерттеуге бел байлауына да жас кезінде көңілге мықтап түйген мұраттар түрткі болған секілденеді. Ол аңыз түрінде жеткен тарихтың шын ғылыми келбетін көрсетуді көздегендей.

Ә. Марғұланның оқуға, білімге талпынып, алдына ірі мақсаттар қоюына өзі жасында көрген Сұлтанмахмұттың, бұған жақсы пейілін аямаған Қаныш Сәтбаевтың, жас кезінен достасқан Мұхтар Әуезовтің тағы басқа көрнекті адамдардың тиісті дәрежеде ықпалы болғаны да атап көрсететін құбылыс.

Ленинград университетінде заманының ең озық ойлы, терең білімді ғалымдарынан дәріс тыңдап, тәлім алуы Ә. Марғұланның зерттеуші ретінде қалыптасуына жағдай жасады. Шындығында ғылымның титандары: В.В. Бартольдтен Орта Азияның тарихы мен археологиясы, С.Ф. Ольденбургтен Үнді фольклоры мен өнері, Ю.И. Крачковскийден араб филологиясы, Е.Э. Бертельстен парсы поэзиясы, С.Е. Маловтан көне түркі тілдері, А.Н. Самойловичтен Орта Азия халықтарының әдебиеті, Н.Я. Марр мен И.И. Мещаниновтан, В.Л. Щербадан тілтану туралы дәрістер тыңдау аз олжа емес еді. Осы секілді ғұламалардан көрген тәлімін ол өзінің ғылыми өмірінің тұрақты принциптеріне айналдырған. Қандай тақырып, қай мәселе жөнінде сөз болса қай пәннің тарихына дейін тереңдеп бару айтылған, жазылған пікірлерді толық есепке алып отыру, түпнұсқаны тауып оқу, ғылымның өзге

саласындағы жетістірге де сүйену, кең көлемде салыстыруға қабілеттілік – қысқасы, ғылыми еңбектің классикалық үлгісі мен дәстүрін пір тұту ғалымның бұлжымас дағдысына айналады.

Өзінің ұзақ зерттеушілік өмірінде Ә. Марғұлан қыруар материал жинаған. Неше алуан меруерт ойлар, ақыл-ой маржандары сол қолжазбаларында тұнып тұрғаны ақиқат. Өзге қайсібір адамдардың қолына түссе ол материалдардан әлденеше томдар шығарып та үлгірер еді. Бірақ Ә. Марғұлан олай етпейді. Қазақ, орыс тілдерінде барабар жатық, жүйрік жаза алатын ғалым көлемге қызықпайды. Ол үшін басты критерий – сан емес, сапа. Сондықтан оның көлемі аздау көрінетін зерттеулерінің салмағы өте ауыр тартып отырады. Ә. Марғұлан еңбектерінде айтылып қалған қайсібір ғылыми идеялар арнаулы тексерулердің тақырыбы бола алады. Ғылым әлеміне араласқалы бергі елу жылға жуық өмір оның жүрек батыры екенін дәлелдейді...

Қадірлі ғалымның фольклорға қатысты еңбегінің дені қазақ эпосының тарихын, эволюциясын, жырларды туғызған түр себепкері – жыраулар ролін анықтауға арналғаны аңғарылады. “Эпос жыры туралы” 1940, “Алпамыс” (1946), “Қазақ эпосының сыпаты және тарихи шарттылығы туралы” (1946), “Қазақ халқының эпикалық аңыздары” (1946), “Қазақ халқының ертегі поэтикалық дәстүрін сақтаушылар хақында” (1957) тәрізді мақала, зерттеулерінде көптеген құнарлы ойлар айтылған.

Ә. Марғұланның Қорқыт туралы зерттеулері де эпостың шығу тегін анықтау мақсатына бағындырылған. Сонау оғыз-қыпшақ заманының, ежелгі Сырдария бойының Қорқытқа байланысты аңыздарын ғалым ұдайы жинастырып келе жатқанын білеміз. Қазақ эпосының көп қырларын Ә. Марғұлан өзінің Шоқанға арналған зерттеуінде кеңінен сөз етеді...

Қазақ халқының пэтикалық дәстүрін сақтап, жалғастырушылар туралы ғалымның бағалы ескертпелері мен нақтылы тексерулері ерекше атап көрсетерлік. Ғасырлар тасасында аты-жөні ұмыт боп кеткен талай-талай ақын, жырау жыршының есімін қайта “тірілтіп”, ғылым мүддесіне пайдалануда Ә. Марғұланның бастамашылық біріншілік қадамы көпшілікке қанықты. Оның зерек зейіні ұмытылған қанша фольклорлық

мұраны жаңадан ашты. Бұл күнде мағнасы көмескіленген немесе мүлде түсініксіз көп атаулардың да дәл мәнін Ә. Марғұлан тауып беріп жүргенін білеміз. Қазақ совет энциклопедиясы томдарына кіретін көнерген көне терминдер мен ұғымдарды жазуға академик Әлкей Марғұлан жәрдемге келіп, осындай міндеттің басым бөлегін өз мойнына алып жүретінін редакция қызметкерлері түгел біледі. Қазақтың тарихына, этнографиясына фольклорына археологиясына қатысты проблемалар мен деректерді Ә. Марғұлан кемел сезетін, нағыз сауатты, салауатты кеңес айта алатын, дер кезінде көмекке келетін бірнеше ғылымды қатар меңгерген кісі.

“Қазақ жырын туғызудағы мотивтер” (“Халық мұғалімі”, 1940. 1-2) деген мақалада қазақ эпосында неғұрлым кең де көркем сыпатталған жиынтық тұлғалар сөз болады. Автор елін, жерін жаудан қорғайтын, халық үшін қандай қиын іске де қайтпай баратын батыр бейнесі жырларда неліктен негізгі орын алатындығын тарихи, әлеуметтік жағдайлармен дәлелдейді. Көп жерлерде әлемдік эпостың тәжірибесін салыстыра отырып, тұжырымдары мен ойларын сенімді түйіндейді. Бұдан кейін жырларда ер жігіттің серігі – сүйген жыр бейнесінің қаншалықты жан-жақты жасалғанына тоқталады. Ескі грек мифологиясы мен түрік-моңғол жырларының кей тұстағы ұқсастық, сарындастығын да ашып отырады, мұндай құбылыстың түп себептерін айтуға тереңдеп барады. Алып батырды табатын, ер жігітке опалы жар болатын, ақылды сұлу, ел-жұртқа мейірімді, қамқорлық бір басынан табылатын әйел тұлғасын жасау да қоғамдық өмір қажетінен туған нәрсе екенін түсіндіреді. Осындай ойларын жырлардан тамаша көркем кесек мысалдар келтіре отырып өрнектейді. Қазақ жырларын туғызған сарын (мотив) ішінде “ер қанаты – ат та” кең орын иелейтіні аталған зерттеуде терең тексерілген десе болады. Жырларда ең әдемі сурет пен сыпаттың күрделі бөлегі атқа арналатынына әдейі толығырақ тоқталған. Бұл айтылған мәселелердің қай-қайсысы да жаттанды пікір, жалаң тізім ретінде емес, ақиқат ғылыми ізденістің нәтижесінде туғанын аңғармау мүмкін емес.

Ә. Марғұланның эпосының сыпаты мен дәуірлері туралы терең ойлары оның “О характере и исторической обусловленности казахского эпоса” деген зерттеу мақаласында тамаша тұжырымдалған. (Известия Казахского филиала АН СССР, серия историческая 1946, № 2 (27)). Бұл мақалада Қазақ эпосының рухани мәдениетімізден алатын орны мен маңызы атап көрсетілген. Қысқаша тезис түрінде берілген пікірлердің тасасында қаншама көп ізденістер ізі жатқанын сезбеу мүмкін емес. Қазақ эпосының дәуірлері туралы осында көрсетілген жүйелер өзінің маңызын күні-бүгінге дейін жойған жоқ. Қазақ фольклорының көп салалары әлі дұрыстап зерттеле қоймағаны мәлім. Әсіресе эпостың шығу, даму дәуірлері деген мәселе арнайы еңбектерді керек етеді. Бұл жөнінде қайшы пікірлер, жаңсақ ойлары аз емес. Мәселен, батырлар жырларының көп заман шындығын қамтып кететін ерекшелігін ескермей, оларды соңғы ғасырлар туындылары деп қараушылар да кездеседі.

Сөз болып отырған зерттеудің ерекше бағалы жері сол – мұнда автор қазақ жырын тар көлемде, бір халық деңгейінде ғана алып қарамайды. Автор жыр, аңыз, тарих төркінін Сібір, Алтай, Орта Азия, Кавказ халықтарының фольклор байлығын есепке ала отырып ажыратады. Мұндай кең құлаштап көсіле сөйлеу үшін, әлбетте, мол білім, бірнеше ғылым саласына еркін қадам басып кірерлік кең қабілет керек. Тарихи, этнографиялық, тілдік, әдебиеттік материалды ғылыми дұрыс тәсілмен тексеру арқылы автор өте ірі жинақтаулар жасауға мүмкіндік тапқан. Ол қазақ эпосында аңыз аз, шындық, тарихилықтың шыққан кезеңін төмендегіше дәуірлейді:

1. Архаикалық дәуір. Бұған исламға дейінгі кезеңде туған аңыз бен аңыздарды, ежелгі түрік туындыларын жатқызады. Бұл аңыздарда түркі тайпаларының замандар бойында Қытай, Византия басқыншылығына қарсы күресі елестейтіні көрсетіледі. Ғалым кей аңыздардан сонау көнедегі Александр Македонский жорығының да (“Кубас”) жаңғырығын пайымдайды. “Ер Төстік”, “Ақ Көбек”, “Құламерген”, “Шолпан мерген” жырларын осы архаикалық дәуір жаратындысы деп біледі.

2. Эпостың өте күшті дамыған дәуірлерінің бірі – оғыз-қыпшақ дәуірі (VI-XII ғғ) деген тұжырымды сыпаттайды. Қорқыт, Қазанбек, Домбауыл, Алпамыс, Қозы Көрпеш туралы жырларды бұл топқа қосады.

3. XIII-XIV ғасырлар оқиғасын қамтитын жырлар дестесін (циклын) ғалым жеке бір дәуір етіп қарайды. Бұл кезеңде туған жырлар қазақ эпосының негізін құрайтынын ескертеді. Ал осы жырлардың өз мамұны мен бағыты жағынан екі топқа бөлген. Олар а) Жошы ұлысының құрылуымен ішкі қайшылықтарын суреттейтін жырлар. (“Бөген батыр”, “Едіге”, “Қбыланды”, “Ер Тарғын” т.б.). осы ұлыстың ыдырағанынан және өзара соғыстарды куәлайтын эпос (“Қамбар”, “Мұсахан мен Қазтуған”, “Орақ-Мамай”, “Ер Тарғын” т.б.).

4. XVII-XVIII ғасырларда жоңғар шапқыншылығына қарсы күресті бейнелейтін жырларды жеке топқа бөлген. Автор оларды: Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Олжабай, Есім хан туралы жырларды есте тұтқан. Бұл жырлардың кейбір белгілері жағынан тарихи өлеңдерге жақынырақ келетіні де аңғартылған.

5. Қазақ эпосының бесінші дәуіріне автор XIX ғасырда патшалыққа, хандыққа қарсы күрескен батырлар жайындағы жырларды алады (Исатай, махамбет, Жанқожа, т.б. жырлар). Бұлардың қай-қайсысы да өзінің сыпаты жағынан тарихи жырлар жанрына жататынын атап көрсетеді. Эпосты осылайша дәуірлеу кезінде фольклор ғылымына қосылған жаңа пікір деп қарау керек. әлбетте автордың барлық тұжырымын жасалмау керек деген ұғым болмасқа тиіс. Ғылымның өсуіне байланысты жаңа байқаулар, аңғарулар, айтылып отыруы ләзім. Бірақ Ә. Марғұланның бұл еңбегіне соқпай өте алмайтыны анық.

Үлкен ғалымның көп жылдық үздіксіз ізденістерінің күрделі қорытындысы, өшпес жәдігері – қазақ халқының данышпан-білімпаздары Шоқан Уәлиханов мұрасының көп томдығын әзірлеуді ұйымдастыруы жеке басшылық етуі халқымыздың мақтанышына айналған Ш. Уәлихановтың еліміздің тарихи мақалаларындағы архивта шашырап жатқан қолжазбаларын ыждағатпен іздеп, ерінбей жиып, олардың текстің ажыратып оқу, түсініктеме жасау дегенің қаншалықты жұмыс екенін білеміз.

Шоқанның осы уақытқа дейін “жоғалдыға саналып” келген талай қолжазбасын тауып, оны жазып жұртшылықтың оқуына мүмкіндік беруге көп жылдарын осы жолда сарп еткен Ә. Марғұланның еңбегі – монумент еңбек десек артық айтылғандық емес. Тіпті оның монографиялары, мақалалары болмаған күнде ғалымның осы еңбегінің өзі онын есімін құрметпен атауға негіз береді. Бес жыл дықты ғылымның биік деңгейі дәрежесіне көтере білуі айта қаларлықтай өнеге.

Зерттеулері былай тұрсын, Ә. Марғұланның белгілі бір шығармаларға түсініктемесінің өзі ғажайып қызық мағұматқа толы келеді. Оның әрбір сөйлемі мен тұжырымының тасасында орасан эрудиция, білікті парасат, тегеурінді ой жатады. Сондықтан да оның қысқаша мақалаларының өзі қайсәбәр қалың диссертацияларға бергісіз. Осындай білімділік, ғылыми тәлімділік жан-жақтылық, тереңдік үлгісін ол Ш. Уәлихановтың көп томдығын шығару кезінде мейлінше жарқын көрсете алған. Сонымен қатар біз бұл еңбектен тағы да бір ғыбыратты міселені анық көреміз. Ол – отаң, ел даңқын шығарған ұлы адамдардың қызметіне деген үлкен ілтипат. Ш. Уәлихановтың тарих, халық алдындағы алып еңбегін, оның арманы мен мұратын терең түсініп, жанымен қабылдаған. Шоқан ісін ілгері жалғастыруды өзіне саналы түрде мақсат етіп алған адам ғана осыншама ауыр бейнетке қол артпақ. Академик Әлкей Марғұлан осы және басқа зерттеулері арқылы өзінің де үлкен ғалым екенін таныта білді.

Көрнекті ғалымның кейінгі жылдарда жарық көрген құнды еңбектерінің бірі – “Шоқан” жән “Манас” (1971). Бұл зеттеу арқылы автор манастану ғылымына елеулі үлес қосты. Ә. Марғұланның өзге барлық туындылары секілді бұл монография да ұзақ жылдарға созылған зерттеу жұмыстарының нәтижесінде, архив қазынасын қажымай-талмай қарастыру, жартылай өшіп қалған қиын қолжазбалардың сырына үңілу арқасында туғанын көреміз. Аталған еңбекте ғалым тек Шоқанның “Манас” жырын жазып алу тарихымен ғана шектеліп қалмаған. Әлбетте ғылым үшін қазақтың ұлы оқымыстысының туысқан қырғыз халқының ең ірі жырын кімнен, қашан, қандай жағдайда жазып алғаның, жазу процесінде қандай принциптерді

ұстанғанын анықтаудың өзі аса маңызды іс. Ә. Марғұлан өзіне тән жүйелілікпен осы мәселені егжей-тегжейлі тексеріп шыққан. Оның үстіне “Манастың” мазмұны, сюжеттік құрылысы, жырдағы ерлік бейнелер, кісі, аттары, олардың тарихи негізі, эпсотың шыққан кезі туралы терең де түбірлі ойлар мен байқаулар айтылған, өте күрделі қорытындылар жасалған.

Зерттеуші эпостың мазмұндық желісінің және нұсқаларын (соның ішінде Шоқан жазып алған нұсқаны) қарастыра отырып, қырғыз халқының ерте замандағы тұрмыс күйінен, көшкен, қонған жерінен, араласқан елдерінен, салт-санасынан көп дерек келтіреді. Әсіресе этнографиялық фактыларды халық тарихының ерекшелігін дәлелдеуге пайдалануы өте ұтымды. Бұл саладан автор оқушыға кейбір тың, тосың, қызық, ғибратты деректер ұсынады. “Манастың” шығу тегі туралы толғаныстар оның ішінде кездесетін көп сарындар мен кісі аттарын өзге елдер эпосымен тарихпен салыстыру, ғасырдың көне қалпын, алғашқы тқлғасын бұлжытпай алуы, кейінгі қоспаларының өрнегін өзгеше білгірлікпен айқындауы. “манастағы” қаһармандардың біразы тек қырғыз халқына ғана емес, өзге туысқан халықтардың көбіне ортақ екенін ашуы – мәнді жинақтаулар.

Көп қырлы ғалымның жүйелі жүргізіп келе жатқан жұмыстарының бір саласы – археологиялық зерттеулер. Ә. Марғұланды шын мәнінде Қазақстан археологтерінің ағасы, көшбасшысы деп атауға болады. Бұл күнде қазақ археологтері халқымыздың көне, орта ғасырлардағы заттық мәдениет мұраларын табу, сыпаттау жөнінде ірі ұмтылыстар жасап келеді. Қазақстанның өткен кезі туралы бұл кезге дейін айтылып келген кейбір жалған, үстірт тұжырымдарды сырып тастауға археолгтар еңбегі күшті әсер етіп отыр. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан (Отырар), Жетісу жерінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары принципіал ғылми жаңалықтар ашуға мүмкіндік берді. Орта ғасырлардағы қазақ қалаларының кейбіреулері комплексті түрде зерттеле бастады. Мұндай үлкен бетбұрыстың бел ортасында академик Әлкей Марғұлан жүретінін көреміз.

Бұдан бірнеше жыл бұрын жарық көрген “Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті” деген коллективтік еңбек

ғылымдағы соны сөздің бірі еді. Мұнда Орталық Қазақстанның ежелгі металлургия, отырықшылықтың мәдениеті туралы тұңғыш рет тың деректер, жаңа фактілер келтірілді. Бұл зерттеу Қазақстанның қадім дәуірін ол тұстағы материалдық ескерткіштерді зерттеудің керектігін айқын әйгілейді. 1973 жылы “Ғылым” баспасынан шыққан “Қазақстандағы археологиялық ізденістер” деген кітапта да Ә. Марғұланның жаңа зерттеуі басылды. “Жезқазған – ежелгі металлургиялық орталық” деген еңбегінде ол аса маңызды тұжырымдар жасайды. Бұл мақаладағы әрбір пікір ғалымның ондаған жылдар бойы экспедициялық жұмыстарда жүріп, Орталық қазақстанды сан рет айқыш-ұйқыш аралау нақты қазбалар жүргізу нәтижесінде туғаны анық. Бір тамаша жері - Ә. Марғұланның металлургия тарихы туралы зерттеуіне мифологияны да, шежірені де, архитектура ескерткіштерін жер, мекен, зат атауларын да қабыстырып пайдалана алған. Мәселен, ол жез, қорғасын, кен, қалайы, мырыш, жезді, кеңгір, теміршітау секілді атаулардың өзінен аса терең мән-мағына табады... Ғалым бұл күнде де өзінің археология саласындағы бас тақырыбын тереңдей зерттеу үстінде.

“Ғалымның ойы ортақ” деген нақыл бар. Сондай-ақ жасы жетпіске келіп отырған ардақты академик, үлгілі ұстаз Әлкей Марғұланның дарқан ойынан, дана сөздерінен сан мың кітап оқушы әрдайым өзгеше нәр, рухани азық табады. Оның әрбір жаңа мақаласы, зерттеуі ғылыми ойды бір серпілтіп тастайтын елеулі оқиға болып саналады. Мәселен, соңғы жылдардың өзінде ғана ол шоқан, Абай, Ақан сері туралы жаңа зерттеулер жариялап, ғылыми, әдеби жұртшылықты риза етті. Ә. Марғұланның тәлім-тірбиесін көрген студент, аспирант, зерттеушілер өздерін ғажайып университеттен өткендей сезінеді. Оның әрбір әңгімесі, лекциясы таусылмас қазына тәрізді. өмірінің негізгі нысанасын – іздеу, қадім замандар құпиясын ашу деп түсунетін ғалымның совет жерінде ақтармаған архиві аз болар. Архив сырларын тану, табу жөнінде оған теңдес еңбеккер де сирек кездеседі. Көпшілік қауым былай тұрсын, ғалымдардың өзіне де тосын жаңалықтай көрінетін зерттеулер міне осындай үздіксіз бейнеттену нәтижесінде туған...



Қазақ жерінің даңғайыр ғалымының, асыл азаматының есімі мен еңбегі бүкіл советтік Одағымызға әйгілі. Қоғамдық ғылымның ілгерінде аталған бірнеше саласы бойынша еңбек етіп жүрген зерттеушілердің еш қайсысы да Ә. Марғұлан еңбегін аттап өтпейді. Ол бүкілодақтық, әлемдік ғылыми мәжілістер мен симпозиумдерге қатысып, пікір толғап жүреді. Оның қаламынан шыққан туындыларды және архивындағы асыл дүниеліктерді жинақтап, бірнеше том етіп шығару – ғалымға деген ықыластың табиғи көрінісі болар еді. Қашан да іс үстінде, ескінің жоғалып бара жатқан жәдігерлерін жинауға, талдауға, тексеруге барлық қайраты мен уақытын жұмсап жүрген Ә. Марғұланның өз жазбаларын топтап, жүйелеп шығаруға қолы да тие бермейді. Сол үшін мұндай іске қамқорлық пен басшылықты Қазақ ССР Ғылым академиясы, соның ішінде Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология, этнография институтының басшылығы өз қолына алғаны абзал. Оның тамаша адамдық, азаматтық, ғалымдық тұлғасын бейнелеу жазушылар, суретшілер, киноматографистер, скульпторларға татымды тақырып екенін зайыр. Ойшыл, отаншыл ғалым үшін, әрбір сөзі білуге, тануға, көркеюге қабілетті жамағатшылыққа ауадай қажет екендігін сезінуден артық мәртебе болмаса керек. Кемел жасқа келіп отырған Ә. Марғұланның творчестволық өмірінің ұзақ та жемісті болуына, оның ғылымда салған дәстүрі мен тағлымы кеңейе беруіне тілектеспіз.

1974 ж.



## **ТАС КІТАП**

(Академик Ә. Марғұлан)

Ойшыл көзді ол үшін  
Өткен күндер – бүгінгі.  
Тигізсе тек қол үшін –  
Тыныс алып, тірілді!

Көне күндер сынығың,  
Құрастырса қайтадан,  
Көре алады тұнығың,  
Тілсіз тас та айтады өн.

Оған бәрі орнында:  
Жылдар әлі көмбеген,  
Ошақтардың қойнында  
Оттар әлі сөнбеген.

Қылыш жүзді қиянат,  
Хан тағында құтырған.  
Сәуле түспей сығалап,  
Қыпшақ күні тұтылған.

Сойдақтаған қан жоса,  
Сортаң жастық сорабы.  
Шарлап қырды, тауды аса,  
Шақырғандай болады.

Қызыл көзді қырсық хан,  
Шыңғыс салды шулыған  
Бағы жанбай қырсыққан,  
Отырарды буды маң.

Өтті, ұмыттық түр-түсін  
Уақыт – тарлан тұра ма!  
Парақтап жер қыртысын  
Сыр тартады ғұлама.

“Қара таудың басынан  
Көш келеді” шұбаған.  
Алқакөлге асыға  
Көшке ереді ғұламаң...

Көне күндер сынығын  
Құрастырса қайтадан,  
Көре алады тұнығын,  
Тілсіз тас та айтады ән.

Жұлдызына жаңаның  
Жаны құмар жан екен! –  
Тас кітаптың парағын  
Аударады Әлекең.

1984 ж.



## **ДАЛА ПЕРЗЕНТІ**

Адам баласы туады, дүниеге келеді, онда тұрған не бар! Бұл дүниеде кім келмейді, кім кетпейді? Шырылдап туып, еңіреп жатқан пенде аз ба? Әңгіме – сол өмірге кім келді, дүниеден қалай өтті. Өркениетке не берді ол? Адам болып туып, адам болып өмір сүре алды ма? Әлде мөлдірді лайлап, тазаны ластап, адалды арам, жарықты қараң етті ме ол, аруақты аттап, адам деген атақты даттап өтті ме екен сол жазған. Басқаша айтсақ, пенде болып туғанның бәрі бірдей Адам деген атаққа лайық бола алмай, кемеліне тола алмай, тұғырына қона алмай өтеді. Өмірі гүлдеп жайнаған, пейіш бағында туа сала сайраған, нарыққа парық бере алмай, туған халқының жылап, күйзеліп отырғанын көре алмай өз тоғайына мәз болып, жалғанды жалпағынан басып, асыптасып тайраландағандардың бәрі бірдей Дана болмаса керек. Біліктің буына, атақтың шуына тоймаған, дүниенің тұт қасын ұстап тұрмын деп ойлаған әкім-төрелер, өз байлығына өзі тұншығып өлген сасық байлар, жалаң күшіне сенген дарақы жандар қазақ сахарасында аз болған жоқ. Тарих олардың есімін хаттамаған, халық жадында ұстап жаттамаған! Қазақта «адам» деген ұғымды өртүрлі түсінеді. «Әйел», «еркек» деп жынысын, ер деп тынысын, «кісі» деп ұлысын айтады. Істеген ісіне көрсеткен күшіне жауға деген айбатына жұмысқа деген қайратқа қарай жосқа деген қара кетіне, дұшпанға деген әрекетіне қарай азамат ұл ақ екен, бөрекелді кісі ғой деп көңіл қошын білдіреді. Отан деп лүпіп қаққан жүрегі болса елем деп еңіреп етегі толса халқым деп қайысқан перзенті болса, қайран қазақтың арманы бар ма?!

Қазақ халқы - ұлылардың сахарасы. Оның елін қорғайтын, ерін қолдайтын перзент тәрбиелеу, ата-баба салтын, ұлтжандылықты, ұлтқандылықты бойына ана сүтімен дарытар халық педагогикасы – тәрбие жүйесі бар. Ұл мен қызын қалай

тәрбиелеуге халқымыз даналық көрсеткен. 13 – ұлын, 15-қызық ұландық санатқа жеткізген. 16-да орда бұзып, хан кеңесіне келген олар. Болар баланы болмасынан таныған, туғаннан қарнын шертіп жатқан Құрманғызыдай күйшінің нәзік жан дүниесінің ата-анасына ерте сезген. Жайрынына жал сияқты жабыса біткен қара қалы бар Бөгенбайды анасы тіл-көзден, туған күннен аман сақтаған. Жетімін жылатпай, жесірін қорлатпай, құрдасын құдайдай ұстаған, қариясын дана деп, өскен жасын аға деп, ат жалын тартып мінген перзентті пана деп таныған ол.

Шүкіршілік етер бір жай – даламыз қандай кең болса, халқымыздың пейілі сондай кең, жер қойнауы қандай бай болса, жүрегі де сондай бай. Жүрегінің байлығы – сәбидей тазалығы, оның ешкімге жамандығының жоқтығы, бейбіт момындығы.

Иә, сонымен бірге халқымыз – батыр да халық. Ол еңкейгенге еңкейеді, шалқайғанға шалқияды. Шірене қалса асқар-асқар тауларына сүйенеді, еңкейе қалса, иен елін көреді, қаз-қатар тұра қалса, азаматтығына, өзінің парасаттығына сенеді. Сөйлесе Қазыбек данадай шешендігі бар, Төле бидей көсемдігі бар, Әйтеке бидей өктемдігі бар, айтыса қалса, дауласа қалса Бөгенбайдай ерлігі бар, Қабанбайдай ірлігі бар, қиыннан қиыстырып жол табар Абылайдай тірлігі бар, Бауыржандай өрлігі бар ел. Міне осындай сайын даланың көп даналарының бірі - Әлкей Марғұлан.

Әлкей Марғұлан. Бұл есімді атаған кезде қазақ қауымының, оның тарихының бір белесі көз алдыға келеді. Ол - қаһарлы да шерлі, айбынды да мұңды, ерлік пен қасіретке толы XX ғасыр. Ол - сол ғасырды дүбірлеткен, гүмбірлеткен, көсем сөз бен қаһарлы іспен бірге қайғы-қасіретке барқан ерлердің заманы. Ол заман – Алаш азаматының заманы, елім деп еңіреген, халқым деп қайысқан қаһармандар заманы.

Әлкең неге дара болды, дана болды деген сауалға бір сәт тоқталайық.

Қара Ертістің бойын жағалай, Орталық Қазақстанға қарай ойысар, жарыса созылған даланы еске алыңыздаршы. Қалмаққырғаннан шыға бере Қызылтаудың өңірінде Жүсіппек Аймауытов дүниеге келді. Баянаула тауының қос өңірінде таяқ тастам жерде Аймауытовтардың елі, Марғұлан ауылы, Сәтбай

ауылы, Шорман ауылы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев ауылы, осы өңірдің Далба тауына жалғасқан жерінде Бұқар баба елі, одан әрі Қарқаралы арқылы Қасым Аманжоловтың еліне жалғасады. Ендеше Әлкей ағамыз өмірге келген сол бір дархан дала – ұлы шоғырлардың дәстүрлі елі, кезінде Абылай бастаған ұлы батыр бабамыздың ту көтеріп дабыл қақса, Бұқар бастаған даналар иісі қазақ елінің рухын шындаған даналар өңірі. Басқаша айтқанда, бұл – тұнық бұлағы бар, жайқаған құрағы бар, ата-мекен тұрағы бар, жанған шырағы бар өңір еді. Осы бір өңірде туған ұлылардың есімін атауға бір күн уақыт керек болар еді. Он мың жанға туған ұлылардың үлесін санаса осы бір өңір барша әлемдік рекордты жасады десек ешбір қателеспеген болар едік. Әлекеңнің ортасы осы ұлылар өңірі. Олардың мұрасы, олардың өсиеті қадам басқан сайын көз алдыға елестер ұлылар бейнесі. Бұл өлкеде дүниеге келіп, өмір туралы ойланбай, толғанбай өткен перзент бар ма екен! Ұлттық генофонд, ұлттық қор дегеніміз не? Менімше, осы бір ұғымның қазақ өмірінде тағы екі бір түсінігі бар сияқты. Халқымыз мал бағып, көшіп-қонып өмір сүруіне байланысты. «Қор үзілмесін, отың сөнбесін», - деп атайды. Жаугершілік заманда қымыздық қоры үзіліп, саумалды ашыта алмай зар жылайды екен. Халық өз басына күн туғанның бір белгісі қылып, міне, осы қор үзілгенді айтады екен. Міне, сонда дана ата-бабамыз осы қорды жаңа туған құлынды сойып, соны ас қазанының мәйегінен алады екен. Ал көшпенділік кезінде от бір сөнсе, қайта от жағу өте өте қиын мәселеге айналған. Шаңырағы ортасына түсіп, әулет құрығанда «оты сөнеді!» деген теңеу осыдан шыққан. Міне, Әлекеңдер халқымыз ғасырдың күрестен шаршап, шалдығып, ХІХ ғасырдың аяғында ХХ ғасырдың басында қайта түлеп, ұлттық сана-сезімі ояна бастаған. «Ояң, қазақтың» өкілдері еді. Халқымыз өзінің қоры үзілмегенін, оты сөнбегенін, болашаққа үміт артқанын дәлелдеуге бел байлаған ұрпақтың перзенті еді. Атақты қанжығалы Бөгенбай батырдың замандасы Олжабай батырдың ұрпағы Әлекең асылдың сынығы, тұлпардың тұяғы болатын.

Әлкей Марғұлан ... Бұл есімді жекедара атай алмайсың. Дала өңірінде туып, ерте есейген Әлекең болашақ даналар ордасына ілікті. Онымен бірге ұлы Мұхтар, ұлы Қаныш, ұлы Жүсіпбек бірге

есті. Кешегі Абай, Шәкәрім мұрасы оларға болашаққа жол сілтеді. Әлекеңнің ауыз әдебиетіне деген ынтызарлығы сол кезде қалыптасады. Ленинградта оқып, Шоқан дана өткен жолды көрді. Мұхтармен, Қанышпен бірге өскен ол оларға елікті, үйренді, талаптанды, еңбек етуден бір сәт жалықпады, Әлекең қанша кішіпейіл болғанымен өзінің «мен» деген жеке даралығын жоғалтпады, көлеңкеде қалмады. Олар да Әлекеңе өз жүректерінің төрінен орын берді. Міне, осылай Әлекең көп білетін, көп түйетін әмбебап ғалымға айналды.

Әлекең шығыстанудың ірі ғалымы бола тұра, оның археологиялық саласынан маманданды. Осының қандай құпиясы бар?

Әлекеңнің бір мамандықты таңдап алуындағы негізгі сыр халқымыздың басынан кешкен өркениеті ғылымда ұзақ жылдар жұмбақ болып, қираған қалалармен, көмілген обалардың астында жатқандығында болу керек. Атақты неміс ғалымы – ойшылы Освальд Шпенглер өзінің «Закат Европы» деген еңбегінде көрсеткен 8 мәдениеттің – Египеттік, Индиялық, Вавилондық, Қытайлық, Апполондық (грек-римдік), магиялық (византия-арабтық), фаустық (батыс-еуропалық), майя және қалыптаса бастаған орыс-сібір мәдениеттерінің ішінде қазақтың, басқа шығыс халықтарының – көшпенділердің өркениеті аталмай келді. Әлекеңнің ғылымдағы алтын тұғыры осы өркениеттің адам баласының тарихындағы орнын ашуға байланысты. Ғалым Ахмет Байтұрсынов атақты «Әдебиет танытқышында» көрсеткен рухани – көрнек мәдениетінің бес түрін де барынша пайдаланады. Ол – Ахаң айтып кеткен сәулет өнері, сымбат өнері, кескін өнері, сөз өнері еді. Өткеннің тарихи сырын, аңыздар мен эпикалық жылдарда жаттаған мұңын, тірнек және көрнек мәдениетте ескерткіш болып табылған көне тарихтың ізін Әлекең бір арнаға сала білді. Ежелгі көшпенділердің кеш жолдарын, сахараның құлазыған-құмдарын, тіршіліксіз қалған құба жондарын жақсы білген Әлекең өмір бойы осы бағытта ізденіс жасады. Ендеше бұл мамандық бойындағы барша қасиетті, күш-қуатын жан-жақты ашуға мүмкіндік беретінін ғалым жақсы түсінеді.

Әлекең – дала перзенті. Ол еліміздің ең үлкен шаһарында оқып, ең даланы аңсап келетін-ді. Өзінің өксігін басып, арманын тек далаға ғана айтатын, ағынан жарылатын. Осы даламен оның ғажайып достығы оны саясаттырған ғылымнан алшақ ұстауға дәнекер болды, ал топалаң-зобалаң заманда ұзақ уақыт экспедицияларға кеткені ғалымды қуғын-сүргіннен аман сақтап қалды. Дала перзенті өзінің осы сүйіспеншілігін өмірінің соңғы күніне дейін өз бойында тұмардай ұстады, оны иманына айналдырды. Сыр, Талас, Шу бойындағы Отырар, Тараз, Сайрам, Сығанақ қалалары арқылы Әлекең көне тарих құпиясына үңілді. Балқаш, Тоқырауың, Бетпақдала, Шерубай-Нұра жағасындағы Беғазы-Дәндібай, Беласар, Елшібек, Қарқаралы, Кент, Бесоба, Кеңтөбе, Баянауыл, Ереймен, Қаракөл өңірі, Кеңгір, Жезді, Сарысу, Атасу өзендерінің бойы, Алтын Шоқы – Сары Арқа белінің тарихын зерттеді. Көшпенділер мен қала өркениетіне Отан болған ұлы даланың құпиясын ғылыми түйіндеді.

Міне, Әлкей Хақанұлы Марғұланның ғылымға сіңірген сансалалы еңбегінің ең басты нәтижесі – ол барша әлем тарихында қазақ сахарасындағы көшпенділер өркениетінің орны мен маңызын ашуында, «қазақ» деген халықтың тарихи дамуы негізінде этнос болып қалыптасуын көрсетуінде. Халқымыздың әлем тарихындағы мәртебелі дәрежесін, мәртебеліқасиетін ашып беруінде болса керек.

Әлекең – жортқанда жолы болған, жолдасы қыдыр болған дархан жан. Ол академик В.В. Бартольдтан, академик С.Ф. Ольденбургтен, академик И.Ю. Крачковскийден, академик Н.Я. Самойловичтан, академик В.В. Струвиден, Е.Я. Владимирцовтан, М.И. Мещаниновтан, В.Л. Шербадан дәріс алды. Жарақан ием жар болып, Әлекең академик А.Е. Ферсманның, профессор С.И. Руденконың басшылығымен ұйымдастырылған Қазақстан, Алтай экспедицияларының жұмысына қатысты. Академик С.Ф. Ольдербургтің, Ғылым академиясының корреспондент мүшесі А.Ю. Якубовскийдің басшылығымен шығыс елдеріне байланысты деректерді зерттеді, шығыс Түркістан археологиясы мен өнері бойынша мамандады. Ұлылар сахарасының самал



ауасын жұтып, ұлылар арасында өсіп, ұлылардан тәлім-тәрбие алған Әлекең жеке алып тұлға болып осылай қалыптасты.

Әлекең қатардағы ғалым, қайраткер, азамат емес. Ол – ғалымдар көшін бастағандардың бірі. Ол - қайраткерлікті жарқылдатып, шатырлатып, жекпе-жекке шықпай, бабымен, сәнімен, ғылыммен, өнермен жәй басып, дәл басып жасаған жан. Ол – азаматтықты дүлдүлдікті бұлбұлдықпен жалғастырған ғалым.

Ә. Марғұлан сонау Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, Т. Рысқұлов, Қ. Сәтбаев, С. Сейфулин, І. Жансүгіров, Б. Майлин сияқты алыптардың тобынан, солардың соңғы ілегінен еді. Сол ұлы көште Әлекеңнің өзіндік орны болды, өзіндік жолы болды, өзіндік мектебі болды, өзіндік іс-қаракеті болды. Олар әр салада дара болды, дана болды, бірін-бірі толықтырды, барлығы жиылып, ғылымда, өнерде, білімде ұлы шоғыр құрды. Сол шоғырдың ішінде Әлекеңнің шоқтығы биік, жүзі жарқын, есімі мәшһүр болды.

Әлекеңдер тар жол, тайғақты кешіп, халқымыздың үзіліп бара жатқан ұлттық қорын жалғады, халқымызды оятып қана қоймады, терезесі теңдес халықтардың дәрежесіне жеткізді. Ә. Марғұланның тағылымының негізгі бір түйіні осында болса керек.

Ә. Марғұлан сияқты перзенті бар халқымыздың ұлттық қоры үзілмейді, халқымыздың аты сөнбейді, болашаққа өрлейді. «Бизнес» деп сарнап, арыпсатарлық саудамен елді алдап, арбап жатқан өтпелі заманда халқымыздың ұлттық қоры үзілмесін, ағайын! Ә. Марғұлан тағылымының бізге, болашаққа артар жүгі осында.

Қазақ мәдениетінің бірі, қазақ ғылымының арасының бірі, кешегі ұлы Мұхтардың досы, ұлы Қаныштың сарбаздарының бірі, бірі болса бірегейі, бұл күні арамызда жоқ, бірақ рухани бізбен бірге, тәуелсіз, дербес елдің рухын көтеріп, баршамызға шаршағанда аруағы қолдап, шалдыққанда дәм беретін ғазиз ұстазымыз Әлекең бүгін тірі болса 90-ға келер еді. Ұлы ойшылдарға тән кең маңдайын жарқыратып, ғажайып бұйра шаша қос айырылып, жадыраған жүзі кеңет бір қалың ойға шомып, ақырын ғана езу тартып, мінбеге шығар еді. Ақырын бастап, ойды

алыс-алыс тастап, бүгінгі күнді ғасырлар жырына толытрар еді, кемеліне келген дана жас балаға да қарап, ата батасын, ұстаздық алғысын айтар еді-ау!

Әлекеңнің сөйлеу, ойлау, толғау ырғағында Мұхтар ағамен үндестік бар еді. Әлекең де Мұхаң сияқты сөзді ақырын бастайтын. Ғажайып ойшылдардың лықылдап «мені айт», «мені айт» - деп келіп тұрған ойлары сол бір сәтте тоғысып, оларды әуелі іркілтіп тастайтындай көрінетін. Ойлар орын-орнына келіп, кешікпей тұжырымдар ағыл-тегіл төгіліп, бір теңіздегі толқындары сияқты жарға соғатын. Тыңдаушы қауым ұйып, ой мұхитына саяхат шегетін. Кейбір сәтте терең ойды келте доғарып, көптен толғанып жүрген жаңа бір идеяның арасында түсіп кеткен кезде тыңдаушы қауымның ой толқындары басынан асып, бірін-бірі асыға қуып бара жатқан толқындардай әсер ететін. Қорқыт, Алпамыс, Қобыланды, Тарғын, Манас, Қамбар, Баян, Жошы, Алаша хан, Ақсақ Темір, Шыңғыс хан, басқа да тарих кейіпкерлерімен берге жасасқандай сыр шертетін.

1994 ж.



## **АКАДЕМИК МАРҒҰЛАН**

Халық тарихында, оның мәдениеті мен ғылымда өшпес, өнегелі із қалдырған дана ойшылдар, білімпаз қайраткерлер қашан да сол халықтың өзімен мәңгі бірге жасайды.

Совет заманы халық талантының қайнар көзін, кең арнасын ашты. Жетпістен асқан қарт Жамбылдың Октябрь революциясынан кейін замана құрсағынан қайта туып, бақыт тауып, лезде-ақ күллі әлемге аңыз болып тарауы осының айғағы еді. Бұл дәуірде оқып білім алған Қаныш Сәтпаевтың, Мұхтар Әуезовтың есімдері халық мақтанышына айналды.

Халқымыздың тарихың, мәдени шежіресін жалықпай зерттеп, том-том бағалы кітаптар жариялап, көпшілік санасының өсуіне, білім қорының молаюына ықпал жасап келгендердің ең көрнектілерінің бірі – АКАДЕМИК ӘЛКЕЙ ХАҚАНҰЛЫ МАРҒҰЛАН.

\*\*\*

Жиі кездесіп үнемі жөн-жоба, ақыл-кеңес алып жүрген ұстаз жайында, көрнекті ғалым қайраткері, қарапайым аға жайында, оның ғылымдағы мұратын, ой-парасаты жайында жазудың қиын екендігін мен қолыма қалам алғанда ғана түсіндім.

...Көпшілік ойынан шыға алмасам ше? Әңгімені неден бастау керек? Жастарға үлгі болсын деп академиктің балалық шағын, өскен ортасын жазам ба, жоқ әлде, жасынан зерек, Баянның сұлу табиғатына, қазақтың ұшан-теңіз жырына бөленіп өскен Әлкейдің Москва, Ленинград қалаларындағы оқу, іздену жолын жазам ба? Онда Қаныш, Мұхтардай жас даналармен білім жолына бірге аттанған шәкірт жылдарының қымбат, қызық әңгімесін айтып жеткізе алар ма екем?...

Жоқ, бұл алдағы уақытта асықпай жазатын, бөлек дүние, қызық әңгіме болса керек. Сондықтан да мен бұл мақалада ғалымның тындырған істері, жаңа ізденістері жайында мағлұмат беруді жөн көрдім.

Задында жасампаз ғұламалардың бәрі де жан-жақты болған ғой. Әлкей марғұлан да ғылымның әр саласына өз үлесін қосып келген білікті ғалымдардың бірі. Ол - әдебиетші, тарихшы, археолог, өнер зерттеушісі, саяхатшы, этнограф. Әлағаның ұстаздығын, жазушылығын қосыңыз. Бұл жерде біз жазушы деген сөзді әдейі айтып отырмыз. Өйткені, ғалымның еңбектері дәлділігінің, тереңдігінің үстіне көркемділігімен де ерекше сыпатталды.

Сіз Шоқан шығармалары бес томдығының алғашқы кітабындағы Шоқан өмірінің өмерінің очеркін қайта бір оқып қараңызшы. Сірә да оның әдеттегі өмірбаяндық жалаң деректемелерден тіпті бөлекше жазылғандығына таласа қоймассыз. Бұл очеркті Шоқанның өскен ортасы, дүниетанымы, өнер дүниесі жайындағы тұтас көркем шығарма десе де болғандай. Қазақ топырағында туған өмірбаяндық очерктердің бұдан озық үлгісін таба қою қиын.

\*\*\*

Мағынасыз бос жүрістен ғылым да, өнер де шықпайтыны мәлім. Уақытты үнемдеп, оны орынды пайдалана білудің өзі де үлкен мәдениеттің белгісі. Күнделікті өмірін мақсатсыз өткізіп, әйтеуір таңды атырып, түк бітірмей күнді батырып жүргендерге қарасаң, өмір ұзақ тәрізді, ал тіршілігінің әрбір сәтін пайдалы істерге, Отан игілігіне арнап, үнемі ізденіс үстінде жүрген азаматқа уақыт ешқашан жеткен емес. Қоғамға белгілі болған ардагердің бәрі де үнемі уақытпен санасып отырған.

Осы орайда академик М. Әуезовтің мына бір сөзі еске түседі. Бірде университетте сабақ үстінде Мұқан:

- Мен өзім теңдес, өзім құрбылас орыс достарымнан үш жыл кейін жүремін, өйткені олар "Евгений Онегинді" тоғыз жасында оқиды, ал мен он екі жасымда оқыдым, - деген еді.

Білімпаз ұстаздарымыздың бұл сөзі жасы жиырмадан асқанша "Евгений Онегинді" оқымаған біздің студент құрбыларымыздың біразын сонда мықтап ұялатқан.

Ғылым жолы, өнер жолы табандылықты, талмай ізденуді қажет етеді. “Данышпандылықтың өзі - шыдамдылық” – деген ғой дана көсеміміз К. Маркс.

Әлкей Марғұлан бірден академик болған жоқ. Өмір бойы білім-ғылым құған ізденімпаздылығы, табандылығы мен шыдамдылығы Әлағанды Отанымыздың ең ірі тюркологтардың қатарына әкеліп қосты.

Ол филология ғылымының докторы, профессор, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтында бөлім меңгерушісі болды.

\*\*\*

Әлағанды үнемі жазу столында, жұмыс үстінде көресің.

Жаз шыға респуликамыздың байтақ даласын аралап, жойқын соғыстардың зардабынан жер астында көміліп қалған, жойылып кеткен ескі қалаларды іздейді. Сөйтіп, Қазақстан жерін мекендеген адамзаттың ежелгі мәдениеті, кәсібі, тұрмыс-тіршілігі жайындағы жаңа деректер әкеледі. Қыс бойы жазады, жаз шыға қайта аралайды.

Академик Марғұлан Алматыда Карл Маркс пен Калинин көшелері түйіскен жердегі үлкен үйдің үшінші қабатында тұрады. Біз сол үйге қарай аяңдап келеміз.

Зілі жоқ, тентек, ерке қыздың мінезіндей Алматының ауасы да ғажап қызық қой. Үйден шыққанда түк жоқ еді, троллейбустан түсіп, әудем жерге жеткенше үсті-басымыз малмандай аппақ қар болды. Қарды сілкіп қоңырау соғып ішке кірдік.

Әлағаң бүгін де әдетінше кабинетінде, жұмыс үстінде отыр екен.

Столдың үсті толған қағаз. Жарық күнде шам жағып, ортасында ғалым отыр. Ай маңдайы жарқырап, ақшыл тартқан бұйра шаштары толқындаған Әлағаң дәл осы бір сәтте маған замандастан гөрі аңыз болып жеткен ежелгі грек данышпандарына көбірек ұқсай берді.

Мен қызығып, ұрланып қарап тұрмын. Не жазып отырғанын кім білсін, әйтеуір таза ғылым екені ақиқат. Ғалымның ойын бөле

алмай, қаламы жүрген осы бір қымбат сәтін бұза алмай, дағдарып біраз тұрдым.

Бұл кісімен пікірлесудің өзі бір мектеп қой, шешіліп бір сөйлесе болғаны, тарихтың жай-жапсарын түгел шарлап, ежелгі қалаларды аралап қайтқандай боласың.

Ойлы, қыран көздерін алысқа тастап, қағазға қайта үңіледі, қайта жазады. Дамылсыз жазып отыр

Сәлден соң:

- Әлаға рұқсат па? – дедім.

- Е. кел, кел. - деп орнынан тұрды.

\*\*\*

Өзіміз көрмесек те, кезімізде академик, профессорлардың қаңғалақтығы, жүріс-тұрысындағы кейбір қызық мінездері жайында айтылатын әжуа-әңгімені көп істегеніміз бар. Әзірге сыңар аяқ, сәлекет жүрген ғалымды көрген емеспін. Ал нағыз ғалымдардың ақкөңіл, бала мінезді болатындығын шынында көріп жүрміз. Әлағаң сондай кісі. Табиғатына сол мінезі жарасады да.

- Әлаға, газет оқушылары сіздің ғылымдағы ізденістерінің жайлы білгісі келеді, мен газет тапсырмасымен арнайы келіп отырмын, - дедім.

Күнделікті жоспарлы жұмысынан ойын бөлгісі келмеді ме, қайдам:

- Ол ұзақ әңгіме ғой, оның қайсысын айтамыз? – деп кейінге сілтегендей болып еді, десе де біртіндеп шешіле бастады.

- Ендеше әңгімені Шоқаннан бастайық, менің көп уақытым сол Шоқан еңбектерін әзірлеуге жұмсалды, - деп, біраз ойға шомды.

Әлағанның Шоқан мұрасын зерттеудегі сіңірген есепсіз еңбегі еске түсті.

Өмірден тым ерте кеткен Шоқанды әлемдік ғылым Орта Азия мен Шығыс Түркістанның айтулы зерттеушісі ретінде тіршілігінде-ақ мойындаған болатын. Ұлы ғалымның соңында қалған мол мұраны жариялауға Шоқанның айнымас орыс достары сол кезде-ақ шұғыл кіріскен, бірақ бұл игілікті істі зиялы бауырлар мезгілінде толық аяқтай алған жоқ. Сондықтан да бұл міндетті өтеу кейінгі ұрпақтың сыбағасындағы іс еді.

Ондаған жылдар бойы жалықпай іздене түсіп, Шоқанның байтақ қазынасын Отанымыздың түкпір-түкпіріндегі архив шаңдағынан ақтарып, жинастырып, оларды ретке келтіріп бес томдық толық жинақ етіп бастырған ғалым – академик Марғұлан.

Осыншама қымбат қазынаны қалпына келтіру шын мәнінде Шоқанды қайта тірілтумен бара-бар оорасан жұмыс еді. Туған халқы осы еңбегі үшін шексіз алғыс айтады.

\*\*\*

Маркстік-лениндік жасампаз ілімнің пәрменділігіне сүйеніп отыра іздену, сыр ашпаған белгісіз түкпірлерге сапар шегу, көп жұмбақтың кілтін ашу – бастан-ақ Әлкей Хақанұлының ғылымдағы басты мұраты.

Ғалымның “Шоқан” және “Манас” атты соңғы монографиясы талайды болдыртқан, талайдың өмірін тауысқан тағы бір жұмбақтың кілтін ашып отыр.

Білімді кісілердің бауырын жазған жүйріктей кең көсіліп, шешіліп сөйлейтін әдеті емес пе, Әлағаң жұмбағы шешілген бір әңгімемен өзіне еріксіз тарта берді.

- “Манас” тарихи заманнан таулы Азия қыратында ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан қызықты жыр, қырғыз халқының айтулы мұрасы. Бұл жырды алғаш рет қағаз бетіне түсіріп, оны әдебиет дүниесінің белгілі кеніші еткен жас ғалым Шоқан еді. Бірақ Шоқан жазып алған “Манас” жырының қырғыз тексті көп заман ғылымға белгісіз болып жатты. Бұл нұсқаны жарыққа шығаруды Шығыс әдебиетін зерттеуші ғалымдардың талайы талап еткен еді, алайда, өкінішке орай оның сәті түспеді. Өйткені, Шоқан нұсқасы көп заман қою тұман астына батып, үшті-күйлі жоқ болды.

“Манас” жырының қағаз бетіне түскенін біз бұрын Шоқанның орысша аудармасынан, не қырғыз текстің көзімен көрген оның қадірлі досы Г.Н. Потаниннің естеліктерінен ғана білетін едік. Жүз жыл архив тозаңында жоғалып жатқан бұл асыл кеніштің ақырында табылғаны “Манас” жырын зерттеушілерге бұлақтың қайнар көзін қайта ашқандай болды.

“Манастың” Шоқан жазып алған нұсқасын табуға себепкер болған Шоқанның замандас досы, белгілі татар ғалымы Хұсаин Фаизхановтың Шоқанға жазған хаттары.

Хұсаин Фаизханов – Шоқанның қырғыз-қазақ тіліндегі қолжазба дәптерлерін көзімен өткеріп оған зор қуаныш білдірген кісі. Шоқанға жазған бір хатында ол былай дейді (академик хатты оқи бастады):

- Төңірі жарылқасын. Мендегі дәптеріңізді көшіріп алуға рұқсат беріпсіз. Қазір жазып бітіргенім жоқ. Бітіргеннен кейін Романовскийге беремін. Сіздің дәптерлеріңіздрегі “Көкетай ханның ертегісі” қазақ ертегілерінен біраз басқарақ көрінеді, оны сіз қайдан алдыңыз. Ол сіздің жұртларда бек мәшһүр ме? Соның хикаясын жазсаңыз деп өтінемін, жақсы нәрседен екен.

Г.Н. Потаниннің айтуынша, Шоқанның Алатау қазақтары мен қырғыздар туралы жазып алған мәліметі өте байтақ болған. Бірақ, амал не, осының бәрі бүгінде қайда қалғаны белгісіз. Дегенмен, “Манас” жырының табылуына қарағанда, Шоқанның Жетісу қазақтары мен қырғыз халқының ауыз әдебиет мұраларына арналған дәптерлері тегіс жоғалып бітті деуге болмайды. “Манас” жыры сияқты олар да әрбір архивтің түкпірінде жасырынып жатқаны күмәнсіз. Біздің байқауымызша, Шоқанның жоғарыда аталған дәптерлері революциядан бұрынғы Күншығысты зерттеуші ғалымдардың архивтерінде сақталып келген және ол дәптердің бірнеше көшірмесі болған. Фаизхановтың: “Сіздің дәптерлерді көшіріп болған соң Романовскийге тапсырамын” дегені мұны ашық көрсетеді.

Жас ғалымдардың ізденгіштігі, еңбексүйгіштігі әлдеқалай деді ме, осы жерге келгенде, академик тамағын кернеп “соны іздеу сендердің міндеттерің емес пе?” дегендей, маған бұрылып қарады. Рас-ау, дедім ішімнен. Десем де Шоқанның хаттары мен жоғалған дәптерлерін іздеп жүрген жастардан ешкімді есіме түсіре алмай қиналдым.

Ұялтпайын деді ме, Әлағаң сөзін әрі қарай жалғастырып кетті.

- Шоқан “Манас” жырын 1856 жылы жазып алған. Бар өкініші, оны кімнен жазып алғанын айтпаған.



Шоқанмен тұтас болған белгілі манасшылар – Келдібек, Назар, Телтай, Балық. Бұлардың барлығы да Ыстықкөл төңірегінде жасаған манасшылар. Әйтеуір осылардың біреуінен жазып алғаны күмәнсіз. Жырдың сәулетті түріне, шалқыта айтқан маңғаз сөзіне қарағанда, бұл жырды Шоқан бір ұлы манасшыдан жазып алса керек. Сонда кімнен?

Бұ сауалға да тұңғыш әрі түпкілікті жауапты академик Әлкей Марғұлан берді. Ол кісінің айтуынша, Шоқанға “Манасты” Назар жырау жаздырған. Ғалымның дәлел, болжамдары мүлтіксіз. Егер кеңірек танысам деушілер болса “Шоқан және “Манас” деп аталатын монографиядан оқып алуына болады.

Стол үстінде ашылып жатқан хатқа көзім түсіп кетті. Хатты жазған кісі профессор К. Юдахин. Хатта былай деп жазылыпты: “Аса бағалы еңбегіңіз үшін сізге мың да бір рахмет!”.

Дүние жүзіндегі ең ұлы эпостардың бірі “Манасты” тұңғыш рет хатқа түсіріп, жариялаған, сөйтіп, манастану іліміне із салған қазақ ғалымы Шоқан болса, Совет дәуірінде сол ілімді негіздеген, тағы да қазақ ғалымдары Мұхтар Әуезов пен Әлкей Марғұлан екендігін әр уақытта мақтанышпен айта аламыз. Бұл – ғылыми орта әлдеқашан мойындаған ақиқат та әрі қуанышты шындық.

\*\*\*

Ес білгелі үнемі ізденіс үстінде келе жатқан ғалымның жарты ғасыр ішіндегі сан-салалы табыстарын баяндап, түгел жеткізу мүмкін емес. Сондықтан да сол қыруар еңбекті жинақтап айтуға тура келеді.

Академик Марғұлан Қазақстан мәдениеті тарихының үш саласын бірдей ұзақ жылдар бойы түпкілікті әрі жемісті зерттеп келеді.

Біріншісі – мүсін тастар, ежелгі жәдігерлер;

Екіншісі – ежелгі миф аңыздар; Орхон жырлары, “Манас”, “Алпамыс”, “Қорқыт”, “Оғыз-наме”, “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” тәрізді байырғы эпикалық мұралар;

Үшіншісі – сәулет өнері, қалалар тарихы.

Бұлардың әдепкісі – 40, екіншісі – 70, ал соңғысы – 60 баспа табақ еңбектен тұрады екен. Бұған Шоқан, Абай, Жаяу Мұса, Ақан

сері, Тәттімбет жайындағы 20 баспа табақ еңбекті қоссаңыз, академик Марғұланда әлі жарияланбаған қаншама қымбат мұра жатқанын аңғару қиын емес.

Әлкей Хақанұлы қазақ өнерінің сирек кездесетін, ешкім білмейтін неше түрлі қымбат үлгілерінің ескі сурет-альбомын да дайындап отыр. Біреуі – революцияға дейінгі, екіншісі – революциядан кейінгі кезеңді бейнелейді.

Мұның бәрін де ғалым экспедицияларда жүргенде ұзақ жылдар бойы, аса ұқыптылықпен жинаған. Бұл альбомдардан ежелгі эпостарымыз шабытпен жырлаған қорамсақ, сүңгі, найза, көбе, жебе, айбалта тәрізді қару-жарақтардың, ою-өрнектердің, былғарыдан істелген әшекейлі жиһаз-бұйымдардың не бір сымбатты, айшықты үлгілерін көруге болады. Зер салып қарасаң, әрбір сурет өз алдына тұнып тұрған жырдай, ерекше әсер қалдырады. Мәдениеттің осындай озық үлгілеріне мән беріп, оларды ғылыми түсініктемелерден жабдықтап, түрлі-түсті альбом етіп шығару – бұл да кезек күттірмейтін міндет. Ондай альбомдардың өнер тарихын танытатын рухани қазына әрі тамаша ғылыми мұра болып шығатыны анық.

Әлкей Хақанұлы қазір қола дәуіріндегі Беғазы мәдениетін жан-жақты сипаттайтын отыз баспа табақтай еңбегін жазып, аяқтау үстінде. Бұл бұрынырақ жарыққа шыққан “Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті” деп аталатын тамаша еңбектің екінші томы болмақшы.

Осы кітабын аяқтасымен ғалым, қазақ сөз өнерінің тарихы жайындағы еңбектерін жүйелеуге кіріспек.

Осының бәрі айтуға ғана жеңіл, ғылым үшін бұл аз дүние емес. Біз ғалымнан соңғы мәселе төңірегіндегі ойларын таратып айтып беруді өтіндік. Әлағандай білімпаз ғалымды тыңдай бергенге не жетсін, жібектей майда, қоңыр даусымен сыр қазынасын аша береді, мен үлгергенімше жаза бердім.

Заманымыздың V-VI ғасырларынан бергі жерде Қазақстанда отырықшылық етек ала бастайды. Жетісу, Сыр бойындағы топ-топ қалаларды сырттан келіп ешкім салып бермеген, оны осы өңірлердегі тұрғылықты халықтың өзі салған.

Қала мәдениетінің көркеюі Қараханид дәуіріне келеді, Айша бибі мавзолейі – соның ғажап үлгілерінің бірі.

Мүсін, сәулдет өнерімен қатар бұл өңірлерде жыр, эпос ерекше дамиды. Қазаққа қолмен мүсін, сәулет жасаудан гөрі заманының елеулі оқиғасын, белгілі батырларын жырлау әлдеқайда оңай еді. Ертегілер, мифтер, эпикалық үзінділер, тіпті, көшпелі ғұн, сақ, үйсін замандарынан бері белгілі екені мәлім. Мұны Прийск, Менандра Земархтар талай тамсанып жазған.

Академик Н. Веселовский тәрізді ірі ғалымдар гундерде үйлену, жерлеу салтымен байланысты жосын-жора (обрядовые) поэзия болды деп өте дұрыс айтқан. Мифтің ол кездегі түрлерінен Ақ Көбек, Құла Мерген, Ер Төстіктерді атауға болады. Бұлар табиғаты жағынан көбінесе эпосқа келіңкірейді. Қазақтың жыр-ертегілеріндегі жалғыз көзді дәудің де тегін сол ежелгі мифтерден іздеу керек.

Ежелгі жазбаларға қарағанда, қазақтың жыраулық өнері, тұспалдап естіртуі, жоқтауы, мадақ жыры сол кездің өзінде-ақ үлкен сатыда болған.

Кемеңгер көсеміміз В.И. Ленин халық ертегілерімен танысқаннан кейінгі Бонч-Бруевичпен бір әңгімесінде: “Шіркін-ай, зерттесе қандай материалдар, елдігі, тарихы тұнып тұр ғой” демеп пе еді? Ленин бағалаған ертегілерде халқымыздың ой-санасының ең әдепкі адымдары бар. Халық болған жерде өлең-жыр сөзсіз болған, бірақ сол қай сыпатта болды – осылардың бәрін анықтау, тиянақтау – ғылымның ісі.

Әрбір заманды зерттеп тану үшін үлкен дайындық керек. Мен өзім көздің майын тауысып, сарғайып істегенді жөн көремін. Көзі шалғанды білгішсініп айқайлап шыға келетіндерді ұнатпаймын, ғылым олай жасалмайды.

Ендігі бір сөз қазақ әдебиеті тарихын жүйелеумен байланысты болмақ.

Қазақ әдебиеті тарихының қазіргі жүйесін ғылыми, әрі әбден жетілген деп айту қиын. Әдебиет тарихын халық тарихымен тығыз байланыста, бірегей тұтастықта алып зерттеген дұрыс.

Әдебиетіміздің ескі тарихы жаңа аяқтанған бота секілді, жаңа ғана аяқтанып келеді. Халық бір кездерде жасаған әдебиет үлгілерін тарих түкпірінен аршу керек.

Ескі Русь пен бергі орыс мәдениетінің арасына орыс халқы тас қамал қоймаған. Олар әуелі ескі мәдениетті зерттеп, сосын оған бергі үлгілерді қосып, бүкіл әлемге орыс халқының байтақ, кең мәдениетін, өнер тарихын – біртұтас ұлы мәдениетін танытты. Біз үлгі алатын, біз ұстанатын өнеге жолы. міне, осы.

Келешекте қазақ әдебиетінің тарихы төмендегіше жүйеленгені шындыққа жақынырақ болады:

1. Ерте замандағы көшпелі тайпалар (сақ, ғұн, үйсін) әдебиеті.

2. Түрік дәуірінің әдебиеті. Бұл тұста эпикалық шығармалар жоғары сатыға жетті. Бұл дәуірден Орхон ескерткіштері, “Оғызнаме”, “Алпамыс”, “Қорқыт”, “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” тәрізді әлемге әйгілі жыр-дастандарды атауға болады.

Фараби, Жауһари шыққан жерден ақын да шыққан. Жетісуда, сырда, Таласта ақын-жыраулар өте көп болған. Әлбетте, мұны да айқындау керек.

3. Осыған ілікте әдебиетті Алтын Орда дәуірінің әдебиеті демей, Қыпшақ әдебиеті деген жөн. бұл XI-XIV ғасырлар арасын қамтиды.

Плано Карпини Сырдағы ең мықты тіл қыпшақ тілі деп өте орынды айтқан ғой. XII ғасырға дейін оғыз-қыпшақ тілінің қатар дамығаны рас, бірақ оғыздар Хорасанға көшкеннен бастап Жетісудан Еділге дейінгі аралықта таза қыпшақ тілі дамыған. Бұл жайында Қыпшақ дәуірінің білгірі Ананияз Зайнчковскийдің еңбектерін көбірек қарау керек болады.

XV ғасырға дейінгі осы аталған әдеби кезеңдер мен әдеби мұралардың дені түркі халықтарына ортақ болып келеді, ал XVI ғасырдан бастап қазақтың төл әдебиеті қанаттанады.

Ғалым сағатына қарады:

- Бүгінгі әңгімемізді осымен доғарсақ қайтеді, - деді. Академиктің онсыз да зәру уақытына одан әрі қиянат жасауды біз де жөнсіз деп білдік.

Қағаздарымды жинастырып болғанымша, ғалым қолына қаламын алып. Беғазы мәдениеті жайындағы екінші кітаптың соңғы беттерін жазуға қайта кірісіп кетті.

\*\*\*

Мен киініп тысқа шықтым. Аспан айдай ашық. Жердің бетін  
аппақ ұлпа қар жапқан.

Ғылымның кең сарайын аралап, салауатты кеңесінен  
шыққандай, әлгі байтақ әңгіменің әсеріне келемін.

1972 ж.



## ҒҰЛАМА

Кім екен жоқ іздеген ақша қырдан  
Ізінде адырлар көп ақтарылған  
Мелшиген Ұлытаудың обалары,  
Шығармай сырды терең қатпарынан

Жапан ғой асыр болған ығыр жаудан,  
Замандар жазығынан шұғыл ауған.  
Жиһанкез сол адам жүр жоғын іздеп,  
Зілзала, жер астынан шыңыраудан.

Ол солай көп тінтеді қу даланы,  
Іздейді дауыл жапқан құм қаланы  
Тот басқан бақыр тапса, жер түбінен,  
Алтынға кенелгедей қуанады.

Шебердей сарай құрған сынықтардан.  
Жаңғыртты ол күмбездерді ұмыт қалған.  
Екшелеп ертегінің жұмбақтарың,  
Шешкен ол талай сырды тұйықталған.

Тұлдырдай түйін іздеп көне түзден,  
Жортады баяғылар кезген ізбен,  
Тарихшы имараттан ізде оны,  
Сарғайған сызбаларға көзін сүзген.

Баяндап батырлады, алмас қырлы,  
Зершіл ол ашқан ердей алғаш таңды.  
Шоқанның жарды соққан толқын ойын.  
Саралап бүгінгімен жалғастырды.

Басы да күмбезіндей парасаттын,  
Білігі-алауындай зор ошақтың  
Ұрпаққа-баба түкті шежіре ол,  
Таратқан тарауларын көне шақтың,

Бұл күнде ойы биік ел ағасы,  
Халқымның мұрагері-ғұламасы.  
Жая бер тамырыңды тереңдерге,  
Ғылымның бәйтерегі, гүл ағашы.

1984 ж.



## ӘКЕ АРМАНЫ

Әкем күніне 16-18 сағат жұмыс істейтін. Кейде сағат таңғы 4-терде ұйқыдан оянып қарасаң, жазу үстелінде отыратын. “Папа, сен қашан демаласың”, - десем: “Ой, жаным, қазір, қазір жатамын”, - дейді. Тағы бір екі сағаттан кейін қарасаң, әлі шұқшиып отырғаны.

Ол кісі бала сияқты ақкөңіл, аңқау болатын. Папама “Халықтар достығы ордені” берілетін болды. Ол туралы жарлық та шықты. Бір күні маған:

- Дәнел, айналайын, анау маған орден берем деп айтты ғой бір уақыт.

- Иә.

- Сен алдың ба?

- Маған бермейді ғой. Сені шақырады, салтанатты түрде өздері береді, - дейді.

Содан мен үйде болмаған бір күні Жоғарғы Кеңестің хатшысы шақыртыпты. Үйге келгеннен кейін: “О, маған орден берді”, - деп балаша мәз болғаны бар.

Әрдайым өмірден түйгендерін, ақылын айтып отыратын. Құлық-сұмдығы жоқ, ашық адам болатын. Үйге қонақ келгенде де негізгі әңгімесі қазақ туралы. Бірде: “Сұлулықты ең жақсы түсінетін екі халық бар. Олар қазақтар мен француздар”, - дегені есімде. Халқын жанындай жақсы көретін. Бір қызық мінезі – қонақтармен де көп отырмайтын. “Ал, сендер отыра беріңдер, мен шамалы демалайын”, - деп өз бөлмесіне кіріп кететін. Әр уақытын үнемдеп пайдаланғанды жақсы көруші еді.

Өмірінің соңғы күндерінде қатты қиналып жүрді. Оның жанына батқан ауруы емес, жарияланбаған еңбектерінің тағдыры еді. Өле-өлгенше ол кісі өзінің 12 томдығын шығаруды армандап кетті.

1998 ж.





*Кемал АҚЫШЕВ,  
тарих ғылымының докторы, археолог,*

*Карл БАЙПАҚОВ,  
тарих ғылымының докторы*

## **ҚАЗАҚ АРХЕОЛОГИЯСЫ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ**

Тірі болса, 1994 жылдың мамыр айында академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан 90 жасқа толатын еді. Бірақ жазмыш үкімімен 1985 жылдың 12-қаңтарында сан салалы шығармашылық жоспар жұмыс жөніндегі таусылмас ойлар үстіндегі Әлекең дүниеден өтті.

Ә. Марғұлан 1904 жылдың 11-мамырында Ақбет болысының 2-ауылында (қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы) дүниеге келеді. 1920 жылы ол Павлодардағы мұғалімдер курсы бітіріп, мектепте сабақ береді. Ал 1921 жылы Семейдің педагогика техникумына түсіп, 1925 жылы оны үздік бітіріп шығады.

Сол жылы болашақ ғалым Ленинград институтының әдебиет факультетіне оқуға түседі. Онымен бір мезгілде Ленинградтың Өнер тарихы университеті мен институтындағы профессорлар В.В. Бартольдтің, С.Ф. Ольденбургтың, И.Ю. Крачковскийдің, Н.Я. Маррдың, А.Н. Самойловичтің, В.В. Стувенің, Б.Я. Владимирцевтің, И.И. Мещаниновтың лекцияларын тыңдайды.

Институтты тәмәмдаған соң Ә. Марғұлан Қазақ АССР-ының Халық ағарту комитетінде жұмыс істейді. ал 1931 жылы Ленинградтағы Мемлекеттік материалдық мәдениет тарихы академиясының аспирантурасына түсіп, А.Ю. Якубовский мен С.Ф. Ольденбургтың жетекшілігімен Түркістанның археологиясы, тарихы, өнер тарихына маманданады.

Ә. Марғұлан 1936-38 жылдары материалдық мәдениет тарихы институтында ғылыми қызметкер, ал 1938 жылдан КСРО Ғылым Академиясы Қазақ филиалының қызметкері болып істейді. Осыдан бастап оның барлық шығармашылық өмірі КСРО ғылым Академиясының Қазақ филиалымен (кейіннен ҚазССР Ғылым Академиясымен) байланысты болады. Ол ҚазССР

Ғылым Академиясы Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының 1941-1946 жылдары тарих секторын, 1946-1951 жылдары археология секторын, ал 1958-1976 жылдары этнография бөлімін басқарады.

1943 жылы Ә. Марғұлан “Историческое значение ярлыков и пайцзе” деген тақырыпта тарих ғылымының кандидаттығын, ал 1945 жылы “Қазақ халқының эпикалық аңыздары” деген тақырыпта филология ғылымының докторлығын зор абыроймен қорғап шығады. Ол 1946 жылдан Қазақ ССР Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі, 1958 жылдан академигі, ал 1960 жылдан профессоры атағын алады.

Ә. Марғұлан кең ауқымды ғалым еді. Ол археологиялық ескерткіштердің, сәулет өнерінің тарихын зерттеуге қомақты үлес қосты. Ол тарихшы-өнер зерттеуші, этнограф, филолог, фольклоршы ретінде қазақтар мен Орта Азия халықтарының тарихын зерттеуге мол еңбек сіңірді.

Әйткенмен, көптеген шығармашылық ұмтылыс, қызығушылықтарының ішінде ең алғашқы ғылыми еңбекерінен бастап Әлкей Хақанұлы ынты-шынтысымен берілген, өзінің бүкіл саналы ғұмырын арнаған ғылым саласы бар еді. Ол – ежелгі тарих пен археология. 1991 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясында археология институты құрылғанда оған көрнекті ғалым есімі өте лайықты берілген.

Ғұлама ғалымның археологияға қызығушылығы жәй ғана әуестік емес, мәні мейлінше тереңде жатыр. Әлкей Хақанұлы ертедегі және орта ғасырдағы жазба деректерді аса жетік білгендіктен, онда қазақ жөніндегі мәлімет тым аз болғандықтан, ол осынау тарихи әділетсіздіктің, олқылықтың орнын тек қана археологиялық ізденістер толтырар деп шешті. Дәл осындай байлам жасаған Ш. Уәлиханов өз заманында, кейіннен Қ. Сәтпаев археологиямен айналысуға бет бұрған еді. Ә. Марғұлан олардың лайықты ізбасарына айналды.

Оның ғылыми ізденіс сапарлары студенттік шағында-ақ басталды. 1926-1927 жылдары Әлекең академик А.Е. Ферсман мен профессор С.И. Руденконың басшылығымен КСРО Ғылым

академиясының Қазақстан және Алтай экспедицияларына қатысты.

Әлкей Хақанұлының жеке басының тартымдылығы, қазақ халқының тілін, тұрмысын және әдет-ғұрпын жақсы білуі экспедиция жұмысының сәтті жүруіне үлкен әсер етті деп еске алады А.С. Руденко. Ә. Хақанұлы бос уақытында қазақтардың ән-күй және ауыз әдебиеті шығармашылығы, қолөнері, генеологиясы мен ру-тайпалық құрамы жөнінде мәлімет жинайды. Ол деректерін жинақтап, ғылыми мақала ретінде “Адайлар” (1927), “Наймандар” (1930) деген атпен бастырды.

Қазақ ССР Ғылым академиясы ашылған соң Ә. Марғұлан Орталық Қазақстанды зерттеген археологиялық экспедицияларды басқарады. Бұл экспедициялар арқылы Сарыарқадағы көне мұраларды 50 жылға таяу уақыт үзіліссіз зерттеумен шұғылданады.

Тайпалардың көшіп-қонуы мен мәдениеттерінің өзара әсерін, сондай-ақ ескерткіштердің жекелеген түрлерінің таралу аумағын анықтау үшін Ембі мен Сағыз өзендерінің алабы, шығыста – Ертіс, Қалба, Нарымның жоғары сағасы, Атбасар даласы мен Көкшетау бөктері, тіпті Сарысу, Шу, Талас өзендерінің төменгі ағысы мен Қаратаудың солтүстік беткейі зерттеу нысанасына алынды.

Ә. Марғұлан жұмысы тек қана орасан мол территориялық ауданды қамтуымен ғана емес, сондай-ақ зерттеген жәдігерлігі кең хронологиялық диапазонымен ерекшеленеді.

Экспедиция мүшелері мыңдаған археологиялық ескерткіштерді тауып, зерттеп, жүздеген мұраларды қазады. Олардың арасында неолит және энеолит дәуірінің қонысы да, андроновтық және Беғазы-Дәндібай мәдениеттерінің елді мекені мен молалары да, б.з.д. VII-I ғасырларда көмілген мүліктер де, б.з. V-VIII ғасырларындағы қорғандар да, жартастағы жазбалар мен балбалдар да ежелгі керуен жолдары да, басқа да көптеген көне мұралар бар.

Дешті Қыпшақ даласындағы отырықшылық мәдениетті іздестіру мен зерттеу арқылы ғылымда жаңалық ашылды. Қаратаудың солтүстік беткейінен (Тарсатөбе, Баба-Ата, Құмкент, Шолақ Қорған, Саудақент, Ақсүмбе қалашықтары) дамыған қала

мәдениетінің қалдықтары табылып, зерттелді. Бұл қалашықтардың арасынан Құмкент пен Саудақент ғана жазба нұсқаларда кездеседі. Қала мәдениетінің елді мекен, керуен-сарай, қала, суландыру жүйесі секілді қалдықтары Қаратаудың солтүстік далаларынан, даладағы көгалды алқап пен сарысу, Кеңгір өзендерінің алабынан, Ұлытаудың таулы қыраты мен Нұра өзенінің төменгі сағасынан табылады. Осындай қала мәдениетінің ескерткіштері Бетпақдаланың батысы мен солтүстік бөлігінен табылып, қазылады.

Бетпақдала шөліндегі моладағы күмбез, қоршау, сәулет ескерткіштері (пирамида тәріздес тас қорғандар), мазар, сондай-ақ қоныстар мен тастағы бейнелерді қазу мен қалпына келтіруге көп мәне беріледі. Атақты Беғазы моласындағы тақталы қоршауды қазу нәтижесі де ғылыми жаңалық болып табылады.

Әлекеңнің Орталық Қазақстандағы алғашқы жылғы зерттеу нәтижелерінің өзі-ақ ғылымда қалыптасқан тұжырымға енгізілді. Бұрын отырықшылық мәдениет және қалалық өркениет Сырдария, Талас өзендерінің алабында, Шу өзенінің жоғары ағысында ғана таралған деп есептеліп келген еді. Бірақ зерттеу нәтижесінде Қазақстандағы көшпенді және отырықшы тұрғындардың, мал шаруашылығы мен егін шаруашылығының тығыз байланыста болғандығы жөнінде жаңа мәліметтер табылады. Бұл зерттеу нәтижесінде “Ежелгі Қазақстан құрылыс өнері мен қалалары тарихынан” деген монография жазылып, 1951 жылы баспа бетін көреді.

Бұл еңбекте көне қалаларды жазбаша деректермен үйлестіре зерттеу жөніндегі материал жинақталып және жүйеленіп қана қоймаған, сонымен қатар осынау күрделі мәселені зерттеудің жолдары қарастырылған. Мұнда Әлекең Сыр бойындағы қуатты мәдени орталық әрі қазақ жерінде қалалық өркениеттің қалыптасуына үлкен әсер еткен Отырарды зерттеу ісіне көп көңіл бөледі. 70-80 жылдары Отырар орнын қазып, бірқатар құнды монографиялар дүниеге келгенде ғалымның көптеген идеялары іске асты. Сондай-ақ, Ә. Марғұлан – қала мен даланың өзара әсерін, қазақтардың этногенезі, көшпенділердің мемлекеттігі мәселелерін алғаш қозғаған ғалым.

Қазақтың шығу тегін іздегенде қыпшақтар аса маңызды орын алатынына нық сенген ғалым бұл күрделі мәселеге қатты көңіл бөліп отырды.

Ғалымның ортағасыр және шығыстану тарихы, филология мен фольклор, этнография, археология және топонимика іспетті ғылым салаларынан жан-жақты хабардарлығы оған қыпшақ мәселесін мейлінше кең ауқымда әрі кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік берді. Оның бұл салада жақсы нәтижеге жетуі заңды құбылыс еді.

Орталық Қазақстанға барған археологиялық экспедицияның басты мақсаттарының бірі ортағасырдағы қыпшақтардың материалдық мәдениетінің археологиялық объектілерін ашып, ғылыми айналымға енгізу болды. Қыпшақтардың тарихы жөнінде Ә. Марғұланның іргелі монографиялық зерттеу қалдыра алмағаны өкінішті-ақ. Әйткенмен ғалымның бұл саладағы тындырғанының өзі ғылымға қосылған мол үлес.

Ә. Марғұлан қыпшақтар көшпелі тұрмыс құра жүріп, көпсалалы шаруашылықпен шұғылданған, олар мал да бақты, егін де салды, аң аулап, кен де қорытты, саудамен, басқа да әрқилы кәсіппен айналысты деген қорытындыға келді. Қыпшақтардың сауда-экономикалық және мәдени-этникалық байланыстарын ғалым әрқилы аспектіде қарастырған.

Белгілі бір ақиқатқа ұмтылғанда жазба деректер мен археологиялық нұсқаларды бір мезетте пайдалана білу қабілеті, ойының ауқымдылығы Ә. Марғұланның қыпшақ міселесінің бірнеше саласында тамаша әрі мейлінше дәлелді тұжырымдар жасауына мүмкіндік береді. Мысалы, қазіргі Қазақстанның оңтүстік-батыс далаларынан жүзі бүркеулі қыпшақ әйелінің тас бейнесінің табылуы біздің заманымыздың екінші мыңжылдығының басында Дешті Қыпшаққа енген ісләм дінінің әсері деген пікірді Әлекең бірінші болып айтты. Өйткені ісләм діні бойынша әйелдер пәрәнжімен (бет пердемен) жүзін жасырып жүруге тиіс еді. Сырдарияның солтүстік аудандарында бет-жүзі бейнеленбеген балбалдар жасау дәстүрінің болғандығын айғақтайтын жазба дерек ретінде Ә. Марғұлан орта ғасырдағы ұлы ақын Низамидің өлеңдерінен үзінді келтіреді.

Орта ғасырдағы қазақ жеріндегі қыпшақтардың географиялық қонысын зерттеуде араб-парсы деректерімен жақсы таныс Ә. Марғұлан ғылымда Х в. деген жасырын атымен белгілі парсы тілді автордың “Худуд әл-Аламына” сүйенеді. Бұл еңбектің авторы қимақтар мекендейтін үш облыс жөнінде айта отырып, дәстүрі жағынан оғыздарды еске түсіретін Андараз облысының тұрғындары аз-қыпшақтар туралы мәлімет келтіреді. Бұл территорияны қазіргі Қазақстанның картасына салғанда қай жер болатыны жөнінде ғалымдардың пікірлері әр түрлі. Соның ішіндегі мейлінше көңілге қонымдысы - Ә. Марғұланның пікірі. Ол кісінің пікірінше, Андараз аз-қыпшақ – Орталық Қазақстан облыстары, Ұлытау, сарысу алабы. Бұл аймақ оңтүстігінде Қаратау қыраттарымен шектеседі.

Өкінішке орай, Ә. Марғұланды қыпшақтардың шығу тегі жөнінде нақты дерек жоқ. Бірақ олардың түркітілдестерге жататыны, тіпті ғұндардың ұрпағы болуы мүмкін екендігіне ол күмәнданып көрген емес. Ғұлама ғалымның деректерде кездесетін екі этникалық атау – қыпшақтар мен қимақтарды әрең-әрең теңдестіріп жүргеніміз дұрыс па деген ойы қазір расқа айнала бастады. Оның “қыпшақ” сөзінің төркіні жөнінде, түркітілдестер лексикасындағы “қыпша бел” сөзінен шықты, қыпшақтар қыпша белді келеді деген пікірі де көңіл аударуға тұрарлық.

Ә. Марғұлан көптеген ортағасырлық көшпенділер ескерткішін бірінші болып ғылыми айналымға енгізген. Соның бірі – XIV ғасырдың бірінші жартысы деп танылған, ғалымның өзі тапқан – Нұрадағы қыпшақ қабірі.

Қыпшақ мәселесін зерттеушілерге Қазақстан қыпшақтануының негізін қалаған Ә. Марғұланның ғылыми жетістіктерін айналып өту мүмкін емес.

Әлемдік археологияның зор жетістігінің бірі – ғалымның Орталық Қазақстаннан қола дәуіріндегі қуатты мәдениет ошағын ашуы. Ол 3000-3500 жыл бұрын қазіргі Қазақстан жерінде бай металл кен орны, төл мәдениеті бар мәдени орталық болғанын дәлелдейді. Дәл сол кезде де қазіргідей Жезқазғанның, Қоңыраттың, Саяқтың мысы, Атасудың қалайысы, Степняқтың алтыны игерілген екен. Зерттеген материалдарды әріптестерімен

бірігіп жазған “Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті” деген кітапта жарияланды.

Аталған мәселенің ең көрнектісі ғалымдардың зор бағасын алған “Беғазы-Дәндібай мәдениеті” деген монографиясы болды. Мұнда Ә. Хақанұлы 1947 жылдан бастап барлық экспедициядан жинақталған ауқымды археологиялық материалдарды талдаған.

Беғазы-Дәндібай мәдениеті - әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі және мәдени жетістігінің көрнектілігі жағынан Триполь, Қарасұқтан кем қалмайтын Сарыарқадағы тамаша құбылыс. Бұл мәдениеттің барлық әйгілі ескерткіштерін (Дәндібайдан басқасы) ашқан да, қазған да - Ә. Марғұлан.

Дәндібай, Беғазы, Саңғыру, Беласар, Елшібек іспетті ескерткіштер адамзат жетістігі қазынасын толтырып, әлемдік мәдениетті байыта түсті. Сондықтан ірі шығыстанушы және археолог ғұлама ғалым Ә. Марғұлан есімі адамзат ғылыми тарихына алтын әріптермен жазылды.

1994 ж.



*Ақселеу СЕЙДІМБЕК,  
филология ғылымының докторы, профессор*

## **АҚАН МЕН АКАДЕМИК** *(Деректі әңгіме)*

Арқада Қызылтау, Ортау, Ақтау деп аталатын сілемді таулар бар. Бірі құж-құж болып біткен қиялдай қызыл тастарымен, бірі ұйыса біткен шөптесін жондарымен, енді бірі ағара көрінер ақ керіш иықтарымен өз атын өзі айғақтап тұрғандай. Осынау тауларының сай-саласын қуалап Атасу өзені ағады. Қос қапталын күлтеленген тал-шілік көмкеріп, шымдауыт алқаптары көорай шалғынға оранған бұл өзеннің ұзына бойы малшылар қауымының жаз баласындағы жан рахаты. Биыл да жаз жылт етіп шығысымен, Атасудың құнарлы алқаптарына желпіне қонысып, аз күнде өзен бойы алашабыр елге толған. Осы шақты жылқышы Жәркеннің баласы Ақан айырықша тақыршып, асыға күтіп еді. Ақанның жайлауға асығып, бұлайша мазасыздануына өзіндік бір сыр болатын.

... Соңғы екі-үш жылда жаз шығысымен, түү-у сонау Алматыдан академик Әлкей Марғұлан бастаған бір топ ғалымдар келіп, Атасу бойындағы қалың тас қорымдары қазатын. Әшейінде мән бермейтін осынау бағзы заман белгілері енді ауыл адамдарының ертелі-кеш әңгімесіне арқау болып, білмекке құштарлық әркімге-ақ құлақ түргізетін. Әсіресе, кісі бойы, қол созым кереге тастардан тұрғызылған шарбақ бейіттер, оның төңірегіндегі бес қаруын асынған тас мүсіндер, қорымның шыңырау түбінен табылатын асыл жиһаздар, тасқа түскен көне жазулар мен суреттер қиыл-қилы қызық хикаяға айналып, тыңдар құлаққа қиян заманның жаңғырығындай естілетін. Соның бәрінде “Әлекең айтты”, “Әлекең былай деп отыр”, “Әлекеңнің айтуынша” деп келетін сөз жүйесі тыңдаушы жұртқа ден қойғызып, кейде екі ұдай даулы пікірлерге шешім тапқандай болатын.

Мұндай әңгімелер әсіресе Ақанға айырықша әсер етуші еді. Естіген-көргені өз қиялында қорытылып, одан қайта жаңғырып, көне белгілерді өзінше тірілтіп алып, ғажайып күй кешетін.



Сөйтіп жүргенде, Ақан бір күні ұста Қасымның үйінде Әлкей Марғұлан отыр деп естіген. Естуі мұң екен, жан-жүрегін бөлек бір сезім билеп, ғалымды көргенше асыққан. Жаз бойы қоз көміп, киіз үйдің сүйегін тезге салатын, төс соғып, көрік басатын Қасекең өзінің еңселі ақ үйін ауылдың шетін ала тігетін. Ақан жүгіріп келген бетінде аздап ентігін басып, есіктен қараса, Қасым ұстаның үйі толған ауыл ақсақалдары.

- Әне, анау төрде отырған Әлкей Марғұлан, - деді көрші үйдің баласы.

Ақанның Әлекеңді алғаш көруі еді. Жарқырай біткен қасқа маңдайы, екі шекесінен бұйралана қобыраған көк бурыл шашы, сәл ғана жымыып отырғандай әсер беретін мейірімді жанары Ақанға ертеректе айтылатын дана қарттардай әсер берген, Әлекең бидай өң жүзін ауыл қарттарының біріне бұрып, сүзіле қараған қалпы әңгіме айтып отыр. Әңгіме арқауы Атасу бойындағы көне белгілер, ескерткіш қорымдар, осы өңірдің көне тарихы туралы екен. Ақан елеусіз ғана босаға жаққа тізе бүкті.

- Сонда, осынау екі жыл, үш жыл қатарынан келіп, бейнет шегіп қазып жатқан осы жұмыстарыңыздың бүгінгі ұрпаққа қандай пайдасы бар? Әлеке, бізге осыны түсіндіріңізші, - деп Қасым ұста төтесінен бір сұрақ қойды. "Е, бәсе, рас-ау" дегендей, өзге қарттар елеңдеп, мойын бұрысты. Академик сәл ғана тамағын қырнай сөйлейтін, майда дауысты, әңгімені мейлінше түсінікті етіп айтатын адам екен. Сөйлеп кетті.

- Өмірге келген жеке адам сияқты, тұтас бір халықтың да өмірбаяны болады, - деді Әлекең. - Ал, өмірбаян дегеніміз құрғақ шежіре емес, адамды адам ететін, халықты халық ететін мың сан тәжірибенің жиынтығы. Байтақ қазақ даласында, мына өздеріңіз жайлап отырған Атасу өзенінің бойында есте жоқ ескі заманнан бері ата-бабаларымыз тіршілік құрып, туған жерге бауыр басып, қасиет тұтып, ұрпақтарын үзбей жалғап, өмір сүріп келеді. Өмір деген күреске толы, сан тарау әрекет-тірліктен тұрады ғой. Соның бәрі: бір жерде тас қорым болып, бір жерде бекініс-қорған болып, бір жерде сын тас пен жазу болып, қала берсе, асыл сөз, ақылды өсиет болып, бүгінгі күнге жеткен. Осынау мол мәдени

нышандардың сырын шешсек, халқымыз өзінің өмірбаянын біліп, болашағына сеніммен қарап, мағыналы өмірге ден қоятын болады.

Әлекең осылай деп, сәл ғана тыныс алғандай болып еді.

- Ой, бәрекелді, жөн сөз ғой!

- Елдің елдігін айғақтауды мұрат етсе, одан үлкен іс болар деймісің! – деп, дабырласа мақұлдаған қарттар бір желпініп қалды.

Мұнан әрі бұл өңірде ғұмыр кешкен ру-тайпалар, елін жаудан қорғаған батырлар, айыр көмей шешендер, жез таңдай әншілер жайында, көш жолдары мен жер-су атаулары туралы небір қызық хикая біріне-бірі жалғасып, өрби берді.

Осы әңгімеден кейін Ақан өзі туып-өскен жердің тау-тасына, өзен-кліне, қорым-қорғанына, әсіресе тасқашау жазулар мен сурет-таңбаларға айырықша зер салып, ұзақ-ұзақ шытырман қиялға берілетін болып алған.

Содан жадыраған жаз өтіп, сарыала күз келді. Ғалым экспедицияның маусымдық жұмыстарын бітіріп, алыстағы Алматыға қайтып кетті. Малшылар қауымы да қамдайтын отын-суы, бүтіндейтін қора-қопсысы бар дегендей, күзеулеріне шашырап көше бастаған.

Бұл кезде әсіресе жылқышы Жәркен тыным таппайтын. Жаз бойы үйездеп, өзен бойынан шықпайтын жылқы енді екіден-үштен шашырап, желдей жайылып, сай-саланы қуалай сіңіп кететін. Мұндайда Ақанға да тыным жоқ. Қызылтау, Ақтау, Ортаудан асуы қиын, жықпылы көп қолтық-қойнауын тінте сүзіп, ат үстінде өтетін күндері көп болушы еді.

Сол әдетпен бір күні Қызылтаудың Аюшат, Дарат, Саңғыру деп аталатын қалың қатпарлы шатқалдарын арасын. Әсіресе Саңғырудың құж-құж қызыл тастары, шаншыла біткен жалама жартастары, төбеңнен үңіле қараған құбыжық сияқты оқшырайған құзар шыңдары Ақанның көңіліне үрей ұялатып, жылқы қарай шыққанын ұмыттырғандай еді. Өзінен-өзі елегізіп, қарсыдағы қайқаңнан тезірек асып түскісі келген ниетпен астындағы атын тебіне түскен. Бір мезгілде қамшылар жақ қия беттегі жалама жартасқа көзі түсуі мұң екен, жүрегі дүңгірлей соғып, тұла бойы ысып қоя берді. Жартас беті жыпырлаған мың-сан сурет.

Жөңкңле жүйткіген бұғылар, қаумалай ұитылысқан аңшылар, қос дөңгелекті арбалар мен қосақтай жегілген өгіздер, шашақты найза ұстап, шірене садақ тартқан батырлар, көкке қол жайған аналар мен етекке оралған балалар... Қайнаған қызу өмір сияқты қыруар сурет... Белгісіз бір таңбаларды тізген жазулар.

Алғашқыда өз көзіне өзі сенбей, абдырап қалған Ақан аздан соң өзіне-өзі келгендей, байыппен зер сала бастады. Зер сала тұрып, өзінше осынау шым-шытырық суреттерді түртіп оятқандай қиялға шомды. Сол сәт жаңағы тас бейнелерге жен біткендей, найзалар жарқылдап, жебелер зуылдап, арбалар қаңғырлап, бұғылар өкіріп, қым-қуыт тіршілік көз алдына дөңгеленіп жөнелгендей болды...

Кейін үйлері Қаратөбенің алқымындағы қыстауына көшіп, осындағы мектепте сабағы басталған соң да жартастағы суретті ұмыта алмады. Кей күндері қыстың ұзақ түнінде түсіне еніп, жартастағы сурет бейнелер шын өмірге айналғандай, өзі солардың ортасында жүргендей болатын. Әсіресе, тарих сабағының мұғалімі ерте дүние адамдарының өмір-тіршілігін, наным-сенімін көзбен көргендей етіп айтып берген күні қатты толқып, Саңғырудан көрген суреттерді өзінше жоритын.

Ақыры Ақан бір күні тәуекел етіп, Алматыдағы Әлкей Марғұланға хат жазсын. Саңғырудың жан баспаған шатқалынан жартасқа түскен суреттерді қалай көргенін, нелердің бейнеленгенін, шамамен неше сурет екенін, суретке қоса белгісіз әріптермен жазылған жазудың барын тәптіштей баяндады. Хат соңында: "Сәлеммен Ақан. Атасу. 27 январь. 1957 жыл" деп бітірді. Хатты аптасына бір рет почта әкелетін машинаға салып жіберді.

Хатты жіберуін жібергенімен, Ақан бұрынғыдан бетер алаңдайтын болып алды. Алдымен осыным ұят болмас па екен деп, өзінше уайым етіп жүрді, сонсоң хат Әлекеңнің қолына тиер ме екен, тисе не дер екен деп, толқумен болды.

Міне. Ақанның биылғы жазды тықырши күтіп, елден ерек асығуында осындай сыр бар еді. Содан Ақанның асыға күткен жазы да шықты, Атасудың ұзына бойы сынсыған елге толды.

Бір күні Дараттың бойына Әлкейдәі экспедициясы келіп, шатырларын құрып тастапты деген хабар жетті. Сол күні Ақан

қатты толқып, түнімен ұйықтай алмай шықты. Әлекең хатымды алды ма екен, алса не дер екен деген сұрақ лүпілдей соққан жүрегімен бірге жаңғырып, әбден дегбірі қашып бітті.

Айтқанындай, ертеңінде ауыл шетінен Әлекеңнің брезентті машинасы көрінді. Көз көріп, дәмдес болған ауыл адамдарымен Әлекең шұрқырай амандасып, есендік-саулық сұрасқан соң:

- Осы ауылда Ақан дейтін бала бар ма? – деп сұраған.

- Осында жылқышы Жәркеннің Ақан дейтін баласы бар, - десіп, үлкені бар, кішісі бар қосам-жарлана жауп берген.

Кешікпей-ақ ауылдың қара табан балалары брезентті машинаның алды-артын орай жүгіріп, Ақанның үйіне бастап келді.

Әлекеңнің арнайы ат басын бұрып, жалғыз баласының атын атап келген келініне Жәркен қатты қуанып еді. Ақанның шешесі Жамал болса Әлекеңнің бұл келісін жақсы ырым көріп, жаулығының ұшын жасаураған көзіне тигізген.

Ботадай елпілдеп, балаша мәз болған Жәркен сол күні бір ақаусыз қойды сойып, ауылдың қадірлі ақсақалдарын Әлекеңмен дәмдес етті.

Ертеңінде академик Марғұлан бала Ақанды ертіп, Саңғырудың қиын қиясындағы суретті көруге барған.

Кейін саңғырудың тақашау суреттері Әлекеңнің ғылыми кітаптарына басылып, байтақ елімізге мәлім болды.

1984 ж.



*Е. Арын*  
*экономика ғылымының докторы, профессор*

*А. Нухұлы*  
*химия ғылымының докторы, профессор*

## **ҒЫЛЫМНЫҢ МАҢДАЙАЛДЫ МАЙТАЛМАНЫ**

Қасиетті Баянауыл топырағынан түлеп ұшып, есімі төрткіл дүниеге танылған талантты тұлғаның бірі – академик, белгілі археолог-ғалым, этнограф, шығыстанушы, тарихшы, филолог, бір сөзге сыйдырып айтқанда, энциклопедиялық білімге ие біртуар ойшыл Әлкей Хақанұлы Марғұлан.

Қазақтың, қазақтық ғана емес, бүкіл түркі жұртының маңдайалды майталман ғалымы атанған Әлкей Хақанұлы өзінің алпыс жылдан аса уақыт бойғы ғылыми, педагогикалық және қоғамдық қызметі барысында еліміздің ғылымы үшін баға жетпес мол мұра қалдырды. Оның әрбір еңбегі – алтынға бергісіз құнды қазына. Оның ғылым жолындағы тынымсыз ізденіс, қабілет-қарымы, ой-танымы – әрбірімізге айтып жеткізе алмастай үлгі-өнеге болып табылады. Әлкей Марғұлан – шын мәніндегі сұңғыла ғалым, ғылым жолында өз саласы бойынша алдына қара түсірмеген, қамшы салдырмайтын қазанаттай құлашын кеңге жая қарыштаған нағыз қайраткер, ұлтымыздың ұлы тұлғасы, мәртебесі әрі мақтанышы, аяулы перзенті. Сан салалы ғылымның қыр-сырына тереңнен үңіліп, еліміздегі археология ғылымының негізін салған талантты ғалым, іскер ұйымдастырушы, айтулы академик, ұлағатты ұстаз Әлкей Хақанұлының зор еңбегін қанша бағаласақ та аздық етер еді. Ол - өзінің бағасын көзі тірісінде-ақ ала білген алыптардың бірі. Олай дейтін себебіміз; өзі негізін салып, жүйелі түрде қалыптастырған археология, этнография және тарих ғылымдарының институты, орасан мол әрі аса маңызды ғылыми жаңалықтары Әлкей аға үшін айырықша артық баға болып саналады. Оның абзал да ардақты есімін, ерен де елеулі еңбегін барша халық осы игі істеріне қарап-ақ әлдеқашан жоғары бағасын беріп қойған.

Атақты академик, археолог-тарихшы, бүкіл түрік елінің мәдени мұрасының сұңғыла білгірі Әлкей Хақанұлы Марғұлан 1904 жылы Баянауыл ауданында (бұрынғы Ақбеттау болысының № 12 ауылында) дүниеге келді. Ғалымның әкесі Хақан – Абылай ханның тұсында жоңғар-қалмақтарға қарсы соғыстарда ерліктерімен ерекше көзге түсіп, тарихтан ойып тұрып орын алған от ауызды, орақ тілді Олжабай батырдың тікелей ұрпағы. Текті атадан тараған Хақан мен оның жары Нұрила халық ауыз әдебиетінің мұраларын тереңнен біліп, халық әндері мен жыр-дастандарына, әсіресе ойшыл ақын Абайдың өлеңдері мен әндеріне ерекше ден қойған. Рухани байлықтың буы бұрқыраған осындай өнегелі шаңырақта шыр етіп дүниеге есігін ашқан Әлкей жастайынан-ақ өзінің зеректігін танытты. Ол 5 жасында-ақ еркін жазуға, оқуға үйренді. Балалық балғын шағында қазақтың сала құлаш қазыналы дастандарын жатқа айта білді. Шарапат ескен Хақан мен Нұриланьың шаңырғанында талай-талай қазақтың марғасқа ұлдары жиі-жиі бас қосып тұрған. Айтулы шежіреші, философ Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, дархан даланың ән шынары Жаяу Мұса, Қаныштай арда перзентті тудырған Имантай Сәтбаев және тағы да басқа белгілі тұлғалар осы үйде болып, дәм татып, әңгіме жарастырған екен.

Әлкей Хақанұлы ең алдымен ауылдық мектепте оқып, бастауыш білім игерді. Онан соң Баянауылда ұйымдастырылған үш сыныптық мектепте оқып, білім алды. Ұшқыр ой, айырықша қабілет-дарынға, зерек зейінге ие Әлкей гимназиялық терең білім меңгеру мақсатымен 15 жасында Екатеринбург қаласына жол тартады. Алайда, сол уақыттағы азамат соғысының салдарынан ондағы оқуы үзіліп қалады. Бірақ, алға қойған мақсатынан ауытқымай, 1919 жылдың соңында Павлодар қаласындағы мұғалімдер даярлайтын курсқа түсіп, оны 1920 жылы тәмамдайды. Әлкей Хақанұлы Павлодарда оқыған бір жыл ішінде көптеген мағлұматтарға жан-жақты қаныға түседі. Белгілі зиялы қауым өкілдерімен танысып, пікірлесіп, таным көкжиегін кеңейтеді. Павлодардағы мұғалімдер курсына оқығанда, Әлкей атақты әнші Майра Уәлиқызының үйінде тұрып, қазақтың әсем әндері мен күйлерін жан дүниесіне сіңіріп, көкейіне құя отырып, өнер мен

әдебиетке етене жақындай бастайды. Осылардың бәрі жас ізденімпазға жаңаша серпіліс беріп, болашағына тың бетбұрыс, түбегейлі көзқарастар қалыптастырды. Мұғалімдер курсың тауысқан соң, туған ауылына қайта оралып, Далба мектебінде мұғалімдік қызмет істейді. 16 жасар ауыл мұғалімі білімінің әлі де жеткіліксіздігін, толыспағанын сезіп, 1921 жылы Семей педагогикалық техникумына түседі. Дәл осы тұста аталмыш педагогикалық техникумның директоры – қазақ халқының атақты ағартушы – педагогі Әбікей Зейінұлы Сәтбаев болатын. Әбікей Зейінұлының зерек те зейінді, оқу білімге аса құштар жас Әлкейге білім-бағдар беріп, қамқорлық жасағаны сөзсіз. Әлкей де өзіне деген аға буын өкілдері мен жұртшылық сенімін абыройымен ақтай алатындығын үнемі байқата білген. Айта кетер бір жәйт, кейін, яғни 1939 жылы Әлкей Хақанұлы өзінің ұстазы Ә.Сәтбаевтың қызы Раушан Әбікейқызына үйленіп, үлгілі отбасын құрды, ғұмыр бойы жарасымды тірлік кешті.

Семейде оқып жүріп, Ә.Марғұлан қоғамдық жұмыстарға да белсенді түрде араласты. Осындағы «Таң» журналы мен «Қазақ тілі» газетінің редакцияларымен тығыз қатынаста болып, олардың көптеген тапсырмаларын жүйелі әрі ыждаһатты орындап тұрды. Түрлі басылымдар мен кітаптарды оқу елегінен өткізіп, таным көкжиегін кеңейтіп, білімін арттырды. Көптеген белгілі адамдармен танысып, өмірлік тәжірибе жинақтайды. Әлкей Хақанұлының Семейде жүріп М.Әуезовпен танысуы алдағы өміріне айрықша әсер етті. Олардың таныстығы кейін ұзақ жылдар бойғы достыққа ұласты. Семей өңірінде туып, қазақ көгіне шыққан жарық жұлдыз ойшыл Абайдың рухани мұрасы Әлкейді қатты қызықтырды. Досы Мұхтар Омарханұлымен бірге Абай туған Шыңғыстау жерінде болып, ұлы ақынның баласы Тұрағұлмен және тағы да басқа зиялылармен, өнер адамдарымен танысады. Сондай-ақ, Әлкей Хақанұлы ұлтымыздың ақиық ақыны Мағжан Жұмабаевпен де жақын таныс болып, достық пейілде байланыс жасаған.

Сол уақыттағы қазақ ұлтының рухани астанасы болған Семей қаласынан Әлкей Хақанұлы Ленинградқа (қазіргі Санкт-Петербург) жол тартып, М.Әуезовтің ақыл-кеңесі бойынша

ондағы Шығыстану институтының филология факультетіне, дәлірек айтсақ, әдебиет бөліміне оқуға түседі. Бұл – 1925 жыл еді. Шығыс институтында оқи жүріп, Ленинград университетінің және өнер тарихы институтының да дәрістерін тыңдайды. Ғұлама ғалым өзінің бір жазбасында бұл кезең туралы: «Осы жоғары оқу орындарында біздің еліміздің (КСРО) ең атақты ғалымдарының дәрістерін: академик В.В.Бартольдтың Орта Азия тарихы және археологиясы бойынша, академик С.Ф.Ольденбургтың үнді фольклоры және өнері бойынша, академик И.Ю.Крачковскийдің араб филологиясы бойынша, Е.Э.Бертельстің парсы поэзиясы бойынша, С.Е. Маловтың ежелгі түркі тілдері бойынша, А.Н.Смойловичтің Орта Азия халықтарының әдебиеті бойынша, академик Н.Я. Маррдың, И.И.Мещаниновтың, В.Л.Щербаның тілтану бойынша, белгілі шығыстанушылар В.В.Струве, Б.Я.Владимирцовтың, Б.М.Эйхенбаумның, С.И.Руденко, А.Ю.Якубовскийдің, белгілі этнограф Г.Е.Грумм-Гржимайлоның дәрістерін тыңдау бақытына ие болдым. Осы ғұламалардың күш-жігерінің арқасында біз, студенттер, II курстың өзінде-ақ өзімізді ғалым ретінде сезіндік,» - деп жазады. Әсіресе, Ә.Марғұлан түркітанушы Е.В.Бертельстің, арабтанушы, қасиетті Құран Кәрімнің аудармашысы және аса білгірі К.Ю.Крачковскийдің, эпостанушы ірі ғалым В.Жирмунскийдің, академиктер Х.Розановтың, Е.В.Тарленің еңбектерін өзіне ерекше жақын тұтты. Жоғарыда аталған ғалымдардың әрбір оқыған дәрістері мен ғылыми еңбектері оның терең де жан-жақты білім алуына ерекше ықпал етті, жас ізденушінің бойындағы ғылымға деген айрықша құштарлықтың оянуына септігін тигізді. Нақ осы Ленинградта Ә.Марғұлан жан-жақты білім алумен қатар қазақ халқының тарихы мен мәдениетін зерттеуге ден қойды. Іздене жүріп, көптеген әдеби және мұрағат деректерін жинастырды. Сонымен бірге, ол осы жылдары көркем әдебиет саласы бойынша да бірталай жұмыстар жасады. Көптеген орыс және шетел жазушыларының туындыларын қазақ тіліне шебер аударып, қазақ жұртшылығын құнды шығармалармен қауыштырды. Қарап отырсақ, сұңғыла ғалым Ленинград шаһарында жүргенінде ғылымның көптеген саласын



бірдей қамтуға, жан-жақты игеруге тырысқан. Міне, соның нәтижесі жерлесімізді жалпақ әлемге әйгілі етті. Әлкей Хақанұлы қай жерде, қай кезеңде болмасын жатпай-тұрмай тынымсыз еңбек еткен, еш жалықпаған. Келешек ұрпақтарға, әсіресе ғылым жолына жаңа бет бұра бастаған жас буынға мұнан алар ғибрат пен өнеге ұшан-теңіз. Айрықша бір бап талғамай, жер таңдамай, ғылымға басы бүтін берілген Әлекеңнің әрбір басқан ізі тағылым боп сайрап жатыр. Оның әрбір ғылыми еңбегі – сан ғасырларға жалғасып жатар құндылықтар.

Ә.Марғұланның мағыналы ғұмырында жүріп өткен ізінің географиясы ауқымды. 1926-1927 жылдары ол КСРО ғылым академиясының одақтас және автономиялық республикаларды зерттеу жөніндегі комитеті ұйымдастырған экспедиция жұмыстарына қатысты. Академик А.Е.Ферсманның және профессор С.И.Руденконның басшылығымен ұйымдастырылған экспедиция Қазақстан және Алтай өңірлеріне сапар шекті. Осы экспедицияның антропологиялық отрядының жұмыстарына Әлкей Хақанұлының қазақ халқының мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын, наным-сенімін терең білетіндігі көп көмегін тигізеді. Экспедицияға қатысуының нәтижесінде Ә.Марғұлан наймандар мен адайлар туралы алғашқы ғылыми еңбегін жариялады.

Институт қабырғасында жүріп ғылыми қабілетін ұштай білген, оны көрсете білген Әлкей Хақанұлы Абай шығармашылығы туралы жазған дипломдық жұмысын сәтті қорғап, 1929 жылы оқу орнын үздік бағамен тәмамдайды. Жоғары білім алған маман Қазақ КСР Оқу ағарту Комиссариатының жанындағы Жаңа алфавит комитетінде қызмет атқарады. Оның бар ынта – ықыласы ғылымда, ғылыми жұмыспен шұғылдану мақсатында болды. Көкірегінде жас күнінен-ақ маздап жанған арман-мақсатты бетке ұстап, 1931 жылы Ленинградтағы материалды мәдениет тарихының Мемлекеттік академиясына аспирантураға түседі. Міне, осы жерде оның нағыз ғалым болып жетілуінің алғашқы жолы, түбегейлі ізденісі бастау алды. Аспирантурада ол академик С.Ф.Ольденбургтың және КСРО ҒА-ның корреспондент-мүшесі А.Ю.Якубовскийдің басшылығымен Шығыс елдеріне байланысты

деректерді зерттеп, Шығыс Түркістанның археологиясы және өнері бойынша маманданады. Сондай-ақ, көрнекті археолог-ғалымдар – С.И.Руденко, М.П.Грязнов, А.А.Миллер, Н.И.Репниковтер жетекшілік еткен маңызы зор бірталай археологиялық экспедициялардың жұмыстарына белсене қатысады. Осы кездерде ол қазақ ұлтының мәдениеті, Қазақстандағы декабристер тарихы, Әлішер Науаи, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы туралы тұшымды мақалалар жазады. Ғылыми ізденісіндегі негізгі тақырыптардың бірі болған Ш.Уәлихановтың шығармашылық мұрасын зерттеуді осы кезден бастап қолға алады. Аспирантурада оқумен қатар Ә.Марғұлан 1931-1935 жылдар аралығында Шығыс институтының оқытушысы да болды.

Ол өзінің кандидаттық диссертациясының тақырыбы ретінде қыпшақтардың жазба ескерткіштерін зерттеудің ең алғашқы бастамасы болған, бүгінгі күнге дейін өз маңыздылығын жоймаған әрі сол уақытта өте аз зерттелген «Хандар жарлығының тарихи маңызы» атты күрделі мәселені таңдайды. Осы бір тың тақырып бойынша жүргізген оның зерттеулері бүкіл Еуразия халықтарының тарихына өлшеусіз үлес қосты. Көптеген көрнекті ғалымдардың қызығушылығын тудырды. Осы тақырып бойынша Әлекең салған сара жолды оның шәкірттері де жалғастырып өкетті, әлі де жалғасып келеді. Белгілі шығыстанушы Н.В.Кюнер өте жоғары бағалаған кандидаттық диссертациясын Әлкей Хақанұлы 1943 жылы табысты қорғады.

1936-1938 жылдары Ә.Марғұлан КСРО ҒА-ның материалды мәдениеттер тарихы институтында стажер және ғылыми қызметкер болып еңбек етті. Бірақ жаппай қуғын-сүргін науқаны Әлекеңді бұл жерде көп тұрақтатпады. Жоғары білімді жас ғалым тұтқындалып, Петропавл қамалында, кейін психиатрикалық емханада ұсталды. Жазықсыз айдалу мен қуғын-сүргіннен амансау оралғанмен, кейін ол үнемі қауіпсіздік органдарының жіті бақылауында болды. Көптеген әріптестері ғалымды сол кезде орынсыз сынға ала бастайды. Бәзбіреулер оның еңбектерінен ұлтшылдық астар іздеуге, теріс пікір қалыптастыруға тырысты. Жалған жала мен айыптаулар әбден мазасын алған Ә.Марғұлан Түбегейлі археологиялық ізденіс жұмыстарына кетуге мәжбүр

болды. Алаңсыз археологиялық зерттеулермен айналысты. Алайда, 50-ші жылдары қуғын-сүргінге қайта тап болып, ақыр соңында жұмыссыз қалған кездері болды. Міне, ғұлама ғалым бір басына жетерлік теперіштерді көп көрді. Бірақ, олардың ешқайсысы да оның ғылым жолындағы сағын сындыра алған жоқ. Қиындықтарға қайыспаған қара нар – Әлекең өзінің алға қойған мақсат-міндеттерін жүйелі түрде жүзеге асыра білді.

1939 жылдың басында КСРО ҒА-ның шешімі бойынша Ә.Марғұлан КСРО ҒА-ның Қазақ филиалы Тарих институтының аға ғылыми қызметкері жұмысына кірісті. Қазақ КСР ҒА-сы құрылған уақыттан бері үздіксіз ғылыми қызметтер атқарды. Ол 1941-1946 жылдары тарих секторын, 1946-1951 жылдары археология секторын, ал 1957 жылдан 1976 жылға дейін Қазақ КСР ҒА-ның Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының этнография бөлімін басқарды. 1976 жылдан өмірінің соңына дейін этнография бөлімінің аға ғылыми қызметкері болды.

Академик Ә.Марғұлан Қ.Сәтбаев бастаған қазақ ғылымының алғашқы қарлығаштарымен бірге бүгінгі Ұлттық Академияның қалыптасуына, дамуына, қанат жаюына сүбелі үлесін қосты. Ол өзінің жан-жақты біліктілігінің арқасында ғылыми жолда көптеген маңызды жаңалықтарды ашуға қол жеткізді. Ә.Марғұлан – лингвистика, филология, өнер, тарих, археология және этнография бойынша қыруар білімді тоқи білген сирек кездесетін қабілетке ие талант. Өзінің орасан мол біліктілігін, ой-танымын қашанда болсын ерен еңбекқорлығымен сәтті ұштастырып отырды. Ол Қазақстан ғылымының қола дәуірі мен орта ғасырлық археологияның, Қазақстан жерінде мекендеген көне халықтар тарихының, қазақ халқының мәдениет және өнер тарихының, этнографиясы мен археологиясының негізін салды. Оның осы еңбектері – еліміздің ғылымына қосылған баға жетпес қазына болды. Ә.Марғұланның бұл бағыттағы асқан біліктілігіне ешбір ғалымның ой-танымы шендесе де, талас тудыра да алмайды. Ғұлама ғалым озық идеяларды іске асыру жолында да алдына жан салмады. Сайып келгенде, академик Ә.Марғұланның ұшан-теңіз, қыруар еңбегін бір беттік мақалаға сыйдырып көресту

мүлде мүмкін емес. Тіпті, мың беттен тұратын жалғыз кітаппен де түгесе алмайтынымыз ақиқат.

Ғұлама ғалым ұзақ жылдар жүргізген зерттеулерінің негізінде 1945 жылы «Қазақ халқының эпикалық жырлары» туралы докторлық диссертация қорғады, мән-мағынасы, ғылыми маңызды зор бірнеше еңбектерді жарыққа шығарды. Әрбір ғылыми еңбегі жаңаша бағыт, жаңаша ізденіске, көзқарасқа толы болды.

1946 жылы Қазақ филиалы негізінде Қазақ КСР ҒА-сы құрылып, Ә.Марғұлан академияның корреспондент-мүшесі, онан соң 1958 жылы толық мүшесі болып сайланды. Көп жылғы жемісті де жетістікті еңбегі үшін оған 1980 жылы профессорлық ғылыми атақ беріледі.

Әлкей Хақанұлының ғылыми ізденісіндегі айырықша кезең Орталық Қазақстанмен тығыз байланысты. Соғыстан кейінгі жылдары Қазақ ҒА-ның тұңғыш президенті, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың кеңесі бойынша Ә.Марғұлан көне мәдени ескерткіштерге өте бай, әлі зерттелмей, ғылым әлемі үшін беймәлім болып келген Орталық Қазақстанды өзінің негізгі зерттеу нысаны етіп таңдады. Ол осы жерде жүргізген жүйелі зерттеулерінде мүлде жаңа, тегеурінді қорытындылар мен дәйектемелер жасады. Әлкей Хақанұлының және шәкірттерінің жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Орталық Қазақстан ғылым үшін маңызды көне мәдениет және өркениет ошағы ретінде қайта ашылды. Ғұлама ғалымның басшылығымен 30 жылдан астам уақыт ішінде Орталық Қазақстанда археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, қола дәуірінің және алғашқы көшпенді тайпалардың мәдениеті мен шаруашылығы жан-жақты зерттелді. Беғазы-Дәндібай мәдениетінің болмысы ғылыми тұрғыда дәлелденді. Орталық Қазақстанда жүргізілген археологиялық зерттеулердің алғашқы нәтижесі ретінде Ә.Марғұланның басқарумен және оның тікелей қатысумен жазылған іргелі монографиялық еңбек жарыққа шықты. Аталмыш зерттеу еңбек 1967 жылы Қазақ КСР ҒА-ның Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығына ие болды. Орталық Қазақстандағы зерттеулердің екінші кезені Әлкей Марғұланның Беғазы-Дәндібай

мәдениеті туралы арнайы монографиясы мен Қазақ КСР тарихының бес томдығында кеңінен қамтылған. Қазақ КСР тарихы бес томдығының жетекші авторының бірі ретінде 1982 жылы Ә.Марғұланға Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Ғалымның «Орталық Қазақстандағы Беғазы-Дәндібай мәдениеті» атты кітабының жарыққа шығуы республика, қала берді түркі әлемі ғылымы үшін үлкен жетістік болып бағаланды. Көп жылдық зерттеу жұмысының қорытындысында автор Қазақстанда қола дәуірінің соңында мекендеген көне тайпалардың шаруашылық, этникалық және мәдени тарихы проблемаларын шебер қиыстыра білген. Сөйтіп, осы еңбек арқылы Орталық Қазақстанның мәдениеті ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеліп, үлкен жетістік әкелді.

Ә.Марғұлан қашанда болсын бірнеше проблемаларды қатарымен зерттеуге әрекеттенген. Ал, ол проблемалардың әрқайсысын орындауға ғалымдар ондаған жылдар жұмсар еді. Бұл-Әлкеңнің өзіне ғана тән жұмыс жүргізу стилі.

Ол Ш.Уәлиханов мұрасын бес том етіп жарыққа шығарып, өмірі мен шығармашылығы жөнінде құнды алғысөз жазды. Бұған ғалым көп жылдар бойы қыруар еңбек сіңірді. Сондай-ақ «Шоқан және Манас» атты монографияны дүниеге келтірді.

Көп жылдар бойғы ғылыми ізденістері нәтижесінде Ә.Марғұлан 300-ден астам ғылыми зерттеу жұмыстарын жариялады. Кеңес және қазақ энциклопедияларына 100-ден аса мақалалар жазды. Ол Мәскеу, Ленинград, Новосібір, Ташкент, Фрунзе, Душанбе т.б. қалалардағы диссертациялық кеңестердің мүшесі болды. Көп жерде әртүрлі тақырыптар бойынша баяндамалар жасап, дәрістер оқыды, кездесулер өткізді. Ғалымға 1961 жылы Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген қайраткері атағы берілді.

Сұңғыла ғалымның жас ғалымдары тәрбиелеудегі, оларға жетекшілік жасаудағы ерен еңбегін айтып жатудың өзі артық. Өйткені, ондай талантты тұлғаның маңында қашанда болсын мыңдаған шәкірт жүретіні әмбеге аян. Бұл оның нағыз ғалым екендігінің бір айғағы.

Біз үшін оның бүкіл өнегелі еңбегін, өлшеусіз үлесін айтып тауысу өте қиын. Осы мақалада басты-бастыларына тоқталып

өтуге тырыстық. Айтулы ғалым келер жылы, яғни 2004 жылы 100 жасқа толады. Біздерге, ұрпақтарға ғұлама ғалымның осы мерейтойын лайықты түрде қарсы алу – үлкен парыз. Осы бастан оның рухани мұрасын жер-жерлерде тереңінен насихаттауымыз қажет. Осы бағытта түрлі конференциялар мен ғылыми басқосулар өткізілу керек. Оның бәрі алдағы күндері іске асады.

Университетіміздің алаңындағы «Ескерткіш аллеясынан» академик Әлкей Марғұлан өзінің тиесілі орнын алған. Әлі де бірталай маңызды жоспарлар күтіп тұр. Сондай-ақ, Павлодар қаласындағы орталық көшелердің біріне біртуар ғалымның ардақты есімін беру де ұрпақ үшін үлкен абырой болмақ.

Тарих тудырған таланттың, ақылман алыптың өр тұлғасы қазақ рухының бастауында тұр. Ендеше, ұлттық рухымыз бар жерде оның есімі де ешқашан өшпек емес.

2003 ж.



## ЖОЛ ҮСТІНДЕГІ ЖҰЛДЫЗ

### ӘЛКЕЙ ХАҚАНҰЛЫ МАРҒҰЛАН!

Ол сияқты азаматтар дүниеге адам жанының сұлулығын, ой-өрісінің кеңдігін, тереңдігін, Елге, Отанға деген махаббаттың биік әрі шексіз екенін, шынайы ғалымның қазыналы кең сарай, ақылы сара екендігін паш етуге келетін сияқты.

Ұлы адамдар күнде туа бермесе керек. Социологтар айтқандай, ел тағдырын қара табан тобыр (люмпен-пролетар) шешпейді. Халықты, қоғамды алға бастайтын — ойдың, ақылдың адамдары. Солардың қадір-қасиетін түсінген, оларға ере білген ел ғана бақытты.

Жақында жапонның «Сони» фирмасының іргетасын қалаушылардың бірі Акио Морита мырзаның кітабын оқып шықтым: «1945 жылы Хиросима мен Нагасакиде екі атом бомбасы жарылғанда еліміздің соғыста жеңілгенін, халқымыздың тағдырына үлкен қауіп төнгенін түсіндік. Бізге ең бірінші келген ой, қайткенде де ұлтымыздың ең талантты адамдарын сақтап қалу болды». Бүгінгі өсіп-өркендеп отырған Жапонияны көргенде бұл ойдың ақиқаттығына кез жеткендей. Ал біз болсақ, жақсылығымызды сақтай алмадық Әлкей Хақанұлы, Мұхтар Омарханұлы, Қаныш Имантайұлы сұрапыл өрттен біздің бақытымызға кездейсоқ аман қалған даналар. Бір өкініштісі, Әлекеңдер бүгінгі күнді, құрасаудың қираған күнін, еркіндік алғанымызды көре алмай өтті. Бауырын жазып шаба алмады, іштерінде айтылмаған қаншама сыр, орындалмаған кейбір арман кетті.

Әлекеңнің бейнесі әлі күнге дейін көз алдымда: кере қарыс маңдайлы, бір кездегі қалың бұйра шашы бозамық тартып, қос самайға сырғып кеткен кезі аз-мұз тотыққан даусы бәсең шыққанымен, әңгіменің мазмұнына орай сан қилы құбылатын. Жайымен ағатын арнасы кең өзендей, өткен-көткеннен небір ғажайып оқиғаларды тыңдаушыға түйдек-түйдегімен тастап

жататын. Ізғарлы қысымен жайма-шуақ жазы бар, құлар ойы мен шығар биігі бар ұзақ өмір жүйрік көңіліне жүген сала алмағандай көзінен отын алса да ақыл-ойың, арманын ала алмағандай көрінуші еді.

Бір күні Әлекеңе жолығайын деп іздесем, ауруханаға түсіп қалыпты. Палатада бірге жатқан Әлекеңмен шамалас егде кісі жағдайын аса жақсы дей қоймады. Есікті қорқа-қорқа ашып едім, ақсақал тамақ ішіп отыр екен. Күте тұрайын кейін шегіне беріп едім, танып қалған Әлекең шақырып алды да, бірден әңгімеге кірісіп кетті.

-Сырымбеттен хат алдым. Ташенов деген совхоздың директоры мен ауылдың белді азаматтары жазыпты. Шоқанның юбилейіне дайындық қалай, не көмегіңіз болады деп сұрайды. Сен директорды танысың ба?

- Білмеймін, - деп басымды шайқадым.

- Хатын біздің үйге барып оқырсың. Ауруханаға түсіп қалып, жауабын дер кезінде бере алмаған едім. Жақсы болды, қолыңа қағаз бен қалам ал, қазір хат жазамыз, -деп кесіп айтты.

Қағаз, қаламым дайын еді, Әлекеңнің сөзбе-сөз айтуымен хат жазуға да кірісіп кеттік. Болдық. Әлекең хатты оқытты да, бір-екі жеріне түзету еңгізді. Таң қалғаным: хаттың мазмұны, логикалық тұжырымы, сөз саптауы да тайға таңба басқандай анық болып шықты.

Әлекеңнің өтінішімен ертеңіне тағы келдім. Көп мазаламайын деген ойым бар еді, ғалым тағы да үлкен әңгімеге кірісті. Құлақ түріп қаттым да қалдым. «Жоқ, мынауың жарамайды. Мен сені жазып отыр екен десем, қағазың мен қаламың қайда?» - деді.

Ауруханада қағаз, қаламынан туып жарық көрген дүние бір төбе екен. «Ежелгі Қазақстан қалалары мен құрылыс өнері тарихынан», «Қазақстанның көне архитектурасы», «Орталық Қазақстандағы Беғазы-Дандыбай мәдениеті» сияқты монографиялармен бірге тарихқа, этнографияға, археологияға, әдебиет пен өнерге арналған, тағы да басқа төрт жүзге жуық кітабы мен зерттеулері, энциклопедиялық мақалалары жарық көріпті. Ал егжей-тегжейлі зерттеліп, тер төге жазылған, қолжазба күйінде басылуын күтіп жатқан ғылыми еңбектері қаншама десеңіші!...



Ғалымның көп еңбектеріне қорек болған, студент шағынан күні бүгінге дейін жиып-терген, әлі де шырыны кеппеген, терең үңілуді, жан-жақты зерттеуді қажет қылатын түпнұсқа материалдардың өзі академиктің архивінде ұлан-ғайыр боп шықты. Сол жылы Әлекең бар қолжазбасын жүйеге салып, каталог-түсіндірме жасап бітіріпті. Кейін үйінде болғанда, өз қолымен толтырылған дәптерді көзіммен көрдім.

Әлекеңнің болжамы бойынша, шыға қалған күнде барлық еңбегі он екі томға жуық. «Мені біраз жұрт таза археолог деп ойлайды, шынында ғылымға жолды алдымен әдебиеттен бастаған едім» - деп қойды Әлекең өзінің бір сөзінде.

Айтса айтқанждай, Әлекең отызыншы жылдарға дейін кілең әдебиетпен айналысқан екен. Сондықтан болашақ томдардың дені әдебиетті зерттеу мәселелері болуы да орынды. Мысалы, Қорқыт, Ер Төстік, Манас, Қозы Көрпеш сияқты көне дүниеден келе жатқан жыр-дастандарды зерттеуі: «Қыпшақ заманындағы қазақтың батырлық эпосы» атты Мәскеудегі В.И.Ленин атындағы кітапханада сақтаулы көлемі қырық баспа табақ докторлық диссертациясы әдебиет пен тіл, тарих пен этнография тақырыбындағы XV-XIX ғасырлардың қолжазбалар жинағы – ол туралы ойлар, пікірлері, тұжырымдары, әдебиет пен өнер қайраткерлері туралы естеліктері – бәрі де мәдениетіміздің алтын қоры емес пе?

«Өнер» баспасынан халықтың қолөнеріне арналған үш томдық кітабы шықты. Қандай ұлы еңбек. Бұған қоса Қарқаралы, Баянауыл, Ерейментау, Ұлытау, Байқоңыр бойындағы тас мүсіндерді, таңбалардың тарихы мен петроглифтерді сипаттауын, зерттеуін ескерсек, Марғұланның қазақ өнері тарихындағы үлкен орнын аңғарамыз.

Ұзақ жылдар бойы Әлекең Шоқанның еңбектерін басып шығарумен айналысты. Жүз жыл бұрын өткен адамның әр жерде шашылып жатқан тіпті кейбір қолды болған еңбектерін жинап, замандастарының өзі оқып шыға алмаған қолжазбаның мағынасын ашу асқан табандылықты, ерлікті, даналықты керек етті. Ал оған санаулы өмірдегі қаншама өмір кетті десеңізші!

Әлекең Шоқан еңбектерін қаз-қалпына келтіріп қана қойған жоқ, байыпты зерттеді. Шығу тарихын, ой, түйсігін көпке ұқтырды. Көп мақалаларына түр, түс, өң, нәр берді. Өскен ортасын сипаттап, барлық пікірлес, мақсаты бір жолдас-жораларына дейін тауып халық ұлының өшіп бара жатқан ұлы бейнесін жаңғыртып, патриоттық үлкен қызмет атқарды. Кейде біреудің еңбегіне берген түсініктердің өзі де тың жол салумен пара-пар. Осыған орай Әбу Ибн Синаның ұстазы әл-Фараби жайындағы жазғаны еске түседі: «Аристотельдің метафизикасын түсіне алмай жүрген кезімде Бұхараның базарынан әл-Фарабидің айтылмыш кітапқа жазған коментарийін сатып алдым, сол арқылы Аристотельді оп-оңай түсіндім», - деген еді.

Ә.Х.Марғұлан сияқты үлкен ғалымның қалтқысыз көңіл, адал ниетін өз әңгімесінен де аңғаруға болдаы: «Мен өмірімнің ең жеміс беретін шағың, қайрат-қуат мол жылдарын Шоқанды әлемге танытуға арнадым. Мүмкін сол себептен кезектегі өзімнің еншімнен қағыс қалған шығармым, көкіректе сайраған талай ойлар бар еді. Бірақ, өкінбеймін. Шоқан көп адамдар өмірін арнауға тұратын жан. Ол өте алғыр, көптеген ұшқыр ойдың иесі еді, оның еңбегін ұрпаққа түгел жеткізбеу обал болатын болды».

Шоқанға арнаған жылы сөздердің көбін мен Әлекеңнің өзіне қайырар едім. Олай дейтінім - Әлекеңнің жан дүниесіндегі мен білетін қайталанбас сипаттар. Әлекең ғылымға жүйелі әрі терең білім алып келген, аты шулы ғалымдардан дәріс алған, тәрбие көрген адам. Ленинградтың Шығыс институтында, Ленинград университетінің қоғамдық ғылымдар факультетінің шығыс бөлімінде оқыған кезі бос өтпеген. Өнер тарихы институтындағы қызық лекцияларды да тыңдауға үлгеріп отырған. Бұрынғы КРСО Ғылым академиясының археология институты, ол кездегі академиясының аспирантурасында оқыған.

Ол ғылыми әдебиетті жүйрік білді, өмірінің ақырына дейін жаңа басылымдарды қадағалап, байқап отырды. Ертеректегі оқыған кітаптарының қай жылы шыққанын, сөз боп отырған тақырыптуралы ойды нешінші беттен табуға болатынын жатқа айтушы еді. Шетелдерден шыққан кейбір басылымдарды төл тілде қарауды жақсы көрді. Өткен ғасырда Томас Уильям

Аткинсон деген ағылшын саяхатшысы болған. Ол 1844-52 жылдары Зайсан көлінде, Өскеменде, Аякөзде, Семейде, Қапалда, Алатауда, Қаратауда тағы да басқа қазақ жерлерінде болып, әдемі естеліктер қалдырған, саяхатта туған ұлының атын Тамшыбұлақ қойып, еліне қайтқан соң да сол ел жайлы кітап шығарған екен. Жүз жиырма бес суретті бар кітап орысшаға 1865 жылы аударылыпты. Сирек кездесетін осы кітапты мен кездейсоқ букинист дүкенінен сатып алып Әлекеңе көрсетсем, ол кісіде Лондонда шыққан, суреттері түрлі-түсті бояулы еңбектің төл данасы бар екен. «Мына бір беттерінде сенің бабаларың туралы жазылған», - деп жымиды.

Әлекеңнің ұғымында, бірде-бір ғылыми кітапты, сол бағыттағы әдебиетті терең оқымай, игермей жазуға болмайды. «Бір кітап жазу үшін, ең болмаса жүз кітап оқу керек» деп түйін айтады.

Әлекең өрісі кең, жан-жақты ғалым. Әр ғылым сала-салаға бөлініп, бірін-бірі зорға түйсінетін дәрежеге жеткен заманда бұл – сирек кездесетін қасиет. Көне әдебиеттен бастап, Әлекең өнертанудың, археология мен тарихтың қилы-қилы жолдарымен жүрді. Жүріп қана қойған жоқ, үлкен істер тандырды.

Ғалымның тағы бір тартымды қыры, ол мейлінше адал, кішіпейіл әрі қарапайым еді. Әлекең тек қана ғылыми шындыққа жүгінуді қолдады. Асырып айту, фактілерге сүйенбей болжам жасау, бос бөсуден аулақ болды. Бір нәрсені қате деп түсінсе, үндемей қалмады. Біреудің көңіліне қарап мәймөнкелемеді, турасын, ойындағысын айтты. Осыдан болар, Әлекеңнің елге сыйлы, үлгі тұтатын шәкірттері көп болды. Халқымыздың ғылыми-творчестволық интеллигенциясының ішінде Әлекеңнің ықпалында болмағандары кемде-кем. Өзіміз де елімізді, жерімізді, қала берсе азаматтықты сүюді ғалымның еңбектері арқылы білдік, ойға түйдік. Соқпалы мол өмірдің қиын да, қызғылықты сапарына Әлекең салған ізбен аттандық.

Бірде маған Әлекең:

- Қалай ойлайсың, сенің бабаларың Абылай мен Шоқанның аруағы мені қолдайма? – деді.

Мен шошып кетіп, сасқанымнан: «Осыншама еңбек сіңірген сізді қолдамағанда олар мені қолдайды дейсіз бе? – деппін. – Маған Сіз ұлылардың өз ауызынан бата алғандай көрінесіз» деп едім, «Ә, солай ма», - деп, Әлекең көңілденіп қалды.

- Жүр, мен де саған батамды берейін деп, 1985 жылы шілденің 26-сында үйіне апарып, «Орталық Қазақстандағы Беғазы-Дандыбай мәдениеті» деген кітабын сыйлады. Кітапқа: «Ардақты Шоканның Мақының жақсы ұрпағы Шота Ыдырысұлына көп сұлулық ойлар айтамын» деп жазыпты. Сұлулыққа құштар болған, ұлыларды пір тұтқан ғұламаның батасы бізді бүгінге дейін алға жетелеп келеді.

Әлекең мейлінше турашыл, жазған сөз айтуды білмейтін жан еді. Бірде Саттар Имашев (партияның идеология саласындағы хатшысы болатын) Әлкеңе: «Көп сөйлеп қойдыңыз, қысқартсаңыз екен» дегенде, Әлекең: «Біз көп білеміз ғой, білген соң сөйлейміз» - деп жауап беріпті.

Академик Марғұлан көптеген өнер қайраткерлерімен бірге Қазақстан жеріндегі жаңа ескерткіштерді бекітетін комиссияның мүшесі болды. Бірде мүсінші Төлеген Досмағамбетов екеуіміздің жұмысымыз талқыға түсетін болып, сұрастырсақ Әлекең комиссия жұмысына қатыса алмайды дегенді естідік. Мен үйіне бардым.

Әлекең айтты: «Мені қайтесің, суық тиген еді, мен үшін өзің дауыс бере сал» деді. Жалынып, жалбарынып, өзімді жақсы көретінімді пайдаланып, бір жағы жұмысыма оң көзімен қарар деген үмітпен Әлкеңді қоярда-қоймай комиссия жұмысына алып келдім. Жұмысымыз өтті. Көп адам жақсы қабылдады. Бір ғана адам біздің жұмысқа қарсы шықты. Ол Әлекең еді.

Әлекең өз пікірін қағазға жазып маған жіберген екен, хаты күні бүгінге дейін сақтаулы. Хаттың соңында бірнеше сызулар берілген екен. Оқып көрейік: «Қазақстанның көрнекті қайраткерлеріне қойылатын ескерткіш авторларының есіне! Талқыға түсіп отырған жобаның міні көп болып, айтылатын ойды ашық бере алмай тұр деп есептеймін. Архитектуралық сымбат, қаладағы ансамбль тұрғысынан да бұл ескерткіштерді айшықтырақ, көркемдеу жасауға болар еді. Мүсіндерді тізбектеп тізу мүлдем ыңғайсыз.

Оларды жеке орналасқан көп қырлы мұнараларға бөліп, әрбір мұнарада барельф боп келген алтыдан сегізе дейін бейне жасауға балады. Бұл ертедегі өткен адамдар мен бүгінгі адамдар үшін де өте үйлесімді. Мұндай шешім анағұрлым арзанға түспек, қаланың келбетін жақсартта түсуге де себебін тигізеді». Сөз соңында Әлекең мұнаның жобасын сызып, сегіз қырлы боп жасалған төрт мұнаның әр бір жағына мынадай аттар жазыпты. Беренші мұнара: әл-Фараби, әл-Жауһари, әл-Түркістани, Қадырғали Жалаири, Мұхамед Хайдар, Махмұд Қашқари, Асанқайғы, Сыпыра жырау, Қазтуған. Екінші мұнара: Бұхар жырау, Жанақ ақын, Шөже ақын, Абай, Ыбырай, Құрманғазы, Тәттімбет. Үшінші мұнара: Ақан сері, Біржан сал, Сара, Жаяу Мұса, Жамбыл, Кенен (8-шы жазғанын өшіріп тастапты). Төртінші мұнара: Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Мұхтар, Сәбит, Тайыр, Мұқан Төлебаев, Ахмет Жұбанов, Зейін Шашкин, Жұмағали Саин. Мұнда адамның саны сегізден асып жатыр. Мұны Әлекең былай түсіндіреді: «Керек болса, мұнараны он екі, одан да көп қырлы қылып жасауға болады. Барельф үшін бұл жеңіл, қолайлы». (Жазған күні 28 июль, 1978 ж.)

Уағында Әлекеңнің айтқандарымен келісе қоймаған едім. Уақыт биігінен қарап тұрсам, ол кісінің айтқандарында зор мән-мағына бар екен. «Мұнаның қыры он екі, одан да көп болуы мүмкін» деген де Байтұрсынов, Бөкейханов сияқты зиялылардың оралатынына үміттенді ме екен. Әлекең айтқан біраз идеяны мен Алматыдағы Тәуелсіздік монументінде біршама іске асырдым. Ал толығырақ Астанада салынатын «Даңқ» монументінде (егер бәйгеде ұтсам) пайдаланам ба деп ойлаймын.

Ғалымның айтқанымен біреу келісер, біреу келіспес, еске мықтап ұстайтын бір жай, Әлекеңнің неге болсын творчестволық биіктіктен қарағандығы, оның көз алдында небір образ, өзіндік, ешкімнің ойына келе бермейтін шешімнің тұрғандығы.

Асанәлі Әшімов үш сериялы «Шоқан Уәлиханов» атты фильмді аяқтамақшы болды. Кеңесші Әлкей Хақанұлы Марғұлан еді. Жұмыс барысында ғалым Шоқанға қатысты мынау тақырыптар шешімін тапсын деп көптеген тізімдер берді. Соның бірегі:

«Шоқан салған суреттер: Ақ шәмші. Акварель. 1847ж. Обаған. Құсмұрын округы қазақтарының қыстауы. Акварель. 1852ж. Көкшетау мен Құсмұрын округтерінің жолдары.

Карта.

Құсмұрын округіндегі ауылдардың жайлауы  
Аманқарағай пикетінің планы. Уәлихановтар ауылы

Төлеңгірт қыстауы. Үзгенбай ауылы.

Сырымбет тауы. Тонографиялық пейзаж.

Сырымбеттегі орта. Уәлихановтар ауылы.

Ордадағы үйлердің пландары, архитектурасы.

Шоқанның Орталық Қазақстандағы ескерткіштерді зерттеуі:

Аяққамыр, Алаша хан, Жошы хан, Болған-ана, Жұбан-ана,

Бақсы-мола, Тас-мола, Қозы Көрпеш мазарлары.

XIV ғасырда Тоқтамыс салдырған Көкшетау облысындағы  
«Жақсы Жаңғыз тау» атты өлі қаланың қалдығы.

Сілеті өзенінің бойындағы Қара-Оба қаласының қалдығы.

Дешті Қыпшақтың астанасы Орда-Базар қалдығы – XV ғ.  
Әбілқайыдың тұсы. Ұлытау ауданының Арғанатты тауының  
тұсындағы сарайлардың сілемдері. Су ағатын  
арықтарсистемасының іздері.

Сарысу бойындағы Теректі әулиенің үңгірі туралы  
қазақтардың аңызы. Бағзы замандағы салған үңгірдегі адам  
портреттері. Теректінің гранит тастарына қашап түсірілген  
бизонның, тағы аттың, адам мен арыстанның суреттері.

Шоқан жүрген маршруттар:

Аякөз, Айғыз, Баян-жүрек, Лепсі өзенінің алқабы.

Мың жайлау, Алакөл, Жоңғар жотасы, Ақсу өзені. Қапалдың  
тұсындағы Аткинсон суреттеп кеткен: «Құдайлар шаңырағы»  
аталған алып қорғандар. Қаратал, Текелі, Шолақ тау алқабы.  
Ондағы Бесшатыр қорғаны мен тастағы суреттер...».

Әрине, бұл жерде Әлекең киноны түсіру заңдылықтарын  
ескермесе де, Шоқан туралы фильм оның жүрген жерін, зерттеген  
тақырыбын кеңірек аша түссін деген оймен айтып отыр. Әлекеңнің  
қазақ жерінің әрбір тасына, көне дүниеден қалған ескерткіштердің  
сынығына дейін білетініне таңқалмауға болмайды.

Әлекеңнің сексеннен асқан шағында бізге ақсақалды киноға түсіріп алайықшы деген ой келді. Олжас Сүлейменовтің кино өнерін басқаратын шағы еді, менің сұрауыммен бір оператормен, ұмытпасам, Жанна Ахметова атты режиссер қызды жіберіпті. Үйіне бардық. Аз-мұз жүдеңкіреп, сақал-шашы өсіңкіреп қалған кезі еді. Түсіруге келдік деген сөзімізге қарсы шығып: «Қайтесіңдер, жасы келген адамда не тұр қалды дейсің?» - дегенді айтты. Дегенмен, көндірдік. «Күміс тісім, сүйек тісім, алтын тісім бар. Қай тісімді киейін?» деп сұрады. «Өзіңізге ыңғайлысын көріңіз» дедік. Диванға отырғызып едік, қолп етіп төмен түсіп кеті, астына екі жастық салып жоғарыға отырғыздық. Көзілдірігі де терісін төмен тартып қалған екен, көтеріп, қалпына келтірдік. Бір мезетте қарасам, Әлекеңнің көзі жарқ еткендей болды. Сұлу толықша келген Жаннаға көз тоқтатқан екен. «Байың бар ма, нешедесің?» деп сұрады. Қолтығынан ұстап қасына отырғызды, біз жұмысымызды әрі жалғастырдық.

Әлекең әңгімесін бастап кетті:

- «Ленинград университетінде оқып жүрген кезіміз. Құдай-ау, қай профессордың лекциясы еді, академик Бартольд қой деймін, сол кісіні тыңдап, қатар отырған Мұхтар екеуімізге артта отырған орыстың бүлдіршіндей екі қызы маза бермеді, шашымызға қағаз қыстырыпты, алып оқысақ: «Жігіттер, сіздердің бұйра шаштарыңыз академик мырзаның лекциясын тыңдауға бізге мұрша бермей отыр», деп жазыпты. Таныстық, әрі қарай дос болып кеттік. Біреуі Мұханды басыбайлы айналдырып алды, мен аман-есен құтылып кеттім».

Біз бәріміз күліп жатырмыз. Тағы да қызықты естеліктер айтты. Сөз соңында: «Мен өзімнің замандастарыма, құрбыластарыма мейлінше ризамын. Ленинградта, Мәскеуде келе жатсам Қанышқа, Мұхтарға ұқсас балаларды көремін. Әкелерінді білуші едім деп қалай айтамын?» - деп түйді.

Мен: «Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романына қалай қарайсыз?» деген сұрақ қойдым. Романды алдымен мақтап-мақтап алды да, бір кезде «Құнанбайдың образы қара бояумен ғана берілген. Ол сондай кісі ме еді? Дана, кемеңгер адам емес пе еді, қаныпезер адам болса, Абай қайдан туады?» - деп бір

қойды. Әрине, мұндай сөзді Мұхаңның жанашыр жолдасы Әлекең ғана айта алатынын біз іштей түсіндік. Әлекең көне көзі көп білетін, бейнелеп, әсірелеспейлеуге машықтанған адам еді. Мүсінші Хакімжан Наурызбаевтың ауласында қайың мен қарағайдың будандасқан түбірін көріп, Әлекең: «Қарағайдың қойнына қайың қалай кіріп кеткен?» - дегені әлі есімде.

Біз Әлекеңді киноға түсіріп болып енді кетейік деп жатқанда, ол кісі: «Тоқтаңдар, мен де сендермен бірге барамын», - деді. Қызын шақырып алып: «Таксиге маған ақша бер, Мәдениет министірлігіне барамын» дегенді айтты. Мен безектеп: «ақшаны қайтесіз, біз сізді қайда болсын апарып, қайта әкеліп тастаймыз ғой», - деп зорға көндірдік. Жаннаның қолтығынан ұстаған Әлекеңді далаға бірге алып шықтық. Бізге: «Баспаханаға кеттік, менің «Қазақтың қолөнері» деген кітабым шығады. Соның гонорарын аламыз, сендерді ресторанға апарамыз», - деді. Қоймаған соң баспаның бухгалтериясына апардық, беретін ақшалары әзірге жоқ екен. «Ертең болады, қам жемеңіз. Біз өзіміз хабарлаймыз», - деп жатыр бухгалтерияның қыздары абыржып. Ақсақал аз-мұз кейіп қалды «Ертең ақша келгенде тек менің өзіме хабарлаңдар», - деп қыздарға қатты тапсырды. Мен көңіліне келтірмеуге тырысып «Соңынан бере жатарсыз, менен қарыз алуға болады» дедім. Айтқанын орындап, ресторанға бардық, үйіне ораларда: «Ақшаға барғанымды біздің үй-ішіне айтпаңдар» - деп өтінді. Үй-ішіне біз: «Барсақ, ешқайсы орнында жоқ» - деп, бар кінәні Мәдениет министірлігіне жаптық.

Тағы бір кездескенімде Әлекең сәл көңілсіздеу болды. Сырымбеттегі Шоқан тұрған үйлерді қалпына келтіру жобасын Әлекеңнің ақылымен жасап жүруші едім, соны ала келген едім. Суретті көрді де: «Өзің архитекторсың, неге алапес қып боядың?» - деп ренжіген кейіппен маған көз тастады. Дауысы қатаң шықты. Мен қысылыңқырап қалдым. Кінәмді мойныма алдым, шынында да фотокөшірме анлилин бояуымен қызылала боп боялған еді.

Өмірінің соңғы күндерінің бірінде менімен пенделік әңгімеге көшті. «Мен дүниемен қоштасатын түрім бар» дегенді айтты. «Өлім туралы ойламаңыз, көп ұзамай жазыларсыз» деп едім, мені тыңдамай сөзін әрі қарай жалғастырды.



- Мені Шоқан жатқан жерге апарыңдар, сүйегімді саркофағқа салыңдар, - деді.

Біраз отырғаннан кейін:

- Әлеке, өлмейтін адам жоқ қой, ондай тілектеріңіз болса, бірекі ауыз сөзді Үкімет басына, құрбы-тұстастарыңызға жазып кеткен жөн болар еді, - дедім. Көп ұзамай ол кісі дүние салды. Жерлеуден бір күн бұрын қасында отырып, түнімен күзетіп шықтық, мен оның табыттағы кескін-келбетін қағазға түсіріп, болашақ ұрпаққа бағыштадым.

Әлекеңдей әулие адамның көп арманы орындалған жоқ. Ол кісінің еңбектерінің осы күнге дейін жарық көрмей жатуы бізді қинайды, бұл ғалымдар қауымына үлкен сын. Төл еңбектері түгел тек архивтерін жариялау ғылым үшін көп жаңалық әкелер еді.

Астроном ғалымдардың айтуынша, бізге ең жақын жұлдыз – Альфа Центаврадан шыққан сәулеленің бізге келіп жеткені бағзы заманда шыққан жолаушы - сәуле көрінеді. Әлекеңнің көкірегінде де, жиған-терген архив жиһазында да жарығы мол сан жұлдыз бар. Біраз сәулелері бізге жетіп, біразі жол үстінде. Олардың сөніп қалмай, не бұрылып кетпей бізге тура жетуін асыға күтеміз, үзілмеуін тілейміз.

2004 ж.



## АРДАҚТЫ АҒА

Академик Әлкей Марғұлан туралы жазудың қаншамалықты қиын екендігін айтпаса да болатын сияқты. Оның тындырған істері, ежелгі мәдениетімізді зерттеуге сіңірген еңбегі, ғылымдағы орны, әдебиет, өнер туралы ойлары, бар өмірі кеңінен баяндауды керек етеді. Ол ғылымдағы жолын туған халқының өткендегі тарихын танытып, ежелгі бай мұрасын әйгілеу мақсатына арнады. Күні бүгінге дейін сол мақсаттан айнымай, тынымсыз еңбек етіп келеді.

Зор денесімен орындыққа шалқая отырып, тыңдаушысына оқта-текте көз тастап, ұзақ әңгімеге берілгенде, соншама көп білетіндігін еріксіз мойындаймыз. Ойын дәлелдеу үшін сіз білмейтін, бұрын естімеген небір мысалдар келтіреді. Сөзді келістіріп, көркем тілмен, шебер баяндайды. Әңгіме арасында сізден де ойдың ұғынықты болуын талап етеді.

Түу бастан Әлекеңнің жақсылап сонына түсіп, беріле зерттегені әдебиет болған. Ғылымның қиын саласына араласып жүрсе де, әдебиеттен әлі де бой тартқан емес. 1925 жылы ол Ленинградтағы шығыс институтының әдебиет факультетіне оқуға түсті. Кейін институтты бітірерде Абай творчествосы туралы диплом жазды. Институттағы оқумен бірге Ленинград университетінің шығыс факультетінде төрт жыл үзбестен лекция тыңдады.

Ол жылдары шығыс институты мен университетте В.В. Бартольд, Ю.В. Крачковский, Н.Я. Марр, С.Ф. Ольденбург, И.И. Мещанинов секілді академиктер сабақ беретін. Мұнымен қатар Әлекең өнер тарихы институтына барып, атақты профессорлар Б.М. Эйхенбаумның, В.М. Жирмунскийдің, Б.М. Энгельгардтың әдебиет мәселелері туралы лекцияларына қатысып жүрді. Әдебиетші талантты жастармен жақын танысып, біразымен дос болды. Өзбектің қазіргі белгілі жазушысы Айбекпен Ленинградта бірге оқып, қыс бойы бір пәтерде тұрыпты. 1923

жылдан былай қарай Мұхтар Әуезовпен арадағы үзілмеген достығы оның тікелей әдебиетпен айналысуына әсерін тигізсе керек. Сол жылдары Мұхтарға еріп бір айдай Шыңғыстауда болады, тау-тасын аралап, жерімен танысады. Екеуі шежіре қарттарды әдейі іздеп барып әңгімелерін тыңдаудан жалықпайтын.

Ол содан кейін де Мұхтармен бірге Шыңғыс елінде айлап жатып, серуен құрып, көңіл көтеріп жүрді, Мұхтар екеуі Ленинградта оқыған жылдары да жұптарын жазбастан бір пәтерде тұрып, бос уақыттарын бірге өткізген. Әдебиетке құмар Әлекең сол кезде Г. Ибсеннің, Г. Гамсунның, М. Метерлингтің кейбір пьесаларын қазақшаға аударды. В. Гюгоның “Гаврошын”, Мамин-Сибиряктің бірнеше әңгімелерін аударып, жеке кітап етіп шығарды. Студенттік жылдарда Әлекең “Еңбекші қазақ” газетіне, журналдарға қазақ өнері, ән-күйлері туралы көптеген мақалалар жазды.

Осыған қарамастан Әлекең бірте-бірте әдебиетті қойып, ғылымға ойыса бастайды. Бәлкім, ол ғалым ретінде халқына пайдасын көбірек тигізетінін сезген де болар. Әлде ежелгі мәдениетімізді терең зерттеп, келелі пікір айту қасиетті борышым деп түсінді ме екен?! Әйтеуір, оның ғылымға түгелдей берілуіне мына бір жағдай себепші болғанға ұқсайды. Студент кезінде Әлекең жаз шығысымен СССР Ғылым академиясының Қазақстан экспедициясының профессоры С.И. Руденко басқаратын этнология отрядына қатысып, ел аралайтын.

Мұнда ол жас күнінен жақсы көретін халық өнерінің мөлдір тұнығына кездесіп соған барынша құмартты. Халық өнерінің асыл мұралары, ән-күй байлығы қатты қызықтырды.

Үш жыл бойына экспедициямен бірге қазақ даласын аралап, күйлерді, жырларды жазып алып жүрді. Профессор С.И. Руденко экспедицияны бұрын ғалымдар аяғы баспаған жерлерге бастап апаруды ұнататын. Соның бірінде Әлекең алғаш рет Маңқыстауда, Каспий теңізі бойында боп, небір тамаша күйлер мен әндерді естіді. Сондағы алған мол әсерлерін “Еңбекші қазақ” газетіне жазды.

Неге көңіл аударып, халық өнерін қалай зерттеуді үйреніп қалғандықтан Әлекең әр сапардан олжалы оралып отырды. Әлденеше дәптерді толтырып қайтатын. 1927 жылы экспедиция Алтайға барды. Бұл жолы Әлекең көңілі жүйрік, сөзге шешен, жырды төгілтіп айтатын ескі көз қарттармен көп әңгімелесті. Қой бағып жүрген қарияның екі күн бойы соңынан қалмай, қойын бірге бағысып, одан “Қаракерей Қабанбай” және “Алтайдың алты аруы” жырларын жазып алды. Алтай жырларын жетік білетін басқа да қарттармен кездескені күні бүгінге дейін есінде сақталыпты. Сондай қадірлі қариялардың бірі – 90-ға келген ақын Қара Ертіс бойындағы XVIII ғасырдан бергі аңыз-жырларды жақсы біледі екен. Қандай атақты адамдардың болғанын, олардан қалған сөздерді күдірместен жатқа айтып беретін. Екі ғасыр әңгімесін сақтаған “олар жанды тарихтың өзі” дейді Әлекең.

Алтай сапарынан кейін Ленинградта басылып шыққан “Қазақтар” деген ғылыми жинақта Әлекеңнің “Наймандан” атты көлемді мақаласы жарық көрді. Міне, бұдан былай Әлкей Марғұлан қазақ халқының ескі мәдени мұрасын, әдеби байлығын зерттеуді үлкен мақсат көріп, қабілетін соған жұмсамақ болды. Өзінің ғылымдағы орнын халқының өткендегісін тірілтіп, бүгінгі ұрпаққа таныту деп ұқты. 1930 жылы Ленинградтағы өнер, мәдениет академиясына аспирантураға түсіп, Орта Азия мен Қазақстанның көне мәдениетін, археологиясын зерттеу ісіне біржола кіріскен еді. Аспирантурада жүріп,, өзі оқыған шығыс институтында түркі тілдері жөнінде студенттерге сабақ берді. Қазір есімдері әйгілі археологтар А.Н. Бернштам, С.П. Толстов және антрополог М.М. Герасимов аспирантурада Әлекеңмен бірге оқыған.

Әлекең ғылымда әлі таныла қоймаған тың тақырыптарға айрықша көңіл бөліп, зерттеумен көзге түсті. Ол 1941 жылы “Қыпшақтар жазуларының тарихи мәні” деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Ол кезде қыпшақ жазуларын ешкім де зерттей қоймаған еді. Әлекең қыпшақтардың жазуларына, орыс патшаларына, Италия саудагерлеріне жазған хаттарына үңіліп, тарихи жағдайларға байланысты әлеуметтік мәнін түсіндірді.

Біздің тарихымызда өте қажет бұл мәселенің ғылым дүниесінде әлі күнге дейін толық зерттелмей келе жатқандығына Әлекең өкініш білдіреді. Қыпшақтар жазуын жете білу үшін Италия, Франция архивтерін араламай болмайды. Лондондағы Британия музейінде, Барлин, Стамбул, Каир қалаларындағы қыпшақтардың хаттары болуға тиіс. Соларды бір қолға жинақтап, қыпшақ даласының тарихын жазсақ қой! Қазақтың тегі қайдан шыққанын білгіміз келсе, қыпшақ тарихымен танысуымыз керек. Қазақтың өткендегі өмірін түсіну үшін алдымен қыпшақтарды жақсы білуге тиістіміз. Әйтпесе, көп мәселе күңгірт күйінде қала береді. Қыпшақтар ертеде Ертістен Еділге дейінгі аралықта көшіп-қонып жүрген. Солардың тіршілік-тұрмысы, өнері, кәсібі, көшіп-қону тәсілі, рухани өмірі, тілі тіпті, ою-өрнегіне дейін қазақтарға көшкен мұралар. Демек, біздің халқымыз қыпшақтардың мирасқорлары. Ендігі міндет – басқа тілдерді қыпшақтар жөніндегі құнды деректерді аударып, теориялық мәселелерімен айналысу қажет. Бұл мәселемен айналысатын ғалымның бірнеше тілді, әсіресе араб, парсы тілдерін білуі керек болар... дегенді айтады.

Әлкей Марғұлан ежелгі мәдениетімізбен қатар әдебиетті де зерттеп, байсалды ғылыми тұжырымдар жасады. Оның 1945 жылы қорғаған докторлық диссертациясы “Қазақ халқының эпикалық шежіресі” деген тақырыпқа арналды. Көлемі қырық баспа табақ диссертацияда түгелдей дерлік әдебиет мәселесі сөз боп, қазақ эпосы, аңыз-ертегісі туралы ойлары жинақталды.

Соңғы жиырма жылдан бері академик Әлкей Марғұлан Орталық Қазақстанның археологиялық экспедициясын басқарады. Орталық Қазақстан ежелгі дәуірден-ақ кен шығару орталығы болған. Бұл жерлерде кен шығаруға байланысты тарихи белгілер өте көп. Олардың ішінде ескі заманда тастан қаланып жасалған үйлердің орны, кен қазылған жерлер, сәулет өнерінің іздері жиі кездеседі. Қымбат мұраларды зерттеп, ғылымның игілігі ету – аса бір қадірлі іс боп табылады. Осыларды Әлекең ондаған жылдар қатарынан сарыла зерттеп, ескі заманның асыл мұраларын жарыққа шығаруда. Жыл сайын экспедициямен бірге археологиялық қазба жұмыстарына қатысады.

Көп жылғы зерттеулер нәтижесінде бірсыпыра ғылыми мақалалар жазылып, Қазақ ССР Ғылым академиясының журналдарында кезінде жарияланып тұрды. Өзі жазғаны бар, басқа авторлармен бірлесіп жазғаны бар – бірнеше қалың кітаптар жарық көрді. Археологиялық зерттеулердің қорытындылары “Қазақстанның ежелгі қалалары”, “Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті”, “Қазақстанның сәулет өнері” деген кітаптарда жан-жақты баяндалды. Әлекеңнің басқаруымен өткен жылы “Қазақ ауылының мәдениеті мен тұрмысы” деген көлемді кітап шығарылды.

Өткен жылы ол Атасу бойын, Бетпақдаланың солтүстігін бір жарым ай аралап, көшпелі елдің ізі Бетпақдаланың қай жеріне дейін келетінін зерттеді. Әлекеңнің қазіргі негізгі жұмысы – қола заманның соңғы кезі және темірдің қазақ жерінде шығу тарихы боп отыр. Бұларда жай қарағанда ешбір сыртқы белгі жоқ, бәрі де жер астында көміліп, көзден жасырынып жатыр. Әрине, оларды тауып жарыққа шығару үшін көптеген ғылыми тәсіл керек. Қазір Әлекең осылар туралы монографиялық еңбек жазып жатыр. биылғы жылы бітірем бе деген ниеті бар. Мұнда Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті, сол кездегі тайпалардың өнері, үй салу, белгі тұрғызудағы қалдырған ескерткіштері туралы айтылмақ. Егер жинақтап айтсақ, Әлекеңнің көп жылдан соңына түскен ғылыми-зерттеулері бірталай күрделі саланы қамтиды. Қазақ халқының ежелгі мәдениеті, әдебиеті, өнері, оның рухани тіршілігіне қатысты неше алуан ой шығармалары, сәулет өнері, халық шеберлері жасаған дүниелер... Әлекеңнің археологиялық зерттеулері, көбінесе осы мәселелерді шешуге бағытталған.

Соңғы он жылда Әлекең өзінің негізгі жұмыстарын кейінге қалдырып, Шоқан Уәлихановтың толық жинағын шығару ісін қолға алды. Шоқанның 5 томдық толық жинағы түгелдей жарық көргелі отыр. Әлекең Шоқанның мұрасын іздеп тауып, сараптап том-томға бөлуде қаншама уақыт, қаншама күш жұмсады десеңізші! Ұзақ айлар бойы Москва, Ленинград, Омбы, Томск архивтерінде, кітапханаларында отырып, шаң басқан, ескерусіз жатқан, ешкімнің назарында жоқ мариалдарды табу керек болды. “Осында бірдеңе болар-ау” деген документтерді ерінбей-жалықпай тексеріп.

ондаған архивтерді сүзіп шықты. Табылғандарының басын құрап, бір жүйеге келтіріп, топтай берді. Осылайша үздіксіз іздеуден кейін Шоқанның қолжазбалары, хаттары, соған қатысты документтер, фотосуреттер, Шоқан туралы пікірлер, естеліктер, тағы басқалары тегіс дерлік табылды. Енді, міне, соның бәрі көпшілік еншісіне айналды десек те болатын тәрізді. Шоқанның толық жинағын шығаруда Әлкей Марғұланның ерекше еңбек сіңіргені даусыз.

Шоқанның толық жинағын шығаруды аяқтаған соң, Әлекең қазақ халқының әдебиеті мен мәдениетінің өзі көп заманнан бері жинап жүрген мұраларын түбегейлі зерттеп жарыққа шығарсам дейді. Қазірдің өзінде қазақ халқының өнеріне байланысты еңбектің кей тараулары жазылып та қойылыпты. Ендігі бір ойы – “Қазақ халқының эпикалық шежіресі” деген докторлық диссертациясын қайта қарап, баспаға дайындау екен.

Жақында ғана Москвадан Әлекеңе СССР Ғылым академиясының президенті М. Келдыш қол қойған хат келді. Таяу жылдарда совет елі халықтарының мәдениеті мен өнерінің көп томдық жинағын шығару көзделіпті. Осы жинақтың еліміздің көрнекті ғалымдарынан тұратын редакциялық советі құрамында Әлкей Марғұлан да бар. Әлекеңнің ойынша еліміздің ертедегісінен бастап бүгінге дейінгі мәдениетін, өнерін қамтитын жинақта Қазақстанның өзінен бірнеше том жазылуға тиіс.

Біреулер өмірінің бел ортасынан асқан соң-ақ тындырған ісін қанағат көріп, барды қызықтаумен жүреді. Енді біреулер бастаған істі жеріне жеткізсем екен деп дамыл таппайды. Бұл дүниеде екі рет өмір сүрмейтіндігін білгендіктен бойындағы қуат-күшін толық жұмсауға тырысады. Әлекең болса, “ойға алған, кезегін күткен істер көп. Соның бәріне тек уақыт керек” дейді. Уақыт қадірін білген адамға не жетсін!

1968 ж.



## ҚАЗАҚТЫҢ КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМЫ

Қазақ совет интеллигенциясының алғашқы буындарының бірі, Қазақстанның көрнекті ғалымы академик Әлкей Ханайұлы Марғұланның туғанына 1964 жылы майда 60 жыл толды.

Қазақтың әдебиет тану ғалымы мен ұлттық мәдениет тарихының, қазақ археологиясы ғылымының өсіп дамуына елеулі үлес қосқан зерттеуші, қазақ археология ғылымын жасау жолында көп еңбек еткен академик Ә.Марғұланның есімі республикамыз ғана емес, одан сырт жерлерге де көптен белгілі. Академик Ә.Марғұланың – қазақ халқының арғы-бергі замандағы саңлақ ойшылдары мұралары мен өмірі, қызметі жайында терең зерттеулерге негізделген еңбектер мен мақалалардың авторы. Ол – қазақтың ауыз әдебиеті үлгілері мен көне дәуірдегі ақын-жазушылар, ғалым, тарихшылар мұраларының зерттеушісі ретінде де, қазақ халқының ежелгі материалдық мәдениетін зерттеуші этнограф, археолог ретінде де, қазақтың Шоқан сияқты ұлы ғалымының еңбегін зерттеуші, әрі ұлы ақын Абайға қатысы бар бұл күнге дейін бізге беймәлім боп келген көп-көп жазба деректерді іздеуші – архив қазынасын ақтарушы ретінде де, сонымен бірге Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, ұлттық ғылымды көркейту, ғылым кадрларын даярлау ісінде қолғабысы, жетекшілігі мол аға-ақылшы ретінде де елеулі бедел-құрметке ие ғалым.

Әлкей Марғұланың 1904 жылы 15 майда қазіргі Баянауыл станциясына жақын жердегі Жасыбай көлі жағасында туды. Өзінің бүгінгі көп тұрғыластары сияқты, әлкей де жас кезінде әуелде ескі ауылда оқып білім алды. Бұл мектепте ол араб жазуын өте жетік игеріп, қазақ ауыз әдебиеті мен Отра Азия халықтарына тән шағатай әдебиетінен хабары мол шәкірт боп шықты. Ауылда оқып жүрген кезінде, одан кейінгі балалық өмірінде Әлкейдің рухани дүниесіне әсер еткен, оны ерте оятқан құдіретті күш ұлы



ақын Абай мен Сұлтанмахмұттың өлеңдері болды. Расында да, ұлы ақын Сұлтанмахмұттың, Жаяу Мұсаның, әрі сол кезде жас семинарист, кейін қазақтың ұлы ғалымы дәрежесіне дейін биіктеген Қаныш Сәтбаевтың Әлкей мен оның құрбыларының ілгері ұмтылуына көп-көп әсер-ықпал жасағанына сөз жоқ еді.

Әлкей 1917-1919 жылдары ауылдық бастауыш орыс мектебінде, кейін мұғалімдер даярлайтын курста, ал 1921-1925 жылдары өз кезінде өте білімді оқытушылары бар орта дәрежелі оқу орны Семейдегі педтехникумда оқып білім алады. Педтехникумды бітірген соң жоғары білім алу мақсатымен, Әлкей Ленинградқа барып, Шығыс институтында әрі ЛГУ-дың қоғамтану факультетінін шығыс бөлімінде оқиды. Институт пен университетте Әлкей еліміздің аса, көрнекті ғалымдары, академиктер В.В.Бартольд, С.Ф.Ольденбург, А.Н.Самойлович, Ю.П.Крачковский, Е.Э.Бертельс, С.Е.Малов, И.И.Мещанинов, Л.В.Щерба, Е.Г.Грум-Гржимайло т.б. лекциясын тыңдайды, орыстың бұл ірі ғалымдарының өнегелі дәстүрін бойына мол сіңіреді. Студент кезінің өзінде-ақ Марғұлан қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті тарихын зерттеуге бейімделе бастайды. 1926-1930 жылдары практикант ретінде СССР Ғылым академиясы ұйымдастырған экспедицияға қатысып, Қазақстан мен Алтайдың біраз жерін аралайды. Профессор С.Н.Руденко басқарған антропологиялық отрядта жұмыс істейді. Экспедицияда жүріп халықтың ертегі, аңыздарын, шежірелерін, жырларын, астрономиялық ұғымдарын жинайды. Осылардың негізінде 1927 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде Маңғыстау қазақтарының тұрмысы сөз болатын публицистикалық әңгімесі «Адайда» деген атпен жарияланады. Ал қазақтың найман бұтағының қысқаша тарихы сөз болатын мақаласы 1930 жылы Ленинградта шыққан «Қазақтар» деген жинаққа басылады.

Ә.Марғұлан 1933-1940 жылдары Материалдық мәдениет тарихының мемлекеттік академиясында (ГАИМК) аспирантурада оқиды. Шығыс институтында жұмыс істеп жүрген Ә.Марғұланды 1938 жылы СССР Ғылым академиясы Президиумы шешімімен СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалына, тарих секторына аға ғылыми қызметкер етіп жібереді. Міне, осыдан

былай қарай күні бүгінге дейін Ә.Марғұлан Қазақстанның ғылым ордасында үздіксіз қызмет істеп, оның әр алуан ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру шараларына белсеңді араласып келеді.

Ә.Марғұланның қазақ әдебиеті тарихы мен қазақ халқының мәдениеті тарихы төңірегінде барынша өнімді зерттеу жұмыстарын жүргізіп, осы саладан ғылыми мақалалар жазуы, отызыншы жылдардың аяғынан басталады. Бұл кезде ол қазақ халқының тарихы, қазақтың батырлық жырлары тарихы, бұрынғы жыраулар, тарихшылар, әрі тұңғыш ғалым Шоқан, ұлы Абай шығармалары төңірегінде (библиографиялық көрсеткіштерді қараңыз) бірнеше еңбектер мен зерттеу мақалаларын жариялады. Ә.Марғұлан өзінің осы еңбектері негізінде 1943 жылы Ленинградта кандидаттық диссертация қорғады.

Зерттеушілік өрісі жағынан Әлкей Марғұлан - әрі алуан ғылым саласына бой ұрған, әрі бәрінен де терең ғылыми еңбектер берген ғалым. Өз зерттеу жұмыстарының әр салалығына қарамай, осының бәрінде бір ғана мақсатты – қазақ халқының әдеби, ғылыми, мәдени тарихының ежелгілігін әр алуан тәсілді зерттеулер арқылы дәлелдеу мақсатын негізгі нысана етеді. Міне, бұл - Ә. Марғұланның ғалымдық өріс, сападағы өзіндік бір ерекше қасиеті. Сонымен бірге Ә.Марғұланның зерттеу жұмысында Шығысты, Орта Азия мен Қазақстанды зерттеуші орыстың ірі ғалымдарына - өзі тәлім-өнеге алған ұстаздарына тән стиль бар.

Ә.Марғұлан ертеректе зерттеген эпостық жырларды болсын, қазіргі күнгі негізгі ғылыми зерттеу объектісі болған қазақтың ежелгі архитектура өнері, сымбат, мүсін, сәулет, шеберлік өнері тарихын болсын, негізінен екі бағытта: жер қазбалары деректерін экспедициялық зерттеулер арқылы жинау әрі ежелгі, орта ғасырдағы ғалымдардың, жиһанкездердің Орта Азия, Қазақстан туралы жазған еңбектерін зерттеу, сөйтіп, осы екеуін сабақтастыра қорытынды жасау бағытында жүргізеді.

Ә. Марғұланның қазақ әдебиетінде көбірек айналысқан тақырыбы – қазақтың эпостық жырлары мен ертедегі жазба мәдени мұралары, жыраулар өмірі дедік. Ол «Қазақ халқының батырлық жыры» деген тақырыпта 1945 жылы докторлық

диссертация (көлемі 35 баспа табақ) қорғады. Бұл еңбегінде Ә.Марғұлан батырлық жырды сонау ежелгі үйсін-қаңлы заманы, V – VIII ғасырдағы түркі қағанаты заманы, IX – X ғасырдағы қарлұқ дәуірі, әрі бергі кездегі ноғайлы, қазақ-қыпшақ дәуіріне бөле, оларда көрінетін әдет, салт, жол-жосын, жөн-жоралғыларды, түсінік-наным, дүние танымдарды халықтың тарихымен, экономикасы тарихымен байланыстыра әрі жазба тарихта сақталып қалған ежелгі грек жырларымен салыстыра, сөйтіп, олардың туу себептерінің тарихын сырын аша, әрі Қазақстан, Орта Азия жерінде сақталған қазба, жазба деректерден ежелгі батырлық заманның ізін қуа, оларды айғаққа, куәлікке тарта сөз етеді. Осы ретте қазақ әдебиетінде ертегіге айнала бастаған, бірақ ерлік, батырлық заманның мифтік ұғымдар үстем дәуірінде, яғни үйсін-қаңлы заманында туған «Ер Төстік», «Құламерген» (Ақкөбек), «Ханмерген», «Айтолыс», беріректе жасалған «Қорқыт», «Көрғұлы» т.б. жыр-ертегілер толық та терең зерттеу тапқан. Әрі оларды өз ара салыстыра отырып, жыр мотивтерінің ұқсастық, ерекшелік жақтарын, мотивтің алғашқылық, соңғылық ізін халықтардың қоғамдық, экономикалық тарихы негізінен келіп дәлелдеуді бірінші кезекке қойып отырған. Әрі Ә.Марғұлан эпостық ертегілерді Қазақстан территориясында сақталған ежелгі тас кешен, ер, батыр, алып тұлға иесін паш етер сым тас, скульптура ескерткіштердің, мұнаралы бейіт, молалардың жасалу тарихын археологиялық жағынан дәлелдеу арқылы, V-VII ғасырдан қалған орхон-енисей тас жазулары – жазулы құлпытастарды, ондағы жауынгерлік термин, эпостық үлгідегі үзікті, *эпиграммаларды* негізге ала сөз етеді. Міне, осылайша ежелгі *материалдық мәдениет пен рухани мәдениетті* қатар алып, біріне бірінен дәлел, байланыс таба бірлікте қарастыру, зерттеу бұл – академик Ә.Марғұланның өзіндік ғылыми-лабораториялық экспедиция-археологиялық зерттеу әдісі. Бұл әдіс, сайып келгенде, қазақ халқының *материалдық мәдениеті де, рухани мәдениеті де ежелгілік*, бұл екеуі де сонау арғы дәуірлерден бері бірімен-бірі байланыста, қатар дамып келген деген негізгі пікір нысанасын айғақтау әрі қазақ бертінгі кезге дейін

көшпелі ғана ел болды деген жаңсақ пікірлерді мансұққа шығару идеясынан кеп туған әдіс.

Сол сияқты академик Ә.Марғұлан эпостық жырдың ежелгілігі қазақ халқында, қазақ халқына ұйтқы болған байғы тайпаларда ақындық, жыраулық өнердің де ежелгілігін көрсетеді деген идеямен оған дәлелді арғысы Х ғасырға дейінгі қытай деректерінен, бергісі орта ғасырдағы араб, Орта Азия ғалымдары жазба деректерінен қарастыра зерттеу жүргізеді. Айталық, III-VIII ғасыр тарихын сөз ететін қытай шежірелері түркі тайпаларында ақындар жиын-тойда домбыра алып, қарама-қарсы отырып айтысқа түсетінін ескертсе, XI ғасырдағы Махмұд Қашғари сөздігінде байырғы өткен Шөже жырау еске алынады. Ал XIII ғасырда араб тарихшысы Ибнал-Асир Дәшті қыпшақтың Аталық жырау немесе Кетбұға ақыны болғанын айтса, XIV ғасырдың 30 жылдары Сарайшыққа келіп кеткен тарихшы Ибн-Батут «түріктің ұлы жыршысын» - Сыпыра жырауды атайды. Міне, Ә.Марғұлан осы ақындарды әрі XV ғасырдағы Асан Қайғы, Жиренше шешен, бергісі Бұқар жырау, Тәтті Қара, Шал ақындарды бұрыңғы-соңғы эпостық жырлармен байланыста, оларды алғаш жасаушы авторлар ретінде, яғни сонау ертегі-жыр үлгісіне ауысқан «Ер Төстік», «Құламерген», «Ханмерген», «Айтолыс», бергісі «Қозы Көрпеш – Баян-Сұлу», «Ер Көкше», «Ер Қосай» т.б. жырларды туғызған эпик ақындар ретінде қарайды. Сөйтіп, зор ақындық таланттың, үлкен жыраулық өнердің қазақ халқында өте ертеде туып, кейінгі кезге дейін дәстүрлі сабақтастығын үзбей жеткендігін баяе етеді. Қысқасы, қазақ әдебиет тану ғылымында 50-жылдарға дейін бой көрсеткен көзқарас, яғни ескі мұраларға деген бір жақты мадақтау сарыны Ә.Марғұлан мақалаларында да ішінара болғанын есептемегенде, оның бұл саладан жазған еңбектері қазақ әдебиет тану ғылымында елеулі орынға ие.

Ә.Марғұланның «Мұхаммед Хайдар – қазақтың тұңғыш тарихшысы» атты мақаласында да қазақ халқының жазба мәдениеті тарихы әріде жатыр деген пікір бірінші кезекке қойылады. Шын мәнінде де, қазақ халқының бір бөлегінің Ақ Ордадан бөлініп, туыстық бірлігі өте ерте дәуірде жатқан Жетісу халықтармен «бірігуін» баяндайтын еңбек, яғни Сарысу – Шу –

Іле алқабында тілдік, этногенездік жағынан XII–XIV ғасырлардақ бір тұтастыққа келе бастаған тайпалардың ұйтқылығы негізінде құрылған қазақ халқының алғашқы дәуірін баяндайтын еңбек, әрі өзі осы ұйтқы тайпалардың бірі – Дулаттан шыққан автор қазақ халқының тарихында да, әрі мәдениеті, әдебиеті тарихында да көрнекті орын алмағы лайық та.

Ә.Марғұланның ендігі бір мұқият қолға алған игілікті бастамасы – Шоқан мен Абайдың қолжазбаларын, хаттарын табуы, ұлы ақын Абай шығармаларының бұл күнге дейін белгісіз боп келген нұсқаларын іздестіруі, сонымен бірге Шоқанмен қатар әрі одан соң Омбының кадет корпусында оқыған қазақ жастары жинаған ауыз әдебиеті үлгілері мен олардың өз шығармаларының қолжазбасын қарастыруы болмақ.

Шынында да, қазақтың әдебиет тану ғылымы мен тіл білімінің алдында тұрған қазіргі күнгі ең негізгі міндет XIX ғасырда қағазға түскен, баспа бетінде жарияланған барлық әдеби мұраларды мұқият іздестіру, жинастыру, оларды ғылыми текстология жасай отырып, бастыры шығару болса керек. Міне, мұны қазақтың ауыз әдебиеті, жазба әдебиеті, әдеби тілі тарихын жасау қажеттігі де талап етпек. Осы ретте академик Ә.Марғұланның игі істерін кезінде оқушы жұртшылықтың, зерттеуші жас талаптардың қуана құптап отыруы толық заңды да. Айталық, Ә.Марғұланның жариялаған Шоқанның, Абайдың хаттары өзінің тілі жағынан сол кездегі жазба әдеби тілді қарастыруға соншалық құнды дерек боп табылмақ.

Тіпті Ә.Марғұланның қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлихановтың өмірі мен творчестволық қызметін зерттеу саласында да елеулі жұмыстар жасады. Шоқан өмірімен ертеден айналысып келе жатқан ғалымға Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы 1956 жылдың аяғында Шоқан Уәлихановтың әдеби мұрасын зерттеп меңгеру әрі ол еңбектерді баспаға даярлау сияқты құрметті міндет жүктеді. Қазір Ә.Марғұланның редакторлығымен әрі тікелей араласуымен ұлы ғалымның 5 томдық шығармалар жинағының 3 томы баспадан шықты. Шынын айту керек, біздің қазақ баспасынан классикалық ғылыми әдеби мұралар үлгісінде шығарылған бірден-бір еңбек

әрі ең алғашқы еңбек – ұлы ғалымның осы томдары болмақ. Жинақтың бірінші томында Шоқандай қоғамдық қайраткер, мемлекеттік адам, ұлы тарихи тұлғаның творчестволық өмірі баяндалатын үлкен еңбекті академик Ә.Марғұлан жазған.

Ұлы ғалым Шоқанның өмірі мен творчестволық қызметіне арналған бұл еңбек түптеп келгенде, Біріншіден, қазақ халқы мен ұлы орыс халқының XIX ғасырдың басынан 60-жылдарға дейінгі аралықтағы мәдени қатынасының тарихы; екіншіден, орыстың революционер-демократтық бағыттағы ғалымдары мен жазушыларының, әр түрлі ғылым саласының көрнекті өкілдерінің Қазақстан, қазақ халқы туралы пікірлерді мен еңбектерінің әрі қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетіне деген зор бағалаулары мен олар төңірегінде жүргізген жұмыстарының конспектілік ғылыми лекциясы; үшіншіден, осы дәуірде Қазақстанға келіп-кеткен орыс ғалымдарының қазақтарға арналған еңбектерінен хабардар ететін ғылыми библиографиялық көрсеткіш; төртіншіден, Шоқандай ұлы ғалымның өз халқына деген сүйіспеншілігін, қызғыш-қамқорлығын, келешегіне деген сенімін, орыс халқымен достығын уағыздаған, соны тілеген мұрат-мақсатын, соншалық аз өмірінде жазып үлгірген орасан зор еңбектері мен көтерген, берік ұстанған идеясын, орыс халқымен, оның озық ойлы азамат ұлдарымен қарым-қатынасын, қысқасы, Шоқанның 18 жылдық өмір жолын – кадет корпусының шәкіртінен Ресейдің сол кездегі алдыңғы қатарлы қауымы түгел дерлік танып, зор бағалаған биігіне дейінгі өсу жолын ғылыми тілмен баяндайтын тарихи шежіре іспеттес. Сондықтан да бұл еңбек Шоқан жайындағы зерттеу ғана емес, ол – қазақ халқы мен орыс халқының мәдени қатынасын зерттейтін, осы екі халықтың ұлы перзенттерінің қазақ халқының тарихы, тұрмыс-салты, мәдениеті мен әдебиеті, тілі, Қазақстан географиясы жайындағы зерттеулерімен айналысатын былайғы жас буын ғалымдар үшін дайын тұрған деректеме көз, өздігінен ізденуге көмекші пікір сабақтарының тізбек түйіндері боп шыққан.

Қазақстан территориясында ертедегі дәуірден қалған материалдық мәдени мұра – ескерткіштерді зерттеу жұмысы да Ә.Марғұланның есімімен тығыз байланысты. Академик

Ә.Марғұланның есімі көне заманның материалдық мәдениетің, оның ішінде архитектура ескерткіштерін зерттеу ісінде А.Ю.Якубовский, М.Е.Масон, С.П.Толстов, А.Н.Бернштам, С.И.Руденко сияқты көрнекті совет ғалымдарының есімімен қатар тұрады.

Ә.Марғұланның Қазақстан территориясында жасаған алғашқы қауымының әрі бұл қауым ыдырағанға дейінгі аралықтағы құрылыс материалдарын баяндайтын еңбегі қазақстандық археология, тарих ғылымында әрі практикалық жағынан да, әрі ғылыми жағынан елеулі орынға ие. Яғни алғашқы қауым тіршілігі ізін Қазақстан территориясынан табу, олардың картасын жасау, материалдық мұралардың суретін түсіру, оларды жинау – бірінші жағынан, республикамыздың ғылыми өлке тану музейін байыту болса, екінші жағынан, осы дәуірден қазақстандық ғылымның өркендеуіне мүмкіндік жасау болмақ, үшіншіден, мұның өзі жергілікті жерлердегі мектептердің арғы дәуірден өлке тану жұмысын жүргізуі үшін әрі тікелей көрсеткіш, әрі нақты нұсқау да болмақ<sup>1</sup>.

Ә.Марғұланның бұл саладағы еңбектерінің бергі дәуірге қатысты бөлімі де барынша терең ғылыми зерттеулерге толы. Олай дейтініміз: Қазақстан жерінен табылған, қазақ халықтығын құрауға ұйытқы болған ежелгі тайпалар тұтынған, солардан қалған материалдық мәдени мұралар біз жоғарыда айтқан үлкен бір мақсатқа, яғни қазақ халқы көшпелі ғана ел емес, ежелден-ақ отырықшы, жартылай отырықшы, мәдениетті ел болған деген мақсатқа, осы пікірді дәлелдеу мақсатына негізделі зерттеледі. Айталық, Сарысу, Ұлытау, Шу, Бетпақдала т.б. жерлерде сақталған балбал тастар, тас мүсіндер, мұнаралы мола бейіттер, Отырар, Тараз, Баласағұн, Баба-ата, Қойлық сияқты қалалар, ондағы монша, мешіт медресе, сауда сарайы орындары, зор тастан қаланған үй іргелері, тұрғылар, үй қабырғаларына, түрлі бұйымдарға салынған әр алуан формалы оюлар, өрнектер, әшекейлер, қамал ішіндегі жер асты су қоймалары, қыш трубалар, су орлар, үлкен көпірлер, тоғандар, кең арналы канал арықтар, суармалы егіндік жерлер, су диірмендер, бау-бақша орындары т.б. – мұның бәрі күрделі құрылыс құралдарына иелік еткен

мәдениетті, отырықшы халықтың ісі. Академик Ә.Марғұлан осы мәдениетке V–VIII, IX–XIII ғасырда Орталық Қазақстанды, Сарысу, Шу, Сыр, Жетісу өлкесін мекендеген қазіргі қазақтардың арғы аталары иелік етті дегенді айтады, әрі оны осы мәдени мұраның арғы-бергі үлгілерің, олардың даму, күрделену, бұл күнге келіп жету сияқты тарихи жолын зерттеулер арқылы даусыз түрде дәлелдейді.

Ә.Марғұлан 100-ге жуық мақалалар мен жеке ғылыми еңбектер жазды. Республикамызда әдебиет пен тарих, археология саласынан жазылған кандидаттық, докторлық диссертацияларға, жеке ғылыми еңбектерге арнап берілген отыздан арттық рецензиялары бар. Әрі ол көптеген жас ғалымдарға жетекшілік те етті.

Ә.Марғұлан Қазақ ССР Ғылым академиясы мен астанадағы жоғары оқу орындарында әрі еліміздің өзге қалаларында гуманитарлық ғылымнан ұйымдастырылған кеңестер мен конференцияларға белсене ат салысып отырады. Ол 1932 жылы Ленинградта болған Иран көркем өнерінің халықаралық конгресіне, 1960 жылы ориенталистердің Москвада өткізілген халықаралық 25-конгресіне қатысты.

Ә.Марғұлан 1946 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті, 1958 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі боп сайланды, Ә.Марғұланға 1960 жылы профессор деген атақ берілді.

1964 ж.





## МАРҒҰЛАН ӨЗ БАҒАСЫН НЕГЕ АЛА АЛМАДЫ?

Халқымыздың біртуар ұлдарының ішінде түрлі себептермен көп айтылмай келгені – академик Әлкей Марғұлан. Биыл тәуелсіздігіміздің арқасында ұлттық ғылымымыздың мерейін асырған тұлғаның 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО деңгейінде тойланғалы отыр. Бүгін ұлы ғалымның талантты шәкірттерінің бірі, тарих ғылымының кандидаты, доцент Самат Өтениязовпен әңгімені назарларыңызға ұсынамыз.

**- Таныс-білістіктеріңіз қай жылдардан басталып еді?**

- Әуелі Әлекең менің “Аттила” атты кітабымның қолжазбасын оқыды. Бұл – 1980 жыл. Ұнаған болуым керек. Сосын Қазақстан Ғылым академиясы Тарих институтының директоры, академик Ақай Нүсіпбековке айтып жүріп, сол институттың ертедегі және орта ғасыр тарихы бөліміне жұмысқа алдырды. Кілең сайдың тасындай шет тілдерінің маман-ғалымдары қызмет істейтін бөлімді белгілі ғалым Болат Көмеков басқарады екен.

Тарихқа ендеп зерттей бастадық. Дегенмен, ұзамай Ұстазым мені шоқантануға икемдеп, баулып әкетті. Қанша жерден саңлақ ғалым, сұңғыла оқымысты болса да Әлекең өз бағасын жеткілікті дәрежеде ала алмай, туған елінде өкіметтен өгейлік көріп өткен адам.

**- Дәлел керек қой?**

- Дәлел-дәйек сұхбаттың ен-бойында жеткілікті айтылатын болады. Әңгімені әріден бастайын.

1929 жылы Санкт-Петербургтен (Ленинградтан) Шығыстану институтын тәмамдап келген өрімдей жастың одан кейінгі ғұмыр жолы ауырлау болды. Ел ішінде өсек-аяң өрекіп, қуғын-сүргін өршіген уақыт. Сондықтан аспирантураны сылтау етіп, 1931 жылы Петербургке қайта аттанған. Одан кейін Мәскеуде қызмет істеген. 1938 жылы сол шақтағы КСРО Ғылым академиясының басшысы Әлекеңді шақырып алып, “еліңізге қайтыңыз” деген ұсыныс жасайды. Сөйтсе, маман жетіспей жатқандықтан сол кездегі Қазақстан үкіметі басшыларының бірі Нұрмақов өтініш білдіріпті академияға. Ол жақта, әрине, Әлекең үшін тыныш. Қауіпсіз. Десе де, амалсыз оралған.

Рас, 1940 жылы алғашқы ғылыми кітабы (“Қазақ әдебиеті” Қажым Жұмалиевпен бірге жазған) жарық көрді. Одан кейінгі еңбектерінің жариялануы өте-мөте сирек. Тіпті, 1951 жылы “Казахстанская правда” газетінде сын мақала да шыққан. Мазмұны білім беру өресі өте жоғары институтты бітіріп келген Әлкей Марғұландай білімдар ғалымдар да ештеңе бітірмей жүр деген айыптауға толы. Авторы кім дейсіз ғой. Әлекең оны, ол Әлекеңді қатты сыйлайтын ғалым Мариям Тұрсынова. Ол кісілердің арасындағы сыластыққа мен куәмін. Кейіннен түсініскендері анық.

Ал, XIX ғасыр тарихын Мариям Сүлейменқызынан артық білетін тарихшыны кезіктірмедім. Бұл бағыттағы білгір тарихшы Бекмахановтың көзін біз көрген жоқпыз. Мариям – шоқантануға орасан үлес қосқан ғалымдардың бірі. Әлкей ағаны сынағаны үшін оны нашар адам екен деп ойлап қалмау керек. Сол кездегі ғылым саласындағы құйтырқылықтарды Мариямға байланысты да айта аламыз. Шоқантануға ерен еңбек етіп жүрген Мариям апайға өз бағытында емес, ойда жоқ Маңғыстау адайларының тарихы туралы қорғау ұсынылған. Біріншіден, Кеңестік саясат үшін өмір бойы Ресей империясына қарсы соғысқан жауынгер елдің шежіресі маңызды тақырып емес еді. Екіншіден, қанша білімпаз болсаң да саясат сүрлеуіне салып мін тағушылар көп болары даусыз. Сонда да мықты ғалым дес бермей, ақыры (кандидаттықты) қорғап шыққан. Осы зерттеу мұрындық болып, 1972-73 жылдары Салық Зимановтың жетекшілігімен “Казахи Мангышлака XIX века” атты жинақ баспадан шыққаны бар. Сізге өтірік, маған шын, кезінде Англияға, Францияға, Испанияға барғанымда менің де алдымнан аталған кітапты сұрап шыққандар аз болмады.

- **Енді Шоқан және Әлкей тақырыбына оралсаңыз.**

- Шоқантану – қазақ ғылымының үлкен бір саласы. Оның ішінде этнография, тарих, археология, әдебиеттану, нумизматика (тастағы жазу), тағы басқа болып бөліне береді. Яғни, Шоқан Уәлиханов мұрасы әмбебап. Оны зерттейтін ғалым да жан-жақты оқымысты болуы шарт. Сол ізбасар, сөз жоқ Әлкей аға болатын.

Қаныш Сәтбаев Қазақстан Ғылым академиясының Президенті ретінде Шоқан мұраларын түгелдей іздеп тауып, жариялату мақсатында қатарынан 6 мәрте ғылыми топ құрғызған. Ғалымдар қанша топтасса да ештеңе бітіре алмайды. Шоқан еңбектері өте күрделі әрі жоғын іздеп табы да қиямет-қайым. Күрделі болатыны мысалы, Шоқан жолда кезіккен шөп, ағаш немесе аңның атын қазақша (араб қарпімен), орысша, латынша, иранша, парсыша дегендей, жаза берген. Мұнан басқа да қиындықтар көп.

Енді тұйыққа тірелген Сәтбаев Орталық Қазақстанда археологиялық экспедицияны басқарып жүрген Әлекеңді шоқанзерттеу тобын басқаруға қорлап көндіреді. Сол-ақ екен, іс ілгері басады. Маман бәрін ешеді деген сөз осындайдан шықса керек. Топқа бағана айтылған Мариям Тұрсынова және Палгова, Кармышева, Миңғұлов сынды небір білгірлер қамтылады. Екі жылдан соң (1958) Шоқан Уәлихановтың таңдамалысы, 1961, 1962, 1964 жылдары I, II, III томдары, 1968, 1972 жылдары IV, V томдары тасқа басылған. Соның өзінде кітапқа “Едіге батыр” жыры мен ол туралы Шоқанның тамаша танымдық мақалалары енбей қалған. Шоқан “Едіге” жырының бір нұсқасы мен “Манастың” бір бөлігін орысшаға тәржімалаған. Осы аудармаларды 1904 жылы Веселовский өте жоғары бағалағаны есімізде.

1985 жылғы Шоқанның 150 жылдығы қарсаңындағы науқанға өзім куәмін. Алдымен, бұл мәселені 1982 жылы Мәдениет министрінің орынбасары Өзбекәлі Жәнібеков көтерді.

Дінмұхаммед Қонаевқа Әлекең хат жазды. Ғабит, Ғабиден үшеуінің қолын Көмековтің бөлімі түгелдей 5 томдықты қайта шығаруға жұмылдырылғанбыз. Түсініктемелері қысқартылды. Орысша 5 томдық 15 мың данамен 1985-1986 жылдарда жарық көріп үлгерді. Қазақша небәрі жалғыз том шықты, онда да кешігіп. Қазақшасын қойып, орысша 5 томының өзі дүкендерге түсіп үлгермей, пышақ үстінде үлестіріліп әкетілді. Күні бүгінге дейін Шоқан еңбектерінің қаттығын осыдан-ақ бажайлай беріңіз.

Өкінішті бір жәй - Әлекеңнің Шоқан туралы жазған (20 баспа табақтан астам) кітабы баспаға жіберілмеді. Мемлекеттік баспа комитетіне барғанымызда “Марғұланның ана баспада бөленіші,

мына баспада түгенінші томы кезекте тұр” деген сылтауды келденендетті. Жылда сондай сылтау айтылатын және сол кезекте тұрғандарының өзі басылмай қалатын. Сөз боп отырған бір томдықты, академияның вице-президенті Жабайхан Әбділдинге, академияның төралқасына да апардық. Әлекеңнің қызы Дәнелдің айтуынша, төралқаға ұсынылған нұсқасы қайтарылып берілмей жоғалып кетіпті.

**- Шоқан мұралары түгелдей табылып, ғылыми айналымға енді ме?**

- Бірде Арғынбаев екеуміз Әлекеңнің үйіне барғанымызда Шоқанның Ленинградтан әкелінген бір жәшік еңбегі түгелдей із-түссіз кетті академияда дегені есімде. – Бірақ олардың тізімі түгелдей менде бар, - деді. Бұл да академияның былықшылығының бір көрінісі.

Шоқан қайтыс болғасын оған әкелік қамқорлық жасаған генерал Гутковский бастаған ғылыми топ құрылады. Мұның өзі Орыс жағрафия қоғамының Шоқанды өте жоғары бағалауымен байланысты. Алайда екі жылға жетер-жетпесте Гутковский шаруа аяқсыз қалады. Жариялау мақсатында ғалымдардың қарауына таратылған қолжазбалар сол қалпы әркімде кетеді. Веселовский бірде Шоқанның 3-4 дәптерін Григорьевтің мұрағатынан тапқанын ескерткен. Меніңше, Шоқан мұрасының көбі Әлекең бастаған топтың арқасында табылды.

**- Гутковский деп отырғаныңыз, Сәбит Мұқановтың Шоқан Уәлиханов жайлы пьесасындағы Катерина Гутковскаяның әкесі ғой?**

- Дәл өзі. Сәбит Мұқановтың бәлкім, білместіктен үстірт кеткен тұсының бірі осы. Көркем шығарма қалай дегенмен де шындыққа шіркеу келтірмеуі тиіс. Драмада Катерина мен Шоқан арасындағы махаббат мәселесі сөз етіледі. Ал, өмірде, Шоқан Гутковскийдің үйіне барғанда Катерина бар-жоғы екі жастағы сәби. Сол бір аяулы жан қолына түскен Шоқан еңбектерін жиырмасыншы жылдарға дейін шашау шығармай сақтап, 70-ке келген шағында мұрағатқа тапсырған. Мәдениетті әулеттің ғалымға деген зор құрметінен басқа пенде ретіндегі махаббат мәселесі онда мүлде жоқ. Бұл жөнінде Фабит Мүсірепов те сынап жазған.

150 жылдыққа орай 1985 жылы ғалымдардан пікір алу мақсатында драманы оқу тапсырылды. Мариям Сүлейменқызы жоғарыдағыдай нақты деректерді айта келіп, мүлдем жарамсыз деп дәлелдегенімен құлақ асқан жан болмады. Сахналанды.

Ал “Аққан жұлдыз” романында да тарихи деректер бұрмаланған. Қысқасы, Сәбит ағамыздың “Аққан жұлдыз” романынан гөрі Әлкей Марғұланның “Шоқан және Манас”, “Көкөтай хан” секілді кітаптары маңыздырақ.

- Энциклопедиялық білімдарлық Кеңес дәуірінде ілуде біреуге, дәлірегі - Әлекеңе бұйырса, ол кісінің зерттеулерінің басында археология тұр. Оны біз кезінде “Білім және еңбек” тағы басқа газет-журналдардан үзіп-жұлып оқығанымыз бар.

- Әлекең кандидаттық, докторлық еңбекті филологиядан қорғаған. Әрине, ол заманда ғылыми еңбекке төрелік айту тек Мәскеудің құзырында. Ал, Қазақстан археологиясының атасы - Әлкей Марғұлан болып қалары даусыз. Әлекең – ғұмырында мәртебелі қызмет істемеген адам. Жеткен биігі – этнография бөлімінің бастығы ғана. Қазақстанның ұлан-байтақ жерінде археологиялық зерттеу қажеттілігі де кезек күттірмейтін іс еді. Сөйте тұра, археология институты ашылған жоқ. Жері шап-шағын Өзбекстанның Самархан мен Ташкенттегі екі бірдей археологиялық институт жұмыс істеді. Тек тәуелсіздік алған соң ғана институтқа қолымыз жетті. Институт ашып, Әлекеңе жағдай жасауға Қазақстан Компартиясы Мәскеудің қаһарынан қорықты шамасы. Өйткені, аржағынан қотарып жазатын Әлкейдей ғұлама кешегі бұратана аталған елдің көп шындығының бетін ашары хақ болатын.

Археологиялық экспедицияға жетекшілік етіп жүріп, Әлекең 1977 жылы өзінің “Орталық Қазақстандағы Беғалы Дандыбай мәдениеті” атты әйгілі жаңалығын ашты. Баспада сүрленіп көбірек жатып, “Беғалы Дандыбай мәдениеті” жарық көргенде, әлемнің түкпір-түкпірінен Әлекеңе ғалымдар лебізі жауып кеткен. Ғылыми ортаның назарын ерекше тартқан еңбекті сексенінші жылдар басында КСРО Мемлекеттік сыйлығына да ұсынуға ұйғарым қабылданды.

Бірауыздан ұсынып, ұйғарым қабылданған Академияның түрлі марапат, сыйлыққа ұсынатын арнаулы комиссиясы. Комиссия төрағасы – Асқар Қонаев.

Арада 2-3 жыл өтіп кетті. Сосын Әлекең күдіктенді ме, мені жұмсап, комиссия отырысының хаттамасынан Әкішев, Байпаков бастаған ғалымдарының лебізін жаздыртып алды. Олар обалдары кәнеки, қатты мақтаған. Не қылғанмен сыйлық берілмеді. Ұсыныс Мәскеуге жетті ме, жетпеді ме, анық-қанығын білмедік. Біздің топшылауымызша, Қазақстанда да, Мәскеуде де Әлекеңмен бақталастар аз болмаған. Бәлкім, Мәскеу кезінде алаш ардагерлерімен аға, бауыр болып араласқан Әлекеңнен іш жиған шығар. Әйтеуір, осы мәселе жұмбақ күйі қалды.

1983 жылы Қазақстан тарихының 5 томдығы жарыққа шықты. Ертедегі түркі мемлекеттері қақындағы бірінші томын жартылай, екінші томын түгелдей Болат Көмеков, үшінші томын толық Бек Сүлейменов басқарған-ды. Шыны керек, Әлекеңнің бірнеше мақаласы болмаса, онда үлесі аз. Әйтсе де, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығы берілген 4-5 адамның ішіне Әлекеңді қосып жіберді.

## **ТҮРКІ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТӨРІНДЕ ӘЛЕКЕҢ ТҰР**

Ол, ол ма? Бізде өте ыңғайсыз ахуал қалыптасты. Тер төгіп еңбек еткен Болат Көмеков пен Бек Сүлейменов атаусыз қалды да, оның есесіне институт директоры Ақай Нүсіпбеков, орынбасары Григорий Федорович Дахшлегер Мемлекеттік сыйлықты иеленді. Болмаса, ақ адал еңбек иелері үшін осы екі бастықтың біреуі сыйлықтан бас тарта алмады. Қазақстанда күні бүгінге жалғасып келе жатқан адал еңбекті белден басудан классикалық үлгісі бұл.

**- Әлекең мен Сәтбаев екеуінің қарым-қатынасы жөнінде аз айттыңыз?**

- Сәтбаев екеуі Баянауылдан. Жерлес қана емес, Әлекең оның туған күйеу баласы.

Қаныш Сәтбаевтың ғылыми еңбегін сөз ету аз. Оның саяси еңбегі де орасан үлкен. Мысалы, Маңғыстау облысы Түркіменстанға беріліп кетуге айналғанда, КСРО Ғылым академиясының президенті, академик Кельдыш арқылы шырылдап жүріп Маңғыстауды Қазақстан құрамында алып қалған Сәтбаев. Кешегі, бүгінгі саяси жезөкшелер оны Қонаевтың ерлігі құсатып көрсетуге тырысып бағуда.

Әр нәрсені өз атымен атайтын күн жетті емес пе?

- **Аталған «Орталық Қазақстандағы Беғазы – Дандыбай мәдениетінің» мәнін түсіндіре кетсеңіз.**

- Солтүстік Кавказдағы Қобан мәдениеті мен Оңтүстік Сібірдегі Қарасұқ мәдениетіне дейінгі алқапта ешқандай өркениет болмаған деген байлам жасалып келген. Дүниежүзі ғылымындағы осы түсінікті Әлекең түбірімен өзгертті. Жаңалыққа әлем ғалымдары назарының бірден ауған себебі де осында.

Орталық Қазақстанда осыдан аттай 2 мың жыл бұрын қалыптасқан «Беғазы-Дандыбай мәдениеті», бүгінгідей батыстан немесе мұхиттың арғы жағынан әкелінген мәдениет емес.

Ол осы өңірде пайда болып, гүлденіп дамыған төл мәдениет. Әрине, оны томаға тұйық жағдайда қалыптасты деуге келмейді. Керісінше, Жезқазған аймағында бұдан екі дәуір бұрын металл қорытылған. Ғни, Жезқазған өңірі түсті металлургияның дүниежүзіндегі аса маңызды орталығына айналған. Бүгінгі Қаракерей даласы, солтүстік Бетпақдала, Атасу алқабы, Ұлытау аймағында атазаманғы кен қазған, мал бағып, егін еккен қалашықтардың жұрты жатыр. Соның барлығын түгендей келе ғұлама, өзі ашқан өркениет қақында бұлтартпайтындай археологиялық дәлелдерді көлденең тартады.

- Қазақ әдебиеттану саласын да Әлкей Марғұлансыз елестету мүмкін емес қой.

Иә, солай. 1929 жылы оқу бітіріп келе, Алматыдағы Білім министрлігінің жанындағы «Жаңа әліпби» комитетінде қызмет істеген. Министрліктен Әлекеңе өзге мамандармен бірге, араб қарпінен латынға көшу мәселесін шешуді тапсырады. Осы мақсатпен Әлекең «Еңбекші қазақ» газетіне дүркін-дүркін мақала жазған. Оған қоса 1920-1921 жылдары Әбубәкір Диваев

экспедициясы жинаған қазақ ауыз әдебиетін жүйелеуді қолға алады. Ол туралы «лекең былай дейді:

«Сол күннен бастап, Ә. Диваевтың экспедиция материалдарын тәртіпке түсіре бастадым. Бұл топтағы көп дәптерлерді Ә. Диваев Жетісу, Сырдария өлкесін зерттегенде жазып алған, кейбірін қолжазба түрінде тапқан. Оның барлық жазып алғаны – екі жүз қырық дәптер, болмаса сегіз мың беттік фольклор қазынасы.... – Қорқыт, Алпамыс, Қамбар, Қозы Көрпеш – Баян сұлу, Едіге, Ер Тарғын... Бір Қорқыт хикаясының өзі сегіз дәптер... қария сөздер, мақал-мәтелдер, Асан қайғы, Бұхар жырау, Абылай, Әбілқайыр туралы аңыздар. Осы қазынаны көруге құмар үш жазушы – Мұхтар, Сәкен, Ілияс болатын. Сәкен күн сайын келіп, Асан қайғы, эпос жырларын көп сұрайтын еді». Ә. Диваевтың бұл алтын қазынасы бізге сол қалпында келіп жетпеді. Ол әркімнің қолына түсіп, жоғала бастады. Қалғандары Қазақ ССР Ғылым академиясының кітапханасы мен Орталық мұрағатта сақтаулы тұр...

**- Ақталған Сәкен мен Ілиясты және Мұхтарды ауызға алғаны түсінікті. Әсіресе, Әлекеңнің Коммунистік партияға мүшелікке өтуге талпынбай өтуі, таңқаларлық.**

- Әлекең 1985 жылы қаңтарда дүниеден озды. Одан төрт жыл өткесін барып, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Мұстафа Шоқайлар ақталғаны белгілі.

Егер сол арыстарымыз Әлекеңнің көзі тірісінде ақталғанда, бүгінге дейін біз білмейтін қаншама сырдың тиегін ағытар еді. 1931-38 жылдары Мәскеу жақта жүргендіктен ғана аман қалған Әлекең, ғұмырының соңына шейін «Могиканның соңғы тұяғындай» күй кешті. Ешқандай қызметке, дәлірегі – коммунистік партияға мүшелікке өтуге ұмтылмады. Өйткені, Әлекең іштей, сөзсіз, коммунистік жүйеге қарсы болатын. Жалындап тұрған жастық шағында өзі аялы алақанын көрген Алаш абыздарын, ешқандай аяусыз қырқып-қырқып түскен коммунистік пышаққа іші жылымай өткені – ақиқат. Сондықтан мұндай партия қатарынан өзін көргісі келмеуі – ерлік деп бағалауға лайық. Әйтпесе, ұлы ғалым екені әлдеқашан мойындалған тұлғаға партияның електі есігі айқара ашыла салары анық болатын.



Арыстар дегеннен шығады. Әлекең, Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романы бұрынғыдан қысқарып шыққанын жиі айтатын. Себебі, сол шақтағы бір ықпалды адамдардың туысқандары жасаған қылмыс жайлы ашық баяндаулары алынып тасталыпты. Енді, баяғы толық нұсқасымен қайта бастырту міндет, меніңше.


**- Халқымыздың ертегі, аңыз әңгіме, жырлары бергі ХҮ. ХІХ ғасырларда пайда болған деген Кеңестік ғылыми тұжырымды да талқандаған Әлекең ғой.**

- Оның рас. Әлекең қайтыс болған 1985 жылы күзге салым, «Ежелгі жыр аңыздар» атты әйгілі еңбегі жарық көрді. Кітап тікелей белгілі ғалым Рахманқұл Бердібаевтың белсенділігімен «Жазушы» баспасынан еш кезексіз басылып кетті. Әлекеңнің жоспардағы кітаптары баспада сүрленіп жатқанда, аяқ астынан шыққан осы кітап, ғылыми орта үшін үлкен жаңалық болып қабылданды. (Осы орайда, Рахманқұл Бердібаевтың азаматтығын атап айту, парыз деп ойлаймын. Өзі баспада істемесе де, жолын тапты әйтеуір).

Жаңалық болатыны – эпос тудырған ортаның мәдениетке қосқан үлесі, ең ескі дәуірдегі халықтық аңыздары, ежелгі ғасырлардағы ерлік бейнелер, кісі, ел аттары олардың тарихи негізі, «Манас» жырының қай кезде шыққаны туралы, Қорқыт туралы қазақтың қария сөздері атты тақырыптардағы тың зерттеулер, ежелгі ғұн, түркі, оғыз, қыпшақ замандарында туып бізге жеткен әдеби үлгілерді сөз етеді. «Ер Төстік», «Манас», «Алпамыс», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», тағы басқа жырлар, ертегілер бәзбіреулер айтып жүргендей ХV ғасырдан бергі мұралар емес, біздің дәуірімізге дейінгі ғұн заманынан келе жатқанын дәлелдейді.

Ғалымның телегей-теңіз біліміне таңқаласыз. Қызық үшін мына үзіндіні келтіре кетелік:

«Қытай жазбаларында ол кездегі ғұн, үйсін, қаңлылар өздерінің қоғам қорғайтын батыр, ерлерін көбінесе «тәңірі» - «күн» деп атайтын болған. «Тәңірі» ескі үйсіндердің тілінде «мықты», «ер», «құдіретті» деген мағынада жұмсалып, кейін табынатын нәрсеге (көбінесе аспанға) айналады.



Ә. Марғұлан жұмыс үстінде



Жартас жағасында



Ә. Марғұлан шәкірттерімен



Экспедиция кезінде



Ә. Марғұлан ғылыми конференцияда



Дала кезген данышпан



Монголия экспедициясы



Ә. Марғұлан мұражай экспонаттарымен танысуда



Ә. Марғұлан экспедиция барысында



Кезекті экспедиция кезінде





Академик Ә. Марғұланның жұмыс кабинеті



Бетпақ даладағы экспедиция



Сарыарқа төсінде



Сары даланың төсіндегі ой



Ә. Марғұлан Сарыарқада



Күй көңіл



Балқаш өңірінде



**Балбал таспен сырласу**



**Ұлытау даласында**



Шәкірттерге кеңес



Қарқаралы қазбасы



**Алтын Шоқы - Сарыарқа белінде**





**Экспедиция нәтижесін талқылау**



**Ш. Шөкин, Ә. Марғұлан, М. Қаратаев**

Ғұн, үйсін, қаңлы дәуіріндегі ерлік жырға мазмұн болған бір әңгіме туралы қытай тарихы былай жазады: «Үйсіндер ғұндармен аталас. Олардың ұлыс басқаратын биін (тәңірісін) ғұндар өлтіріп, оның жетім қалған жас баласы жапан түзде жалғыз қалады. Баланы маса талап, жүдете бастағанда, құстар келіп қанатымен масаны қуып, бөрінің қаншығы кеп оған сүтін емізеді. Ғұндардың «тәңірісі» оған қайран қалып, баланы «киелі» санап, асырауға үйіне алдырады. Бала ержетіп «көкбөрі» (ер, батыр) атын алғанда, ғұндардың тәңірісі оны қолбасы қояды...

Үйсіннің жылқысы қытай әскерлерінің ерекше назарын аударады. Боз ат мінген үйсіннің жігіттері қытайларға «тәңірідей» көрінеді. Сондықтан, қытай хандары үйсіннің бектеріне өздерінің қыздарын беріп, жақын болып, үйсін арқылы ғұн жұртын билемекші болады... Ылғи күріш, мейіз жеп өскен қытай хандарының қыздары, малшылықпен айналысқан көшпенді тұрмысқа көп уақыт көндіге алмайды. Бұл туралы талай ертегі, әңгімелер туып, үйсіндер алған қытай хандарының қыздары «мекіре қатын» аталады. Бұлардың «мекіре» аталуы, біріншіден олардың денесі өте нәзік болғандықтан болса, екіншіден, үйсін көзіне олардың түрі мекіре балық сияқты көрінгендіктен болса керек...

Бергі кездегі ертегі әңгіме бойынша осындай «мекіре қатынды» Асан қайғы да алып, бірақ одан «бала тумапты» деседі.

Бұл үзінділердің тарихқа да, тілге де қатысуы екенін көріп отырсыздар.

Зерттеуден бұдан басқа да талай қызғылықты деректерді келтіруге болады:

«... Әсіресе, «Манас» пен (В.В. Радлов бойынша) Күлтегінге арналған басталуы бір-біріне өте жақын.

Осындағы қырғыздың «Манасын», алтай халқының «Алып Манашын», қазақтың «Алпамысын» Әлекең тегі бір жырлар деп қарастырады. Исі түркіге ортақ мұраларды зерттеуде де Әлекең теңдес табу қиын. Демек, ол кісіні бүкіл түркі әлемі ардақтауға тұрады.

Мұсылман діні келгенге дейінгі дәуірді Әлекең көзмайын таусып көп зерттеген ғалымдардың бірі. Сол түркі заманын

зерделеу қиынның қиыны. Өйткені, ол кезеңнен жеткен тастардағы жазудан басқа жазба жәдігерлік жоқ. Арабша жазғандықтан ғана бізге жеткен екі-үш адамды білеміз. Олар: әл Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмуд Қашқари, Фисамадин әл Сығанақидың арабша жазылған өлеңдері ғана жетті. Түркінің сонша құдіретті империясында жазу мәдениеті жоғары дәрежеде дамығаны мәлім. Турасы – мұсылман діншілдері де (Римде кітаптарды өртеген христиан діншілдері секілді) түркі қағанаты шығарған кітаптар мен қолжазбаларды өртеген болуы керек.

Әгәрәки, жоғарыдағы «Күлтегін» сынды жәдігерліктер тасқа қашалмағанда, тарихта түркі дәуірін дәлелдеу тіптен мүмкін болмас еді. Содан да Әлекең ауыз әдебиетіндегі ежелгі ғұн, түркі, оғыз, қыпшақ іздеріне үңілді. Оғыз мемлекетінің өкілі Қорқытты сегізінші ғасырдың қойнауынан іздеген де, ғылымда осы түсінікті орнықтырған да Әлекең. Тек қазақ емес, қырғыз ауыз әдебиетін зерттеуде де ең сүбелі үлес қосқан ғалымдардың санатында.

Әдебиеттің аударма саласымен де айналысып көрген екен. Мәселен, Ч. Диккенс, А. Куприн, А. Серафимович, Мамин-Сибиряк шығармаларын тәржімәлаған. Шоқанның кейбір хаттарын қазақшадан орысшаға аударғаны бар. Ал, «Манастың» бір бөлігі – «Көкетай ертегісінің», Шоқан аударған орыс тіліндегі тамаша нұсқасын, қырғызшадағы түпнұсқасымен салыстыра қазақшалағаны керемет ұтымды шыққан.

Күлтегін жазуында:

Төбеде көк тәңірі,,

Астында қара жер болғанда.

Манастың басталуы:

Жер-жер болғанда,

Су-су болғанда.

Өзге ұқсастықтан тағы мына жолдарды салыстыруға болады:

Күлтегін жазуында:

1. Үсте тәңірі баспаса,

Астында жер айырылмаса.

2. Жалаңаш елді тонды қылдым,

Шығай ерді бай қылдым.

Аз елді көп қылдым.

(С.Е. Малов, стр 31)

«Манас» жырында:

1. Жер айрылып су шығып,

Көк айрылып күн шығып.

2. Атсыз келген шораға,

Аттан тұлпар мінгіздім.

Тозып келген шораға,

Тон мықтысын кигіздім.

- Айтпақшы, тұңғыш ғылыми мақаласы қашан жазылған, не туралы екенін айтуды кейінге қалдыра бердік?...

- Өзінің әңгімелеуінше, 1926 жылы Ленинградтағы Шығыстану институтының бірінші курсын бітіргесін, профессор С.И. Руденконың экспедициясына қатысады. Экспедиция міндеті – Маңғыстау халқының мәдени мұрасын зерттеу болған. «Бірде, түнде бір ауылға жақындадық, дейді Әлекең. Сол кезде домбыраның күмбірлеген даусы естіледі. Руденко бастаған топ, ат басын тартып, тыңдай қалғанымен, ауыл иттері ат дүбірін есітіп қалып, «аттандап» әкетеді. Сол түнде адайдың бір шалының «Ақсақ құланды» жарты сағат төгілте тартқанына бәрі тебіренеді. «Бір өкінішті жағдай «Ақсақ құланды» мәдениетіміз бен өнеріміз дамып тұрған осы заманда дәл сондай етіп ешкімнің орындағанын көре алмадым» деген сөзінің жаны бар. Сол сапардан оралғанын алғаш «Адайлар» атты мақала жазыпты.

## **ТҰНЖЫРЛАРМЕН ТІЛДЕСКЕН ҒҰЛАМА**

- Сол жылы екінші бір экспедиция Мәскеуден Батыс Қазақстанды зерттеуге шыққан. Әлекеңнің айтуынша, оның құрамында әйгілі Әлихан Бөкейханов болыпты. Ол шақта Әлихан атамыз «хан тұқымы» атанып, көзге шыққан сүйелдей көріне бергесін шығар, Мәскеуде тұрған. Ғұмырбаянына үңілсек, 1922-1927 жылдарда Мәскеудегі КСРО Орталық баспасының қазақ бөлімшесінде қызмет істеген екен. Аталған экспедицияны, өсіресе, Әлихан Бөкейхановты жергілікті жәмиғат төтенше ыстық

ықыласпен қарсы алған. Қазақ салтында тек ерекше сыйлы адамға қонақасыға құлын, тай сойылады. Алаш ардақтысын жұрт тай сойып құрметтеген.

**- Әлекең ғылымның нешеме саласын терең зерттеген әмбебап ғалым ретінде жазғаны, жинаған деректері ұшан-теңіз. Жалпы мақалаларын машинкаға өзі басушы ма еді?**

- 1983 әлде 1984 жылы қызы Дәнел Әлекеңнің бір мақаласын дереу бастырту керек болғасын әр бетіне 60 тиыннан төлегені есімде. Асықпаған жағдайда қолжазбасын пұлымен қоса бізден беріп жіберетін. 50-60 тиын ол кезде кәдімгідей ақша. Сондай, адал адам. Ешкімнің еңбегін жемейтін.

Кезінде Мұхтар Әуезов, Илияс Есенберлин қатарлы кісілер жеке машинистка ұстағаны мәлім. Олардың мүмкіндіктері, қаржылары бар болды. Әлекеңнің олай істеуге жағдайы көтермеді.

Арабша жазғанын көбіне Зейтүнә деген бір апайға бастыртатынбыз. Себебі, Зейтүнә төте жазуды білетіндіктен тура кирилшеге түсіріп беретін. Орысша қолжазбаларын энциклопедия редакциясына апаратын едік. Ондағы қыздар: «Әлекеңнің қолжазбасының бір беті машинкамен екі бет шығады. Уақытымыз жоқ» десіп қиналып қалатын. Өте ұсақ жазатын-ды. Шамасы қағаз да қат болған шығар.

- Кандидаттық еңбегі «Историческое значение ярлыков и пайзе» деп аталыпты. Бірақ оның алдында берілген тақырып басқа екен. Неге?

- Расында отызыншы жылдарда академик С.Ф. Ольденбургтің жетекшілігімен «Ежелгі Шығыс Түркістан мәдениеті» деген атаумен қорғамақ болса керек. Шығыс Түркістаннан әкелінген деректерді жүйелеу және содан ғылыми еңбек қорғау тапсырылған. Кейіннен, яғни, 1940 жылдардың басында өзің айтқан тақырыпта қорғаған. Жетекшісі – А.Ю. Якубовский. Біздің болжауымызша, аталған екі академик дарынды жас ғалымға таласып қалуы да ғажап емес. Әйтеуір, 4-5 жыл кешігіп барып кандидаттыққа қолы жеткен. Сондағы оппоненттері дүние жүзіне белгілі ғалымдар С.Е. Малов пен (Бичуринді сынаған қытайтанушы) Н.В. Кюннер. Демек, мұндай көшелі ғалымдар мән берген тақырыптың Кеңес ғылымы үшін

таңызы жоғары болғаны анық. Әлекеңмен аспирантурада бірге оқыған жастар – (кейіннен «Еңбек Ері») А.П. Окладников және А.Н. Бернштам, С.П. Толстов, К.В. Сальников, И.И. Смирнов сынды кілең ұлылар. Осыдан-ақ, ортасы осал болмағанын көре аламыз?

- «Халық жауы» атанып атылып кеткен арыстарымыздан кімді ауызға көп алушы еді?

- Хамза Абдуллинді жақсы көретін, тонның ішкі бауындай араласып, сырласып жүретін. Хамзамен Омбыда Мағжанның үйінде танысыпты. Мағжан мен Хамза етжақын туысқан. Екеуінің әңгімесі тек Мағжан жайлы болатын. Сондықтан бірде мағжан шығармаларын бастыру жөнінде Бейбіт Қойшыбаев екеуміз Орталық комитетке хат жазғанымыз бар. Себеп, Мағжан 60-жылдарда негізінен ақталған. Оған Әлекең қол қойғанымен, Ғабит Мүсрепов пен Ғабиден Мұстафин көнбеді.

- Енді тас мүсіндер (тұнжырлар) қақындағы зерттеулеріне келсек?

- Бұл орайда, «Ұлытау төңірегіндегі тас мүсіндер» атты бір мақаласының әр жерінен үзінді келтірсек жөн секілді. Еңбек «Ежелгі мәдениет куәлары» атты біріккен жинақта жарық көрген («Ежелгі мәдениет куәлары», «Қазақстан» баспасы. Алматы – 1966 жыл). Кітап редакциясын басқарған Әлекеңнің өзі.

«Сыртқы құрылысы бойынша тас мүсіндер екі түрде кездеседі: бір тобы граниттен жасалған төрт бұрышты тас шарбақтың күншығыс жиегінде, екінші тобы үйген тас обалардың күншығыс жақ етегінде. Тас мүсіндердің бұлай кездесуі екі түрлі дәуірді көрсетеді: бірінші тобы YI-YIII ғасырлардағы Түркі қағанаты кезіндегі жұртшылық салтымен байланысты болса, екінші тобы YII-XIII ғасырлардағы Орталық Қазақстанды мекендеген Қыпшақ тайпаларынан қалған ескерткіш білдіреді...».

«Халық аузында сақталған тарихи аңыздар бойынша, ас беру тойына әрбір тайпалардың елшілері қатынасып, өлген адамдарының басына ескерткіші бірлесе отырып орнатқан, әр тайпаның өкілі салт бойынша бір-бір тастан қоятын болған... Тас бағаналар тізбегінде мықты ұлыстар орнатқан балбалдар қашан да құрметті орында тұрады... Орхон жазуларындағы деректер

бойынша Түркі қағандарының шарбақтарындағы бас балбалдар көбінесе қырғыз бен тардүш тайпаларынікі...»

«...Өлген адамның басына ескерткішті өзінің тірі күнінде жасаған үйіне ұқсатып қою көшпелі елдің салты болған. Сондықтан үйген оба, тұрғызған дың, ұйтастардың бәрі де тұр жағынан жазғы киіз үйге ұқсаған...»

«Өткен ғасырдың 60-жылдарына дейін тас мүсіндердің бір тобы Қозы Көрпеш-Баян сұлу кешендер қасында тұрғанын көп ғалым жазған. Бұл ескерткішті көрген академик В.В. Радлов ол кешеннің қай кезде жасалғанын, оның қасындағы тас мүсіндердің онымен қандай байланысы барын айырып біле алмаған, сондықтан қате пікірлер айтып, Қозы Көрпеш кешенін орта ғасырлардың соңғы кезінде салынған құрылыс болу керек деп топшылаған.. Аягөз бойындағы Қозы Көрпеш пен Баян сұлудың шошақ кешені толып жатқан дың, діңгектердің бір түрі. Бұл дың, ұйтастардың ерекшелігі – олардың барлығы ислам діні Орта Азияға тарамай тұрған кезде (ҮІ-Х - ғасырларда) жасалған естеліктер...»

«Мәселенің ұласқан бір жері академик Радловтың қате пікірін Е. Баранов одан әрі ушықтырған. Барановтың ойынша, «қазақтар мұсылман дінін тұтады, мұсылман діні бойынша молаларға тас мүсіндер қоюға болмайды, сондықтан сөз болып отырған мүсіндер қалмақтардан қалған» дейді...»

«Ибн-Фадланның айтуынша, (X ғ.) оғыздар өлген адамының тұрпатын ағашқа қиып түсіріп, оны әдейілеп салған үйдің ішіне сақтайтын болған. Рубруктың айтуынша (XII ғ.) қыпшақтар өлген кісілерінің кескінін тасқа қиып, әркім өзінің шамасынша, не үйген обаның, не тас кешеннің алдына қоятын болған. Сондай, әйгілі құрылыстан біздің заманымызға жеткен тамашасының бірі – «Қозы Көрпеш пен Баян сұлу кешені...»

«Қарттардың айтуынша, Ұлытау төңірегіндегі тас мүсіндердің бір талайын патша тұсындағы ұлықтар бүлдірген. Олар жеңіл-желпі мүсіндерді қопарып алып, қомбалдарының бастарын сындырып, музейлерге апарып сату мақсатымен қалаға алып кетіп отырған. Ұлықтар көбінесе жұмсақ (құмайт, мергель) тастан жасалған және суреттері сәтті шыққан мүсіндерге өте құмар болған...»

«Орталық Қазақстанды мекендеген тайпалардың көпшілігі, оның ішінде оғыз бен қыпшақтардың өдетінде «жай тасын», «жұлдыз тасты» қасиетті санап, онда ауа райын өзгертетін керемет бар, ол құт орнатады, бақыт әкеледі деп түсінген, сондықтан көктен түскен жұлдыз тасты (метеорит) ерекше қасиеттеп, жолға шыққанда оны өзімен бірге ада жүретін. Бұл жай таспен байланысты наным қазақ арасында соңғы кезге дейін болды...»

«Орталық Қазақстанның тас мүсіндері кейде антропологиялық кескіні өзгеше, жалпы тұлғасы басқарақ, зор денелі, сом тұлғалы, дембелше, жақ сүйектері онша шығыңқы емес, кеуделі адамдарды кескіндейді... Мұнда жалпақ бет мүсіндермен қатар кең маңдайлы, ат жақты, сопақ бетті адамдардың мүсіндері де аз емес. Мүсіндердің көпшілігінің көз алмасы шығыңқы, түрі миндаль форымдас болып келеді. Мүсіндердің көпшілігі үлкен қоңқақ мұрынды, танауының түрі не дөңгеленіп, не үшбұрышты болып келеді. Бұл антропологиялық деректер Орталық Қазақстан мен Торғай даласын кейінгі заманға дейін мекендеген қазақтардың түріне дәл келеді...»

Жалғыз мақаланы көктей шолып, әр жерінен келтіргіміз келген деректері осындайлық. Басқасын санамалап шығу мүмкін емес.

**- Бір өзі институтқа татитын әлкейтану енді ғана басталмақ. Сіз бен біз теңіздің тамшысын тартқандай ғана күйдеміз. Тіпті, сәулет өнері жайлы зерттеулері қақында әлі жақ ашқан жоқпыз?**

- Сәулет өнері туралы кенен еңбектерін де түгесіп талдап шығу келешектің ісі. Біздің айтпағымыз, тағы да жалғыз мақаласының көлемінде («Ерте дәуірдің архитектурасы»). Мұнда да Әлекең ғана жасай алған байыпты байлам, парасатты пайымдар жеткілікті. Кейбіреулерін келтіре кетелік:

«Қола дәуіріндегі тұрғын үй құрылыстары біркелкі жер кепе болып келеді...»

«Қола дәуіріндегі Атасу қыстағы, Атасу өзенінің бір саласы Мыңбай сай бұлағының кең алабында орналасқан. Бұл қыстақ 15 мың шаршы метр мөлшердегі алаңда созылып жатыр. ...Олардың конструкциясындағы ерекшелік, кабырғалары жерге



тіке қазылып көмілген үлкен гранит тақта тастармен қапталған. Жер-қабырғаларды қаптау үшін ұзындығы 150 сантиметрден 180 сантиметрге дейінгі тақта тастар қолданылған...»

«Бұғылы немесе Алексеев қыстақтарындағы үлкен үйлерде кемінде 40-30 адам тұрған, ал қыстақтағы адамның жалпы санан 300-500 адам мөлшерінде жобалауға болады».

«Оңай жығып-тігетін жазғы үйлердің үлгілері кола дәуірінің соңғы кезінде Қарасұқ мезгілінде (біздің заманымыздан IX-VIII ғасыр бұрын) шыға бастады... Арба үстіне орнатқан үйдің формасы да Қарасұқ мезгілінен бері белгілі болған...»

«Кейбір материалдарға қарағанда үйсін гуьмосының ордасы ішінде құрылыс салынбаған, ол тек қабырғамен, жалмен және ормен қоршалған алаң болып келеді... Үйсін обаларын қазғанда одан штукатур (сылау), өңдеу материалдары табылды...»

«Қазақстан территориясындағы қыстақ-кенттердің тарихын шолудың көрсетуінше, қоғамның дамуына қарай, олардың бірте-бірте жүйелі түрде өркендегенін көреміз. Бұлардың ең ертедегілері тек ішкі үлкен ашық алаңды қоршаған бір ғана қамал қабырғасы болатын. Оның ішінде тек тізілген киіз үйлер тобы тұратын еді...»

«Кейінірек, феодалдық қоғам қалыптасуының алғашқы кезінде, тапқа жіктелудің өсуі және бұқара арасынан тайпа көсемінің бөлініп шығуымен байланысты, бекініс қабырғалардың ішінен қамал ретінде екінші қорған тұрғызу қажет болды. (Күйік қала) Берік қамал тайпа көсемінің не ру басылардың жеке басы мен мүлкін сақтау мақсатымен салынды...»

- Осынау ұзын сонар сұхбатымызда, кейде ғұламаның небәрі бір мақаласының деңгейінде қалып жатсақ, кінә бізден емес деп ойлаймын. Естуімізше, 20-25 томға жетеқабыл Әлекең еңбектерінің «түйе боталағандай» анда-санда жырымдалып жариялануында тұр мәселе.

Еңбектерінде толығырақ жарияланғандай көрінгені «Қазақ халқының қолданбалы өнері» атты 3 томдық. Оның өзі орысша. Ол қай жылдары баспаға ұсынылған? Сондай-ақ, ұстазыңыздың 80, 90 жылдық мерейтойларына куә болыпсыз. Енді 100 жылдығын атап өтпекпіз. Нені алдымен ескерген абзал?

- 1984 жылы Әлекеңнің 80 жылдығы жетім қыздың тойындай дәрежеде өткізілді. Олай дейтінім, Қазақстан Ғылым Академиясының сонша салтанатты, үлкен-үлкен залдары тұрып, ұлттық ғылымымыздың маңдайына біткен жарық жұлдыздарының бірі Әлекеңнің тойын Тарих институты директорының кабинетінде ілтипатында шек болмады, көбі көшеде тұрды.

«Қазақ халқының қолданбалы өнері» кітабы 70-жылдары баспаға ұсынылған. Содан 1986 жылғы аласапыран кезінде 1-томы, іле 1987 жылдың соңында 2-томы жарық көрді. 3-томы біршама кешеуілдеп 1994 жылы оқырман қолына тиді. Сол 1994 жылы Әлекеңдей біртуар ұлының 90 жылдығын Қазақстан халқы дүрілдетіп атап өтті. Шын мәнінде тәуелсіз елдің ұлттық ғылымының мерейтойына айналды.

Ал, 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО деңгейіне шығуынан асқан қуаныш болар ма? Сөйтіп, Әлекеңнің айы халқы Тәуелсіздік алғасын ғана оңынан туды. Өз бағасын алды. Нені алдымен ескеру керек десеңіз, сөзсіз еңбектерін жариялату мәселесі бірінші кезекте. Биыл 10 томдығы жарық көріп бітпек екен. Меніңше, аз. 15 томға жеткізілсе. Оның үстіне Елбасы өзі қадағалап отырған, мәдени мұраның салмақты бір парасы Әлекеңнің еңбектері емес пе?

**Әңгімелескен  
Дағжан БЕЛДЕУБАЙҰЛЫ.**

*(№ 4, Қаңтардың 22-сі, 2004 ж.  
“Ана тілі” газеті)*



## **ӘЛЕКЕҢЕ Арнама**

Марғұлан Қаһан Әлкейдің -  
Жерімен мықты Әнтейдің  
Жетпіске толған жасына,  
Жаралған ардан жетелі,  
Ай маңдай торсық шекелі  
Құдды бір Будда басына,  
Күмбездей басты бүркелей  
Күлдіреуіштенген күркелей,  
Бұйра жал толқын шащына  
Кемеңгер қоңыр дидары  
Битабар балуан тұлғалы  
Сүйекті сұңғақ бойына,  
Елу жыл болмай тынымы.  
Қаазба да жазба білімі  
Телегей – теңіз ойына.  
Зиялы қауым жиналып,  
Жастары жайнап нұрланып,  
Шешендер сайрап сұңқылдап,  
Мешеулер мыжып мыңқылдап,  
Шайырлар лаулап аңқылдап,  
Ән-күй, би толқып былқылдап -  
Мерекей көңлін көтерген  
Мерейлі думан тойына.

1974 ж.



## АКАДЕМИК МАРҒҰЛАННЫҢ МҰРАСЫ

Ғұлама ғалым, академик Әлкей Хақанұлы марғұлан өткен 1999 жылы мамыр айында 95 жасқа толды. Оның алдағы 100 жылдық мерейтойы аталып өткенге дейін Қазақстанның Білім беру және ғылым министрлігі мен Ұлттық ғылым академиясы, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты, Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институты, академик Әлкей Марғұлан атындағы халықаралық қор өзара бірлесе отырып, Әлекеңнің өсімін есте қалдыру шараларына кірісуде. Атап айтқанда, ғалымның ұзақ жылдар бойы сарыла зерттеген, жаз айларында жиі-жиі сапарға шығып, анық-қанығына барған, жинаған, терген тарихи ғылыми мұралары жалпы 14 том болады деп топшыланып отыр.

Міне, 1998 жылы желтоқсан айында Әлекеңнің ғылыми мұраларының ішінде “Орталық Қазақстандағы Беғазы-Дандыбай мәдениеті” деп аталатын бірінші кітабы “Атамұра” корпорациясы арқылы (президенті Мұхтар Құл-Мұхаммед) жарыққа шығып, зерделі қауымның қолына тиді. Қуанышты нәрсе сол, кітапқа біздің тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Әлекеңнің мұрасына зор құрмет көрсетіп, оқырманға арнау сөз жазыпты. Сондай-ақ, кітаптың бас редакторлығына Нүрекеңнің өзі, орынбасарлығына көрнекті тарихшы, академик Манаш Қозыбаев белгіленіпті. Редакциялық алқаның мүшелігіне Ш.Ч. Шокин, К.А. Ақышев, А.Н. Нысанбаев, К.М: Байпақов, Ш.П. Ыбыраев, И.Н. Тасмағамбетов секілді атырапқа аты мәлім, белгілі ғалымдар, қайраткерлер және Әлкей Хақанұлының қызы Данел Марғұлан қатыстырылыпты.

Кітаптың соңғы қорытынды сөзінде айтылғандай, қалың оқырманға ұсынылған бұл бағалы монографиялық еңбек академик Ә.Х. Марғұланның көп жылдық археологиялық зерттеулерінің игі жемісі болып табылады. Шынында, Орталық Қазақстан – Сарыарқа тым ертедегі қола дәуірінің сан алуан

ғажайып ескерткіштері мол ұшырасатын өлке екенін ғалым ерте білген. Әлекеңнің көзі тірісінде оның алдында осы аталған даланың өте көне дәуіріндегі бастапқы түсті металдарды өндіру және оны өңдеу шежірелерін зерттеу, баяндау, өндірістің басталуы мен дамуының анықтау құпия сырларын анықтау міндеті тұрды. Бәрінен бұрын, ол көне тайпалардың тұрмыстық, шаруашылық, этникалық және мәдени тарихы жайындағы аса қиын мәселелерге жете көңіл аударды. Соның арқасында, бұл күрделі кітап нағыз іргелі зерттеу еңбек болып қаланды. Мұнда сонау алыстағы қола дәуіріндегі этно-мәдени тұтастықтардың даму үрдістері білгірлікпен, шындық тұрғысында анықталды. Қазақ халқының ең түпкі атасы – сақ тайпасының тұрмысы мен мәдениетіне негіз болған андрон мәдениетінің соңғы дәуірі егжей-тегжейлі зерттелді және талданды. Ғалымның тынымсыз жүргізген археологиялық қазбалары Орталық Қазақстандағы қола дәуірінің басталуын және мәдениетінің дамуын жан-жақты анықтауға жол ашты.

Әлекең мұны осы кітабында үш кезеңге топтастырған екен. Олар: біздің заманымыздан бұрынғы III мың жылдықтың соңы мен біздің дәуірімізден бұрынғы XVI ғасыр арасын қамтитын алғашқы кезең; одан соң тағы да біздің дәуірімізден бұрынғы екі сатыдан тұратын, өркендеп дамыған, XVII- XV ғасырлар (Нұра) және XIV-XII ғасырлар (Атасу) арасындағы кезеңі; соңғы үшінші кезеңі де екі сатыдан тұрады екен. Олар біздің дәуірімізден бұрынғы XII-XI ғасырларды қамтитын өтпелі кезең мен Беғазы-Дәндібай (б.з.б. X- VIII ғғ.) мәдениетінен тұрады. Әлкей марғұлан сынды атақты ғалымның анықтауы және дәлелдеуі бойынша, бұл кезеңдердің әрқайсысынан қалған көне белгі баршылық. Олар бізге талай таңғажайып ол ескерткіштердің сырын ашқан. Беғазы-Дәндібай мәдениеті солардың бірі.

Орталық Қазақстанның, былайша айтқанда, Сарыарқаның көне дәуір мәдениетін зерттеуді Әлекең қырық жыл бойы назардан таса қалдырған емес. Көбіне жалғыз-жарым емес, жасақталған экспедициямен жүретін. Мен 1969 жылы сондай бір сапарына арнайы қатыстым. Онда біз Қарағандыда тұратынбыз. Екі тәулік бойына біздің үйде бөгелген ол, Қарағандыдан Баянауыл

бағытына қарай аттанысымен, 80 шақырым жердегі Далба тауындағы Бұқар жыраудың жерленген жеріне соқты. Әбден көне тартқан мазарын көрді. Құран оқыды. 1920-1921 жылдарда осы арада бала оқытқанын еске оралтты. Бұдан кейін Қарқаралыға қарай бағыт алатын қырдың қара жолымен жүріп, Қарасор көліне, Қоянды жәрмеңкесінің орнына келдік. Егіндібұлақ ауданындағы Едірей тауларын, Түндікті өзенін шарладық. Әйгілі күйші Тәттімбеттің бейітіне бөгелдік. Мұндағы аруаққа да тағзым еттік. Содан Бақты, Тастемірші тауларындағы неше түрлі тас мүсіндерді, тасқа жазылған жазуларды тамашаладық. Әлекең бәрін де суретке түсіртеді, қағазға жазып алады. Менің туған жерім – Кент тауындағы Қызыл-Кеніш сарайының басына амалсыздан түнеп қалған кезіміз де болды. Себебі, өзі аңсаған, оңтүстіктегі Қызыларай тауының шоғырына кіретін Беғазы шыңына ол күні жете алмадық. Келесі тәулікте Қарқаралының солтүстік батысындағы Бесоба құпияларын ашуға жұмылған экспедиция Әлекеңді алаң етті.

Сарыарқаның кіндігі – Қызыларай, Қазақстанның кіндігі – Ұлытау екен ғой. Мұны мен осы жолы Әлекеңнің аузынан естідім. Қарқаралы мен Балқаштың тең ортасындағы Қызыларайдың қарағай орманы, түсі қызғылт, жақпар тастары ғажап. Әлекең соның баршасын қызықтап, батыстағы Беғазыға кештетіп жетті.

Ертесіне, өзі 1948 жылы қайталап ақтарған, одан кейін бірнеше мәрте үңіле зерттеген Беғазы-Дәндібай ескерткіштерін көрді. Шетінен қашалған, салмағы әрқилы, ең жеңілі бір тоннаға жуықтайтын, ылғи жалпақ, гранит тастарды көргенде мен өзім қайран қалдым. Бұның бәрін басқа бір жердегі ашық карьерден тапқан, қашаған, осы араға әкелгендер – біздің дәуірімізден бұрынғы адамдар. Әлекеңнің айтысына қарағанда, бұлар біздің арғы бабаларымыз көрінеді. Сол ғажап ескерткіштерді сипаттайтын суреттер мына кітапқа көптеп берілген екен.

Беғазы-Дәндібай ескерткіштері өзінің құрылымдық күрделілігімен, көрнектілігімен, сәулет құрылыстарын салудың жоғары техникасымен назар аударады. Ғаламат сирек тастар, обалар, кесенелер, мүсіндер сонау қола дәуірінің ең жетілген, жоғары дамыған дәуірі екені Әлекеңнің жаңадан шыққан бірінші

томында айырықша дәлелденген. Көне құрылысшылар өздеріне арналған мекендерді, кесенелерді ылғи ірі, қақпақ тасгардан салуда аса шеберлік танытқан.

Қола заманында алғашқы адамзат қоныстанған құрылыстар жалғыз Беғазы тауынан ғана емес, Орталық Қазақстандағы Тоқырауын, Нұра, Сарысу, Есіл, Шідерті, Түндік, Жарпы өзендерінің бойларынан да кездеседі. Қола дәуірінің соңына таман тастардан қоныстар тұрғызу мықты өріс алыпты. Жеке-жеке ошақтары бар, көп бөлмелі тұрғын үйлер де пайда болыпты. Құрылысқа қашалған гранит тастарды пайдаланып отырыпты.

Беғазы-Дәндібай мәдениетін зерттегенде, Әлекең көне тайпалардың мал өсірудегі, кен қазудағы және металл балқытудағы шаруашылық әдістеріне де мән беріпті. бұл кәсіп бастапқы қауымдастық өмірде еркектерді жетекші орынға шығарыпты. Тайпалардың басты тіршілік саласы сазбалшықтарды өртеу, құмыра жасау өнерімен байланысты болыпты. Кітапта солардың ондаған әдемі суреттері, тамаша үлгілері де жеткілікті ұсынылған. Мәселен, бірқатар білезік, сырға, алқа, кемер белдік тәрізді зергерлік бұйымдардың нәзік, сұлу өрнектері, оймыштары, бейнелері көз тартады. Әшекейлі заттарды жасауда туған халқымыздың әбден қалыптасқан, ұлттық өнерінің сыр-сыпаты кітаты оқыған сайын қайран қалдырады.

Сарыарқа даласының қола дәуірінде керамика өнері айырықша дамыған екен. Бұл жөнінде Әлекең: "Жазба деректер болмағандықтан, керамика қола заманының мерзімін анық көрсететін бірден-бір дерек көзі болып табылады", - дейді. Шындығында, сәулет құрылыстары сияқты, бұл мерзімде әр кезеңнің керамикасы өзіндік түр-сипатымен нешеме алуан әшекей-өрнектерімен және жасалу мәнері-тәсілімен ерекшеленетін даусыз. Академик Ә.Х. Марғұлан Беғазы-Дәндібай қорығында қазба жұмыстарын жүргізгенде, қоныстар мен кесенелерден табылған керамиканың түрі мен өрнектері жалпы бір-біріне ұқсас екеніне жете назар аударды. Ол көп топшылаулар мен сипаттамалар айтқанда, оларды өзіндік қайталанбас өнер туындылары деп санады.

Бұл күрделі үлкен ғылыми еңбектен менің тағы бір байқағаным, Әлекең Орталық Қазақстан даласынан табылған үлкенді-кішілі көне кешендерді, шаруашылық, тұрмыстық деректерді бір жүйеге келтірген екен. Академик өзінің осы кітабында мынадай тұжырым жасапты: "Беғазы-Дәндібай мәдениеті Оңтүстік Сібірдегі Карасук мәдениетінен бөлек, өзіндік дербес жағдайда дамығанын атап өтуіміз керек. Беғазы-Дәндібайдың материалдық мәдениеті туралы аса бай ғылыми мәліметтер жиынтығы бұл мәдениеттің бастауын Оңтүстік Сібірден емес, Орталық Қазақстандағы көне металлургия орталығынан іздеу керек екенін және дәлірек айтқанда, оның Карасук мәдениетіне тигізген зор ықпалын айқын аңғартады". (390 б).

Бұл дәйекті пікір бізге көп жайды ұқтырады. Байыптап бағдарласақ, көне дәуір мәдениетіне тереңірек үңілсек, әлемдік өркениетке қазақ елінің, оның ішінде Орталық Қазақстанның қосқан үлесі зор екенін түсінеміз. Демек, атақты, көрнекті ғалымның артында қалған асыл мұраларының жинақталып, 14 том болып шығатыны біздің өскелең халқымыз үшін үлкен қуаныш арнаған және осы кітаптың бірінші бетіне басылған алғы сөзі мұны толық дәлелдейді. Тек, сөз соңында, "Атамұра" корпорациясына айтар базынамыз, Әлекеңнің келесі томларын шығарғанда, оны тираждан қыспау қажет. Бұндай аса бағалы, рухани асыл дүниенің халыққа барынша мол тарағаны жөн. ал, көрнекті ғалымның артындағы зиялы ұрпаққа қалдырып кеткен әрбір жазбасын ешбір шашау шығармай, асқан ұқыптылықпен құрастыруда Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының шығармашылық ұжымы мен басшылығына табыс тілейміз!...

2000 ж.





## ҒАЛЫМДАРДЫҢ ҒАЛЫМЫ ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН

Қоғамдық ғылымдардың барлық саласынан терең білімі бар, соңына мол мұра қалдырған Әлкей Хақанұлы Марғұлан ағамыздың барлық еңбегін бір мақалаға сыйғызу мүмкін емес. Олар туралы жазылып та жүр, әлі талай іргелі зерттеулердің жарық көрері хақ. Сондықтан Әлекеңнің Қазақстан ғылымында кенжелей дүниеге келіп, аз уақытта халқымыздың көне заманғы, жазба мәліметтері жоқ, сырлары жер қатпарлары арасында, жартастар бетінде, үйілген обалар мен төбе болып қираған қалалар астында сақталған талай жарқын беттерін ашқан археология ғылымына сіңірген зор еңбегімен қысқаша таныстырып өтейік.

Қазақстанда 1946 жылы Ғылым академиясы құрылған кезден бастап археологиялық зерттеулер жүйелі түрде жүргізіле бастады. Осы жылы тарих, археология және этнография институты құрылып, археология бөлімі ашылды. Әлекең ұзақ жыл жетекшілік еткен тұңғыш Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы кең даланың көне заман тұрғындарының тарихи сырын ашуға сапар шекті. Сол жылы барлау жұмыстарының нәтижесінде Сарысу мен оған құятын үлкенді-кішілі Жезді, Кеңгір, Атасу, т.б. өзендер бойынан әр заманнан қалған жүздеген ескерткіштер ашылып, Сарыарқаны босыған аң мен мал соңынан көшіп жүрген мәдениеті төмен әл мекен еткен деген ұғымның теріс екендігі дәлелденді. Келесі жылдары Сарысу, Нұра, Тоқырауын өзендерінің салаларынан тас дәуірінің тұрақтары, қола дәуірінің зираттары мен елді мекендері, сақтардың обалары, түркі-қыпшақ тайпаларының тас қоршаулары мен мүсіндері, орта ғасырлық кесенелер мен қалалар табылып зерттелді. Осылай үш-төрт жыл көлемінде Ертіс пен Торғай, Есіл мен Шу аралығында көне өркениет куәларының көп табылуы ең алдымен Әлкей ағаның осы өлкеге байланысты тарихи деректерді терең білетіндігінің арқасында еді. Ол Ленинград, Мәскеу, Орынбор, Омбы, Қазан.

т.б. қалалардың архивтерінен, кітапханаларынан қазақ жеріне келіп-кеткен, зерттеген, орта ғасырлық саяхатшылар мен ғалымдардың, одан бергі XVII-XIX ғасырларда Европа және Россия шенеуніктерінің әскери қызметкерлерінің, саяхатшыларының, ғалымдардың барлығының дерлік деректерін жинаған. Екіншіден, жер танығыштығы, тарихи топографияны жетік білетіндігі де көп пайдасын тигізді. Әдетте адам баласы қай кезеңде болсын табиғат шаруашылығына жайлы келетін жерлерді мекен еткен ғой. Сондықтан да Әлекең алғашқы жылдары өзен-көл жағалауларын, ағаш өскен, шөбі шүйгін, суы мен мол бұлақтары бар тау аңғарларын байыптап қарап, ертеде кен өндіріп, мыс, алтын, күміс балқытып орындарды да назарынан тыс қалдырмаған. Оның табиғи байқағыштығы, оқыған, көрген мағлұматтарын өмір бойы ұмытпайтын зеректігі көп кісінің бойынан табыла бермейтін ерекше қасиеті еді. Оны мен 1978 жылы ол кісі “Биғазы-Дәндібай мәдениеті” деген үлкен еңбегін баспаға дайындап жатқан кезде екі-үш ай басылған беттерін оқысып, суреттерін дайындауға көмектескен кезімде көрдім. Кейбір кезде тексте берілген сілтемелердегі басылмай қалған авторлардың аты-жөнін, еңбегінің атын және беттерін жадынан айтатын. Оны кейіннен салыстырып қарағанымда дәл шығатын. Демалып отырған кезде өзі жиырма жылдай бұрын болып кеткен сол кезде зерттеу жүргізіп жатқан Ақадыр, Жаңаарқа ауданының кейбір кісілерің, олардың сол кезде 5-10 жастағы балаларының атарын атап, сұрастырып, келесі жылы барғанда сәлем айт дейтін.

Әлекең археология ғылымына мамандар даярлауға көп көңіл бөлген. Экспедиция құрамында қазір тарих ғылымына кең танымал ғалымдар К.А. Ақышев, Ә.М. Оразбаев, М.Қ. Қадырбаев, А.Г. Максимова, Т.Н. Сенитова, Г.И. Пацевич, С.М. Ақынжанов, С. Жолдасбаев қызмет істеп, өсіп шыққан.

Ә.Х. Марғұлан археология ғылымының барлық салаларын жетік меңгерген ғалым. Оның неолит кезеңінің қабірлерінің сипаттарынан басталып, қола дәуірінің барлық кезеңдері ескерткіштері, кен өндіріп, мыс балқыту тәсілдері мен орындары, түркі-қыпшақ тас мүсіндерінің сырлары, ертедегі суландыру жүйелері мен тоғандары, көне сәулет өнері, өнер туындылары орта

ғасырлық ұйтастар мен дыңдар, қалалар мен кесенелер туралы жазған еңбектері қазір жеке-жеке ғылыми зерттеу тақырыптарына айналды. Әлекең, әсіресе, қола дәуірін, оның ішінде, қола дәуірінің ең кемелденген ерте темір дәуіріне немесе ерте көшпелілер дәуіріне өтер кезеңі Беғазы-Дәндібай мәдениетін терең зерттеді. Өйткені б.з.б. II мыңжылдықта, қола дәуірі кезінде бұрын табиғат берген азықпен күн көріп жүрген халық үлкен-үлкен тұрақты қоныстарға орналасып, шымнаң, тастан, бөренеден үй тұрғызып, қолына төрт түлік мал асырап, кетпендеп егін егіп, кен өндіріп, мыс балқытып, қоладан құрал-сайман құйып, саздан ыдыс жасауды кәсіп етуді үйренеді, өндірген өнімдері өз қажетін өтеуден артылып, тауар алмасып, алғаш сауда ісінің басталуына мүмкіндік туғызады. Археологиялық қазбадан табылған Оңтүстік Сібір бұландарының мүйіздері мен одан жасаған бұйымдары, ертеден отырықшылық мәдениеті дамыған Орталық Азияның айналмалы тұғырда жасалған көзелері т.б. заттарға қарағанда Орталық Қазақстанның тайпаларының өндірген мысы мен қоласы талай жерлерге таралған. Қола дәуірі кезінде қазіргі қазақ халқының шаруашылығының, тұрмыс-салтының, әдет-ғұрпы мен өнерінің іргетасы қаланады.

Қола дәуірінің жүздеген ескерткіші Әлекең мен оның ізбасарларының зерттеуіне тарихқа, энциклопедиялық еңбектерге енді. Ғұлама ғалымның тарих, әдебиет, өнертану, әсіресе археология саласында ашқан жаңалықтары мен еңбектері жоғары бағаланып, Ғылым академиясының Ш. Уәлиханов атындағы сыйлығы мен Қазақстан Мемлекеттік сыйлығын алды.

Ә.Х. Марғұлан талмай ізденгіш, күн жылынып, жаз басталысымен далаға аттанар еді. Қызмет қуу, даңққұмарлық, даңғазалықты ұнатпайтын қарапайым кісі болатын. Әлі есімде, 1974 жылы сол кісінің тапсырмасымен Павлодар облысы, Баянауыл ауданында Әулие Қызылтау ішіндегі Тағыбай бұлақ қонысын қазып жатқан кезімізде аяқ астынан Әлекең келді. Қазба жұмысын М.Қ. Қадырбаев басқаратын. Оның алдында біз Ақтөбе облысында болып, сарматтардың обаларын зерттеп, бірқатар әсем бұйымдар тапқан болатынбыз. Әлекең алдымен қазып жатқан қонысымызды көріп, табылған заттарды көріп, ризалығын

білдірді. Мир Касымұлы ол кісіге Ақтөбедегі обалардан табылған заттарды көрсетті. Әлекең әр затқа балаша қуанып, “Поздравляю, великолепные находки” деп қайта-қайта құттықтайды. Кейіннен білдік, Алматыда академик Әлкей ағаның 70 жылдығын атап өтпекші болып жатқанына қарамастан далаға шығып кетіпті.

Ә.Х. Марғұлан соңғы рет экспедицияға 1976 жылы жазда Жезқазған облысы, Ақадыр ауданындағы Атасу қонысын қазып жатқанымызда келіп, мыс балқытылған пештерді көріп қуанып қайтты.

Әлекең халық арасында аса сыйлы, құрметті болатын. Соңынан облыс әкімі, аудан, басшылары ілесіп, сый құрмет көрсетіп жүретін. Әр тоқтаған жері жиынға айналатын. Өзімен жүздесеміз, әңгімесін тыңдаймыз деп лек-легімен келіп жататын. Күндіз қазбаны көріп қайтқан соң, кеш түсе Әлекең әуелі сол төңіректің аңыз-әңгімелерін, атақты кісілері, әйгілі бәйге бермес сәйгүліктері, жүйрік тазы, қыран құсы туралы майын тамыза әңгімелей келе, қазақтың көне тарихын бүкіл дүниежүзілік тарихпен салыстыра отырып баяндап, кейде түн жарымы, кейде таң сыз бергенге дейін отырушы еді. Тыңдаушылары қатты риза болатын. Сол ризашылық пен ғұлама ғалымға деген құрмет белгісі қазақ халқы арасында сақтаулы. Оның көрінісі Қазақстандағы әр ауылда жүгіріп жүрген, ұлғайып азамат болған Марғұландар.

1998 ж.



## КЕҢ ОЙДЫҢ КЕМЕЛ БИГІ

- Ә, кел, кел, - деді академик есіктен кіріп келе жатқан мені көріп.

- Ассалаумағалейкум, Әлеке! – деп ұмтылып барып төрдегі жұмсақ диванда отырған ақсақалдың қолын алдым.

- Анау орындықты әкеліп, бері жақынырақ жайғас, - деді Әлекең.

*(Шеткерек тұрған арқалы орындықты сүйрей көтеріп ағламаның алдындағы аласа столдың бір шетіне мен де жанаса келіп отырдым. Стол үстінде шағын дәптер жатыр. Беті ширатпа араб жазуына толы. Жанында қаламсап).*

Академикті 80-ге келген жасымен құттықтап, денсаулығын хал-жағдайын сұрастырып жатырмын.

- Жақсы, жақсы. Кешелері ғана ауруханада аз күн жатып келген бетім. Соңғы кездері осылайша ауық-ауық емдік курс алып қайтатын «әдет» тапқанмын. Кәрілік келгесін адам бір ауық денсаулығына да қарамаса болмайды екен. Әйтпесе осы жасқа дейін ауруханаға үйір болмаған адаммын ғой. Қазір жағдайым, көңіл-қошым жақсы. Міне, ертелі бері жұмыс істеп отырмын, - деп алдындағы дәптерді нұсқады.

- Соңғы шыққан «За рубежомды» оқыдың ба? Сонда жазған ғой. Адам бойында секесеннен асқаннан кейін еңбек қабілеті артатын кезең туады деп. Сол дұрыс. Қазіргі кезде жұмысқа ықыласымның тәуір екенін өзім де байқап жүрмін. Ісім өнімді.

Содан кейін маған қарады.

- Сөйтіп «Лениншіл жастан» келдім де. Сендердің газеттеріңді жақсы білемін. Анау отызыншы жылдары оған біраз мақалаларымды да жариялатқанмын. Өзін көп жылдар бойы жаздырып алып та тұрдым. Халыққа, жастарға керек дүниелерді мол шығарасыңдар. Өзінің тиражы қанша қазір?

- 300 мыңды теңіректеп тұр. Әлеке!

- Е, талай адам оқиды екен ғой. Бір өзі қаншама жасты тәрбиелеп жатыр десейші.

- Сол қалың оқырманға Сіздің 80 жылдығыңызға байланысты тоймақала дайындау маған жүктеліп еді.

- Өзін жазасың ба?

- Иә.

Онда әуелі сған ескертерім, бұған дейінгі көп дүниелерде мені көбінесе этнограф ретінде басыңқырап айтып жүр. Соған қарағанда менің екі ғылым докторы екінімді көп жұрт біле бермейді ғой деймін. 1946 жылы «Қазақ халқының эпикалық шығармалары» атты тақырыпты қорғап, филология ғылымының докторы атанғанымнан басқа, ВАК кейіннен маған Ежелгі Қазақстан жеріндегі мәдениет пен өнер үлгілерін, қалалар мен сәулет өнерінің тарихын, қазақтың халық өнерін зерттеген бірқатар кітаптарым мен еңбектерім үшін өнертану ғылымының докторы атағын қорғатпай-ақ берген. Сондықтан да мен өзімді ең әуелі өнертанушымын, одан кейін Шоқанды зерттеушімін (оған қанша жылымды арнадым), сосын ғана барып әдебиетшімін, этнографпын, археологпын деп есептеймін. Осылай деп жазарсың.

- Мақұл, Әлеке. Халқымызға Сіздің жан-жақты, ғылым салаларын меңгерген ғұламалығыңыз жақсы мәлім. Сіз жазған талай-талай мәлекті дүниелеріңізді бәріміз де іздеп жүріп тамсана оқимыз. Осындайда оқырман көкейінде Сіздің ғылымға қалай келгеніңізді білсек дейтін сауалдың тұратыны да анық.

(Әлекең көп бөгелген жоқ. Аздап тотығыңқырапшыққан майда үнмен сөйлеп кетті. Асылы, Әлекеңнен әңгіме тыңдаудан жалығу еш мүмкін емес. Аспай-саспай бірқалыпты әуенмен есілген үн әркімді де шалқыған ой дариясына бастап кетеді. Қазақ тіліндегі небір шұрайлы, ажарлы сөздерді кең қолдана отырып шешен сөйлейтін ғұлама көпке белгісіз жайлар жайында ағыл-тегіл толқытады).

- Мені тікелей ғылымға әкелген бірден-бір адам Мұхтар. 1924 жылы Семейде педагогикалық техникумның үшінші курсінде жүргенімде, бізге сол кезде Ленинград университетіне оқитын Мұхтар Әуезов келіп әдебиеттен сабақ берді. Мұхтардың ол

кездегі қияпаты қандай. Әдемі бұйра шашты, сұңқардың көзіндей сүзіле терең қарайтын тұңғық қара көзі бар. Маңдайынан ақыл мен ойдың лебі аңқыған, жүрек сезімі романтикаға бөленген, сөйлегенде саспай, майын тамыза сөйлейтін сөзі шөлдеген адамның мейірін қандыратын тау бұлағындай, сыпайы, көркем бір жігіт. Күн сайын педтехникумға келіп, әдебиетті оқытқанымен тынбай, қаладағы әртүрлі мәдени шараларға да қатысады.

Төртінші курсте оқып жүргенімде Мұхтар мені өзіен бірге тұруға шақырды. «Кінәмшіл бойжеткен», «Ескілік көлеңкесінде», «Қаралы сұлу» сияқты әдемі әңгімелерді де ол сол кезде жазды. Мұхтардың әсерімен мен де әдебиетке араласа бастадым.

1925 жылы Мұхтар Ленинградтағы оқуына қайта жалғастыруға жүрмек болды да, сол жылы техникумды бітірген маған «бірге жүр, Ленинградтың Күншығыс институтына түсесің» деді. Әдебиетке, фольклорды зерттеуге деген құмарлық жетелеп, сол жылы Күншығыс институтының туркология факультетіне түстім. Онымен қоса Ленинград университетінің қоғамдық ғылымдар факультетінің Шығыс бөлімінде тыңдаушы болып та тіркелдім.

Ол кезде бұл оқу орындарында Бартольд, Самойлович, Марр, Крачковский, Ольденбург, Бакланов, Мещанинов сынды ірі ғұламалар жойқын адамдар. Мұхтардан кейін олардың тіркелей әсері мені біржола ғылым жолына түсірді.

- Әрине, ғылымға келу үшін де адамның өз басының оған бейім болмағы керек. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов Сіздің сол қырыңызды дәл таныған ғой. Демек Сіздің бейімділігіңіздің осындай болып тәрбиеленуіне туып-өскен ортаңыз бен алған тәліміңіздің ықпал-әсері аз емес-ау.

- Ол да эбден мүмкін. Менің атам Марғұлан жас кезінде Баянаулаға белгілі салдардың бірі болыпты. Ол кісінің шығарған бір-екі күйі де бар. Сол Мәкең дәстүрінің әсері болар, ауылымызда толқынды әншілер мен келісті күйшілер жиі бас қосатын. Әжем Әймен – Тәттімбеттің туысқандарының қызы, жарқын, сыпайы, ашық жүзді адам еді, немерелеріне көп үлгі берді. Әдемі ақындарды жүйрік тілмен айтып отыратын. Әкем Хақан да бала күнінде Мәшһүр Жүсіппен Баянауыл мектебінде бірге

оқыған, арабша сауатты кісі болды. Қазанда басылатын қазақ кітаптарын көп оқитын. Революциядан бұрын шыққан қазақ газеттерін алдырып, оқып, терезенің алдына үйіп қоятын. Ол кісі маған бес жасымнан бастап арабша хат танытты.

Одан кейін Шідертідегі қыстауда ашылған қазақ мектеібенде оқыдым. Онда қазақ ауыз әдебиетінен, қыпшақ шағатай әдебиетінен дәрістер алдым. Сегіз жасымнан бастап Қазанда шыққан қазақ кітаптарын саулатып еркін оқуға жетілдім. Оларды әкем Қоянды жәрмеңкесінен алып келетін. Менің киссаларды оқи алатынымды білетін ауыл адамдары төбенің басына шақырып алып, деңгеленіп отырып маған жыр, кисса оқытатын. Олардың ішінде «Қобыланды», «Алпамыс», «Мұңлық-Зарлық», «Көрұғлы» сияқты жырлар мен дастандар бар болатын. Ауылдан екі шақырымдай жерде Қисық деген тау бар. Соның басына шығып Абай өлеңдерін жаттаушы едім.

Жастайымнан Абылайдың оң қолы, «Ақтабан-Шұбырынды» кезінде жойқын істерімен халыққа ардақты болған, менің арғы бабам Ер Олжабай туралы аңыз-әңгімелерді көп естіп өстім. Батырдан бері таратқанда Олжабайдан – Дулат, Дулаттан – Марғұлан, Марғұланнан – Хақан болып келеді. Әкем Хақан бабасының мұраларын үйдегі әбдіреде таза ұстап, қастерлеп, сақтайтын. Олжекеңнен қалған әскери қарулардан көзге ерекше түсетіні – шарайна, алтын балдақты бүкір қылыш, дулыға еді.

Олар сол кездерде Омбы музейіне тапсырылған. Үйде көпке дейін сақталып келгендері – жібектен жасалған ұзындығы бір жарым метр, көлденеңі 70 сантиметердей сары ала ту, Ғалдан – Шеріннің Олжекеңе тартқан үш жарлығы, жай шақыратын жұмыр қара тас болды. Тағы бір ғажайып нәрсе, Олжекеңнің өткен тарихта, шайқастарда не болғанын жазған «Қара кітабы». Оның ішінде Абылайдың, Бөгенбайдың, Қазыбек бидің, Амурсананың аттары кездесіп отыратын. Әттең, ең екіншісі, Ер Олжекемнің осындай аяулы мұраларынан кейін айырылып қалдық. 1930 жылы мен Ленинградта жүргенде, қиын күндерге ұшыраған анам Нұриланы Қарағандыда шахтер болып істейтін інісі үйіне йкетпек болады да, шешем жолда дүниеден қайтып, Олжекеңнің барлық мұраларын сол кісінің басына қояды. Кейіннен анам қойылған орынды қанша іздесем де таба алмадым.



Расында да, менің ғалым болуыма туып-өскен ортамның әсері аз тимеген болуы керек. Менің бала күнімде Баянаулада құйылған ақындығымен Сұлтанмахмұт шықты. Орысша оқу құған Әбікей, Қаныш Сәтбаевтар, Хакім Иманбеков, Жағыпар Секербаев секілді талапты жастар көрінді. Олармен қабат менің Маусым деген ағам да маңдайы жарқырап шығып еді. Ақан серінің, Жарылғапбердінің, өзімізге туыскан болып келетін Жаяу Мұсаның әндерін соншама салтанатпен орындап, толқытып күй шерткенде жан дүниені балқытатын. Өттең жүйрік өнерпаздың бірі болып келе жатқанда 1914 жылы 20 жасында дүниеден қайтты. Осыларп тектес бір қауым жастардың әсері бізді де бозқала шағымыздан өнер, білімге ұмтылдыратын.

1914 жылдан 1919 жылға дейін Шідертіде Хакім Иманбеков ашқан орыс мектебінде оқыдым. Оның мұғалімдері Уфадан қашып шыққан семинаристер, Омбыда, Павлодарда оқыған қазақ оқытушылар еді. Олар орысша жақсы білетін, сабақты жақсы беретін. Мектепте орыс тілі мен әдебиеті, тарих, география, математиканы оқып, бірталай білім алдым.

1916 жылдың жазында темір жол салатын орыс инженерлеріне еріп, ірбіт қаласының маңындағы темір жол құрылысында да жұмыс істедім. Мен ертіп кеткен орыс инженері Свердлов қаласындағы гимназияға түсіруге көмектесем деген болатын. Бірақ, соғыс жүріп жатқан кез. Ақшам жоқ... Түсе алмадым. Қысқа қарай елге оралып, Хакімнің мектебіндегі оқуымды қайта жалғастырдым. Содан 1910 жылы Мәшһүр Жүсіптің Әмен деген баласына еріп Керекуге барып, бір жылдық мұғалімдік курске түстім. Әйгілі әнші Майраның үйінде жатып оқыдым. Оны бітіргесін елге келіп балаларға сабақ бердім. Қайтсем әрі қарай оқимын деп армандап жүргенімде Әбікей Сәтбаевқа кездестім. Ол кісі сол кезде Семей губерниялық оқу бөлімінде істеп, әрі мұғалімдер курсінде сабақ беретін. «Аз біліммен қайда барасың, ілгерілеп оқығаның жөн ғой», - деді. Сол кісінің кеңесімен 1921 жылы күзде Семейге келіп, педтехникумға түстім. Содан кейін қалай Ленинградқа барып Күншығыс институтында оқи бастағанымды жаңа өзіңе айттым.

- Сіз Ленинградта Шығыстану институты мен Ленинград Мемлекеттік университетінің Шығыс бөлімінде қатар оқыдыңыз. Оған қоса Өнер тарихы институтында да лекциялар тыңдадыңыз. Үш оқу орнында сабаққа қатысудың өзі оңай емес. Бәрін қалай игердіңіз?

- Алдыңғы екі институтқа күндіз барамын. Сосын үйге келіп екі сағат демаламын да кешке қарай Өнер тарихы институтына тартамын. Ол «Астория» мейманханасының алдында. Біз Мұхтар екеуіміз Васильев аралындағы жетінші линияның бойында пәтерде тұрдық. Монет зоводында істейтін жұмысшының үйі еді. Кейін Мұхтар оқуын бітіріп кеткен соң оның орнына өзбек жазушысы Айбек келіп орналасты. Екеуіміз Өнер тарихы институтына бірге барамыз. Эйхенбаум, Томашевский, Жирмунский сияқты профессорлардың тамаша етіп өткізген лекцияларын тыңдаймыз.

Ауық-ауық Мұхтар оқитын әдебиет факультетінің қызықты сабақтарына да барып қоямын. Олардың арасында әсіресе XIX ғасырдың отызыншы жылдарындағы орыс романтизмі туралы әңгімелейтін профессор Сиповскийдің лекциялары аса ұнаушы еді. Ол кісі Пушкин мен Лермонтовтың трагедиялы тағдырын сондай жақсы айтатындықтан, аудиториядағы көп қыздар, келіншектер көздерінен мөлдіретіп жас төгіп отыратын. Бір күні профессор Сиповскийдің сондай лекцияларының біріне Мұхтар екеуіміз қатысып отырғанбыз. Есіл-дертіміз мұғалімнің сөзінде болып ештеңе байқамаппыз. Бір уақытта қарасам, Мұхтардың шашының арасында бір қағаз қыстырулы тұр. «Мұхтар, шашындағы қағазды қара», - дедім. Ол: «Бұл не?» - деп алып қарап жатыр. Бір жапырақ қағазға: «Сіздің шашыңыз біздің лекция тыңдауымызға кедергі жасап отыр» - деп жазылыпты. Қызықты лекция үстінде де Мұхтардың әдемі бұйра шашы арқамызда жайғасқан нұр жүзді арулардың назарын аудара берсе керек. Сөйтсем олардың арасында өзіміздің болашақ жеңгеміз валентина да бар екен ғой.

Ленинградта оқып жүріп көп ойланған нәрсем, ерте кездерде Қазақстан туралы не жазылады, соны зерттеп білу болды. бұл жағынан Ленинград қаласының бір аяулы жері музейлері,

кітапханалары өте көп. Олар адамға білім бермей қоймайды ғой. Білім алудың қия көздері әсіресе Салтыков-Щедрин атындағы мемлекеттік көпшілік кітапханасы, Ғылым академиясының, Күншығыс институтының, Археология институтының кітапханаларында, толып жатқан архивтерде. Бұлардың бәрі кісіге білім беретін ақыл-ой ордалары сияқты. Оларда Қазақстанға қатысты материалдар өте көп.

- Сіз 1943 жылдан Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудағы көне мәдениет орындарында қазба жұмыстарын жүргізуге бас болдыңыз. 1946 жылдан бастап ұзақ жылдар бойы Орталық Қазақстандағы ежелгі мәдениет іздерін зерттедіңіз. Ол археологиялық қазбалардың қорытындылары көне қазақ жерінде байтақ мәдениет үлгілері болғанын бұлтартқызбай дәлелдейдә. Мәселен, мына шығармаңыздан да бұл жайында талай жарқын фактілерге ұшырасамыз, - дедім де өзіммен бірге осы кездесуге арнайы ала келген «Орталық Қазақстанның Бегазы-Дәндібай мәдениеті» атты 1979 жылы шыққан жалпақ қара кітапы папкамың ішінен алып стол үстіне қойдым.

- Ә. Мына кітап сенде бар екен ғой, - деп Әлекең оны қолына алып отырып сөзін жалғады.

- Бұл Бегазы-Дәндібай мәдениеті деген ғажайып бір кеніш, сарқылмайтын мәдениет дүниесінің келісті бір түрі. Жалпы, қазақ жерінде біздің эрамызға дейінгі мың жылдықтарды қамтыған қола дәуірінің мәдениеті жойықын дамыған. Соның сәулетті бір белгілері – қыстақтар орны, зәулім обалар, биік меңгірлер – біздің эрамызға дейінгі XI-VIII ғасырларда Орталық Қазақстандағы Бегазы өзенінің бойы мен Дәндібай ауылы деп аталған мекен төңірегінде көп сақталған. Ғылымда Бегазы-Дәндібай мәдениеті деп аталатын бұл сәулет пен өнер үлгілері бір жағынан, көне Қазақстан жерінде қола дәуірінен кейінгі көркейген алғашқы сақ (скиф) мәдениетімен сабақтасып, ұштасып жатыр. Сақтардың жойқын өнерінің бір төркіні осы мәдениеттің жарқын дәстрлерінен бастау алады.

Кейбіреулердің көне Қазақстанда бағзы замандарда мәдениет ошақтары болмаған, қала салуды білмеген дейтіні бар. Ол қате. Ежелгі Қаақстанның байтақ жерін мекендеп, мал баққан, егін еккен,

кен қазған бабаларымыздың дүние жүзілік цивилизацияға қосқан үлесі орасан көп. Ана жылы Есіктен табылған «Алтын киімді адам» да сол байтақ мәдениетіміздің сәулетті бір айғағы...

*(Әлекеңнің нағыз ғылыми ерлікке лайық атқарған үлкен жұмысы – ұлы ғалым ағартушы Шоқан Уәлихановтың өмірі мен творчествосын тыңғылықты зерттеп, бес томдық академиялық шығармалар жинағын шығаруға бас болғаны. Шоқанға өатысты бұған дейін еліміздің сан архивтерінде жүйесіз шашырап жатқан бай мұраны жинақтап, реттестіріп, баспаға өзірлеу қаншама күшті, ыждаһаттылықты, білгірлікті керек ететіні өз-өзінен түсінікті. Бес томдықты зерделей отырып, ондағы Әлекең жазған Шоқанның өмірі мен қызметі туралы тамаша очеркті, әр томдыққа жасалған тиянақты алғысөздерді, өздері үлкен бір татымды еңбекке әбден пара-пар қыруар түсініктерді, сілтемелерді оқыған кезде нағыз ғылымға деген адалдықпен, патриоттықпен атқарылған ұланғайыр іске куә боламыз).*

- Шоқан бір қарағанда Мұз мұхитындағы айсберг сияқты тұңғық қой. Оның бес томдығы шықты десек те ашылмай жатқан мұралары әлі де мол, - дейді Әлекең бұл жөнінде.

- Шоқанның бес томдық шыққаннан кейін мен тапқан мақалалары мен зерттеулерінің өзі қазір жеке бір том құрауға жетеді. Мен олардың бәрін Ғылым академиясынағы жігіттерге табыс өттім. Келесі жылы Шоқанның туғанына 150 жыл толуына байланысты оның шығармалары қайта толығып жарық көргелі жатыр.

- Жақында Сіз өзіңіздің осы уақытқа дейін жазып біткен қолжазбаларыңызды он том етіп ретке келтіріп жүйелеп қойды деген қуанышты хабарды естідік.

- Ол рас. Ол томдардың әрқайсысының көлемі шамамен 35-40 баспа табақтай болмақ. әрі бұл он томдыққа археология материалдары кірмейді. Алғашқы үш томын түгелдей әдебиет туралы еңбектерден тұрады. Бірінші томда түркі тектес халықтарға ортақ асыл мұралар: «Ер Төстік», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қорқыт», «Манас» жырлары жөніндегі ойлар айтылса, екінші томыма көлемі 40 баспа табаққа жауық «Қазақ

халқының эпикалық шығармалары» атты докторлық диссертациям кіреді. Онда Керей, Найман, Қыпшақ дәуіріндегі эпикалық жырлар сөз болады. Үшінші томды «Қазақтың орта ғасырдағы әдебиет жазбалары» деп атап отырмын. Ол XV-XVIII ғасырлар аралығындағы қазақ жазушыларының еңбектері туралы ойлардан тұрады. Онда Қадырғали Жалайридің жазбалары, Бапан бидің дәптері, Өтеміс қажының шежіресі мен Шорманның Мұсасының еңбектері, шежірелері сөз болады. Төртінші томға әр кездері жазған мақалаларым кіреді. Бесінші томымды түгелдей Шоқан Уәлиханов туралы жазғандарыма арнадым. Орысша-қазақша бірдей дайындалған ол еңбек келесі жылы Шоқанның 150 жылдығына орай шығып қалар деп те отырмын. Өні-міне жарық көрейін деп тұрған үлкен еңбегім – алтыншы томымды құрайтын, түгелдей қазақтың халық өнеріне арналған үш томдық монография. Оны «Өнер» баспасындағы жігіттер әдемілеп дйындап, өндіріске жіберген. Қазір басылып жатыр. Қалған томдарымда қазақ өнері мен мәдениетінің әрқилы мәселелері: көне заман өнерінің үлгілері, таңбалы тастар мен тас мүсіндер, ежелгі архитектуралық ескерткіштер және байырғы мәдениет белгілері сала-сала әңгіме арқауына айналады. Ендігі қалауым, сол он томдықты бір баспа шығарамын деп қолға алса тым дұрыс болар еді...

(Сексеннің қырқасына шығып, қимыл-қозғалысы шау тартса да, ойы жүйрік, санасы сергек күйінде қалған, баяғының абыздарындай ақылман қариямен әңгімеміз әлден уақытқа созылды...

... Әлекеңмен қош айтысып үйден шыққаннан кейін Кіші Алматы өзеңінің бойымен жоғары өрлеп жүріп келемін. Қолымда – халқымыздың заңғар ғұламасының ыстық алақанының табы мен қолтаңбасы түскен кітап, көңілде – телегей-теңіз ой дариясы іспетті шежіре жанның әңгімесінен алған көл-көсір әсер).

1998 ж.



## ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН ЗЕРТТЕГЕН ҮҢГІР

Өткен жылдың күз айында Жезқазған археологиялық экспедициясы Ұлытау ауданындағы Жошы хан мазарының маңында қазба жұмыстарын жүргізді. Осы экспедицияның құрамындағы этнографиялық отряд елді-мекендерді аралап, ел аузындағы Жошы хан мен Алаша хан жөніндегі аңыз-әңгімелерді және Әлкей Марғұлан туралы, ол кісімен біраз жүздесіп істес болған қариялармен әңгімелесіп, мәні зор мәліметтер жинады. Осындай бір кезекті іс-сапарымызда Ұлытау ауданы Сарылық кеншарында Орынбаев Рашид деген ақсақалға жолықтық. Ол кісі бізге Ә. Марғұлан туралы қызық деректер айтты. Соның ішінде Ә. Марғұлан көзі тірісінде зерттеген күні бүгінге дейін белгісіз болып келе жатқан үңгір жайында сөз етті. Аталмыш үңгірді ғалымға өзі бастап апарып көрсеткен екен. Үңгірдің ең алғашқы табылу оқиғасы да қызық.

Рашид ақсақал: “Ол кезде жастау шағым, совхоз орталығында жүргізуші болып істейтінмін. Сол 1975 жылы Амангелді совхозынан Бақатастағы займкеге (қыстаққа) қора салып жатқан жұмыскерлерге керек-жарақтарын тасып жүріп, бір күні мылтық алып тау араладым. Қасымда жас орыс жігіті бар. Бір мезетте жартасқа қонып отырған үкіні көріп, көздеп атып едім, топшысынан жараланса керек, далбалақтап ұша алмай бара жатты. Соңынан қуа-қуа, үкі бір жартастың қуысына кіріп кетті. Жақындап келсек адам сиятындай қуыс, қасымдағы жас жігітке “қуысқа кіріп, үкіні алып шық” дедім. Ішіне кірген ол бір кезде ар жағында үңгір бар екенін айтты. Содан тау етегіне қайта түсіп шам алып, бірнеше адам болып үңгірге қайта келдік.

Үңгірдің ішін аралап көрсек адам тұрып жүрерліктей биік, аумағы кең және іші толы құмыралар екен”, - деп еске алады. Өкініштісі, олар бір құмыраны ғана таңдап алып, қалғанын түк қалдырмай қиратып кеткен. Және де Рашид ақсақал үңгірден ортасы қуыс қайрақ тас тауып алған, бірақ кейін біреуге берген. Міне, осы үңгірді 1979 жылы Ә. Марғұлан Ұлытау өңіріне келгенде

ертiп апарып көрсетедi. Ол кiсi де iшiне кiрiп бiр қапшық қылып құмыра сынықтарын жинап алған. Әлкей Марғұланның айтуынша бұл мұралар осыдан үш мың жыл бұрынғы дүниелер екен. Кейiн келiп, қайта асықпай зерттеймiн деген үмiтпен кеткен ғалымның бұл жаққа қайтып жолы түспеген. Рашид ақсақал бiздi де осы үңгiрге бастап апарды. Үңгiрдiң орналасқан жерi Едiге тауының етегiмен жалғасып жатқан Бақатас тауының биiгiнде боп шықты. Өз алдына жеке шоқпартас болып бiткен үлкен жартастың төменгi жағындағы қуыс былай қараған адамға бiлiнбейдi. Жай бiр көлеңке тәрiздес болып тұрады.

Еңкейiп қарағанда ғана аржағы қуыс екенi байқалады. Қуысқа түсiп екi жарым метр еңбектеген соң төбесi биiктеп адам тұра алатындай болады. Осы арадан бойыңызды түзеп сол жағыңызға қарасаңыз, домалақ боп бiткен кiрер ауыз көрiнедi. Содан өткенде ғана үңгiрге тап боласыз. Бiрақ, үңгiр осыдан жиырма жыл бұрынғы қалпынан көп өзгерген. Төбесi құлап, кiре берiсiн тас басып қалыпты, тек жүрелей отырып қана қозғала аласыз. Рашид ақсақал айтқан екiншi бөлмеге өтетiн жерi қазiр мүлде бекiтiлiп қалған. Тек, адам мекендегенiн растайтындай тастардың қуыстарынан бiрнеше құмыра сынықтары, аңдардың сүйектерi табылды. Әлкей марғұланның бұл үңгiр туралы дерегi бiзге белгiсiз болғандықтан, әзiрге “Бақатас үңгiрi” деп айдар тақтық.

Мiне, осы үңгiрдiң қай ғасырға, қай кезеңге жататыны туралы ғалымның ғылыми зерттеулерi табылса, нұр үстiне нұр болар едi.

1998 ж.



## ҒАСЫРЛАР СЫРЛАСЫ

Ленинградтағы Шығыс тілдері институтының аудиторияларын бүгіл бір өзгеше әңгіме кернейді.

- Манқыстауға. Жем. Сағыз бойына одақтық Ғылым академиясынан ғылми экспедиция шыққалы жатыр, кімнің бірге барғысы келеді.

Жігіттер жеделдете қол көтеріп, жамырай сөйлеп кетті:

- Мен барам!

- Мені де жазыңыз! – дегендер ішінде институт басшысының назары қатар қол көтерген екі жігітке туралай ауды. Екеуінің де қоңырқай жүзі албырттана нұрланып, көздерінен ұшқын жарқылы атады.

- Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан! Дұрыс, өзге емес, дәл сендердің барғандарың жақсы. Экспедиция баратын жер – сендердің ауылдарың ...

Осыдан отыз жылдай бұрын болған бұл жай Әлкей көңілінде дәл бүгінгідей сайрап тұр. Мұхтар семья жайына байланысты, ешқайда шыға алмай қалды да, экспедициямен Әлкей ғана кетті.

- Мұқаңның сондағы қатты өкінгені-ай! – дейді Әлекең күрсіне ауыр дем алып. – Халқының мәдениетіне деген ықыласында шек бар ма еді оның?! Ол мені сол экспедицияға қызғана тұрып, қызыға шығарып салды.

Әлкей оқи жүріп. Ленинград кітапханалары мен архивтерінің көп дүниелерін қарап шықты. Ол кезде қазақ арасынан ешкімнің көзі түсіп, қолы тимеген Шоқан мен Абай жөнінде архив материалдарын жазып алып жинай жүрген.

Әдебиет, өнер, тіл мәселелерімен көп шұғылданған Әлкей – республиканың ғылыми, мәдени өміріне өте қызу араласушылардың бірі. Халхымыздың ақындық мәдениеті, эпостар туралы еңбектер жазылғаны да осы тұс. Кейін, яғни 1945 жылы ол бұл зерттеулер негізінде докторлық диссертация қорғады. Сондағы ресми оппоненттері мен пікір айтушылар өзінің



ұстазы – В.А. Гордлевский, В.М. Жирмунский, А.К. Боровков, И.И. Мещанинов сияқты үлкен ғұлама-ғалымдар.

Осындай сан қилы қызу жұмыстар үстінде жүріп те Әлкей естен шығармайтын, ойлаған сайын қызықтыра, құмарттыра түсетін бір жай бар. Ана жылғы ғылыми сапар – Маңғыстау сапары көзден таса, көңілден шет болар емес. Бұйрат-бұйрат шағыл құмдар астында, әр тұстан қарауытқан обалар ішінде белгісіз, алыс замандардан қирап, өшіп жеткен ымараттар қалдықтарында, сан-сапалық таңбалар бедерінде қандай сырлар бар екен?! Украинаның ұлы ақыны, қазақ халқының қымбат досы – Тарас Григорьевич Шевченко ізі де жатыр бұл жерде. Ол жүрген «Ескі Хиуа жолының» астыңғы қыртыс-қабаттарында да не бір ғажап дүниелер, жұмбақ сырлар бүктесіндері ашылмай жатыр-ау. Атақты ғалым, саяхатшы Семенов-Тяньшанскийді де қызықтырған бұл өңірде не жоқ дейсің?!

Өзінің ұстаздары – Сергей Федорович Ольденберг пен Александр Юрьевич Якубовскийдің айтқан сөздері де Әлкей жүрегінің төрінде.

- Сенің туған өлкеңнің астында ғылым үшін, бүгінгі өмір қажеті үшін аса маңызды дүниелер өте көп, - деген еді олар Әлкейге, - сен соларды, әсіресе, халқыңның мүсін, сәулет өнерінің тарихын зерттеуге тиіссің.

Сол Әлкей қазір бұл жөнінде одақтық көлемде белгілі, жемісті жұмыс істеп жүрген ғалымдарымыздың бірі болып отыр. Бұл топқа кейініректе қазақ ғалымдары Т. Бәсенов, пен М. Меңдіқұлов, сондай-ақ Г.Г. Герасимов пен Г.А. Пугаченкова қосылды. Көне ғасырлар көрпесін ашуға Манап Оразбаев пен Мир Қадырбаев сияқты жас буын ғалымдар да ден қойды. Бұлар Орталық Қазақстанның Жезқазған, Ұлытау, Сарысу, Есіл, Нұра, Қарқаралы, Атасу, Баянауыл өңірлерінен қола дәуірінің сан қырлы өзгешеліктерін, тіршілік табиғатын танытарлық қазбалар тапты. Бұлар таулы, өзенді алқаптарда тіпті көп. Мұнда мал шаруашылығымен қатар руда өндірісі негізгі кәсіп болған.

Сәл ойлана қалған Әлекең сөзін әрі қарай жалғастырып:

- Кейбір бұрынғы зерттеушілер бағы бір заманда халықтар қонысы болған, қалалар орнаған бұл жерлер енді пайдаға

аспайды, қайта өмір орнамайды, деп келді. Ал дұрысында олай болмай шықты. Археологтар Яқсартта (қазіргі Сырдария) өзенінің бойында екі жарым мың жыл ішінде тіршілік үш рет қайта жанданғанын айқындап отыр. Әлдеқашан бұзылып, тегістеліп кеткен су жүйелерінің ізі табылуы біздің бүгінгі құрылысшыларымыз бен гидромелиораторларымызға көзеуіш деректер берді. Құмға шабуыл қайта басталды. Сан заманнан бері адам аяғы жетпей жатқан өлі далаға өмір төртінші рет орнап отыр. Сондай-ақ бағы дәуірде өткен ата-бабаларымыздың мыс пен темірді пайдаланғанын ашу арқылы геологтарымыздың қолына аса құнды мағлұматтар түсірдік. «Қу дала, түк жоқ» дей берсек, мұның бәрі қайдан келер еді?

Рас ау! Республика өңірінде қаншама «Жер астындағы қалалар» енді белгілі болып отыр? Қазіргі Жамбыл қаласының орнында бір кезде Талас (бірқатар зерттеушілер «Тараз» дейді) қаласы болған, оның даңқы талай елге тарап жатқан. Мұнда Самарқандтағы мавзолейлерден ешбір кем түспейтін әлденеше әсем құрылыстар бар. Алматының өзі де осындай. Шымкенттен Аралға дейінгі Сырдария өзенінің бойында қаншама қалалар орны жатыр! Қазіргі Сайрам селосының орнындағы Исфажаб – бер жағы Талас бойы, әр жағы сауранға дейінгі аралықтың орталық қаласы болған. Оның батысындағы Фараб (Отырар) округынан әлемге даңқы кеткен асқан білімпаз, әрі өнерпаз Әбу насыр әль-Фараби шыққан. Қызылорданың батыс жағындағы «Томар өткел», «Жетіасар» деген жерлерде бір заманда әп-әжептәуір қалалар болғанын да сипаттайтын қалдықтар бар. Бұл өңірде әлденеше рет болған қырғын соғыстар біздің жеріміздің өлде бір замандағы сән сәулетті Геркуланумдары мен Помпейлерін күлге айналдырып жіберген.

- Маған, - дейді Әлкей Мағұлаң, - Оңтүстік Қазақстан өлкесінен көп-көп хаттар түсіп жатады, оларда осы өңірдің әлі де зерттелмей жатқанына өкпе-кінәлар айтылады.

Ғалыммен әңгімелескен сайын сонау біздің жыл санауымыздан бұрынғы ғасырлардағы талай ғажап жайлардан хабар боласыз. Ал бергі заман сипаттары ашық сайрап тұр. Ғасырлар шежіресі осы кісінің біліммен кеңейген кеудесіне

жазылып тұрып қалғандай. Оның зердесі – ғасырлар сырының пернесіндей. Қай пернені бассаң да, көне дәуір көреметтерінің сырларын шертеді. Бір кезде сақ аталған халықтың, сондай-ақ ерте кездегі қыпшақтардың барлық кәсіп, салт-сана, әдет-ғұрып ерекшеліктерімен, қоладан, алтынмен күмістен жасаған мүсіндерімен және олардың қазақ халқының өмірінде соңғы кезге дейін сақталып келген түрлерімен танысудың өзі бір сала. Мұның бәрін сөзбен суреттеп те, баяндап та жеткізу қиын.

Әріден алғанда бұдан 30-35 ғасыр бұрынғы бұйымдар мен бегілердің, әр түрлі салт-ғұрып, әдет әрекеттерінің сырын ашу қандай қиын десеңізші! Бұл үшін ғасырлар қабаттарын ой жарығымен жарып өтер білімділік, қажымас қайрат пен қайыспас табандылық керек қой. Алпыс жастың үзеңгісіне аяқ салған Әлекейдің бойынан біз осы қасиеттердің бәрін табады екенбіз.

Сіз сонау Бетбақдалаға қараңызшы. Қаншама жерде ел жоқ, су жоқ. Сол өңірдің бірінде де бұрын өмір болған, ел болған. Ми қайнатқан ыстықтан да, таңдайды таңдыр еткен шөлден де, даланың әр түрлі зиянды, улы мақұлықтарынан да қорықпай, сол өмірді оятпаққа, сол елдің өзі түгілі сөзі қалмаған жұртымен тілдеспекке бел буып шығатын археологтар, тарихшылар мен этнографтар неткен асыл жандар еді! Бұл үшін романтик болу бірінші адым ғана. Көзі қырағы, зейіңі алғыр, ойы жүйрік, білімі мол ғалым болу – басты шарт. Туған өлкеңді, сол өлкенінің сырына бастар ғылымды сүйе білу – басты шарт. Әлкей Хақанұлының өз сөзімен айтқанда «ертеде адам тіршілігінің тірегі болған өзендер арнасының сылдырын ғасырлар қақпасының сыртынан ести білу керек. Аңласаң, ұға алсаң, сол жердің өзі бәрін де саған айтып береді».

Қазір Әлекең «сол жердің өзі айтып берген» сырларды қағаз бетіне түсіріп жатыр. Онда әр алуан ою-өрнектер, түгелдей алтыннан, күмістен, қоладан, басқа да металдардан жасалған мүсіндер, қалалар мен сарайлардың нобайы мен жобасы, неше алуан боп құйылған кірпіштер, қысқасы жер қойны сақтап келгеннің бәрі бар. Енді ғалым осылар негізінде Орталық Қазақстанның сәулет мұралары жайында, ертедегі тас мүсіндер туралы, қазақтың халық өнері жөнінде жеке-жеке кітаптар жазбақ.

Осы күні ол Беқазы (Қоңырат маңы) ескерткіштері негізінде бір монографиялық еңбекті бітіруге таяу.

Марқұм Мұхтар: «Әдебиеттен ада – күде, қол үзіп кеткенің қалай?» деуші еді, ара-тұра солай қарай да бет бұрып отырмақпын. Мұхтардың өзі жайлы да естелік жазу ойымда бар, - дейді ғалым, сөзді қайтадан бастапқы арнаға бұрып.

Бұл күнде Әлкей де ғылымның бір биігінде тұр. Содан ол ғасырлар қойнауында ой көзін қадайды, ғасырлар шежіресінің тылсым пернелерін басады.

**1964 ж.**



## **МАРҒҰЛАНМЕН МОҢҒОЛИЯДАҒЫ КЕЗДЕСУ**

1973 жылдың 6 мамыр күні әлі есімде. Ол кезде мен Моңғолия Мемлекеттік университеті тіл әдебиет факультетінің 5-курс студенті едім. “Білікті Туй-ұқұқ ескерткіштерінің тілі” деген тақырытқа диплом жұмысын жазып жүрген кезім. Моңғолия Ғылым академиясының тілші, тарихшы ғалымдармен танысып, аралас-құралас бола бастағанмын.

Әйгілі “Ұланбатыр” қонақ үйінің алдында тұрмыз. Жанымда байырғы түркі тілімен шұғылданып жүрген Шинэхү деген моңғол ғалымы бар. Оның қандай сезімде екенін білмеймін, ал өз басым, бүкіл қазақ халқын қарсы алатындай көңілім алып-ұшып тұр. Сонау, батыстағы Жетісу бойынан бір жылы жел келіп жеткендей. Өйткені, бірер күнде, яғни мамырдың 7-і күні мұнда “Көшпелі халықтардың Кіндік Азия өркениетіндегі рөлі” атты халықаралық басқосу басталмақшы. Бұл ЮНЕСКО-ның бағдарламасымен соның аясында ұйымдастырылып отырған симпозиум. Әлемнің 20 шақты елінен өкілдер қатысатын осы беделді жиынға Қазақстаннан атақты Әлкей Марғұлан сынды ғұлама қатысқалы келе жатыр. Мәскеуден ұшқан ұшақ сағат 10-да Ұланбатыр қаласына қонады, сағат 11 кезінде қонақтар біз тұрған қонақ үйіне келуге тиісті.

Белгіленген уақытта “Икарус” автобусы қонақ үйдің алдына келіп тоқтады. Одан Мәскеуден ұшып келген ғалымдар түсіп жатыр. Өңшең қартаң адамдар. Жанымда тұрған Шинэхү оларға жақындамай-ақ сыртынан таныстырып тұр: “Мынау Кычанов ағай ғой. Анау атақты синолог Златкин ақсақал. Моңғолтанушы. “Жоңғар хандығы” атты еңбектің авторы. О, Виталий Волков та келіп қалыпты. Ал мына қария кім?” деп маған қарады.

Әлкей атамыздың суретін қазақ баспасөздерінен көп көріп едім. Ол кісі көзіме оттай басылды.

- Әлгі күтіп тұрған Әлкей Марғұлан ақсақал осы кісі, дедім мен оған. Сөйттім де алға жылжып, ол кісімен амандасып,

қолтығынан демедім. Шинэху де қалбалақтап келіп қолын алды. Атаны автобустан орташадан сәл биіктеу қарасұр кісі демеп түсірген еді. Онымен де танысып, амандастық. Түркіменстаннан келген археолог Атағаррыев деген ғалым екен. Қонақ үйдің холына кірген соң Әлекеңді орындыққа отырғызып, тіркеу тізіміне белгі соқтырмақшы едік атамыз: “Мына жігіт екеуімізді бір бөлмеге орналастырыңдар, қарағым. Бұл менің жанымда болсын”, - деп жаңағы Атағаррыевты нұсқады. Оларды қонақ үйдің екінші қабатындағы 228-ші нөмірлі бөлмеге орналастырдық. Атағаррыев Әлкей ақсақалдың қолбаласында қызмет көрсетіп, ұшып жүр. Ғалымдар әулетінің өзара сыйластығы қандай мәдениетті, қандай кішіпейіл, сыпайы болатынын мен алғаш рет осыдан көріп таңқалдым.

Әлекең жайғасып отырған соң менімен жақсылап танысты. “О, айналайын, Ұланбатырға келгенімде алдымнан аталап қазақ күтіп тұрады деп айламаған едім. Білемін ғой Моңғолияда қазақ барын”, - деп бір қойды. Содан соң қандастарымыздың жағдайын, қазақша мектеп, газет, журнал, радио, теледидар бар-жоғын, оқу білімге деген қазақ жастарының ынтасы туралы сұрап білді. Ол кезде жаспын ғой. Шамамның келгенінше түсіндіріп жатырмын. Қария менің қазақ тіліме, байырғы түркі тіліне кірісіп жүргеніме ерекше разы болды. Сонсоң жанымдағы моңғол ғалымы Шинэхүмен таныса келіп: “Түркологиямен шұғылданғың келсе, қарағым, қазақ тілін теңгер. Ғылымыңа пайдасын тигізеді”, - деп ақыл-кеңесін берді.

- Уақытың болса күн сайын кешке келіп тұр. Біраз ақыл-кеңесімді берейін, - деп мені шығарып салды. Сөйтіп симпозиум аяқталғанша күн сайын кешкі сағат 8-ден кейін атамызға барып әңгімелесіп тұрдым. Әлекеңнің симпозиумдағы ғылыми баяндамасын жиналыстың екінші күні таңертең тыңдадық. Ол “Погребения эпохи неолита в Джекказгане” деп аталған ой толғам еді.

Мен ол кісінің жанында үш-төрт күн болып, жазып жүрген диплом жұмысымды көрсетіп, біраз ақыл-кеңес алдым. Қария еңбегімнің құрылымын өзгертті. Қорытындысын қалай жазу керектігімді ескертті. Сонан соң қолымдағы Тұй-ұқұ ескерткіш мәтінінің жаңа көшірмесімен танысты.

- Мүмкіндігің болса тастағы жазуларды әр барғаныңда ерінбей-жалықпай көшіріп отыр. Бұл арқылы алдында жіберген қателігіңді соңында түзетіп отырасың. Соносқ тастағы мәтінді эстемпажға (қалыпқа) түсір. Радловтың оны қалай түсіру туралы әдістемесі бар ғой. Мұны білетін боларсың. Сол бойынша жұмыс жаса. Тоң-ұқұ (Тұй-ұқұ – Қ.С.), Күлтегін, Білге қаған ескерткіштерінің мәтінімен жаңалап жұмыс істеу керек. Кезінде бұл жәдігерлерді зерттеген ғалымдар екі-үш күн немесе бір жұма ғана болып ат үсті қарап, көшірмесін асығыс алып кетіп жүрген. Уақытың тығысдығына байланысты олар қате жіберген болуы мүмкін. Енді соның орнын сен толтыр. Сенің артықшылығың ұлы ескерткіштердің жанындасың. Бір рет емес, он рет көшіретін мүмкіндігің бар. Осыны есіңде ұста қарағым, - деді.

Әлкей атамыздың бұл өсиеті менің ғылымдағы өмірлік бағдарламам болып қалыптасты. Сол ұлы адамның ақылымен әрбір ескерткіш мәтінін сегіз-тоғыз рет көшірген кездерім де болды. Таңбалы тастарға әр барған сайын алдында жіберген қателігімді түзетіп келемін. Ең бастысы, ұлы адамның қолын қысып, батасын алдым. Сол кездесуімді үнемі ырымдап жүремін. Әлекеңнің шапағаты тиді, ғылымда жолым болды.

Адам өмірі қызық та ғажап қой. Әлекеңдей ұлылар бір ауыз сөзімен шәкірттерінің ғұмырлық бағдарламасын жасап бере алды. Әрине, ондай керемет адамның ақыл-кеңесін дұрыс қорытып, жаныңа жақын түсіне алсаң ғана өмірлік бағдарың айқындалмақ.

Әлкей Марғұлан атамыздан алатын үлгі, өнеге аса мол. Сонау кеңестік қатал заманда ешкімнен қаймықпай, айқайлап даурықпай, үнсіз жүріп-ақ үлкен іс істеп кетті. Кеңес дәуіріндегі шенеуніктер қаншама жер атауын өзгертіп, қартамызды Алексеевка, Михайловка, Петровка, Никитинка деп аяусыз айғыздады десеңізші. Атамыз ондай атаулардың бірде-бірін көзге ілместен ғылыми жаңалықтарын Нұра, Атасу, Аюлы кезеңі, Беғазы-Дөңдібай мәдениеті деген қазақы атаумен атап, ұлттық сөздерімізді әлем ғылымының қорына қосып кетті. Бұл дегеніміз кейінгі ұрпаққа, ұлтқа өнеге. Жер атауы оның иесі кім екенін көрсетіп тұрады, әрі ұлттың келбетін ашады. Ол – ұлттың ұлттық

мақтанышы. Заман бір орнында тұра бермейді, өзгереді, өтеді. Сонда жер дауы да, ел дауы да көтерілуі мүмкін. Сол кезде жер атауы бұлжымайтын дерек болып қала береді. Мұның саясаттың ең бір нәзік нүктесі екенін ғалымда да, қоғам қайраткерлері де үнемі назарда ұстап жүруге тиісті екенін Әлкей марғұлан атамыз өз өмірінде айқын көрсетіп кетті.

1973 жылғы Моңғолиядағы сол симпозиум кезінде бір байқағаным, әріптестерінің Әлекеңе деген аса зор құрметі дер едім. Сонау Финляндиядан келген Пенси Алто, француз ғұламасы А. Амайон, Американың атақты ғалымы О. Латтимор, Түркияның белгілі тарихшысы В. Өгел, Үндістаннан келген Р. Раул, Ұлыбританияның өкілі М. Шенгер, Кеңес Одағының мүйізі карағайдай ғалымдары Г.Л. Саниев, Е.И. Кычанов, И.Я. Златкин үнемі айналып келіп атамызбен әңгімелесіп, кейбір ғылыми-зерттеулерге қатысты ой-пікірін ол кісіден сұрап алып тұрды.

Әлемнің осы үлкен ғалымдары Әлекеңнің ғұламалығын, оның энциклопедиялық ауқымдағы білімділігін мойындап, айналып, үйіріліп жүрді. Қатардағы біреу болса оған ешкім назар аудармас еді. Ал Әлекең жоғарыдағы симпозиумдағы басты тұлғалардың бірі болды. Осының өзі-ақ Әлкей Марғұлан атамыздың Қазақстан көлеміндегі ғана ғылым өкілі емес, әлемдік деңгейге көтерілген ғалым екендігін көрсетеді. Дүниежүзілік ғылыми ой-сана қорына қосқан үлесі ауқымды болғандықтан бүгінгі күні ЮНЕСКО-ның шешімімен туған елі Әлекеңнің 100 жылдық мерейтойына дайындық жүргізіп жатыр. алла тағала атымыздың сол еңбектерінің ырызығын бергей.

2004 ж.





## ӘЛ-АҒА

Әлкей Хақанұлын шәкірттерінің көпшілігі осылай айтады. Ол кісіге бұл есім өте жарасады. Бұл тек Әлекең атының қысқарғаны сияқты емес, терең білімді, арқалы, айбатты Әлекеңнен әл күткен, қуат-көмек күткен адамдардың шыңайы ықыласы іспетті естіледі.

Өткен 1983 жылдан бері Әлекеңнің денсаулығы өзінің қызығы мен шыжығы мол сексен жасына лайықтала берді. Кере қарыс кең маңдайындағы қос шырақтың нұры сәл қайтыңқырағандай болғанымен әлі қырағы екені мәлім.

Әлекеңнің ойы әлі сергек. Күнделікті баспасөзден шығып жатқыруар еңбектерін (том-том монографиялары, туырлықтай-туырлықтай мақалалары) өзі қарап, өзі жөндеп беріп келеді. Сағаттап жұмыс істеп, тіпті күнделікті газет-журнал жаңалықтарына көңіл бөледі. Онсыз Әлекеңе өмірде мән жоқ сияқты. Ол жай ғана солай істеу керек деп істемейді. Ғылым, еңбек Әлекеңнің ғұмыры, оның көретген туы, бар байлығы. Өзін ғылым генералы деп санаса, қалайша ол туды жерге қоя салады. Ол мүмкін емес.

Өткен жылы Әлекеңе бір газеттің тапсырмасымен арнайы бір бардым. (Аракідік сәлем беру, бір жеңіл шаруамен кіруді есептемегенде). Алдын-ала дайындап алған бес-алты сұрағым да бар.

- Сен не газетші болып кеткенсің бе? – деді Әлекең. Солай десе де жұмыс кабинетіне қарай бастап жүрді, жауап күткен де жоқ.

Әлекеңе менің екі сұрағым ұнамады. Ұнамағаны сол, самарқаулау, жұмсақ сөйлеп отырған Әлекең бұрқ-сарқ етіп, дауысын әдеттен тыс көтере, кіжініп тістене жауап берді. Біразға дейін сұрау қойдырмай өзі сөйлеп отырды. Сондағы ұнамаған сұрағымның біреуі былай еді.

- Әл-аға, бір ғана Орталық Қазақстанды қырық жыл зерттедіңіз, сонда жазғаныңыз жалғыз монографияға сиып кетті

ме, жоқ іріккеніңіз бар ма? – дедім. Ол сұрақты қойғандағы мақсатым егер он жыл – он жылдан бері облысқа барса, ең болмаса төрт монография жазылып қалар ма еді деп, санмен санасып кеткенім ғой. Бірақ мен ол сұрақты бергеніме өкінгем жоқ. Бес жүз беттік монографияны өзім жазғаным миыма құйып берді. «Беғазы-Дандыбай» мәдениетін – тек бір ғана тайпаның емес, бүкіл қазақ атты жартылай көшпенді, жартылай отырықшы халықтың ежелгі мәдениеті. Ол біле білсең, «Сақтар-скифтер мәдениеті», «Үйсіндер мәдениеті», «Қаңлылар мәдениеті» сияқты ежелгі қазақ мәдениетінің бір саласы. Немесе, белгілі ғалым Толстов ашқан «Хорезм мәдениеті» типтес үлкен бір арна болып, советтік тарих, археология ғылымына қосылған қомақты үлестің бірі саналады. Жалпы қай халықта болса да екі нәрсесіне қарап бағалайды: материалдық мұра (қала салу, отырықтану, ескерткіш қою, өнеркәсібін жолға қою, шараушылық жүргізу), рухани мұра (оқу-білім дәрежесі, шыққан оқымыстылары, атақты адамдары, әдеби мұрасы) бойынша. Әлекең осы аталған екі мұраның екеуін де бірдей зерттеді. Және бірегей зерттеді. Қазақстанның ежелгі қалаларына бір монография, археологиясына екі монография ежелгі тас мүсіндерге бір монография арнаса, қазақ фольклорын арнайы зерттеді, одан докторлық қорғады. Қорқыт атаның мұраларын (жазба, мұра, музыкасы, өсиеттері)халықаралық конгреске апарды. Саяси экономияның тілімен айтқанда Әлекең базисті де (материалдық байлық), қондырманы да (қоғамдық идеология) бірдей қамтыды.

Менің Әлекеңе қойған екінші сұрағымның ұзын ырғасы былай болатын: Арғы жағын айтпағанда, сақ (скиф) дәуірінде (бұдан 2500-2000 жыл бұрын біздің жерімізден Қара теңізге дейін жайлаған тайпа) өмір сүрген тайпалар мен қазіргі Қазақстанның тұрғындары арасында жалғастылық бар ма?

Әлекең аздап кейістік білдіргені сұраудың осылай берілгені емес, керісінше, біздің көп іздене бермей, көп оқымай жүргенімізге көңілі толмай отырғандығы еді. Шындап келсе, бұл сұрақтың жауабын бұдан қырық жыл бұрын совет антропологтары айтып қойған болатын. «Қазақстанның антропологиялық очерктері» деген жинақта (1947 жылы Москвада басылған) бұдан үш мың

жыл бұрын қазақ жерінде өмір сүрген адамдардың нәсілдік белгілермен (археологиялық жазба деректері бойынша) дәл қазір өмір сүріп отырған үйсін, қаңлы, қыпшақ, қоңырат, адай, жағалбайлы, тағы басқа тайпа не тайпалық бірлестіктердің нәсілдік белгілері бірдей болып шыққан. Демек, тілі бір, діні бір, ғұрып-әдеті бір, территориясы бір болған қауым ұлт бола алады, деген маркстік қағида өз дәлелін тауып жатса керек. Ғылымның мұраты да сол, ғалымның ақбоз ат жұлдызы да сол.

Өткен тарихты сөйлету құдіреті үшін, жоқты іздеп кейбір «өлгенді» тірілту қабілеті үшін Әлекеңді халқы ғұлама деп жасқанбай атады. Ал шәкірттері оны ғұмыр бойы Әл-аға дейді. Мұның бәрі халық ұлына деген халық ілтипаты болса керек.

1984 ж.



## АЛЬКЕЙ МАРГУЛАН

Верю, придет время, когда портреты этого благородного и умнейшего, энциклопедически образованного человека и исследователя земли казахской, будут висеть в залах исторических факультетов и кафедр высших учебных заведений независимого Казахстана. И молодежь будет подражать ему в образованности, интеллигентности, и пол ной самоотдачи тому делу, которому посвящена жизнь.

Советская историография, к сожалению, в отличие от Российской дореволюциооной историографий, не занимались глубоким изучением истории самых близких, сопредельных республик, его народов, наоборот, всячески с помощью исторической науки выветривалось национальное самосознание народов, бывших колониальных окраин России. Активно внедрялось изучение истории Российского Государства с древнейших времен и европейских стран, а бывшие колониальные именуемые союзными республиками преподносились так, что вроде их истоия начинается только с Советской власти. В определенной степени это была правда, если брать во внимание только последний век-полтора, в каком состоянии пребывала казахстанская степь и народ, и что на этой земле сделано за 70 лет Советской власти. Отрицать то положительное, что достиг Казахстан за годы Советской власти было бы крайне несправедливым и необъективным. Желая сделать большее и лучшее, ликвидируя негативное из прошлого своей жизни, не следует бездумно отрицать и охаивать все доброе, гуманное, цивилизованное, сделанное в XX веке на земле казахской. Но правдой является и другое – в желании превратить все нации и народности, проживающие на одной шестой части суши в единый Советский народ, как нацию, второй трети XX века – отрицалась, замалчивалась, дискредитировалась, искажалась история этих народов в прошлых веках, по-существу, официально насаждался манкуртизм. Вот в этой обстановке

истинный ученый, академик Алькей Маргулан не вел словесных прений об истории. Образованный и мудрый человек, внешне совершенно далекий от политики, хорошо понимал, что его познания и аргументы в пользу истории Казахстана и его народа, доведут его в лучшем случае до Колымы, лагерей Гулага, но не до глубинных пластов археологических раскопок древнейших стоябищ. На основании которых он был в состоянии для будущих поколений показать и рассказать о материальном и духовном мире на земле предков. И он сделал свое великое дело. Это все в его научных трудах, изданных книгах и еще не полностью разобранных, расшифрованных архивах.

С глубокочтимым академиком я познакомился лично летом 1960 года. Еще работая секретарем Павлодарского обкома комсомола, особенно бывая в командировках в отдаленном от областного центра Баян-Аулском районе, в этом, одном из жемчужных уголков Казахстана, я не раз слышал, как баянаульцы с гордостью рассказывали о своих земляках, украшающих цвет казахской интеллигенции в Алма-Ате – Каныше Сатпаеве, Шакене Айманове, Алкее Маргулане, Дихане Абилеве, Калижане Бекхожине, Шапан Чокине, династии ученых Жуматовых и многих, многих других знаменитостях.

Весной 1960 года меня избрали секретарем ЦК комсомола, мы с женой приехали из Павлодара, родители мои с членами семьи оставались еще там, а мы несколько месяцев жили без квартиры, потом предложили квартиру в центре города из трех комнат. Мне сказали, что хороший дом довоенной постройки, квартира на 1 этаже, живет там академик и что он вскоре переезжает в новый дом на ретий этаж. Мы с женой пошли осмотреть будущую квартиру. Нас добродушно встретил и угостил чаем сам академик Алькей Маргулан с супругой Раушан Адыкеевной Сатпаевой, доктором наук. Они нас не только ознакомили с будущим нашим жильем, но по национальным традициям дали "Бата" (поделание). Алеке тогда сказал, что они с супругой в эту квартиру вошли тоже молодыми людьми, здесь они обрели семейное счастье, воспитали детей и достигли определенных высот в науке. стали докторами наук, а он еще и

академиком и пожелал нам, молодым, быть счастливыми и достичь успехов в жизни. Учитывая, что до Павлодара я только один год жил в Алма-Ате и здесь у меня не только родных, но даже знакомых было немного, наипитствие и пожелание такого человека, как Алькей Маргулан было хорошим предзнаменованием, мы с женой были ему благодарны за то великодушие, которое он к нам проявил.

Впоследствии, работая секретарем Горкома партии и заведующим Отделом культуры ЦК, я с огромным удовольствием имел с ним встречи. И особенно часто мы встречались в последние годы его жизни, нас тогда, определенную часть интеллигенции, независимо от наших служебных положений объединяло страстное желание создать в республике общество охраны памятников культуры. Расбросанные по всей обширной степи, позакинутые и позаброшенные, никем не охраняемые и не учитываемые памятники материальной культуры были живым упреком всем нам здравствующим. Академик Алькей Маргулан, молодой архитектор Шота Валиханов, художник Нагимбек Нурмухамбетов, наш неизменный первый председатель вновь созданного общества – председатель президиума Верховного Совета Республики Сабыр Билялович Ниязбеков, писатели Абдижамил Нурпеисов, Ануар Алимжанов, Олжас Сулейменов, министр культуры Жексембек Еркимбекович и его озобоченные прошлой историей – заместитель Узбекали Джанибеков и я, заведомо культуры ЦК и многие другие деятели культуры часто собирались и обсуждали острейшие проблемы, как учесть и сохранить хотя бы то, что еще осталось. Вот на таких встречах Алеке Маргулан давал нам такую понараму, что мы все горели желанием что-то сделать полезное. И, действительно, тогда заложили хорошую основу этого общества. Иногда Алеке в совем выступлении увлекался и не укладывался в регламент, кто-то из близких по возрасту сверстников, шутя это подмечали и Алеке спокойно отвечал: “Кое-что знаем, а коль знаем, то и говорим”. На казахском языке в его мягкой интонации с хрипотцой это звучало так приятно, что стало поговоркой среди интеллигенции. После ухода на пенсию с поста председателя президиума

Верховного Совета Республики Сабыр Билялович Ниязбеков стал работать освобожденным председателем нашего нового общества, но и синтересом и душой отдавался этой работе, человек в республике широко известный своей деловитостью, принципиальностью и честностью был авторитетным руководителем, а наш уважаемый академик Алькей Маргулан с удовольствием выступал в роли научного консультанта, и мы все были их сподручными, наших двух уважаемых аксакалов. В связи с работой общества охраны памятников культуры, я вспоминаю один неприятный случай, оставивший у меня на душе садок горечи.

В Союзе писателей призошла смена руководства. И бывшему первому секретарю Союза, известному писателю и общественному деятелю Ануару Алимжанову, руководство ЦК предложило работу председателя общества, где уже работал Сабыр Билялович. К моим возражениям, что С. Б. Ниязбеков увлеченно работает и неудобно его освобождать, к сожалению, не прислушались, более того, мне же и предложили переговорить по этому вопросу с Сабыром Биляловичем. Я же полагал, что со вчерашним членом Бюро ЦК и председателем президиума Верховного Совета должен говорить кто-то из его вчерашних же коллег по Бюро ЦК – первый или отраслевой секретарь ЦК, но как тогда, так и сейчас считаю, здесь была проявлена бестактность. Мне пришлось выполнять эту неприятную миссию, Сабыр Билялович сдержанно, с “пониманием” выслушал мое сообщение о решении руководства ЦК и попрощавшись, молча вышел из кабинета, а перед моими глазами сегодня видится его согбенная фигура. Она мне напоминает фигуру академика Алькея Маргулана, но сутулость Алеке была от преклонного возраста и многолетнего труда над археологическими раскопками, открывшими перед выдающимся исследователем историю материальной и духовной культуры на земле казахской.

1989 ж.





Жұмыстан қол босағанда: Ш. Шөкин және Ә. Марғұлан



Академиктер: Ә. Бектұров, Ә. Марғұлан, Ғ. Мүсірепов





**Академик Ә. Марғұланды марапаттау сәті**



Ә. Марғұлан халықаралық конференцияда



Ә. Марғұлан атақты ғалымдар арасында




Шетел сапарында



Ә. Марғұлан Қытай Халық республикасында



Ә. Марғұлан кезекті конференцияда



**С. Бейсембаев, Ә. Марғұлан, А. Нүсіпбеков, Ш. Шөкин**



**Академиктер Ә. Марғұлан және Е. Букетов**



С. Мұқанов пен Ә. Марғұлан



Академиктер Ә. Марғұлан, Ш. Шөкин, А. Нүсіпбеков,  
С. Бейсембаев



Тас құписын зерттеу



ҚСЭ редакциясында, 20.III.1969



**М. Қаратаев, А. Нүсіпбеков, З. Ахметов, Ғ. Мүсірепов,  
Ә. Марғұлан, Ғ. Мұстафин жас ғалымдар арасында**



**Академиктер М. Қаратаев, А. Нүсіпбеков,  
Ғ. Мүсірепов, Ә. Марғұлан және жазушы Ғ. Мұстафин**





**З. Ахметов, Ә. Марғұлан, М. Қаратаев, Ж. Әбділдин**



**Академиктер Ә. Марғұлан мен А. Қонаев**



Академиктер І. Кеңесбаев, Ә. Марғұлан



Академик Ә. Марғұлан

## **ХОШ БОЛ, ҚАДІРЛІ ӘЛЕКЕ!**

Совет ғылым ордаларында ең алғаш суарылып, суырылып шыққан үш атақты ғалымдарымыз – Қаныш Имантайұлы, Мұхтар Омарханұлы, Әлкей Хақанұлы болатын. Сол үш алыптарымыздың ең соңғысы Әлекеңмен қоштасып келіп отырмыз. Хош бол, Әлеке! Өзің аяқтай алмаған ойларың мен істеріңді шәкірттерің аяқтап шықсын. Сен шәкіртсіз тұл ғалым емессің де.

Аузымыз ескі әдет бойынша «Хош» десе де көңіл әлі көнер емес. Сен жасаған сайын жасара беретін, ой – сезімің тереңдей беретін ғылымнан басқа, еліңнің мәдениет іргесін қалай беруден басқа пендешілікті ұмытқан, жан-жүрегің таза жан едің. Ұлы атамыз Абай:

- Кірленге өз ішін

Тұра алмас әсте жуынбай, - десе, мұндай ұлы қасиет әр кімнің қолынан келе бермес те.

Бірақ, сен Әлеке, өз ішін өзі жуып алатын жан-жүрегі бар адам едің. Сенің есімің есімізде мәңгі қалары сөзсіз.

Хош бол, Әлеке, Хош!

**16 қантар 1985 ж.**



## ҮЛКЕН ҒҰЛАМА ЕДІ

Академик Әлкей Марғұлан қазақ халқының этикалық тарихын, материалдық және рухани мәдениетін ғылыми тұрғыда өте терең және кең ауқымда зерттеген үлкен ғұлама. Бұған көп жағдайда сан ғалымдар саласын жете меңгергені, лингвистика, филология, өнер, тарих, археология жөніндегі қыруар білімі, таным қорларының молдығы көмектескендігі сөзсіз. Мұның бәрі оның табиғи ақыл-ой парасатымен, ерен еңбекқорлығымен берік ұштасып, Ә. Марғұланды қола дәуірі мен орта ғасырлық археологияның, Қазақстан жерінде мекендеген көне халықтар тарихының, қазақ халқының мәдениет және өнер тарихының, этнографиясы мен археологиясының негізін салушы құрметіне бөледі. Мен Ә. Марғұлан сияқты үлкен ғұлама ғалымның шәкірті екенімді мақтан тұтамын.

Әлкей Хақанұлы үлкен ғылыми, педагогикалық еңбегін ұйымдастыру ісімен де шебер ұштастыра білді. Ол көп жылдар бойы қазақ халқының шығу тегі туралы Координациялық советті басқарды. Сонымен қатар Қазақ ССР тарихының барлық басылымдарында редколлегия мүшесі болды, республика академиясының тарих, археология және этнография институты ғылыми советінің маманданған докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғау советтерінің мүшесі болды.

Көп жылдар бойы Ә. Марғұлан 300-ден астам ғылыми зерттеу жұмыстарын жариялады және Үлкен совет, Қазақ совет энциклопедиясына 100-ден астам мақалалар жазды. Ғылымның сан саласын жете меңгерген парасатты ғұлама, Қазақстанда археология ғылымының негізін салушы, зерделі зерттеуші ғалым, совет ғылымының көрнекті ұйымдастырушысы, аяулы азамат және көрнекті педагог академик Әлкей Марғұлан жүрегімізде мәңгі сақталады.

Қош, аяулы ұстаз, үлкен аға!

16 қантар 1985 ж.



## БІРТУАР

Көзі тірісінің өзінде-ақ көптің аузында аңызға айналатын ақылман алыптар, айтулы батырлар болады... Сондай бір туар сиректердің, феномендердің бірі академик Әлкей Марғұлан еді.

Ол кісі жөнінде де енді өткен шақпен сөйлеуге мәжбүр боламыз-ау...

- Археология сөз болса, ауыз ашпай қалмайсың, әдеби мәселе қозғалса да әмбеден бұрын суырылып шығасың, физика да саған етене, химия да саған қимас қырларыңдай... Осы сен, Әлкей, ғылым атаулыға киліге беретінің қалай? – деп әзілдепті Әуезов Мұхтар бірде Қазақ ССР Ғылым академиясы президиумының мәжілісінде, Марғұланға бұрылып...

Сонда Әлекең:

- Мұха, білеміз, білген соң қалай айтпай тұрамыз, - депті.

«Рас, нағыз білгір, біртуар білгір ғұлама!» - деп халқы қашаннан әділ бағасын берген Марғұлан Әлкей Қазақстан ғылымына сан жүз олжа салған ғалым бейнетқор.

Совет заманында атқа қонған алғашқы қазақ ғалымдарының шынайы айтулысы да Әлкей Марғұлан. Ол қатардағы ғалым емес, өнеге ғалымы еді. Ғылымдағы жалтақсыздық пен табандылық, ғылымдағы жан-жақты ерелілік, ғылымдағы кісілік – бәр-бәрі де тал бойынан табылатын біртуар еді.

Шын ғалым жалғыз ғана жанқиярлық емес, жан жомарттығы екенін де дәлелдегендердің бірі дана Әлекең болатын. Жарты ғасырдан астам жанын қинап, тірнектеп жинаған аспа-төк, ағыл-тегіл қазынаны халқына ұсынып, өзінің ғылыми концепциясын әлі түгендеп жүзеге асырып үлгермей жатқан шақта ұлы ғалым Шоқан Уәлихановтың 200 баспа табақтық қолжазбасын дайындап, оның үстіне өзі бір кітапқа татырлық көлемі 40 б.т. комментарий жазуы – елдің бүгін мен ертеңін ойлаған ғалымның құрбандыққа бергісіз қаһармандығы емес пе?!

Алып Әуезов Мұхтар Абай тұлғасын әлемге қалай танытса, академик Әлкей Марғұлан да Шоқан бейнесін жер жүзілік аренаға

солай танытып кетті. Осы еңбектің өзі-ақ оған өлмектік кітабының төрінен сыйлы орын іперер еді.

Кемеңгер ғалымның көзі тірісінде дайындап кеткен 10 томдық еңбектерін ертең қолына алған қалың қауым біртуардың бірегей мұрасын үңіле оқып, ойға құныға сіңіретіне дау жоқ.

Елдің еңсесі мен елдігі осындай асқар шыңдарымен асқақ биіктейтіні – ұрпақ үшін рухани өшпес мұра!

Бәлкім араға ғасырлар салып қана тарих сахнасына келетін тарландар тағылымы соңындағылардың үздіксіз дәріс алар мектебі емес пе?!

**16 қантар 1985 ж.**



## ӘЛКЕЙ АҒАНЫ ЖОҚТАУ

1.

Уа, жалған, осылай зулап өткенің бе?  
Қу ажал, Әлекеме жеткенің бе?  
Ғасырдың академик Әлекесі,  
Секілді бар ғылымның дәл әкесі,  
Қазақтың жалғыз соңғы жан көккесі.  
Сен де енді қара жерге кеткенің бе?

2.

Халқыңмен бірге жасар жазған хатың,  
Ұрпаққа тастап кеткен аманатың.  
Жан ата, ғылым ата, тарих ата!  
Ешкімге болмаған еш қиянатың.

3.

Қазақтың ардагері асыл затың,  
Телегей-теңіз еді мағлұматың.  
Алтынның қолда барда бабы болмай,  
Ішінде кете барды-ау талай затың...

4.

Кетті ғой бір халықтың шежіресі,  
Жабылды ғылыми бір медіресі.  
Жатқызып жер қойнына бір маңғазды,  
Қан жылап, ет жүрегім, елжіреші!

5.

Ғұлама торқа болсын топырағың,  
Артында жайқалсын жас жапырағың!  
Туыңды көтерсін бір жеткіншегің,  
Аршитын ғасырлардың қопырағы.

16 қантар 1985 ж.





## ТЕРЕҢІМІЗ ЕДІ ҒОЙ ТЕҢІЗ ДЕРЛІК

Бүгінгі, бұрынғы да ғасырлардың,  
Көкірегіне жинаған асылдарын  
Әл-ағамыз еді ғой бәріміздің,  
Ақтарған заманалар жасырғанын.

Мақтанымыз еді ғой білімгерлік  
Тереңіміз еді ғой теңіз дерлік.  
Болса да екі ғасыр перзенттері,  
Біз оны Шоханменен егіз көрдік.

Шежіреміз еді ғой сарқылмайтын,  
Көнекүнді жаңартып алтындайтын.  
Жүйрік еді жұлдесін елге ұсынған,  
Мыңмен жалғыз жарысса алқынбайтын.

Жан еді бояма тон киінбеген,  
Шындықтан басқаға иілмеген.  
Әл-ағаңның аузынан шыққан сөзге,  
Кезіміз болыппа еді сүйінбеген.

Заманы оны құрмет көретұғын,  
Заманына ол дағы сенетұғын.  
Кәрі-жас, үлкен-кіші көп ғалымдар,  
Әл-ағаң аузынан дән теретұғын.

Тарих боп жүрегіңе ол енетұғын,  
Қанымыз, жанымыз да өбетұған.  
Көне заман көмбесін қопарып ап,  
Көз алдыңа жайып сап беретұғын.

Туғанда білім үшін жаралғандай,  
Бір ғылымнан басқаға алаңданбай,

Тарихтың шыңырауынан шығарушы еді,  
Не бір өткен күндерді тамамдамай

Қалғанда біз жайғаға шұбаланып,  
Әл - ағаң бар ғой деуші екі тұра қалып,  
Шешіліп, шеру тартып жөннелуші ек,  
Шешімін әл-ағаңнан сұрап алып.

Көг аршын көніл, ақ пейіл ғалым адам,  
Керек-ақ деп тілесе тарих бабам,  
Әл-ағаң сол тілекке адал перзент,  
Өтетін заманға заманадан !

**16 қантар 1985 ж.**



## МАЗМҰНЫ

<i>Арын Е.</i> Кемел ойдың кемеңгері! (Алғы сөз) .....	3
<i>Омаров І.</i> Қадірлі Әлеке! .....	6
<i>Баскаков Н.А.</i> Ғұлама ғалым .....	9
<i>Гумилев И.Н.</i> Кемеңгер .....	12
<i>Далай Ч.</i> Зор ғұлама .....	15
<i>Шаниязов К.Ш.</i> Алатаудың асқар шыңы .....	17
<i>Кызласов Л.</i> Алькей Хаканович Маргулан. К портрету ученого и человека .....	19
<i>Шапық Шокин</i> Марғұлан .....	27
<i>Ақышев К.</i> Археология атасы .....	45
<i>Меңдіқұлов М.</i> Көне дәуірдің көріпкелі .....	48
<i>Телжанов Қ.</i> Дала данышпаны .....	50
<i>Шалекенов У.</i> Ұлағатты ұстаз .....	52
<i>Әбдірахманов А.</i> Сыры мол сардар .....	54
<i>Арғынбаев Х.</i> Заманымыздың заңғар ғұламасы .....	56
<i>Нұртазин Т.</i> Зор ғұлама .....	60
<i>Мұхаметханов Қ.</i> Ғалым жолы .....	65
<i>Сәтбаева Ш.</i> Жарқын бейне .....	71

<i>Ысмаилов Е.</i>	
Ғасырлар сырлары .....	79
<i>Сүйіншәлиев Х.</i>	
Археология және әдебиет .....	84
<i>Бектұров Ж.</i>	
Ғұлама .....	90
<i>Қаиырбеков Ғ.</i>	
Академик Әлкей Марғұлан! .....	105
<i>Бердібаев Р.</i>	
Ғалымның ойы ортақ .....	107
<i>Әлімбаев М.</i>	
Тас кітап (Академик Ә. Марғұлан) .....	117
<i>Қозыбаев М.</i>	
Дала перзенті .....	119
<i>Жолдасбеков М.</i>	
Академик Марғұлан .....	126
<i>Бекхожин Қ.</i>	
Ғұлама .....	137
<i>Марғұлан Д.Ә.</i>	
Әке арманы .....	139
<i>Ақышев К., Байпақов К.</i>	
Қазақ археологиясы ғылымының атасы .....	140
<i>Сейдімбек А.</i>	
Ақан мен академик (Деректі әңгіме) .....	147
<i>Арын Е., Нухұлы А.</i>	
Ғылымның маңдайалды майталманы .....	152
<i>Уәлихан Ш.-А.Ы.</i>	
Жол Үстіндегі Жұлдыз .....	162
<i>Жақсыбаев А.</i>	
Ардақты аға .....	173
<i>Өміралиев Қ.</i>	
Қазақтың көрнекті ғалымы .....	179
Марғұлан өз бағасын неге ала алмады? .....	188
Түркі ғылымының төрінде Әлекең тұр. ....	193
Тұнжырлармен тілдескен ғұлама .....	199

<i>Жарылғапов І.</i>	
Әлекеңе Арнама .....	206
<i>Әзиев Ә.</i>	
Академик Марғұланның мұрасы .....	207
<i>Құрманқұлов Ж.</i>	
Ғалымдардың ғалымы Әлкей Марғұлан .....	212
<i>Бейсенбаев Ж.</i>	
Кең ойдың кемел биігі .....	216
<i>Ошанов О.</i>	
Әлкей Марғұлан зерттеген үңгір .....	225
<i>Жәмішев Ә.</i>	
Ғасырлар сырласы .....	227
<i>Сартқожаұлы Қ.</i>	
Марғұланмен Моңғолиядағы кездесу .....	232
<i>Арынов Т.</i>	
Әл-Аға .....	236
<i>Исиналиев М.</i>	
Алькей Марғулан .....	239
<i>Мүсірепов Ғ.</i>	
Хош бол, қадірлі Әлеке! .....	243
<i>Арғынбаев Х.А.</i>	
Үлкен ғұлама еді .....	244
<i>Әлімбаев М.</i>	
Біртуар .....	245
<i>Жарлғапов І.</i>	
Әлкей ағаны жоқтау .....	247
<i>Әбілев Д.</i>	
Тереңіміз еді ғой теңіз дерлік .....	248

## ҒҰЛАМА

### ТҰЛҒА. ТАҒДЫР. ТАҒЫЛЫМ.

(Әлкей Марғұлан туралы естелік мақалалар, деректі әңгімелер, очерктер, өлең-арнаулар)

Бұл басылым С. Торайғыров атындағы мемлекеттік университетінің Е. Бекмаханов атындағы "Әлкенің тарихы мен этнографиясын зерттеу орталығында" дайындалды.

Орталықтың директоры

Құдабаев А.Ж.

Аға ғылыми қызметкерлер

Арын Р.С.

Еңсебаев Т.А.

Соколкин Ә.Д.

Кіші ғылыми қызметкер

Ыдрышева Б.К.

Искакова З.С.

Сағнаева А.С.

Шапауова А.

Компьютерде әшекейлеп қаттаған:

Кузин Ю.Ю.

Басуға 20.05.2004 қол қойылды.

Пішімі 84x60<sup>1/16</sup>. Офсеттік қағаз.

Шартты баспа табағы 8,5. Есепті баспа табағы 13,4.

Таралымы 500.